

Л. 2004

5559к

РӘБИҒА СЫЗДЫҚОВА

СӨЗДЕР СӨЙЛЕЙДІ

РӘБИҒА СЫЗДЫҚОВА

СӨЗДЕР СӨЙЛЕЙДІ

(Сөздердің қолданылу тарихынан)



Алматы, «Санат», 1994

ББК81.2 Каз я73.
С 94

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Сыздықова Р.

С 94 Сөздер сөйлейді (Сөздердің қолданылу тарихынан), 2-басылуы.— Алматы, «Санат», 1994—272 бет.
ISBN 5-7090-0045-0

Жұртшылық сүйіп оқитын батырлар жыры мен ғашықтық жырларда (лиро-эпоста), XV—XIX ғасырларда өмір сүрген ақын-жыраулардың шығармаларында, мақал-мәтелдерде мағынасы күңгірт тартқан немесе архаизмге айналған сөздер кездеседі. Қазір қолданылып жүрген сөздердің ішінде мағынасы бұлыңғыр келетіндері тағы бар. Ұлттық академиямыздың корреспондент-мүшесі, филология ғылымының докторы, білімпаз ғалым Рәбиға Сыздықованың бұл еңбегінде осындай сөздердің әуелгі мағынасы ашылып, түп-төркіні жап-жақты талданады, қолданылу қызметтері айқын көрсетіледі.

Кітап жоғары оқу орындарының филология факультетінің студенттеріне көпшілік оқырманға арналған.

4602020400—014
С $\frac{416(05)-94}{12-94}$

ББК 81. 2 Каз я73

ISBN 5-7090-0045-0

© Сыздықова Рабиға, 1994

*Бұл еңбегімді әкем Сәгіғали Құт-
қожаұлы мен шешем Жеміс Қалу-
қызының абзал есімдеріне арнай-
мын.*

Автор.

АЛҒЫ СӨЗ

Қалың жұртшылық, оның ішінде жастар мен мектеп оқушылары сүйіп оқитын батырлар жырлары мен лирикалық эпостарда, XV—XIX ғасырларда өмір сүрген қазақтың ақын-жырауларының өлең-толғауларында, бағзы заманнан келе жатқан мақал-мәтелдерде, сондай-ақ кейбір ежелден қалыптасқан сөз тіркестерінің құрамында бұл күнде аса көп қолданылмайтын, мағынасы күңгірт тартқан немесе мүлде түсініксіз біраз сөздер кездеседі. Сонымен қатар, қазірде жиі айтылатын актив сөз болғанымен, жырлар мен ертеректегі өлең-толғауларда беретін мағынасы бұл күнгіден басқаша келетіндері тағы бар. Мысалы, батырлар жырларында жиі кездесетін:

Мінгенде аты *ала*-ды,
Қылшық жүнді қара-ды —

деген жолдардағы *ала* сөзі қазіргі «шұбар» деген түсті білдіретін сөз емес. «жылқы», оның ішінде «азбан» деген мағынадағы сөз (*ала~алаша~алаша ат*: орыстың *лошадь* дегені осы тіркестен шыққан деген пікірлер бар).

Немесе XV—XVI ғасырларда өмір кешкен Шалкиіз (Шәлгез), Қазтуған, Доспамбет жырауларда:

Толғамалы *ала балта* қолға алып,
Топ бастадым, өкінбес...
Ала балта суырысып,
Тепсінісін келгенде...—

деген тармақтар бар. Мұндағы *ала* сөзі де түске қатысты емес деп ойлаймыз, бұл — «ұрыс балтасы» деген мәнде, яғни «өлтіру, қырып-жою» мағынасындағы сөз. Бұдан басқа да *ала* сөзі қатысқан «ұрыс, соғыс, қырып-жою, бүліншілік» деген ұғымдағы туынды сөздер мен тіркестер тілімізде едәуір: *алапат, аламан, алау, алаулау, ала сүргін,*

ала ғырғын т. т. Мысалы, қазіргі тілімізде *алаулау* сөзін «соғысу, шабуылдасу» мағынасы ұмыт болған, ал Махамбет ақында (XIX ғ.):

Алты күндей *алаулап*,
Оп екі күндей ой ойлап —

деген жолдардағы *алаулау* етістігі көрсетілген көне мағынасында қолданылып тұр.

Ала сөзінің ертеректегі берген мағыналары әлдеқайд көбірек болған. Мысалы, *ала топапаң, алай-түлей, ала сапыран, алас-қанап* дегендердегі *ала* сөзінде «бейберекет тәртіпсіз, ретсіз, анық емес» деген мән бар. Осы мән аурайына, табиғат құбылыстарына қатысты айтылатын *алқұйын, ала көлеңке, алағаншық боран, ала таң, елең-ала* сияқты сөздерде де байқалады.

Эпостық жырлар мен ертеректегі ақын-жыраулар мұраларында ғана емес, өлеңдері көкейімізге ұялап, сүйіп оқитын, көп жерін жатқа білетін күні кешегі Махамбет өлеңдерінде де арнайы түсіндіруді қажет ететін сөздер мен сөз тіркестері кездеседі. Мысалы, атақты «Ереуіл атқа ер салмай» деп басталатын өлеңіндегі *ереуіл* — монғол тілінің «тың, мықты» деген ұғымды білдіретін *эруул* сөзінің қазақша тұлғасы.

Кейбір жеке сөздер мен қалыптасқан тіркестердің де бұл күндегі қолданылуы, яғни беретін мағынасы мен ертеректегі қолданысы бірдей еместігі байқалады. Мысалы *ауыр* сөзін қазір біз салмаққа байланысты ұғымда (*ауыр жүк*) немесе осы ұғымнан шыққан ауыспалы мәнде *ауыр сөз, ауыр тиді, жұмыстың ауыры деген* сияқты тұстарда айтамыз. Ал бұрын бұл сөз *ауыр жұрт, ауыр қол* деген тіркестерде де келіп, «көп, сансыз» деген ұғымды да білдірген.

Көне өлең-жырларда кездесетін, қазіргі көпшілік оқырманға түсініксіз бірқатар бейтаныс сөздер, оның ішінде, әсіресе, араб-парсы сөздері мен көне сөздер, қару-жарақ, киім-кешек атаулары бірқатар кітаптар мен оқулықтарда, хрестоматиялар мен жинақтарда мүмкіндігінше түсіндіріліп отырған. Бірақ, өкінішке орай, кей сәттерде қате түсіндірілгендері де аз емес.

Сондай-ақ контекске қарап ұғуға болатын *көбеген, кебенек, жосын, түлей* (Түлкі жортпас түлейден), *барым* (Талауға салды барымды), *кіреуке* (Кіреуке тонды жамылып), *сана* (Қайда барып төгемін ішімдегі сананы), *үдере, үдери* (Үдере көшіп барады немесе: Кей жерде жаяу

үдерін...), *кел* (Әзіреті Қаратау Әулиенің кені еді), *сан* (он сан ноғай, алты сан қазақ) сияқты сөздердің де сол контекстегі мағынасын, түп-төркінін ашып берудің артықтығы болмайды. Бұлардың сырын, тегін, мән-мағынасын біле жүру, бір жағынан, қалың көпшілік үшін қызыллықты болса, екінші жағынан, ана тіліміздің байлығын игере түсулеріне, мұндай сөздерді орнымен қолдана білулеріне көмектеседі.

Әрине, ертегі-жырлардағы, бұрын өткен ақын-жыраулар шығармаларындағы сөздердің басым көпшілігі бұл күнде де қалың оқырманға әбден таныс, мән-мағынасы түсінікті сөздер. Баса айта кететін нәрсе — қазақтың бай ауыз әдебиеті мен өткен ғасырларда өмір сүрген ақын-жырауларының тілі қазіргі көпшілікке де өте түсінікті, анық болып келеді, өйткені бұлар қазақтың жалпыхалықтық сөйлеу тілінің негізінде жырланған мұралар. Бірақ сонымен қатар, бұларда жырланған тақырыпқа, көнеден келе жатқан образдарды пайдалануға, ескі тұрмыс-салтқа байланысты бұл күнде ұмыт бола бастаған немесе мүлде ұмытылған, я болмаса мағынасы өзгерген сөздер мен тіркестердің кездесуі табиғи да заңды. Сондай сөздердің сырын біліп, қолданылған жеріндегі мағынасын түсіну, олардың түп-төркінін танып отыру өте қажет деп білеміз. Әсіресе, бұл — мектеп оқушылары мен студенттерге, атап айтқанда, болашақ мұғалім, филолог-ғалым, журналист, жазушы, ақындарға өте-мөте қажет болмақ. Жалпы бұлар ғана емес, кім-кімге де ана тілінің сөз сырына үңілу артық болмайды. Ұлы Абай айтқандай, «пенде адам болып жаратылған соң, дүниеде ешбір нәрсені қызық көрмей жүре алмайды. Сол қызықты нәрсесін іздеген кезі өмірінің ең бір қызықты уақыты болып ойында қалады». Ал ана тілінің бары мен бояуын, сөздерінің нәрі мен нақышын қызықты құбылыс деп, оны білмекке ұмтылу да бір ғанибет болар деп ойлаймыз. Әсіресе, бүгінгідей ана тіліміз — қазақ тілінің дәрежесі көтеріліп, әлеуметтік жүгі артқан кезде, осы тілдің барша байлығын игеру, тарихын білу — рухани парызымыз болмақ.

Бұл жұмыс — тіл мамандарының аз ғана тобына арналған таза лингвистикалық талдау емес. Мұндағы көздеген негізгі мақсатымыз белгілі бір сөздің не сөз тіркесінің бұрынғы және қазіргі қолданысына, яғни сөз мағынасының өзгерісіне, дамуына (эволюциясына) назар аудару. Сонымен қатар талдаған бірсыпыра сөздердің түп-төркінін, яғни қай тілдікі екенін, көне-жаңа сөз екенін де ашып

беруді көздедік. Бұл әрекетіміз көбінесе сөздің көне түркілік немесе монғол, араб, парсы тілдеріне тән сипатын айқындау түрінде жүргізілді.

Өткен дәуірлердегі өлең-жырларда, мақал-мәтелдер мен қалыптасқан тіркестерде кездесетін бейтаныс, көне, кірме сөздерді түгел терін талдауды мақсат еткеніміз жоқ. Бұл — әзірге мүмкін емес шаруа. Біз бұл еңбекте әзірге өзіміз іздеп тапқан материалдарды (сөз талдауларын) ғана ұсынып отырмыз. Сондықтан осы ретпен зерттеуді, талдауды қажет ететін сөздер мен тіркестер әлі де баршылық екенін ескертеміз.

Біз бұл кітапта жеке сөздер мен тіркестердің он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде», этимологиялық, диалектологиялық сөздіктерінде көрсетілмеген мағыналарын ашуға ұмтылдық. Сөздіктер мен жеке еңбектерде берілген кейбір жаңсақ түсіндірмелер мен талдауларды сөз етіп, өз анықтамаларымыз бен болжамдарымызды ұсындық. Әрине, кейбір сөздердің көне түркі тілдерінде немесе монғол, парсы, араб тілдерінде, сондай-ақ орта ғасырлар мен қазіргі түркі тілдерінде берген мағынасын, тұлғасын көрсете талдаған сәттеріміз тіл зерттеуші түрколог-мамандар үшін жаңалық емес, бірақ қарапайым оқырман жұртшылығына қызығалықты болар деген ойдамыз.

Ең соңғы ескертеріміз — біздің барлық пікіріміз (талдауларымыз) бастан-аяқ дұп-дұрыс, ешбір талассыз деуден аулақпыз. Кейбір ізденістеріміз әрі қарай қарастыра түсуді, ғылыми дәлелдерді көбірек қамтуды керек ететінін сеземіз. Сөйте тұра ұсыну себебіміз — өзге зерттеушілерге ой салуды көздеуімізге, ана тіліміздің барша байлығын айқындай түсуге жол ашуды ниет етуімізге байланысты.

Сөйтіп, ертедегі ұшан-теңіз әдеби мұрамыз бен сөйлеу тілімізде кездесетін бұл күнде не мүлде түсініксіз немесе мән-мағынасы өзгеше түсетін бір алуан сөздердің сырын ашу үшін олардың өздерін «сөйлеттік». Бұл сөздер тек өз табиғатын таныту үшін ғана сөйлеп қоймайды, халқымыздың өткендегі тарих көшінен де хабар береді.

Кітаптың құрылымы жайында. Бұл кітапта әңгіме болатын сөздер мен тіркестер оқырманның тез тауып алуы үшін, алфавит тәртібімен берілді. Кей сәттерде сөзтізбеге (реестрге) жеке сөз емес, сөз тіркесі алынды. Сондай-ақ

енді бір тұстарда алфавит жағынап әр жерде тұруға тиіс екі-үш сөз бір реестрде берілді. Мысалы, *бұлап*, *құлап* немесе: *азамат*, *шора/шоры*, *жолдас* дегендер бірінші сөздің алфавиттегі орнымен берілді. Мағынасы жағынап бір тектес (мысалы, жабайы жан-жануарлардың атауы) немесе синоним сөздер көбінесе осылайша қосақталып ұсынылды.

Бірқатар сөздердің екі-үш түрлі жазылып жүргендері кездеседі, оларды ортасына тік сызықша қойып, қатар бердік. Мысалы: *күдері/кедіре/күдіре/көдіре*; *қазына/қазине* т. т. Баяндау мүмкіндігінше көпшілік қауымға түсінікті стильде (мәнерде) жүргізілді, дегенмен барлық талдау ғылыми негізге сүйенгендіктен, кейбір лингвистикалық терминдер қолданылып отырды. Оның үстіне ғылыми аппарат, яғни мәлімет алынған көздер (сөздіктер, кітаптар, зерттеулер, жинақтар т. б.) көрсетіліп отырды.

Осы еңбектің 1980 жылғы басылымында екі тілдік сөздіктерден алынған материалдар (аудармалар, түсініктемелер) және орыс тілінде жазылған кітаптардан келтірілген дәйексөз (цитаттар) аударылмай, түпнұсқаша орысша берілген болатын. Ол кезде біздің кітаптарымызды оқытындар тек Қазақстанды, одан қалды бұрынғы Одақты мекендеген қазақтар ғана болатын, ал олардың орыс тілінде қоса білетіндігі аян. Енді қазақ тіліндегі кітаптарды шет елдердегі қандас бауырларымыз да, түркі тілдес шетелдік өзге туыстар да оқитын күн туған қазіргі кезеңде оларға орыс тіліндегі текст дәйексөздерін түсінулері қиынға соғатынын ескеріп, орысша аудармалар мен түсіндірмелерді, дәйексөздерді қазақша аударып беріп отырдық, бірақ ғылыми дәлдік үшін материал алынған көздер жақша ішінде көрсетіліп отырылды. Олар қысқартылып берілді. Мұндай кітаптардың аталуы, шыққан жері, жылы толық жазылған тізім осы еңбектің соңында берілді. Сөздіктердің сілтемесі де жақша ішінде мейлінше қысқартылды. Мысалы, (Будагов, I, 752) деген сілтеме Л. Будаговтың 1869, 1871 жылдары I, II том болып Санкт-Петербургте шыққан «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий» деген сөздігінің I томының 752-беті дегенді білдіреді. Немесе ДС, 573 деген жақша ішіндегі қысқартулар «Древнетюркский словарь» (Ленинград, 1969) деген кітаптың 573-беті дегенге сілтейді. Жеке авторлардың еңбектеріне жасалған сілтемелер де жақша ішіне қысқа түрде көрсетілді, олардың да толық аты-жөнін кітап соңынан табуға болады.

Көпшілік оқырманға таныс болмағандықтан, кейбір кітаптар мен сөздіктерден алынған материалдар латын немесе араб әріптерімен жазылған түрінен өзгертіліп, қазіргі жазуымызбен берілді.

Бұл кітапта кейбір сөздердің осы күнгі қазақ емлесі бойынша дұрыс жазылған түрлерімен қатар, өзгешелеу тұлғада жазылған жарысна қатары да (варианттары, дублеттері де) бар. Олар мысал алынған басылымда солайша жазылуына немесе сөз түбірінің о бастағы тұлғалануына байланысты келтірілді. Мысалы, *абжылан/эбжылан, алапа/алафа, қарашы/қараша* т. б. Бұл, әрине, осы сөздерді осылайша екі-үш түрлі етіп жазу керек деген сөз емес.

Келесі бір ескертетін нәрсе — жырлардан, ақып-жыраулар мұраларынан алынған мысалдардың қай жылғы басылымнан келтірілгендігі, беті көрсетілмеді. Бір жырдың екі-үш, не одан да көп басылымы болды, сол сияқты Махамбет ақынның соңғы үш-төрт басылымы бар. Біз өлең жолдарын солардың барлығынан да алдық. Сондықтан кейде белгілі жырдың немесе өлеңнің бірер сөзі не әрпі оқырманның қолында бар басылымдағыдан басқаша болып тұрса, оны ұсынылып отырған кітапта кеткен қате не салақтық деп емес, сол мысалдың өзге басылымнан алынғандығының нәтижесі деп тану керек. Өйткені бір жырдың әр түрлі басылымында азды-көпті айырмашылықтары бар екендігі аян.

Кітап соңында осында талданған сөздердің тізімі алфавит тәртібімен берілді. Олардың ішінде сөзтізбеге кірмей, жол-жөнекей, яғни өзге сөздерді талдау үстінде әңгіме объектісі болғандар да бар.

Университеттер мен педагогикалық институттардың филология факультеттерінде қазақ әдеби тілінің тарихымен қатар, қазақ тілінің тарихи фонетикасы, тарихи морфологиясы, тарихи лексикасы деген пән салалары оқытылады. Тарихи фонетика мен тарихи грамматикадан оқулықтар мен оқу құралдары біршама бар деуге болады. Ал қазақ тілі бойынша тарихи лексикология саласына арнайы жазылған да, қосымша материал ретінде ұсынылған да еңбектер жоқтың қасы. Сондықтан осы сөздікте қазіргі қазақ тіліндегі кейбір сөздердің қолданылу тарихын, яғни мағыналық қозғалыс-өзгерістерін талдаған пелізгі материал бойынша тарихи лексикология курсының бірқатар мәселелерін кітап соңында қысқаша баяндап, қосымша құрал ретінде ұсынып отырмыз.

СӨЗДЕР СӨЙЛЕЙДІ

АБЖЫЛАНДАЙ ТОЛҒАНУ. Қазақтың эпостық жырларынан *абжыландай толғанып* деген сөздерді кездестіреміз. Мысалы, «Қыз Жібек» жырында Төлеген мен Қаршығаға Жібектің көшін тапқанға дейін кездесетін, бірінен-бірі асын түскен сұлу қыздардың біреуі:

Алтынды қамшы қолға алып,
Абжыландай толғанып,
Бұралып кетіп барады —

деп суреттеледі. Немесе «Алпамыс» жырында батырдың қарындасы балғын жас Қарлығаш та:

Алтыннан кемер байланып,
Абжыландай толғанып

келе жатады. Бір гажабы — бұл теңеу-образ сұлу қызды не батырды суреттегенде айтылады. Мысалы, жас батыр Алпамыс:

Саймандарын сайланып,
Алтыннан кемер байланып,
Абжыландай толғанып,
Қызыл найза қолға алып,
Шұбарға қарғып мінеді.

Осы жырдың 1961 жылғы басылымындағы (Алматы, «Ғылым» баспасы) ғылыми түсіндірмеде бұл тіркеске: «су жылан сияқты деген сөз, ол шапшаңдық пен тездіктің символы» деп анықтама берген.

Абжыландай толғанып деген теңеуді әдебиеттанушылардың көбі шапшаңдықты білдіретін немесе сұлу қыздың жүрісінде тал шыбықтай бұралған түрін суреттейтін образ деп таниды. Оған жыланның су ішіндегі тез қимылы, ирелеңдеген көрінісі негіз болып тұр деп біледі. Бұл, бір жағынан, *абжылан* дегенді сужылан (*аб* — парсыша «су») деп танудан шыққан түсінік. Сөздің бұл этимологиясын (төркінін) бір кездерде тіл мамандары ұсынған болатын. Тіркестің ненің образы үшін қолданылғаны дұрыс көрсетілген, ал образға негіз болған нәрсе сужылан деп тану — жаңсақтық. Абжыланды сужылан деп ұққаннан кейін сужыланның «жүріс-тұрысын», «кескін-кейпін» іздеп, оның «тал бойынан» табылған қасиеттерін сұлу қыз бен батыр жігітті суреттейтін образды тіркеске икемдестіреді.

Ең алдымен, *абжылан* сужылан ба? Жоқ. Ол жөнінде алғаш пікірді А. Махмұтов айты да, осы сөздің төркінін

жаңаша «торітті» (тудырды). Зерттеуші мұндағы *аб* бөлігі нарсы сөзі емес, кейбір түркі тілдеріндегі *аба*, *ап* сөзі дейді, якутша: *аба*, *ап* — «ащы дәм, суда өсетін улы шөптің тамыры» және «сиқыр, арбау, жадылау», алтайша: «екі жүзділік» деп келтіреді де, *абжылан* «арбайтын, сиқырлы жылан», мұның ең бастапқы мәні «улы жылап» деген этимология ұсынады (Этимол. сөздік, 17). Шынында да якут тіліндегі «сиқырлау, арбау, қызықтыру, магия» деген ұғымды білдіретін *ап* сөзінің төркіні — осы мәндегі монғолдық *аб*, *һаб* сөзі.

Егер *абжылан* дегеннің бірінші сыңары «сиқыр, арбау» мәніндегі сөз деп тапсақ, әрине, *аб* сөзі қазақ тіліне якут тілінен енді деуге болмайды. Ол, сірә, ежелгі түркі-монғолға ортақ сөздердің бірі болар. Бұл жорамалға саятын және бір дәлелді осы тіркестің *толғану* сөзімен келуінен іздеуге болады. *Толғану* сөзі қазірде негізінен «ойлану, терең ойға бату» деген ұғымда қолданылады. Ал бұл сөздің «жиырылу, оралу, бір нәрсені айналу, төңкерілу» деген мағынасы бұл күнде қазақ тілінде ұмытылған. Л. Будагов *толғамақ* (*толғау*) сөзінің өткен ғасырдағы қазақ тілінде «бір нәрсені орау, айналдыру» мағынасы бар екенін көрсетеді (Будагов, I, 752). Шағатай тілінде *толғаштырмақ* сөзінің ауыспалы мағынасының бірі «алдап соғу, алдап түсіру» екенін тағы да осы Будагов сөздігі білдіреді.

Толға — етістігінің ертедегі түркі тілдеріндегі бір мағынасы «*орау*» екендігін XI ғасырдағы Махмұт Қашқари сөздігі танытады. *Ол өзіне жіп орап алды* дегенді сол кездегі түркі тайпаларының бірқатары: *ол өзүне йұң толғанды* деп айтатындарын мысалға келтіреді (ДС, 573). Сонда *абжыландай толғану* дегендегі *толғану* сөзі «ирелендеп жылжыған» немесе «шиырылып оралған» деген ұғымды, одан барып «арбаған, қызықтырған» деген ауыспалы мәнді білдіреді. Сірә, бұл тіркестің образдық қызметі жыланның әйтеуір жылжуына теңеу емес, оның адамды арбайтындай, қызықтыратындай көрінісіне теңеу болса керек.

Толғау (*толғану*) сөзі ауыспалы мәнде «қызықтыру» дегенді білдірер болса, *абжыландай толғану* деген тіркестің екі сөзінде де адамды өзіне тарту, қызықтыру ұғымын табамыз.

Абжылан (*абжылан*) сөзін «арбаушы, сиқырлаушы қызықтырушы» деген образ ретінде қолдану тек жырда

ғана емес, ақын-жырауларда да кездеседі. Мысалы, Бұхар жырау (XVIII ғ.):

Үрғашының жақсысы
Әбжыландай сумаңдап,
Боз жорғадай бұлғады —

дейді. Немесе Жамбыл осы образды айдаһарға қатыстырып айтады. «Өтеген батыр» жырында айдаһар (қазақ ұғымында ол да жылан):

Жүз құбылып толғанып,
Өтегенді шақырды —

деп келеді. Тек қана абжылан емес, жалпы жылан атаулыны арбаушы, сиқырлаушы образында ұсыну қазірге дейін жоқ емес. Мысалы, жазушы Ғабит Мүсірепов «Оянғаи өлке» романында Игілік бидің қонақ күтіп жүрген сылаң тоқалы Айғаншаны «қысыр жыландай жүйткіп жүр» деп суреттейді (Ғ. Мүсірепов. Таңд. шығ. 1955, II том, 10).

Сөйтіп, бір кездерде *абжыландай толғану* деген тіркес образды білдіруге жұмсалған. Келе-келе *жылан* сөзінің көбінесе жағымсыз образға қатысты айтылатыны себеп болып, адамның жағымсыз іс-әрекетін бейнелеуге қолданылатын болған. Мысалы, Ілияс Жансүгіровтің мына өлеңінде:

Албасты Арқадағы *аб(ы)жылан*
Молда отыр ысқырынып, оқын құран.
Атты арбап, атап жұтып жатыр молда
Құранмен жем түсіріп жуан-жуан

ысқырынған абжылан жағымсыз жемқор молданың образын беруге жұмсалған. Жамбыл да бір өлеңінде жыланды арбаушы, сиқырлаушы образ ретінде алса, келесі бір өлеңінде бұл атауды мүлде жағымсыз образды беруге қолданады:

Ысқырышып өрмелеген тау мен тасты
Мен көргем *абжыланды* сұры қашқан.

Бұл жолдарға қарағанда, ақын абжыланды сужылан деп түсінбеген: сужылан тау мен тасқа өрмелемейді ғой.

Тіпті қазіргі сөздіктер *абжыландай толғанды* деген тіркесті «айбат шекті, буырқанды» деп түсіндіреді (Кеңесбаев, 9). Бұл түсіндірме, әрине, бір жақты, ол — талданып отырған фразеологизмнің осы күнгі қолданысына қарай берілген анықтама. Бұл сияқты әр қилы танымдар *абжылан* тіркесіндегі *аб* сөзінің «сиқыршы, арбаушы» мәнінің мүлде көмескіленуінен туған жайт, яғни соңғы

дәуірлерде *абжылан* сөзі жалпы жыланның, тіпті улы жыланның синонимі ретінде тавыла бастағаны байқалады. Өйткені қазіргі қазақ тілінің толық түсіндірме сөздігі *абжылан* сөзін: 1) үлкен жылан, 2) ауыспалы мағынасы «жауыз, қанішер» деп көрсетеді (ҚТТС, 1974, I, 35).

Сөйтіп, осы талдаулардан кейбір сөздердің образдар жүйесі заман өткен сайын өзгеріп отырғаны көрінеді.

АБЫЗ. Өткен ғасырдың орта тұсында жасап өткен Дулат Бабатайұлының бір өлеңінде:

*Абыз демей, не дейміз,
Шалы орнынан тұрған соң,*

дейді. Мұндағы *абыз* сөзі Л. Будаговтың көрсетуі бойынша, Қазан татарлары тілінде «оқымысты, білгір, сауатты адам», тобыл наречисінде *абзи* «аға», *абыз тотай*, одан қысқарған *абыстай* «апай, дін басы болған адамның әйелі, мұғалім әйел», башқұртша абсай «ана, шеше», *абыз етмек, абызламағ* «оқыту, ағарту», *абызмағ* «оқу, сауаттану» (Будагов, I, 4). Қазіргі қазақ тілінде *абыз* — көне сөз, «көп білетін, білгір, білімді адам» және «сәуегей, көріпкел» мағыналарын білдіреді (ҚТТС, I, 1974, 38). Соңғы мағынада жиірек қолданылатынын айтуға болады және қазақтардың *абызы* «алдап соғатын» сәуегей емес, ақылды, халық құрметіне ие болған әрі жасы еңкейген адам екені байқалады. Мұхтар Әуезов «Еңлік — Кебек» пьесасында дана кейіпкердің образы етіп Абызды алуы да осыны дәлелдейді.

Абышқа (абышйақ) сөзінің бірнеше фонетикалық вариантта құбылып келіп, бірқатар көне, тірі түркі тілдерінде немесе олардың диалектілерінде «қарт адам, қария, әйелдің ері, шал», кейде тіпті «кәрі әйел» ұғымын беретіні мәлім. Бұл сөздің түбірі — *абы/абу/аба/* немесе *абыш* «шал». Ал *аба* — (түрлі фонетикалық вариантта) түркі-монғол тілдерінде «әке, ата, әкенің ағасы» мағынасын беретін сөз. Қырғыз тілінде «қадірмен» мағынасын беретін *абығый* сөзінің *аб/аба/* тұлғасымен тамырластығы даусыз, өйткені жасы үлкен адам, ата, әке — қадірлі, құрметті адамдар.

Демек, бұл күнде сирек қолданылатын, көбінесе бұрынғы олең-толғаулар мен қазіргі тарихи, көркем шығармаларда кездесетін *абыз* сөзі өзінің түп тамырындағы «ата, әке, қарт адам» деген мағынасын да, одан ауысқан «көпті көрген білгір, сауатты, білімді адам» деген мағынасын да көмескілендіріп, «дана, ақылшы, көреген қария»

деген ұғымда жұмсалған, жұмсалатын сөз деп танимыз. Әрине, бұл сөздің қазақ тіліндегі қолданысында өзге тілдердегі және ертедегі мағыналық реңктері сақталғанын (қария адам болуы, көп нәрсені байымдай алатын білімді болуы, сәуегейлік қасиеттінің болуы т. б.) көреміз.

АҒА. XIX ғасырдың I жартысында жасап өткен атақты Махамбет Өтемісұлы ақында:

Сан шерулі қол болса,
Батырлар болар ағасы —

деген жолдар, XVI ғасырда өмір сүрген Доспамбет жырауда:

Азаулының Аймәдет ер Доспамбет ағаның
Хан ұлына несі жоқ?
Би ұлынан несі кем?
Азаулыда аға болған ерлер көп еді...—

деген жолдар бар¹.

Ноғайлының Ер Шобан деген батыры Қабардың Бигазы дегенінің жылқысын айдап әкетіп бара жатқанда, артынан келген қуғыншыны айнытпақ болып, қасымда мынадай-мынадай мықты батыр — жолдастарым бар деп суреттегенде:

Қан жұқпас қайқы қара болат өтпеген...
Бү жиынның ішінде
Ер Жақсымбет аға бар —

дейді. Мұндағы *аға* сөзі Жақсымбет батырдың көркем эпитеті емес, ол қызметті *ер* сөзі атқарып тұр, бұл жердегі *аға* — «басшы, қол басы» деген ұғымда келген термин іспетті сөз. Демек, жоғарыда келтірілген өлең жолдарындағы *аға* сөзі осы күнгі «жасы үлкен ер адам» деген мағынасынан басқаша қолданыста тұрғанын аңғартады.

Түркияда бұрын *аға* титулы әскери адамдарға, коменданттарға, янычарлардың бастықтарына берілетін атақ болған (Будагов, I, 60). Бұл пікірді өзге ғалымдар да растай түседі. Ортағасырлық түркі ескерткіші «Шейбанинамені» зерттеген шығыстанушы И. Березин: «Осман түріктері аға сөзіне «әскери мырза (әмірші), бастық мырза

¹ Осы жерде және әрі қарай XV—XIX ғасырларда өмір сүрген Асап кайғы, Шәлкііз, Доспамбет, Қазтуған, Жиембет, Ақтамберді жыраулардан бастап, Дулат, Шортапбайларға дейінгі ақындардан келтірілген мысалдар «Ертедегі әдебиет нұсқалары» (1967), «Үш ғасыр жырлайды» (1965), «Алдаспан» (1967), «Ақберен» (1972) кітаптарынан алынды.

(госнадин) деген мағына берген», — деп жазады (Библиотека восточных историков, изд. И. Березиним, Т, I, СПб, 1849, 20).

Орта ғасырлардағы хан сарайларында *есік аға (ишик аға)* жоғары лауазым да болған: «ишик аға — «сарай есіктерінің» биік табалдырығының бас күзетушісі, камергер. Орта ғасырлардағы хан сарайларындағы жоғары мәртебелі қызмет иелерінің бірі» (Материалы по истории казахских ханств XV—XVIII вв., Алма-Ата, 1969, 537).

Ертеректегі қазақ қауымында да *аға* сөзі басшыға, оның ішінде әскери басшыға да айтылатын дәреже мағынасын бергенге ұқсайды. Мысалы, Шалқияздің:

Батыр жігіт жау бастар,
Аға жігіт қол бастар —

дегені қолды (әскерді) бастайтын жігіттің *аға* аталғанын дәлелдей түседі. Махамбет ақынның да:

Исатай деген ағам бар,
Ақ кіреуке жағам бар —

дегенінде *аға* деп жасы үлкен адамды айтып отырған жоқ, қол басшыны, көтеріліске шыққан қарулы топ басшысын атап отыр. Қазақтың батырлар жырында:

Жүрмейісің, құрдасым,
Қол ағалық қыламын —

деген жолдарда *қол ағалық* тіркесі кездеседі. Мұнда да *қол аға* «әскери басшы, қол басшысы» деген ұғымда. *Аға* сөзінің белгілі бір әскери топтың (құрамның) басшысы (командирі) деген атақты білдіргендігін XVI ғасырда қазақтан шыққан тарихшы-шежіреші жалайыр Қадырғали би Қосымұлының «Жами' ат-тауарих» атты шығармасынан да көреміз: Уа мүгеті баһадур мың кішінің бегі ерді, йа'ни мың ағасы. Мұнда *бек* сөзі мен *аға* сөзін синоним етіп ұсынған. Дәлірек айтсақ, *аға* сөзін парсыша *әмір* мен түркі термині *бек* сөздерінің қазақша баламасы етіп жұмсаған. Тарихшы бабамыз ана тілінің *аға* сөзін «әмірші, билеуші» мағынасындағы термин етіп қолданған. Оның терминдік, титулдық мәні жалқы есім — адам аттарымен тіркесіп келтірілгенінде тіпті айқын көрінеді. Мысалы, Қадырғалидың шежіресінде *Булад аға, Бүйінчик аға, Абдулла аға, Арғун аға* деген лауазымды есімдер аталады. (Р. Сыздықова, М. Қойгелдиев. Қадырғали би Қосымұлы және оның «Жылнамалар жинағы». Алматы, 1991).

Аға сөзін әскери емес, жай «басшы, бас адам» мағынасында жұмсау да қатар жүрген. Мысалы, Сәкен Сейфуллин арғын Байдалы бидің сөзінен деп:

Рулы елге жарасар
Үлгі айтатын *ағасы* —

деген жолдарды келтіреді (С. Сейфуллин, VI, 59), сол сияқты Сүгір ақын бір толғауында:

Кешегі өткен ер Сырым
Кіші жүздің *ағасы* —

деп, *аға* сөзін «ел басы, әлеуметтік (әскери емес) басшы» мағынасында жұмсайды. Қайткенде де өткен кезеңдерде *аға* сөзі «жасы үлкен ер адам» деген тура мағынасымен қатар, «бас, басшы, ел (ру, тайпа, халық) басшысы, әскери басшы (қол басы)» деген ауыспалы мағынада да жиі қолданылып, терминдік сипатқа ие болған сөз екенін көреміз.

Аға сөзінің бір кездегі «бас, басшы» деген ауыспалы мағынасы ертеректе қалыптасқан *ел ағасы*, *от ағасы* (қазірде біріккен сөз ретінде бірігіп *отағасы* болып жазылды) деген тіркестердің бар екендігімен де дәлелдене түседі: *ел ағасы* — белгілі бір қауымның (айталық, ауылдың, рудың, атаның т. б.) басшы адамы, *отағасы* — бір шаңырақтың басты адамы, иесі. Кейін *отағасы* сөзінің мағынасы жалпыланып, «жасы үлкен ер адам, сыйлы адам» дегенді білдіруге жұмсалып кеткені және көбінесе қаратпа сөз ретінде жұмсалатын болғаны байқалады. *Ауыл ағасы*, *жігіт ағасы* деген тіркестер де осы сияқты.

XV—XVI ғасырларда *аға* сөзінің осы күнгідей «бірге туғанның немесе туысқанның ішінде еркек кіндіктің жасы үлкені» деген негізгі мағынасы, әрине, болған. Бертін келе, XVIII—XIX ғасырларда, бұл сөздің «қолбасшы, әскери басшы» мағынасы солғындап, ол ауыспалы мәнде қолданылғанда «жасы үлкен, сыйлы, құрметті адам» деген ұғымда жиірек жұмсала бастаған. Мысалы, Нұрым жыраудың (XIX ғ.):

Сағынып аңсап, *аға* деп
Енді сәлем бере алмап —

деген жолдарындағы *аға* — жасы үлкен, құрметті адам. Жырау бұл сөзді Өтеміс деген жай адамға (әскер басына емес) айтады.

Сонымен, *аға* сөзінің негізгі мағынасынан ауысқан «қол басы, жүз басы, мың басы, түмен басы» деген ұғы-

мы да қазақтың XV—XVII ғасырлардағы ақын-жырауларының тілінде қолданылған.

АДЫРНА. Махамбет ақынның атақты жырларының бірінде: *Адырнасын ала өгіздей мәңгіреткен* деген өлең жолы бар. Мұндағы *адырна* сөзі ақын мұрасының жинақтарында «садақтың оқ тіреп ататын тарамысы» деп түсіндірілген. Қазақ тілінің сөздігі де *адырнаның* мағынасын осылай анықтайды. Сонымен қатар мұның *адырна* варианты бар екені де көрсетілген. Қазақ совет энциклопедиясы *адырна* сөзінің мүлде басқа екінші нәрсені де білдіретіндігін береді, яғни *адырна* деп жауынгершілікте, аңшылықта қолданылған сыбызғы сияқты көне үрмелі музыкалық аспапты да атаған дейді (ҚСЭ, I, 125). Соған қарағанда, Махамбеттің жоғарғы өлеңіндегі *адырна* сөзі садақтың кермесінен гөрі, дыбыс шығаратын аспапқа жуық келмес пе екен деген ой туады. Махамбет өлеңінен өзге қазақ текстерінде *адырна* сөзі *мәңгіреу*, *аңырау* сөздерімен тіркесіп келмейді. Мысалы, Шалкизде:

Адырнасын атқа алған,
Атқан оғын тайға алған,

Қазтуғанда:

Қара ұнымы сұлтандайын жүрісті,
Адырнасы шайы жібек оққа кірісті —

деп келетін өлең жолдарындағы *адырна* сөзі, сөз жоқ, «садақтың тарамысы, кермесі» деген мағынада жұмсалып тұр. Бірақ садақты мықтап тартып, оқты алысқа жіберудің поэтикалық образын садақ тарамысының қатты серпігенінен шыққан зуылы, дыбысы арқылы беру әбден сыйымды. Сондықтан *адырна* «мәңгіреуі де, аңырауы да» мүмкін.

Адырна сөзінің төркінін зерттеушілер оны «бөлу, ажырату» дегенді білдіретін *айыр-/адыр-/* деген етістіктен шығарады. Түркі тілдерінде *й ~ ө (айақ ~ адақ)* дыбыстары алмасатыны мәлім (қазақша *айыру* сөзі көне түркі тілдері мен қазіргі бірқатар түркі тілдерінде *адыр-тұлғасында* келеді). *Адыр-* етістігіне қосылған *-на* есім тудыратын жұрнақ болу керек дейді (Этимол. сөздік, 21).

Сөйтіп, «садақтың тарамысы» мағынасында болсын, музыкалық аспап атауы ретінде болсын, *адырна* сөзі — қазақтың көне жырлары мен бұрынырақ өткен ақын-жырауларының тілінде қолданылған, қазірде ұмыт бола бастаған сөз. Бұрынғы кезеңнің өзінде бұл атау поэтикалық сөз болып, образ жасауға жұмсалғаны байқалады. Бұл

сөздің образдық сипатын таныған талым Мұхтар Мағауин туңғын рет XV—XVII ғасырлардағы қазақ ақын-жырауларының мұраларын жарыққа шығарғанда, жинаққа «Адырна» деп ат берген.

АЗАМАТ, ШОРА/ШОРЫ, ЖОЛДАС. XVII ғасырда жасаған Ақтамберді жырауда:

Ей, *азаматтар*, *шоралар*,
Атты мінсең, зорды мін —

деген жолдар бар. Мұндағы *азамат* сөзі дәл қазіргі мағынасында емес. Бұл сөздің бұрын терминдік сипаты болған. Ш. Уәлиханов былай деп көрсетеді: «Азамат — кәметке келіп, еншісін алған, туыстарына тәуелсіз, үйлі-баранды адам» дегенді білдіреді. Сонымен қатар бұл сөз бір кезеңдерде «жасақшы» («дружинник») ұғымын да бергенге ұқсайды. *Шора* сөзі *азамат* дегеннің синонимі дей келіп, Шоқан *шора азамат* тіркесі таза әскери мәнді сөз, ол «жолдас, жасақшы» деген деп көрсетеді (Валиханов, I, 20). *Азамат* сөзінің жоғарыда келтірілген Ақтамберді жыраудың қолданысы Шоқанның осы айтқанын растайды.

«Айман — Шолпан» жырындағы Айман қыз Әлібекке сәлем айтып:

Аты болса, байласып,
Азаматын сайласып —

дегенде, *азамат* сөзінің «жасақшы» ұғымы танылады. Бұл сөзді Махамбет те жиі қолданған:

Арғымақ, сені сақтадым,
Құлағың сенің серек деп,
Азамат, сені сақтадым,
Бір күніме керек деп...
Азамат ердің баласы
Аз ұйықтар да көп жортар,—
Дұшпанға кеткен кегі бар,,
Алқалаған жер болса,
Азамат басы құралса...

Бұл қолданыстардағы *азамат* сөзі жай ғана адамға қарата емес, жауынгерлерге, жасақшыларға қарата айтылып тұр.

«Ер Сайын» жырында Сайын батыр қасындағы 40 жігітіне:

Ей, қырық жігіт *азамат*,
Маған бола олмеңіз —

дейді. Мұнда да *азамат* — жауынгер, жасақшы.

Заман озған сайын *азамат* сөзінің мағынасы өзгерген. Өткен ғасырда бұл сөз «жалпы ересек адам, ер адам» де-

генді білдіргенін сол кездегі сөздіктер көрсетеді: Азамат — ересек адам, адамдар тобы (Қирг.-русск. с.л., 1897).

Қазақ тілінде осы мағынадағы *азамат* сөзінің синонимі *жолдас* сөзі қолданылғаны байқалады. Мысалы, Махамбет енді бір олеңінде:

Қасыма ерген *жолдастар*...
Жолдастарым, мұңайма —

дейді. Сойтіп, *азамат* сөзі ескі жырларда, ертеректегі қазақ тілінде «қолына қару ұстап, ел қорғауға, не ел жаулауға аттанатын адам, жасақшы» дегенді білдірген.

Қазіргі күнде *азамат* «кәмелетке жеткен ер адам» деген мағынада (осыдан «адамгершілігі мол, саналы, құрметті адам» деген ауыспалы мағынада да жұмсалатынын білеміз).

«Жасақшы» ұғымындағы *азамат* сөзіне *шора* деген сөздің синоним болғандығын, яғни тепе-тең мағыналас екендігін В. В. Радлов та айтады: «Бұрын қазақтар шора (чурра) сөзін «жасақшы, жауынгер, жолдас» мағынасында кеңінен қолданған (Радлов, т. I, ч. V, 23). Ал Н. И. Ильминский: «Шора — батырдың баласы және батырдың өзі» — деп танытады (Ильминский, 150). Бұл пікірлерді қазақтың батырлар жырының тілі растайды.

Ей, жігіттер, шоралар! —

дегенде, сөз жай жігіттерге емес, жасақшы жігіттерге арналған. Тіпті бұл жердегі *жігіт* деген сөздің өзі терминге жуықтау. Орта ғасырларда түркі тілінде *жігіт* (*йігіт*) сөзінің терминдік мағынасының болғаны ғылыми әдебиеттерде көрсетіледі: «Жігіт (йігіт) — феодалдың жалдамалы атты әскерінің жауынгері немесе олжа табу үшін феодалға жақындасқан жауынгер, «кезбе рыцарь» дегенді білдіретін термин» (Материалы по истории казахских ханств XV—XVIII вв. Алма-Ата, 1969, 493).

Әрине, қазақтың өлең-жыр текстеріндегі *жігіт* сөзі дәл осы терминдік мәнде қолданылған деуге болмайды, бірақ контекстегі мағынасы жағынан *шора*, *азамат* сөздеріне синоним іспеттес болып келеді. Әсіресе, «ей, жігіттер, шоралар» сияқты қатар қолданыста *жігіт* сөзінің осы күнгідей тек «жас ер адам» деген жалпылама мағынадан гөрі, белгілі бір топ өкілін атауы басымырақ тәрізді.

Шора сөзінің «жасақшы, жорықтас, жолдас» ұғымында қолданылуы тіпті ертеректе орын алып, соңғы XVIII—ғасырларда сирегені байқалады. Бұхар сияқты XVIII ғасыр жырауы да, Махамбет сияқты жаугершілікті жырла-

ған XIX ғасыр ақыны да «жасақшы, жорықтас, жолдас» деген мағынада *шора* сөзін қолданбайды. Кейінгі дәуірлерде *шора* «байдың, батырдың, бидің баласы» деген сияқты әлеуметтік (сословиелік) атақты білдіруге жұмсалған. Ер Шобанның:

Хан ұлы төредей,
Би ұлы шорадай —

дегенінде де, одан кейінгі Бұхардың:

Байлар ұлы шоралар,
Бас қосыпты десіп де..,

Немесе:

Байлар ұғлы шоралар
Қол жағалар жаз күні,
Байлар қызы бикештер
Қол бұлғайды-ау жаз күні —

дегенінде де *шора* сөзінде жоғарғы мысалдардағыдай таза «жасақшы, дружинник» мәні сезілмейді, бірақ қайткенде де *шора* сөзінде әлеуметтік топты көрсететін мағына бар. Ханның тақты иеленбеген ұрпағы (ұлы) *төре* деп аталатыны сияқты, байдың, бидің ұлдары мен қыздары да жай бай баласы, би баласы, байдың қызы деп аталмай, *шора*, *бикеш* деген сияқты арнаулы атпен аталғанын білдіреді. Сондықтан болу керек, Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі *шора* сөзінің беретін мағынасын «феодалдық қоғамдағы үстем тап өкілі, ел билеген әкім, мырза, бек, шонжар» деп көрсетеді де, оның қазірде қолданылмайтын көнерген сөз екенін ескертеді (ҚТТС, X, 157).

Кейбір зерттеушілер *чура* (*шора*) сөзі мағынасы жағынан көне түркі тілінде қолданылған *оғлан* сөзімен тең түседі, ал *оғланның* мағынасы «біреудің баласы, ұрпағы, құл және жауынгер» дей келіп, орта ғасырларда Еділ бойы татарларында тәуелді адамдар көп болды, олардың ішінде нәсілі түркі еместерін сол кездегі терминология нормасы бойынша *чура* деп атады дегенді айтады (Татары Поволжья, 191). Соған қарағанда, *шора/чура* сөзі о баста екі-үш түрлі мағынада жұмсалған тәрізді: бірі — «біреудің баласы, ұрпағы», екіншісі — «жауынгер», үшіншісі — «қызметкер (құл, күң)». Қазақ тілінде 1, 2-мағыналарда *шора* варианты, 3-мағынада *шоры* варианты қалыптасқанға ұқсайды. «Қамбар батыр» жырында:

Ерегiссен мепiмен,
Шауып алып малыңды,
Асықпасаң қайтармын
Қатапыңды шоры ғып —

дейді. Мұндағы *шоры* сөзіне осы жырдың 1957 жылғы ба-
сылымында «күң» деген түсініктеме берілген.

АЙБАР. Махамбет ақын Исатайдай қолбасшының
портретін бергенде:

Құландай ащы дауыстым,
Құлжадай айбар мүйіздім!—

дейді. Мұндағы *айбар* сөзі қазірде *айбат*, *айбын*, *ызбар*
сөздеріне мағыналас деп танылады. Бәрінде де «қорқыта-
тын, сұс көрсететін» деген мән бар. Тегі, бұл сөздер мән-
дес болғанмен, олардың поэтикалық образ жасаудағы
салмақтары бірдей еместігі байқалады. Қырғыз тілінде
айбар сөзі сұс көрсететін, таяныш-тірек ететін нәрсе ма-
ғынасында жұмсалады да, *айбат* сөзінен («қаталдық, қор-
қынышты түр») бірсыпыра ажырап тұрады (Юдахин, 28).
Сірә, қазақ тілінде де бұл екі сөз таза синонимдер емес,
яғни мағыналары бірдей емес. *Айбар* бұл күнде сирегірек
қолданылады. Ол көбінесе образ жасайтын элемент ре-
тінде келеді: құлжаның *қарағайдай* мүйізі, *дағарадай*
мүйізі демей, *айбар* мүйізі десе, соңғы тіркестің образдық
бояуы әлдеқайда бөлек болып шығады. *Айбар мүйіз* жай
ғапа қорқытатын сұсты мүйіз емес, сүйсіндіре имендірер
ішіндегі мүйіз. Бұл текте *құлжа* сөзінің өзі образ жасап
тұр: *құлжа* — арқар, ол адамзат пен ит-құс, анау-мынау
аң мекендей алмайтын қия-құз, тау-тас сияқты қиын-
қысталаң ортада өмір сүре алатын әрі күшті, әрі еркін
жануар. Сондықтан ол — күштіліктің, еркіндіктің сим-
волы.

Сөйтіп, *айбар* — көбінесе поэтикалық образ жасауға
қатысатын, сирек қолданылатын сөз.

АЙДЫН, АЙДЫНДЫ, АЙДЫНДЫҚ, КӨЗАЙЫМ.
Жырларда *айдынды туған* деген эпитет бар. Ол көбінесе
батырға, сұлу қызға (әйелге), жалпы жағымды образға
қатысты айтылады:

Айдынды туған Қыз Жібек...
Айдынды туған Ораққа...

Орақ батырдың *айдынды туған*, *айдынды* деген эпите-
ті өзге жырларда да бар. «Қобыланды батыр» жырында
Орақтың есімі аталған жерде:

Айдынды Орақ, айлы Орақ,
Айбалтасы қанды Орақ —

деп келеді.

Айдын сөзінің қазіргі тіліміздегі негізгі мағыналары:

1) «айбын, күш-қуат», 2) «көлдің, тұнық судың жарқыра-

ған беті», ауыспалы мағынасы — «айқын, ашық, даңғыл» деп көрсетілген (ҚТТС, 1974, I, 18). Ал *айдынды* сөзі бұл күнде тек қана «айбынды, айбатты, айбарлы» дегенді білдіреді деп танытады (сонда, 18). Бұл сөздің ескі жырларда беретін мағынасы бұл көрсетілгендердей емес.

Көне түркі тілінде *айдың* — «айдың сәулесі». Бұл сөздің орта ғасыр ескерткіштерінде осы көрсетілген мағынамен қатар, «жарқыраған, анық, ашық, айқын» мағынасы бары көрінеді. Әрі ол сөз *айдын* тұлғасында да келеді (*айдуң ~ айдын*) (Құрышжанов, 80, Фазылов, I, 36). Қазіргі түркі тілдерінің бірқатарында (түрік, әзірбайжан т. б.) *айдын*, *айдынлық* сөздері «жарық, жылтырауық, айқын» деген мағына береді. Түрік тілінде бұл түбірден жасалған *айдынламақ*, *айдынланмақ* етістіктері бар: *айдынламақ* «жарық түсіру», *айдынланмақ* «1) жарқырау, жантырау, анықталу, айқындалу, 2) жарық бола бастау. таң ата бастау. *Айдың* сөзі қазіргі түрікмен тілінде «дұрыс, анық, ұнамды» және «белгілі, мәлім» деген мағыналарға да ие. Қазіргі қырғыз тілінде бұл сөздің «сәулеттілік, ұлылық» деген мағынасы көрсетілген де, оған ауыз әдебиеті үлгісінен мысал келтірілген (Юдахин, 30).

Осылардың барлығына қарағанда, *айдын/айдың/айдуң* сөзінде «жарық, нұр» мағынасы барлығы көрінеді. Зерттеуші Ә. Қайдаров бұл сөздің о бастағы құрамын *ай + түн* деген сөздердің бірігуінен шығарады (Этимол. сөздік. 23—24). Осыдан «нұрлы, нұр шашқан, сәулетті», одан барып «ұлы» деген ауыспалы мағынасы пайда болған тәрізді. Бұл мағына тек қырғыз тілі емес, қазақ тілінде де орын алған.

Айдынды туған батыр немесе *айдынды туған сұлу қыз* дегенде, біздіңше, *айдын* сөзі «қаһарлы, айбатты, күшті» мағынасында емес, «нұрлы, сәулетті, маңғаз» мағынасында жұмсалған. Мұны бұл эпитеттің тек батыр емес, қызға да айтылатындығынан көреміз. Сәулеттілік, нұрлылық — жақсы адамның қасиеті, яғни айналасына жақсылық нұрын шашқан адамдар ғана «айдынды болып туады».

Демек, ескі жырларда кездесетін *айдынды туған* деген образды тіркестегі *айдын* сөзінің мағынасы осы күнгі *айдын көл*, *айдын шалқар* деген тіркестердегі мағынасынан да, «айбатты, айбынды, күш-қуатты» деген мағынасынан да бөлек, басқаша. *Айдынды Орақ*, *айдынды туған Қыз Жібек* дегендерде айдынды «нұрлы, сәулетті» мағынасын білдіреді.

Айдын сөзінің «нұр, жарық» мағынасынан «ақ, жарқыраған» деген ауыспалы мағынасы туғанын *айдындық* сөзінен көреміз. Бұл да қазірде сирек кездесетін, бірақ ертеректегі тілімізде қолданылған сөз. XVI ғасырда жасаған Доспамбет жыраудың бір толғауында:

Қосақай, Қосай, Ер Досайдың апасы
Хап қызындай Сұлтаншның
Айдындықтай ақ білегін жастап...—

деген өлең тармақтарын оқимыз. *Айдындық* сөзі орта ғасыр ескерткіштерінде «жарық, сәуле» деген мағынада келсе, қазіргі кейбір түркі тілдерінде, мысалы, түрік тілінде «жарық сәуле, жарық түскен жер» деген ұғымда қолданылады. Жарық сәуле, жарық (жарқын) болу күн сәулесіне қатысты. Сондықтан «жарық» ұғымы «ақ» деген ұғымға оңай алмасады (түрік тілінде *айдынлық* сөзінің екінші сындық мағынасы «ақ» — светлый). Қазақтың халық өлеңінде айтылатын *ақ жүзің аппақ екен атқан таңдай* деген жолда аппақтық пен атқан таң теңестіріледі. Демек, *айдындық* (жарық сәуле) сөзі *аппақ* сөзімен мағыналас.

Айдын, айдындық сөздерінің «жарық сәуле, нұр» мағынасы бертіңгі дәуірлерде қазақ тілінде көмескілене түскендіктен, біздің топшылауымызша, *білек* сөзімен бірден тіркеспей, *-дай* жұрнағын жалғап қолданылған, яғни *айдындық білек* емес, *айдындықтай білек*. Тіпті бұл тіркестің қақ ортасында келген *ақ* сөзі *айдындық* сөзін түсіндіре түсуге келген «жәрдемші» болып тұр. Сөйтіп, *айдындықтай ақ білек* — «аппақ білек», яғни *ап-ақ білек* деген тіркес, мұнда *айдындықтай* деген сөз *ақ* сөзінің синонимі ретінде жұмсалған.

Айдын, айдындық сөздерінің түркі тілдеріндегі мән-мағынасын іздестіру үстінде өте бір қызық фактіні кездестірдік. Қазақ тілінде сағынып күттірген біреуі келгенде, «балаң (інің, анаң т. т.) келіп, *көзайым* болып жатырмысың!» деген құттықтау сөзі бар. Осындағы *көзайым* түсініксіз, қандай түбірлерден жасалғанын айту да бірден қиын. Түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілі сияқты қыпшақ тобына жататын қарайым (караим) тілінде *көз айдындық* деген тіркес бар екен, ол қуанышты оқиға дегенді білдірсе керек, ал *көзің айдын болсын* деген тіркестің мағынасы «өзіңе жақсы хабар келсін!», сөзбе-сөз аударғанда «көзің жарқырасын!» дегенді білдіреді екен (Караимско-русс.— польский сл., 52). Түрік тілінде де *гөзү-*

қуз айды! «сізді құттықтаймын! немесе «құтты болсын» дегенді білдіреді. Осыған қарап қазақ тілінде де немесе қазақ халқының құраған тайпалардың біреуінің тілінде *көз айдындық* тіркесі «қуанышты оқиға, жақсы хабар» деген мәнде қолданылып, одан *көз айдындық болдың* ба, яғни қуанышты оқиғаға кездестің бе, құтты болсын! деген сияқты тұрақты тіркес жасалған болар деп топшылауға болады. Келе-келе қазақ тілінде *көз айдындық* тіркесінің мағынасы күңгірт тартып, сыртқы тұлғасы жағынан да өзгергені, яғни *көз айдындық*-тан *көз айымдық*, одан *көз айым (көзайым)* болғаны байқалады.

АЙЛАНУ. «Едіге» жырының 1934 жылы жарияланған нұсқасында:

Ноғайлының ауыр жұрт
Абдырады, *айланды* —

деген жолдар бар. Мұндағы *айланды* сөзінің мағынасы бұл күнде күңгірт. Бұл «жәбірлеу, қорлау, кемсіту» мағынасындағы көне *айығла-* (ДС, 29) сөзінің кейінгі тұлғасы болуы мүмкін. Бұл жерде сусымалы *ғ(ығ)* дыбысы түсіп қалған деуге болады: *айығланды > айланды*. Бұл тұлға *айығла > айла-* етістігінің өздік етіс формасы ретінде «жәбірленді, қорланды» мағынасын білдіреді деп түсіну керек. Бірақ бұл пікіріміз үзілді-кесілді ұсынылған тұжырым емес. *Айлану* сөзінің өзге де мағыналары болуы мүмкін. Мысалы, түрікмен тілінде *айла-* етістігі «айнала қоршау» деген мағынада жұмсалады. Жоғарғы контексте қарағанда, *айланды* сөзіне бұл мағына да келетін сияқты: жаудың шабуылына душар болған ноғайлының ауыр жұрты сол дұшпанның айнала қоршауында қалды деп түсінуге де болады. Дегенмен, қазақ тілінде сирек жұмсалатын бұл тұлға не көненің көзі (*айығланды* дегеннен), не өзге түркі тілдерінің (мысалы, оғыз тілдерінің) элементі болуы ықтимал.

АЙЛАСУ. Шортанбай (XIX ғ.) ақында:

Ақын, шешен көрсем деп,
Айласпаңдар меңдейге —

деген өлең жолдары бар. Мұндағы *айласу* етістігі жалпы қолданыста, яғни әдеби тілімізде жоқ, мағынасы көпшілікке түсініксіз сөз. Оны диалектолог мамандар Қостанай облысының Жанкелді ауданында «үйлесу, ұқсау» деген мағынада жұмсалатын жергілікті сөз деп табады. Шортанбай — өмірінің саналы жылдарында Арқада, Қарағанды, Қереку оңірлерінде жасап өткен ақын. Демек, *айласу*

сөзі тек Қостанайдың бірер ауданына емес, ілгеріректе бүкіл солтүстік, орталық Қазақстан өлкеі тұрғындарының тіліне тән болған сөз деп таууға болады. *Айласу* «ұқсау» деген мағынада бұрын жалпы қазақ тіліне тән сөз болуы да мүмкін. Дегенмен, сөз мағынасы мен түп-төркінін әлі де іздестіру қажет.

АЙПАРАДАЙ, АЙЫМ. «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырындағы Баян қыз бірде:

Айпарадай ақ жүзім сіз көресіз —

десе, екінші бір жерде:

Айдай болған ақ жүзім көрмейсіз бе?—

дейді. Жалпы түркі тілдерінде ай — әйел сұлулығының символы, әйел көркінің әдемілігін айға теңеу ежелден бар. Зерттеушілер орта ғасыр ескерткіштерінде *ай* сөзінің бір мағынасы «сұлу, әдемі, сұлу қыз» дегенді атайды (Фазылов, I, 321). Тегі, бұл *ай* сөзінің ауыспалы мағынасы болар. Осыдан барып кейбір түркі тілдерінде, мысалы қырғыз тілінде «жұбай, әйел мағынасындағы *айым* сөзі бар (Юдахин, 36). «Жұбай» мағынасында *айым* сөзі қазақ жырларында да кездеседі. «Алпамыс батыр» жырында:

*Отаудағы айымдарың,
Сөзден келер қайымдарың —*

деген жолдар бар. Бірақ қазақ тілі үшін «жұбай, әйел» мағынасындағы *айым* сөзі кәнігі емес, өйткені өзге жырларда бұл сөз кездеспейді. Ал «Алпамыс» жырында өзбек, қарақалпақ тілдеріне тән жеке сөздердің, тіпті грамматикалық тұлғалардың орын алғандығы мәлім. Оның үстіне бұл сөз диуананың (диуана болып келген Алпамыстың) аузынан шыққан. Бірақ қайткенде де *айым* сөзінің «сұлу әйел», одан «сұлу жұбай», одан жалпы «жұбай» мағынасы бірқатар түркі тілдерінде бар екендігін аңғарамыз.

Орта ғасыр ескерткіштерінде кездесетін *ай йүз, ай йүзлі, айтек (айдай), толун айтек (толған айдай)* сөздері әйелдің көркіне байланысты айтылған. Қазақ тілінде *толған айдай жүзі ~ айдай ақ жүзі ~ айдай жүзі ~ ай жүзі* деген сөздер сұлу қызды (әйелді) суреттейді.

Ал *айпара* не деген сөз? Түрік тілінде «ай сияқты жарқын» деген мәнде поэзияда қолданылатын *айбар* сөзі бар (Турецко-русск. сл., 1977, 81). Соған қарағанда, не қазақ тілінің ертеде өзінде болған немесе өзге түркі тілдерінің

поэтикалық дәстүрінен енген «айдай, айдай аһнақ, ақ жүзді» деген мағынадағы *айбар* сөзі болғанға ұқсайды, кейін келе бұл сөздің орнын *айдай, ай жүзді* сөздері басын, *айбар* сөзі сирек қолданылатын, бейтапыс тұлғаға ауысып кеткен секілді. Соның нәтижесінде тіпті тұлғасы да өзгеріп, *айбара ~ айпара* болып айтылуы ықтимал.

Айбар сөзінің этимологиясын (төркінін, құрамын) іздестіру біздің бұл кітаптағы міндетіміз емес, дегенмен бұл сөз *айға барабар* (парапар) тіркесінен ықшамдалып жасалуы мүмкін деп топшылауға болады. *Барабар* сөзі түркі тілдеріне парсы тілінен енген, мағынасы «тең, бірдей», сонда бұл — *айға барабар > ай барабар > айбар* болып, әбден кірігіп біріккен сөздердің қатарына жататын тұлғалардың бірі болмақ. Түркі тілдерінде тұрақты тіркестер құрамындағы компоненттердің әр түрлі жалғауларды түсіріп айтылуы — бар құбылыс (*айға барабар > ай барабар*). Бірдей дыбысталатын буындардың біреуінің түсіп қалуы заңды: *айға барабар > айбара > айбар*. Қазақ тілінде *заман ~ замана* деген сияқты сөз соңына а дауысты дыбысын қосып айту дәстүрі *айбар* сөзін *айбара* дегенге айналдырған тәрізді. Түсініксіздеу тұлғаға *-дай* жұрнағы жалғанған сөздер қазақ тілінде жиі кездесетін құбылыс. Осының нәтижесінде *айпарадай* сөзі пайда болған болар дейміз. Бұл сөздің қайткен күнде де мағынасы ашық: «ай сияқты жүз, айға тең ақ жүз, айға парапар ақ жүз».

АЙТУЛЫ, АТАУЛЫ, АТАЙЫ. «Атақты, әйгілі, белгілі, даңқты» деген мағынада жырлар мен ертедегі нұсқаларда *айтулы* және *атаулы* сөздері кездеседі. «Қобыланды» жырында жыршы қызылбастың батыры Ер Қазанды суреттей келіп:

О да *айтулы* ер еді —

дейді. «Қыз Жібек» жырында Жібектің портретін жыршы:

Жібек сұлу деген бар екен,
Айтулының өзі екен —

деп суреттейді. Сәкен Сейфуллин қазақ әдебиетінің тарихына арналған зерттеулерінде жалайыр руынан Бөлтірік бидің сөзі деп берген толғауда:

Аққу құсқа оқ тисе,
Қанатып суға тигізбес.
Айтулы ерге оқ тисе,
Қипалғанын білдірмес —

деген жолдарды келтіреді. Бұл сөз *айтылу* түрінде «даңқты, белгілі, әйгілі» мағынасында қырғыз тілінде де бар. Мұнда да ол көбінесе фольклор тілінде кездеседі: *Айтылуу* Жээренче чечен (Юдахин, 35). Қазақша *айтулы*, қырғызша *айтылуу* сөздерінің түбірі — *айт*-етістігі. Бұл етістіктің «сөйлеу, әңгімелесу» деген мағынасы «сөзге тиік болған, әңгіменің өзегі болған атақты адам» деген мәндігі *айтулы* тұлғасына негіз болған болу керек.

Татар тілінің диалектілерінде *атаулы* деген сөз бар, мағынасы: 1) «атақты, белгілі», 2) «арнаулы». *Айтулы* сөзі қазақ тілінде де «атақты, белгілі» деген мағынаны берген (Будагов, II, 394). «Белгілі, әйгілі, даңқты» деген мәнде қазақ тілінде бұл күнде *атақты* сөзі қолданылады. Бірақ бұл сөз, сірә, кейінгі кезеңдерде жаңданған сөз болар. Бұрынырақ бұл мағынада *атақты* дегеннен гөрі *атаулы*, *айтулы* сөздері не өзге сөздер көбірек қолданылған сияқты. Өйткені күні кешеге дейін *атақ* сөзінің «жаман атақ, өсек» деген ұғымы да болған. Мұны қазақтың өткен ғасырдағы сөздігін жасаған Л. Будагов та көрсетеді. Сондықтан соңғы кездерге дейін кездесетін *атақты* сөзін екі түрлі мәнде түсінуге болады: бірі — «әйгілі, белгілі, жақсы аты бар», екіншісі — «жаман аты бар, өсекке шыққан».

Ер, батыр, жұрт деген сөздермен тіркесте кейде *атайы* сөзі келеді. Сырт қарағанда бұл жоғарыда сөз еткен *атаулы*, *атақты*, *айтулы* сөздерінің бір варианты тәрізді болып көрінеді, өйткені бұлардың бірінің орнына екіншісін айтып алмастырушылық бар. Бірақ *атайы* сөзінің түбірі де, мағынасы да жоғарыда талданған сөздерден өзгеше. *Атайы* «мықты, күшті, берік» деген ұғымды білдіреді. Шалкиізде:

Атайы ердің тұсында
Тұлпары тұрар шарқ ұрып..
Атайы ердің баласы
Атадан жалғыз тудым деп,
Басына қиып іс келсе,
Ісін көпке салар ма?—

деген жолдар бар. Мұндағы *атайы* «мықты, күшті» деген мәнде. Осы сөздің *атайман* варианты Қазақстанның кейбір жерлерінде (Обаған, Қостанай, Орынбор, Бөрте т. б.) «өте, тым, тіпті» және «мықты, күшті» деген мағыналарда жұмсалады (Диал. сөздік, 33): *атайман жігіттер*, *атайман жылқы*, *атайман түйе*. *Атайы* сөзі кейде *атайын* тұлғасында да келеді.

АЙЫЛЫН ЖИМАУ. «Қамбар батыр» жырынан:

Шынтақтан сен мамықты
Айылыңды жимайсың,
Аяғыңды кәсілің —

деген олең жолдарын оқимыз. Қазақ тілінде тек болымсыз мәнде айтылатын *айылын жимады* деген тіркес бар. Сырт қарағанда мұндағы *айыл* сөзі ер-тұрман әбзелінің бірінің аты сияқты. Ал шыңдығында *айыл* — монғол тілінде «қорқыныш, үрей» деген мәндегі сөз. Сірә, бұл өте көне тіркес болу керек. Мұндағы *айыл* сөзі бір кезде түркі-монғол тілдеріне ортақ сөз болып «үрейін жимау», яғни «қорықпау, жасқанбау» мағынасын беретін тіркес ретінде қалыптасқан болар. Бұл сияқты құрамында түркі-монғол тілдеріне ортақ сөздер сақталып қалған, «еншісі бөлінбеген» сірі тіркестер қазақ тілінде аз кездеспейді.

АЙЫП-ШАМЫ ЖОҚ. Мұндағы *айып* сөзі түсінікті, ол араб сөзі болғанымен, қазақ тіліне өте ертеде еніп, мағынасы тұрақталған, туынды тұлғалар жасайтын түбір сөзге айналған. *Шам* түркі тілдеріне қытай тілінен енген сөз болу керек деген болжам бар. Көне түркі тілдерінде *шам* сөзі жеке келіп, «дау, талас» дегенді білдірген (ДС. 137). Бұдан туған *чамла-* «таласу, дауласу», *чамлық* «дау-дамай, талас», *чамсыз* «дау-дамайсыз, талассыз» деген сөздер де бар. Сірә, тіліміздегі «ар, ұят, намыс» мағынасындағы *шам* сөзі және одан туындаған *шамына тию, шамдану, шамкес, шамырқану* сөздерінің түп негізі көне түркілерден келе жатқан *шам* болуы мүмкін. Бұл күнде *шамына тию, шамдану* сөздерінің мағынасы «ар, намыс» дегендерге қатысты деп ойлағанымызбен, ар-намысқа тиюдің де негізінде «дау-талас туғызу» ұғымы жататынын сеземіз. Әрине, *шам* сөзін қазақ тіліне қытай тілінен тікелей енген деп танымай, көне түркі тілдеріндегі қолданыстап келе жатқан тұлға деп қарау жөн.

АЛА, АЛАША АТ. Түркі тілдерінің осы күнгі сөздіктерінде *ала* сөзінің «ат, жылқы» мағынасы көп көрсетілмейді, өзге де сындық мағыналарымен қатар, жылқының түсін білдіретіндігі айтылады. Қазақ тілінің екі томдық түсіндірме сөздігінде де, қазақша-орысша сөздіктерінде де *ала* дегеннің «ат» мағынасы көрсетілмейді. Тек 10 томдық түсіндірме сөздіктің I томында *ала* сөзінің 2-мағынасы көне, ол «жылқы ішінде көрнекті, жүйрік ат» деген мағынасын таңытады. Шынында да қазақтың эпостық жырлары мен өткен ғасырлардағы ақын-жырауларының

мұраларында *ала* сөзі «ат», оның ішінде «азбан» ұғымында жиі кездеседі. Мысалы, «Алнамасы», «Қобыланды» жырларында:

Ерлер мінер *алаға*,
Қоңлім толды сапаға,..
Мінген аты *ала еді*,
Қылшық жүнді қара еді...

Махамбетте:

Міне алмаған *алаға-ай*...

Ала сөзі, біздіңше, бұл мысалдарда жалпы «ат» (мейлі «корнекті, жүйрік» болсын) дегенді емес, «азбан» дегенді білдіреді. Кейбір түркі тілдері сөздіктері *алаша* (*ала*) деген сөзді орысша *мерин* деп көрсетеді. Ал орыс тіліндегі *мерин* сөзі, Ушаков сөздігінің беруіне қарағанда, қалмақтың *мөрін* сөзінен алынған: мерин — ақтатылған айғыр (Ушаков, II, 186).

Ала сөзі түркі тілдерінің қыншақ тобында *алаша* вариантында жиірек қолданылған. Татар тілінде *алаша* — мерин (Тат.— русск. сл. 1906). Қазақ тілінде жылқыға қатысты тұстарда *алаша* дегеннен гөрі *ала* тұлғасы жиірек ұшырасады, бірақ *алаша* варианты да жоқ емес. Мысалы, «Ер Тарғын» жырында:

Алаша аттың басы деп,
Қалмақты ердің қасы деп —

деген жолдарда Тарғын батыр жекпе-жекке шығатын қалмақтың «алты құлаш ала аты» *алаша ат* деп те атамады. *Алаша* варианты Түрікменстан қазақтары тілінде түйенің будан тұқымын атауға жұмсалады (Диал. сөздік, 24).

Сірә, «азбан» мағынасындағы *ала* сөзі — халық поэзиясында күшті, мықты жылқының символы, өйткені азбан — үйірге түсіп жүрген, яғни әбден есейіп, күш жиған еркек малдың ақтатылған кездегісі. Оның мықтылығы сондай — ол «ертеңнен шапса, кешке озған, ылдидан шапса, төске озған томаға көзді қасқа азбан» болып суреттеледі. Сондықтан да батырлардың мінген мықты аты *ала* (*азбан*) болады. Батыр өзінің күш-қайратын танытқысы келгенде, «жылқы ішінде аламын» дейтіні де осыны дәлелдейді. *Азбан* мен *ала* сөздері — синонимдер. бірақ поэзия тілінде жылқыға қатысты тұстарда жиірек қолданылатыны *ала* варианты болғанға ұқсайды. Өйткені *азбан* сөзі тек жылқыға емес, ақтатылған қошқарға, бұқаға да қатысты айтылады.

АЛА БАЛТА. АЛАУЛАУ. *Ала* — көп мағыналы сөз. Оның бірқатар мағынасы бұл күнде өте комексіменіп кеткенге ұқсайды. Соның бірі — *ала* сөзі қатысқан жерде (тіркесте, біріккен сөзде, қос сөзде) «өлтіру, қырып-жою» және «бүліншілік» ұғымының болуы. Батырлар жырларында соғыс қаруының бір түрі — *айбалта* (орысша секира) атауы кездеседі. Ал XV—XVI ғасырлардан қалған деп жүрген нұсқаларда бұл қару *ала балта* болып келеді. Егер *айбалта* сөзіндегі ай компоненті сол қарудың пішініне, жарты ай тәрізді иілген түріне байланысты айтылса, *ала балта* тіркесіндегі *ала* нені білдіреді? Әрине, бұл балтаның түсін (бояуын) білдіріп тұрған сөз емес.

Ала сөзін мағынасы ұрыс-соғысқа, бейберекеттікке, бүліншілікке қатысты біраз сөздер мен тұрақты тіркестерден ұшыратамыз. Олар: қазақ тіліндегі *алапат, аламан, алай-түлей, ала сапыран, ала топалаң, ала ғырғын, алау, алаулау, ала топыр бәле*, түрікмен тіліндегі *аламан, алаговурды*, қырғыз тіліндегі *аламан, ала топалаң*. Л. Будагов сөздігінде берілген *алақ, алақмақ, аламан, аламанчы, алама, алай*, қазіргі түрік тіліндегі *алашы, алатаран, алау*, қарақалпақ тіліндегі *аласат* сөздері.

Л. Будагов джағатай (шағатай) тіліндегі *алау* сөзінің мағынасы «талау, талап-таражға салу, бүлдіру» деп көрсетеді, осымен түбірлес *алақты, алақмақ*, яғни *алақу* сөзі «таланды, тоналды, талап-таражға түсті, бүлінді» деген мағынаны, *алақышмақ* — «бірін-бірі тонамақ» деген мәнді білдіреді дейді (Будагов, I, 79).

Қазақ тілінің не бұрынғы, не қазіргі сөздіктерінде көрсетілмегенімен, *алаулау* сөзі қазақ тілінде де болған. «Қобыланды» жырындағы:

Алаулаған қалмақтап
Кегімді барып алармын —

деген жолдарға және Махамбеттегі:

Алты күндей *алаулап*,
Он екі күндей ой ойлап —

деген жолдарға қарағанда, *алаулау* «шабуылдау, ұрысу» мағынасын береді. Махамбет өлеңдеріне берілген түсінікте бұл сөзді «жалындап, күйіп-жанып» деп ұғындырыпты (Махамбет, 35). Әрине, бұл түсіндірме — жаңсақ.

Қазіргі түрік тіліндегі «жаналғыш (орысша палач)» мағынасындағы *алашы* сөзі де, XVIII—XIX ғасырлардағы қарақалпақ шайырларының тілінде кездесетін «жаугершілік, қиыншылық» мәніндегі *аласат* сөзі де, қазақ

тілінің жергілікті сөз ретінде келетін «аласапыран бүлік, бүлдіру» мағынасындағы *аласат, аласат салу* сөздері де, Түрікменстан қазақтары мен Сыр бойы қазақтары «алай-түлей, аласапыран, дүрлігу» мағынасында қолданатын *алағай-бұлағай* сөздері де бір төркіндес. *Ала қырғын, ала сапыран, ала топалаң* тіркестеріндегі «бүліншілік» ұғымын бұлардағы *ала* компоненті айқындай түседі.

Демек, ертеректегі қазақ тілінде кездесетін *ала балта* — жай балта емес, соғыс құралы, ұрыс балтасы, «кісі өлтіретін балта». *Ала* сөзінің «соғыс» ұрыс» мағынасына қатысты қолданылған және бір тұсы, біздіңше, *ала берен, ала ту* тіркестерінде келгені. *Берен* — сауыт, *ала берен* — ұрыс киімі. Сәкен Сейфуллин Құлет ақынның Қарқаралымен қоштасқан бір толғауынан келтірген тексте:

Әкем күйеу болған жер,
Шешем бір келін болған жер,
Ақ бүркеншік салынып,
Ала берен киген жер —

деген жолдар бар (С. Сейфуллин, VI, 132). Мұндағы ақ бүркеншік салынған — шешесі, ала берен киген — әкесі. Бұл жердегі *ала*, сөз жоқ, түс атауы емес. Сол сияқты *ала ту* деген тіркес о баста тудың түсіне қатысты емес, «ұрыста ұстайтын ту» деген ұғымда туған тәрізді. Ол ала тудың түсі жасыл, ақ, көк т. б. болуы мүмкін.

АЛАМАН. Бұл сөздің түбірі де «талау, тонау» мәніндегі *ала* сөзі деп тануға әбден болады. Өйткені көптеген түркі тілдерінде *аламан* сөзінің екі мағынасы бар: бірі және негізгісі — «талау, тонау, шабу мақсатымен жиналған топ, отряд». Л. Будагов *аламан, аламанчы* сөздері түрікмен, әзірбайжан, шағатай тілдерінде «тонау, талау, тонаушы, талаушы отряд» деген мәнде деп көрсетеді (Будагов, I, 79). Ұйғыр тілінде *аламан* «1) топ, көпшілік, 2) талау, тонау (Уйғ.— русск. сл., 54). Қазіргі түрікмен тілінің түсіндірме сөздігі *аламан* сөзінің, біріншіден, көне сөз екендігін, екіншіден, мағынасы «шабуыл мақсатымен жиналған топ» екендігін көрсетеді. (Түркмен дилинің сөзлүгі, 37).

Бұл сөз сонау XI ғасырдың өзінде түркі тілдерінде бар екен, мағынасын Махмұт Қашқари «тонау үшін жасалған шапқын» деп көрсетеді (ДС, 229). Қырғыз тілінде «*аламан* сөзінің бір мәні «бейберекет жасалған шабуыл» және бір мағынасы «соғыста түскен олжа (орысша трофей)» (Юдахин, 45). Мұны қазақ тіліндегі «ұрыс-соғыста

түскен олжа» мағынасындағы (кейін жалпы «олжа, пайда, табыс») *алапа* сөзімен салыстыруға болады.

Қазақтың батырлар жырларында: *Аламанға* дем берген... Ноғайлының *аламан*, Махамбетте: *Аламанға* жел беріп... деп келеді. Бұндағы *аламан* — «көпшілік қауым». Бірақ, сірә, жай көпшілік емес, атқа мінген (демек, шабуылшы болу мүмкіндігі бар) көпшілік болар. Қазіргі Атырау, Маңғыстау тұрғындары тілінде *аламан* — «сарбаз, шапқыншы қол» (Омарбеков, 99). Осыған қарағанда *аламан* сөзінің о бастағы мағынасы «шапқыншылар» болған болу керек, одан «сарбаздар, қол, әскер» мағынасына ауысуы оңай.

Және бір қызық жайт, *аламан* сөзі — жинақтау ұғымы бар сөз. *Аламан* жеке сарбаз, жеке шапқыншы емес, олардың жинақы атауы (сондықтан да өткен ғасырдағы сөздіктерде *аламан* «шапқыншылар тобы, тонаушы, талаушылар, тобыр» деп көрсетілген (Ильминский, 51).

Аламан сөзінің төркінін біраз зерттеушілер түркінің *ал-* (*алу, алмақ*) етістігінен шығарады: *ал+а+ман*. Бұл сөздің этимологиясы жайында арнайы пікір айтқан. А. Махмұтов *ал~ала* тұлғалары чуваш тілінде «қол» дегенді білдіреді, *ал қол* сөзінің «әскер» ұғымы қоса бар, сондықтан *аламан* сөзі *ал~ала/қол, әскер/+ман* (адам) деген екі түбірден құралған күрделі сөз деп топшылайды (Этимол. сөздік, 29).

Біздіңше, *аламан, алаш, алақу (алаулау)* сөздерінің төркіні *ал* етістігі де емес, «қол» мағынасындағы *ал* сөзі де емес, монғол, қалмақ тілдеріндегі «1) өлтіру, жанын алу, малды сою, 2) өлім әкелетін, өлтіретін» деген мағыналардағы *ала/x*¹ сөзі. Тегі, бұл түркі тілдеріне монғол тілдерінен енген кірме сөз емес, түркі-монғол тілдеріне о бастан ортақ сөз болар. Түркі тілдерінде оның жеке тұрып «өлтіру» мағынасында қолданылуы жойылған да, туынды, тізбекті сөз түбірінде сақталған болу керек.

АЛА ҚОЗ. АЛАБҰРТУ. АЛА АУЫЗ. *Ала* сөзінің үшінші бір мағынасы бірқатар түркі тілдерінде «келіспеушілік, араздасу, бөліну» екені көрсетіледі. Қырғыз тілінде *ала* «келіспеушілік, араздық, бөлінушілік» (Юдахин, 45). Көне түркі тілдерінде де *ала* сөзінің бір мағынасы «келіспеушілік, қастандық» екенін М. Қашғари көр-

¹ Жақша ішінде жазылған *x* әрпі монғол тілінің тұйық етістіктің көрсететін жұрнағы (қазақша-*у* жұрнағына сай: *алах* — *алу*).

сетеді: Қауға қарисин кім биліг, кісі аласин кім тапар — «Қарғаның қарасын кім білер, кісінің аласын кім табар». Қазірде қолданылатын «Жылқы аласы сыртында, адам аласы ішінде» деген мақал ХІ ғасырда да дәл осы түрінде болғанын көреміз.

Ала көз, алабұрту, ала ауыз тіркестеріндегі келіспеушілік, қастық мәнін жасауға *ала* сөзінің мағынасы негіз болғанын байқау қиын емес. Бұл сөздердегі *ала* тұлғасының не түске, не ұрыс-соғыс ұғымына, не жоғарыда талданған «азбан»-ға қатысы жоқ.

АЛАПА. Бұхар жыраудың Шоқан Уәлиханов жазын алған бір толғауында (Абылай ханға арнаған жоқтауында):

Қырық сан қара қалмақты
Жарлығына қаратқан.
Алафасын арттырып,
Арпалап атты қуантқан (Валиханов, 1, 191—

деген жолдар бар. Мұндағы *алафа* сөзі бұл күнде бейтаныстау. Қазақ тілінің толық (10 томдық) түсіндірме сөздігі *алапа* сөзінің көне екенін көрсетеді де, оған Қазақ совет энциклопедиясы берген анықтаманы қайталап береді. Бұл екі анықтағыш кітаптың түсіндіруінше, *алапаның* бір мағынасы «олжа, пайда, табыс», екіншісі — «пара, алым, ауыз бастырық», үшіншіден, бұл сөз — кәделі сыйлықтың, жөн-жоралғының атауы (ҚТТС, 1974, 1, 196).

Ал Шоқан жазбаларын жариялаған кезде, осы толғауды аударушылар академик Ә. Марғұлан мен Дж. Кармышева *алафа* сөзі келген өлең жолын «айналасына ұлылықтың нұрын шашқан (окружил себя ореолом величия)» деп аударды (Валиханов, I, 170). Демек, бұл жерде *алапа* сөзінің және бір мағынасы көрсетіледі.

Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктерін жинап зерттеушілердің мәліметіне қарағанда, бұл сөз Қазақстанның әр өлкесінде әр түрлі мәнде жұмсалатыны байқалады. Атырау, Маңғыстау өңірінде бұл сөз — кәденің атауы. Семей, Абай аудандарында «қалыңмал», Қостанай, Қызылорда өңірінде «олжа, пайда, табыс», ал Жамбыл, Шу аудандарынан жиналған материалдардың көрсетуі бойынша, бұл сөздің (*алапа*-ның) мағынасы «адамгершілік, бедел». Жоғарыдағы Бұхар толғауындағы *алафа* (*алапа*) сөзінің контекстегі мәні осы соңғы мағынаға жуықтайды: *алапасын арттырып* — «беделін арттырып» деп түсінуге болады.

Виздіңше, о баста *алана* сөзі (*аланай* тұлғасында да келеді) «соғыс-ұрыста түскен олжа» дегенді білдірсе керек. Оның бұл мағынасы қырғыз тілінде сақталған. *Ала* түбірінен жасалған «олжа, трофей» мәніндегі сөз өзге түркі тілдерінде де бар. Мысалы, түрік тілінде: *аланж* 1) олжа, 2) тартып алу, конфискация (Турец.-русск. сл., 43).

Қазақ тілінде де *алана*-ның «олжа» мәні жай олжа емес, соғыста түскен олжа екенін Қазақ энциклопедиясынан көруге болады: ерте заманда жаудан түскен олжа *аланай* (*алана*) деп аталған (ҚСЭ, I, 246). Тіпті *аланаға қызықпа* деген халық мәтелі, энциклопедия мен түсіндірме сөздік көрсеткендей, «нараға қызықпа» деген ұғымда емес, «жаудан түскен олжаға қызықпа», яғни «бұлген елден бұлдіргі алма» дегенді білдіретін тәрізді. Келе-келе көне сөз мағынасы құбылып, бір жерде «жалпы олжа», бір жерде сол олжаның бір түрі — «кәдеден түскен олжа» (одан барып кәденің өзінің атауы) деген мағыналарда қолданылатын болған.

Сөйтіп, *алана* негізінен екі түрлі мағынада ертеректе жиі қолданылған, бұл күнде әр түрлі ұғымда әр жерде сақталған көне сөздердің бірі деп танымыз.

АЛАШ. Қазақтың ауыз әдебиеті тілінде, әсіресе, жырларда, сонымен қатар өткен ғасырлардағы ақын-жыраулар тілінде, тіпті күні кешегі Бұхар, Махамбет, Шернияздарда, айта берсек, Абайдың өзінде *алаш* сөзі өте жиі қолданылған. Бұл сөздің екі-үш мағынада жұмсалғаны байқалады. Бірі — *ел, жұрт, байғақ* сөздерінің синонимі ретінде. Мысалы, «Қамбар батырды» жырлаушы қызыма күйеу таңдатам дегенді:

Бұл хабарды Өзімбай
Алашқа төгіс жүргізді —

деп суреттейді. Махамбет ақын:

Алаштың байлығынан не пайда,
Тарығын келген ерлерге
Қайыры оның болмаса —

дегенінде *алаш* деп тұрганы жалпы «ел-жұрт, халық». Шернияз ақын Исатайдың ел қамын жейтін жақсылығын айтқанда:

Исатай ел еркесі, ел серкесі,
Бір мен емес, *алашқа* жайылым еді —

десе, мұнда да *алаш* — «қалың көпшілік, ел, халық» деген мәнде қолданылып тұр.

Соңымен қатар бұл сөз «белгілі бір этникалық құрам (айталық, хапдық немесе тайпалар одағы), қауым» деген нақтылы тар мағынаны да білдіргені байқалады. Оның бұл терминдік мағынасы *алты сан алаш, он сан алаш, алты алаш* сияқты тіркестерде келгенде, тіпті айқын сезіледі. Сондықтан *алаш* сөзі жеке келіп те, жоғарғы тіркестермен келіп те, «қазақ қауымы» немесе «белгілі бір бөліктері (рулары, рулар одағы, жүзі)» деген мағынаны да бергені және байқалады. Мысалы, Бұхар жырау Абылайға:

*Он сан алаш баласын
Жұмсап бір тұрсың қолыңнан —*

дегенінде Абылайдың қазақтың көп руларының басын біріктіріп билеу әрекетін айтып тұр. О баста *алты сан алаш* — XIII ғасырдың бас кезінде, тегі, монгол шабуылына қарсы ұйымдасқан алты тайпадан: қыпшақ, найман, қаракесек, алшын, қоңырат, жалайыр — тайпаларынан құралған одақты білдірген. Кейін бұл одақ *алты сан алаш* деген атпен Жошы ұлысының қарамағына кірген (ҚСЭ, I. 247). Ал бірақ қазақ ақын-жыраулары бұл тіркесті «жалпы қазақ қауымы», тіпті кейде одан тарылтын. «өз руластары» деген мәнде жұмсаған. Мысалы, Махамбеттің:

*Алты сан алаш ат бөліп,
Тізгінін берсе қолыма,
Зулар едім бір көшке —*

дегенінде, «қазақ қауымы», оның ішінде өз ортасы — «он екі ата байұлы» деген сияқты ұғым бар, өйткені дәл осы жолдардың алдында:

*Он екі ата байұлы
Жылың келсе бұл іске —*

дейді.

Алаш сөзі «ел, жұрт, қауым» деген жалпы мағынаны білдірумен қатар «қазақ елі, қазақ қауымы» деген нақтылы терминдік мәнде де қолданылған. *Алаш* сөзінің қазақ тайпалары одағына байланысты ертеректен бері қолданылып келе жатқанын XVI ғасырдың соңы мен XVII ғасырдың бас кезіндегі тарихи шығарма — тарақ таңбалы жалайыр руынан шыққан Қадырғали бидің шежіресіндегі *алаш мыңы* деген тіркестен байқаймыз. Мұндағы тарихшының *алаш мыңы* деп отырғаны ішінде қаңлы, жалайыр, қатаған сияқты ірі-ірі рулары бар тайпалар одағы. Ал *алаш мыңы* деген сөз, қазіргі зерттеушілердің ай-

туына қарағанда, XV—XVI ғасырларда қазақ халқы атайтын этноним (халық аты) болған (Ч. Валиханов, I, 636). Ұлықбектің еңбектеріне қарағанда, *алаш* атауын қазақ тайпалары монғол жорығы басталмастан бұрын, XII ғасырға дейін қолданған (ҚСЭ, I, 247).

Өткен ғасырлардағы қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздіктерді құрастырушылар да, Л. Будагов, В. Радлов сияқты лексикографтар да қазақ тіліндегі *алаш* сөзі «бүкіл қазақ халқы» деген сөз деп аударарды да, *алаш* деген сөз *қазақ* деген сөздің синонимі деп танытады. *Алаш* «бүкіл қазақ халқы» деген ұғыммен барабар деген тұжырымды ортағасырлық түркі тіліндегі тағы бір тарихи шығарма — Бабурнаме материалдарына сүйеніп, өзінің «Қара сөздерінде» Абай да айтады. Ол *алаш* сөзінің түп-төркінін Алаша хан атынан, ал хан есімінің өзін қалмақша *алачын* (*алач*) «жан алушы» деген сөзден шығарады, өйткені Алаша ханның шын аты Ахмет дейді (Абай, II, 224). Осы мәліметті Сәкен Сейфуллин де бере келіп, бұл сөз ноғайлы заманынан, яғни қазақ атанған тайпалар қазақ болмай жүргенінде қолданылған сөз дейді. Оған дәлел ретінде «ноғай, қазақ — бәріміз бір алаштың баласымыз» деген нақыл сөзді келтіреді (С. Сейфуллин, VI, 21-24).

Алаш сөзінің үшінші мағынасы — жоғарыда көрсетілген мағынаға қарама-қарсы «жау, жат» деген мәнде жұмсалуды. Мұны С. Сейфуллин жақсы көрсеткен. «Е-е, мен сенің ағайының емес, *алашың* ба едім» және «*алашың* туысқандай болсын» дегендерді мысалға келтіреді (С. Сейфуллин, VI, 285). *Алаш* сөзінің «ел» және «жау» деген қарама-қарсы екі мағынасы өткен ғасырларда қатар қолданылып келген. Мысалы, Бұхардың:

Озіңмен бірге туысқан
Алаштан бетер жат болар,—

дегенінде, немесе Махамбеттің:

Бессеуіміз жүргенде,
Алашқа болмап деуші едік —

дегендерінде *алаш* — «қарсы жақ, дұшпан». XVI ғасыр жырауы Шалкиіздің:

Алаштан байтақ озбаса,
Арабыдан атты сайлап мінбен-ді —

деген өлең жолдарында екі сөз көне мағынада келген: *алаш* — мұнда «жат ел, жат (жау) жұрт», *байтақ* — өз елі, өз жұрты».

Алаш сөзінің жағымсыз мағынасы монғол, қалмақ тілдерінде бар. Монғолша *алач* сөзінің бір мағынасы «кісі өлтіруші, жан алғыш», қалмақ тілінде *алач* — «баскесер». Бұл сөздің қазақ тіліндегі «жау, дұшпан» мағынасында қолданылуына оның монғол тілдеріндегі ұғымы да себепкер болуы мүмкін, яғни *алаш* сөзінің «кісі өлтіргіш», одан шыққан ауыспалы мағына «жау, дұшпан» деген ұғымы қазақ тілінде өте ертеден келе жатуы ықтимал, яғни бұл сөз осы мағынада түркі-монғол тілдеріне ортақ сөз болуы да мүмкін немесе соңғы ғасырларда үнемі сыртқы жауларының бірі болып келген монғол тайпалары — қалмақтар мен жоңғарлардың тіліндегіше «жан алғыш, баскесер» мағынасынан ауысып, «жау, жат» мағынасында қолданылып кетуі мүмкін.

Сөйтіп, өткен кезеңдердегі қазақ тілінде *алаш* сөзі «ел, жұрт, көпшілік, қауым, халық» мағынасында және осыған қарама-қарсы «жау, дұшпан, жат» мағынасында қолданылған. Бертін келе Абай сияқты қаламгерлер бұл сөздің мағынасын тарылтып, «жалпы қазақ елі, халқы» емес, әйтеуір «ел іші, біреудің айналасы, жақыны, туысы» деген мәнде жұмсаған. Мысалы:

Малға достың мұңы жоқ малдан басқа,
Аларыңда шара жоқ алдамасқа,
Табысына табынып, қалбақ қағып,
Тойғанынан қалғанын берсе *алашқа* (Абай, 1 197) —

дегенінде *алаш* сөзі «жақыны, айналасы» деген ұғымды береді, өйткені бұл өлеңдегі әңгіме мал жию үшін барша айла-әрекетін жасап жүрген «малға достар» туралы, олар тойғанынан қалғанын бүкіл елге, халыққа беретіндей мықтылар емес, «қалбақ қаққан» жай пысықтар, олардың *алашы* — жақыны, туысы, айналасы ғана.

Қазіргі қазақ әдеби тілінде «ел, қауым, халық» дегеннің синонимі ретінде *алаш* сөзі өте сирек қолданылады (ал *қазақ халқы* дегеннің баламасы ретінде ең соңғы кездерге дейін мүлде қолданылмай келді). Бұл күнде поэзияда *алаш* «жалпы бұқара, көпшілік, халық» мағынасында поэтикалық сөз ретінде жұмсалады. Мысалы. Қадыр Мырзалиевтің «Данышпан» деген кітабынан:

Көмейлі капитал
Алашты —
Халықты
Сүйіктей сорды көп.

Соңғы бір-екі жылдың ішінде *алаш* сөзінің публицистика тілінде жандана бастағаны байқалады. Бұған, бір жағы-

нап, ұлттық намысты ояту, ол үшін қазақ халқының ұлттық тәуелсіздігін талап етіп, сол жолда қызмет көрсеткен Алаш партиясын, оның көрнекті қайраткерлерін насихаттау, халыққа кеңінен таныстыру мақсаты себеп болса, екінші жағынан, тіліміздің сөз байлығын сарқа пайдалану, ол үшін ондаған көне сөздерді қайта активтендіру бағыты себеп болды. Бұл күнде *алаш* сөзі көбінесе «қазақ халқы» ұғымында жұмсалатын сияқты.

АЛҒАНЫМ. Бұл сөздің беретін мағынасын контекске қарап айыру оңай. Ол көбінесе «әйелім, жарым, қосағым» деген ұғымда жұмсалады. Бірақ бұл тұлға қазірде әдеби тіл нормасында қолданылмайды деуге болады, дегенмен ауызекі сөйлеу тілінде жұмсалуды мүмкін.

Алғаным сөзін біз эпостар тілінен және өткен кезеңдердегі ақын-жыраулар тілінен кездестіреміз. Мысалы, «Алиамыс» жырында Байбөрі бай бәйбішесіне:

Рас па сөзің, *алғаным*,
Алаша тосек салғаным,—

дейді. Бұл жерде Байбөрі жасы ұлғайып қалған әйеліне *аруым, жарым* дей алмайды. Сірә, өткен кезеңдерде күйеуінің әйеліне үй ішінде айтатын қаратпа сөзі немесе жалпы өз әйелін атауы үшін айтылатын сөз жоғары поэтикалық бояуы бар *жарым, жұбайым, қосағым* деген сөздер де емес, кейінгі кездерде мүлде тұрпайы сипат алып кеткен *қатыным* деген сөз де емес, өткенде қазақ тілінде онша жиі қолданылмаған арабтың *әйелім* сөзі де емес. Бейтарап мәндегі *алғаным* сөзі болған болу керек. Сондықтан:

Алғаным асыл ару деп —

деген өлең жолын Асан қайғыдан кездестірсек,

Алғаным мен балдарым...
Артымда қалған *алғаным* —

деген жолдарды Махамбет ақыннан ұшыратамыз.

Сөз тәркіні айдай анық: *алу* етістігінің есімше тұлғасы, ол зат есім қызметін атқарып, «алған әйелі, жұбайы, зайыбы» деген ұғымға ие болған. Бірақ бір ғажабы — *алғаным* сөзін бұрынырақ тек күйеуі әйеліне емес, әйелі күйеуіне де айтқан екен. Мысалы, бұл бейтарап мәндегі *алғаным* сөзін Мұрын жыраудан жазылып алынған жырларда жиі кездестіреміз. Мұнда әдеттегідей ер адам әйеліне қарата осы сөзді айтады:

Сонда тұрып Қыдырбай
Қатынына сөйледі:
Асыл да тұған алғаным,
Енді болды арманым.

Сондай-ақ *алғаным* сөзін әйелі күйеуіне де айтады. Ақжонас деген батырдың әйелі Арубибі ерине:

Айнұлайып *алғаным*.
Дүшменің білдім жалғаным —

дейді. Өткен ғасырда қазақ жерінен жинаған материалдарды түркі тілдерінің салыстырма сөздігіне енгізген Л. Будагов *алған* сөзін «алған әйелі, ері» деп аударады да, жақша ішіне олеңдерде «сүйіктім» деген мағынада келеді деп көрсетеді (Будагов, II, 392). Бұл жерде сөздікні талдап отырған сөздің сырын дұрыс таныған сияқты. Егер *алғаным* сөзі әйеліне қарата айтылғанда, *ал* етістігіне қатысты екені көңілге қонымды (*әйелді алады*) болғанымен, ер адамға қарата айтылғанда, сөздің түпкі мағынасы шықпайды (*күйеуді алмайды, күйеуге шығады, ерге барады*). Демек, жырларда қолданылған *алғаным* тұлғасы метафораланып, «сүйіктім, аяулым» деген сияқты мағынада жұмсалған деп табамыз.

АЛДИЯР. Қазақтың эпостық жырларында, ертегілерінде, Махамбет жырларында хан, сұлтан сияқты әлеуметтік дәрежесі жоғары адамдарға қарата айтылатын *алдияр* сөзі жиі кездеседі:

*Алдияр бис хандарым,
Жаңа келді Қамбарың...
Алдияр тақсыр ханымыз.*

Шоқан *алдияр* сөзін «алла жар болсын» дегеннен шыққан деп таниды (Валиханов, I, 226). Кейінгі этимологтер де осы пікірді қуаттайды (Этимол. сөздік, 32). Қырғызша-орысша сөздіктің авторы К. К. Юдахин де *алдияр* — араб. парсы сөзі (*алла + йар*) деп табады да, монархтар мен хандардың құрметті дәрежесін (титұлын) білдіретін, орысша «ваше величество» дегенге сай тарихи көне сөз деп түсіндіреді (Юдахин, 49). Біздіңше, бұл — жаңсақ пікір.

Ертеректе, хандық дәуірде қазақтар қолданған *алдияр* сөзі монғолша *алдар* сөзімен тәркіндес болу керек. *Алдар* «даңқ, атақ, мәртебе, дәреже» дегенді білдіреді. Бұл сөз қалмақ тілінде де бар. *Алдияр* қалмақша «ұлы» деген мағынада. *Алдияр* қазақ тілінде жеке тұрып та, *алдияр тақсыр*, *алдияр хан* сияқты тіркестер түрінде де қолданыл-

ған. Бәрінде де ол «мәртебелі, ұлы» деген мәнді білдірген. Ал бұл эпитет хан, бек, сұлтан сияқты билеушілерге ғана айтылғаны мәлім. «Алдияр деген сөзді қазақтар хандарға айтқан, бұл сөз кейде алдияр тақсыр деп те келеді» (Будагов, II, 392).

Шынында да бұл сөз орысша «ваше величество» деген тәрізді құрметті титулды (дәрежені) білдірген. Әрине, *алдияр* сөзі қазақ тіліне монғол немесе қалмақ тілінен кейінгі ғасырларда енді ме, әлде ежелден түркі-монғол тілдеріне ортақ сөз бе — әзірге кесіп айту қиын. Сірә, бұл сөз түркі тайпалары тілінде монғол шапқыншылығы кезінен (XIII ғ.) бастап қолданылған болар. Оның үстіне хандары тек қана Шыңғыс әулетінен болып келген қазақ қоғамында сол хандарға монғолша *алдияр* (ұлы, мәртебелі) деп айту орын алған болу керек. Өйткені *алдар/алдияр* сөзі көне түркі тілінде жоқ, өзге түркі тілдерінің де барлығына тән емес.

АЛҚАЛАУ, АЛҚАЛЫ. Махамбет ақында:

*Алқалаған жер болса,
Азамат басы құралса...
Алқалай келген кеңесте
Дем құрыған күн болған...
Алқалы кеңес құрған күн —*

деген өлең жолдары бар. *Алқалау* сөзі ертеректегі ақын-жыраулар тілінде де бар. Шалкиізде:

*Алқалаған ауыр қолдар тоқтарға
Арыстанбекұлы Сұлтан бар.*

Алқалау сөзінің түбірі — *алқа*. *Алқа*-ның қазіргі мағынасы 1) «жиын, топ», 2) «коллегия» (ҚТТС, 1974, I, 224). Бұл — арабтың *халқа* сөзі, мағынасы — «дөңгелек», одан барып «адамдар тобы» деген ауыспалы мәнде қолданылған. Сірә, бұл сөз түркі тілдеріне өте ертеде енген болу керек. Этнографтардың айтуларына қарағанда, Орта Азияны және Қазақстанды мекендеген халықтардың ислам дәуіріне дейінгі әдет-ғұрпында жылына бір рет олгендердің бейітіне баратын дәстүр болған. Бейіт басына жыналған әйелдер алқа құрып, қол ұстасып, ауық-ауық алақан соғып, дұға оқып, ортаны айналып жүретін болған, соны алқа деп атаған (Снесарев, 155). Түркі тілдеріне парсы тілінен *алқа* сөзі осы кездерде кірген болу керек (ал парсы тіліне бұл сөз араб тілінен енген).

Қазақ тіліндегі *алқа-қотан*, *алқа құру* және *алқалау* сөздері осы мәндегі *алқа* сөзімен сабақтас. Кейін келе ді-

ни рәсімдерге қатысты алқа құру дәстүрі жойылғанмен, «доңгелек құрын айнала отыру» немесе «бір нәрсені айнала қоршау» деген мәнде *алқалау* етістігі қолданылатын болған.

Жоғарыдағы Махамбет өлеңіндегі *алқалау* сөзі кеңесу, ақылдасу үшін жиналатын жиыныға қатысты тұста айтылған. Ал қазақ қоғамында (әрине, өзге жұрттарда да) кеңесу, ақылдасу үшін алқа-қотап отыру, яғни доңгелек құрып айнала отыру дәстүрі болған. Бұдан барып *алқалау* сөзі «кеңесу, топ болып отырып ақылдасу үшін жиналу, бас қосу» деген ауыспалы мағынаға да не болғаны байқалады. Мысалы, Махамбетте:

*Алқалай келген кешесте
Дем құрыған күп болған,*

Ал соңғы Шалкиіздегі *алқалау* сөзі «қоршау» деген мағынада қолданылған. *Алқалау* сөзі бұл күнде «айнала қоршау, қамалау» деген мәнде жұмсалады да, оның «жиналу, бас қосу» мағынасы ұмытыла бастап, ескі нұсқаларда сақталған.

АЛП. Бұл сөз дәл осылай тұлғаланған (жазылған) түрінде Шалкиіз өлеңдерінде кездеседі:

*Алп, алп, алп басқан
Арабы торым өзіңсің...
Алп, алп, ал сағын.*

Алп сөзінің көне түркі тіліндегі бір мағынасы «ауыр, қауіпті, қорқынышты және маңызды» деп көрсетіледі (ДС, 37). Шалкиіздің арабы торыны *алп басқан* деп суреттеуі «аяғын ауыр басқан» дегенді білдіретін сияқты, ал аяқты ауыр басу — маңыздылықтың, салмақтылықтың белгісі. Екінші жердегі (*алп, алп, ал сағын* дегендегі) *алп* сөзінің мағынасын контекстке қарап, «қорқыныш (бар), қауіп (бар), сондықтан сақтан (сағын)» деп отырған тәрізді. Қайткенде де бұл — көне тұлға, қазақ тілінде сақталған көне сарқыпшақтардың бірі. Мұндай көне жұқанақтар қазақтың XV—XIX ғасыр ақын-жыраулары мен ауыз әдебиетінің тілінде аз кездеспейді (мысалы, мұндағы *сағын* дегеннің өзі де көне, бұл сөздің өте ертедегі бір мағынасы «ойлау, тояғау, болжалдау» болса, екінші мағынасы «сақтану» екендігін білеміз).

АМАНДАСУ. *Амандасу* сөзі қазіргі әдеби тілімізде «сәлем беру, сәлемдесу, амандық сұрау» деген мағынада қолданылады. Түсіндірме сөздік осылай деп көрсетеді (ҚТТС, 1974, I, 250). Ал ертеректе бұл сөз қазақ тілінде

қарама-қарсы мағынада да қолданылған, яғни «қоштасу-қош айтысу» дегенді де білдірген. Батырлар жырларынан:

*Амандасып елменен
Туып-өскен жерменен.
Қош айтысып Қамбарға
Қалмаққа қарай жоп тартты..
Амандасып жылады —*

деген жолдарды оқысақ, мұндағы *амандасу* «сәлемдесу, көрісу» емес, «қоштасу» деген сөз екенін байқаймыз, яғни бұл жердегі *амандасу* «амандық сұрау» емес, «амандық тілеу» мәнін береді.

«Аймаң — Шолпан» жырында еліне қайтарылған Шолпанды шығарып салған Арыстан туралы: Шолпанмен *амандасып* кейін қайтты — дейді. Мұнда да *амандасу* — «амандық тілеп, қош айтысу». Бұл сөздің соңғы мағынасы ауызекі сөйлеу тілінде де кездеседі.

Сонымен қатар ескі әдеби нұсқаларда *амандасу* сөзі «көрісіп сәлемдесу» мағынасында да жиі жұмсалған. Қалмақ келіп, қызыңды бер деп қысқанда, қыз әкесі Әзімбай («Қамбар батыр» жырында):

*Жіберді тарту қылып тоғыз адам,
Қамбарға қайтыңдар деп амандасып —*

дегенді оқимыз. Сонымен бұрын *амандасу* сөзі қарама-қарсы екі мағынада жұмсалған және ауызекі сайлау тілінде қазірде де осылай қолданылады деп түсіну керек.

АНТ. «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырында үш-төрт жерде адамға қатысты, яғни белгілі бір сипаты бар адамды атайтын *ант* сөзі кездеседі:

*Елден шыққан білімсіз ант сөк деп,
Елі-жұрты Қарабайға окпеледі.*

Бұл сөз әрдайым не Қарабайға, не Қодарға қатысты айтылады. Екеуі де жырда жағымсыз кейіпкерлер:

*Қодар тоқсап дейтұғын бір анты бар..
Қарабай анттың қойы осы болса.
Тура сілте анттыңның ауылы қайда.*

Демек, *ант* — жағымсыз адамды сипаттайтын сөз. Түркі тілдерінің белгілі зерттеушісі Г. Дерфер мұны парсы тілінің «екі ұдай, күмәнды» мағынасындағы *анд* сөзімен салыстырады да, мүмкін, түркі тілдеріндегі *ант* сөзінің түп-төркіні парсы тілі болу керек деген жорамал айтады және бұл сөз түркі тілдеріне ауысқанда, жағымсыз мағыналы сөзге айналған болар дейді. Қазақ тілінің материалы осы пікірді қостайтын сияқты.

Бұл сөздің монғолдың *анда* «туысқан, бауырласқан адам» деген сөзінен қысқарып алынған болар деген өзге бір ғалымның (Рамстедтің) пікірі бұл жерде қиыспайды. Сондықтан қазақ тілінде «қылығы жағымсыз адам» мағынасындағы *ант* сөзі өте сирек қолданылатын тұлғалардың бірі деп санаймыз. Бұл сөз тіпті *антұрған* (ол да жағымсыз сипат) деген тіркестен жасалған сынның қысқартылып жұмсалған түрі болуы да мүмкін. Бұл — екінші жорамалымыз. Қайткенде де бұл қолданыстың мағынасы мен торкінін іздестіре түскен абзал.

АРАЙ. «Алпамыс» жырында баласы жоқта Ұлтан құлға пенде болып, түйе бағып жүрген Алпамыстың әкесі Байборі түйелерге:

Айдасам жолге жүрмейсің,
Қарағымның артында
Несіз қалған үлегі,
Арай, жаным, арай!—

дейді. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі бұл жердегі *арай* сөзін «сабыр, ұстам, тоқтам» деп түсіндіреді (ҚТТС, 1974, I, 306). «Алпамыс» жырының ғылыми басылымында бұл сөзді парсының қоңіл күйді білдіретін сөзі деп анықтайды (Алпамыс батыр, Алматы, 1964, 82). Ал дұрысында *арай* түркі сөзі болуы керек. Ол алтай түркілерінің тілінде «ақырын-ақырын, бірте-бірте, әрең-әрең» деген мағыналарды білдіреді. Байборінің аузынан шыққан *арай* да «ақырын, жаным, ақырын» деген мәнде жұмсалған деуге болады.

Түсіндірме сөздік *арай* сөзінің бірінші мағынасы «таң атар кездегі күн шапағы, шұғыласы» дегенді көрсетеді (ҚТТС, 1974, I, 305). Бұл мағынаның түп-торкіні түркі-монғол тілдеріне немесе монғол тілдеріне тән *арай* сөзіне қатысты болуы керек. *Арай* — монғол тілінде «әрең, ақырын, сәл-пәл, аз ғана» деген үстеулік қызметте қолданылатын сөз. О баста *арайлап таң атты* деген тіркес ақырындап, сәл-нәл нұр шашып атып келе жатқан таңды атаған болуы керек. Кейін келе *арай* сөзі «таң атар кездегі күн шапағы, нұр, сәуле» деген заттық мағына беріп кеткенге ұқсайды.

Ал жырдағы *арай* сөзінің мағынасы түпнұсқа тілдегідей «ақырын» дегенді беріп тұрған тәрізді, яғни наршалар мен үлектерге ере алмаған қарт адам оларды «ақырын, ақырын!» деп қайырған деп түсіруге болады. *Арай* сөзін «ақырын, ептеп, біртіндеп» мағынасында Мұхтар

Әуезов те қолданған. «Абай» операсының либреттосындағы Ажардың ариясының:

Өлмек ем сол әнге ұйын *арай-арай*,
Ол бірге ошпек болды *арай-арай*,
Көрдім де бекінгенін бірге өлмекке,
Тірлікке меп шақырдым *арай-арай* —

деген тексіне зер салсақ, мұнда жазушы *арай* сөзін қосарлап «ақырып-ақырып, бірте-бірте» деген ұғымда жұмсалтұр.

АРА-ТҰРА. Бұл қос сөздің мағынасы айқын: ол «кей-кейде, анда-санда» деген мағынаны береді. Ал жеке-жеке қолданыста *ара* сөзі көрсетілген мағынаға біршама қатысты болғанымен, екінші *тұра* сыңарының оған жақындығы жоқ екені көрінеді. Көне замандардағы ата-бабаларымыздың қолданысында *арата-арата* сөзі «анда-санда, мезгіл-мезгіл» деген ұғымда жұмсалған екен (ДТ, 50). Бұл тұлға айтыла келе *ара-тұра* болып кетпеді ме екен деген ойға қаламыз. Әрине, бұл да жорамал және «ішек-қарны көрініп тұрған» тым жеңіл жорамал, әрі қарай іздестіру — алдағы міндет.

АРУ. Қазірде тілімізде бар *ару* сөзін ертедегі қазақ әдебиеті нұсқаларынан жиірек кездестіреміз. Мұнда бұл сөз екі түрлі ұғымда келеді: бірі — *әйел, қыз* деген сөздерден бұрып тұрып, «сұлу, сүйкімді», «абзал, ардақты» дегенді білдіреді немесе жеке тұрып «сұлу қыз, сүйікті әйел» деген мәнде жұмсалады. Доспамбет жырау өзі туралы толғауының бір жерінде:

Алғаным Әли ағаның қызы еді,
Қас *арудың* өзі еді.
Маңдайы күнге тимеген,
Желге шашы үрмеген,
Серпіліп адам бетін көрмеген —

дейді. Сонымен қатар XV—XVII ғасырлардағы нұсқалардап *ару ат, ару ұл, ару батыр* деген тіркестерді ұшыратамыз. Шобанда:

Ақтабап *ару торы ат* жайлаған...

Шалкиізде:

Айсұлдың *ару Әметі* тұрғанда...
Айсапың *ару ұлы* Қолай бар.

Бұл күнде *ару ат, ару жігіт* деген тіркестер құлаққа жат естіледі. Қазірде *ару* сөзі әйелге, көбінесе сұлу жас қызға қатысты қолданылса, ертеректе *ару* сөзінің «пак, таза, кіршіксіз» және діни ұғымдағы «әулие, ие», осылар-

даа барын «игі, мінсіз, игілікті, асыл, күнәсіз, пақ» деген ауыспалы мағыналары пайда болған. Сондықтан көне түркі ескерткіштерінде *арығ тон* (таза киім), *аруғ азуғ* (адал тамақ), *қылығы аруғ* (мінез-құлқы игі), *ару күмүш* (таза, қоспасыз күміс) деген тіркестерді көреміз. Көпе түркі тілдеріндегі *аруғ қыздар* тіркесі осы күнгі қазақ тіліндегідей жалпы «сұлу қыздар» емес, «күнәсіз, пақ қыздар» деген ұғымда келеді. Орта ғасырлардағы түркі жазбаларында да *ару* (*ары, арығ, аруг, арық*) сөзінің «таза, кіршіксіз», «әулие, игі» мағыналары сақталған. Мұнда да *ары тон* (таза киім), *ары гауһар* (шынайы гауһар), *арық гүл* (таза гүл), *арығ сув* (таза, ағын су), *арығ сифат* (игі сипат) деген тіркестерді көреміз. Бұл сөз, тегі, тек түркі емес, түркі-монғол тілдеріне ортақ ежелгі сөз болу керек. Өйткені монғол тілінде де *ариг* сөзі «таза» мәнін береді. Монғолша *ариг ус* — ауыз ту (таза, ішуге келетін су), *арила(x)* қазақша *арула(y)* — «тазарту, тыйғылу (жауынның ашылуы), жойылу, жоғалу» мағынасын береді *ариун* 1) «киелі, әулие, таза, адал, 2) үстібасы таза жүретін» деген мәндегі сөздер.

Жоғарыда қазақ олендерінде кездескен *ару* сөзінің жылқыға және ер адамға қатысты айтылған сәттері бұл сөздің көне мағыналарының қазақ тілінде де қолданылғандығын танытады. Дегенмен, *ару* сөзінің көне мағыналарының баршасы қазақ тілінде біз сөз етіп отырған дәуірлерде-ақ сақталмаған. Мысалы, бұл сөздің су, киім, тамақ сияқтыларға қатысты қолданылуы келдеспейді. Тек адам мен оның жан серігі — жылқыға байланысты қолданысын көреміз және «игі, мінсіз» дегеннен ауысқан «өте жақсы, абзал» деген мәндерде келгенін байқаймыз.

Ару түбірінен жасалған туынды сөздер де ұмытылған, мысалы, *арусыну, арулық* сөздері бұл күнде жоқ. Немесе *ару* сөзінің қолданылу аясы тарылып, белгілі бір тіркесте ғана сақталған. Ол — *арулау* етістігі. Бұл сөз өлікті «ақ жуып, арулап қою (көму)» тіркесінде ғана қолданылады. Өлікті *арулап таза жудыру* тіркесі қырғыз тілінде де бар. Ол тіркес «өлікті тазалап жуу» деп түсіндіріледі (Юдахин, 71). Ал қазақ тілінде *өлікті арулап жуу, таза арулау, арулап көму (қою)* тіркестері бар. Сірә, мұнда «тазалау», «тазалап жуу» мәнімен қатар (ол мәнді *ақ жуу* тіркесі де береді), «қастерлеу, әулие тұту» мәні де бар тәрізді. Өйткені *ару* түбірінің діни ұғымдағы бір мағынасы «әулие», «құдайы», осыдан өлген адамдарды арулап көму — оны әулие тұтып, құдайдай қастерлеп жер-

алу дегенге де саяды. Бұл сөздің «әулие, әулиедей қастерлі, ардақты» деген мәні қарт, сыйлы әйелге айтылатын *аруана* тіркесінде де байқалады.

Ару сөзінің «таза, игі» ұғымы қазақ тілінде, біздіңше, және бір жерде сақталған сияқты. Ол — *ар ма? армысыз!* деп амандасқанда айтылатын сөзде. Мұның өзі де көне. Қазірде бұлайша амандасулар белгілі бір стильдік мақсатпен қолданылады. Бұл тұлғалар қазақтың эпостық жырлары мен ертегі-аңыздарында көбірек сақталған. Көріскенде *арбаң!* деп амандасу қырғыз әдебиетінде, әсіресе, оның оңтүстік диалектісінде кездеседі. Бұл сөздің морфологиялық құрылымын К. К. Юдахин *ары + ба + ң* деп береді де, мағынасын «шаршау, шаршап-шалдығу, арықтау» мәндегі *ару* етістігімен байланыстырады, яғни *арбаң* — «шаршама» деген сөз деп аударады. Біздің топшылауымызша, қазақ, қырғыз және татар тілінің кейбір диалектісінде кездесетін *ар ма, армысыз, арбаң, арумы* сөздерінің түбірі «шаршау» мағынасындағы *ары*-емес, «таза», одан барып «ауру-сырқаудан таза, есен-сау, аман» мағынасындағы *ары(арығ, ару)* сөзі болар дейміз.

Ару ма (татарша *ар мы*, қырғызша *ары ба* сөздері) «деніңіз ауру-сырқаудан таза ма, есен-саумысыз» деген ұзақ амандықтың ықшамдалған варианты болар. Зерттеуші Р. Г. Ахметьянов татар тілінің бір диалектісінде, сондай-ақ башқұрт, удмурд және мари тілдерінде (соңғының бір диалектісінде) *ару* сөзі сәлемдесуде айтылатындығын көрсетеді. Мысалы, татар, башқұрт тілдерінде *арумы* тұлғасы «жақсы тұрып жатырсыз ба! (жақсымысыз! амансыз ба!)» деген мағынада жұмсалады дейді (Ахметьянов, 19).

Қазақтың ертедегі үлгілерінде амандасудың (мүмкін, тілдесудің) бұл тұлғамен берілуі *арма!* (*ар ма!*) түрінде келеді және бұл лебізді көбінесе жасы кіші үлкенге білдіреді. Мысалы, «Қобыланды» жырында жас батыр Қобыланды «қырық күншілік Қазанға» өзінен бұрын аттанып кеткендердің ішінде Қосдәулетті қуып жеткенде:

Үлкен едің, *арма!* деп,
Алдында кісі бар ма? деп —

тілдеседі. Аққозы, Қарақозы сияқты өзінен үлкендерге де *арма!* дейді, ал құрдасы Қараманды қуып жеткенде, онымен бұлайша сәлемдеспейді. Бірақ, сірә, *арма* сөзі жалпы амандасу үшін де айтыла берген сияқты. Мысалы, Бекежан Жібек қызға Төлегеннің өлгенін айтуға келгенде, созын:

Айтамын айт дегеннен, *арма*, Жібек,
Ботасы өлген түйедей зарла, Жібек!—

деп бастайды. Ал кейінгі кезеңдерде жазушылар бұл сөзді *аманбысың! амансыз ба! амансыңдар ма!* деген сөздердің теңе-тең баламасы ретінде қарап, *армысың! армысыз! арсыз ба! армысыңдар!* деген тұлғаларда қолданғандары байқалады. Мысалы, «Жаңталас» романында:

— *Арсыз ба*, Бұхареке!

— Барсыңдар ма, өрендерім!—
деген диалогті оқимыз.

Арма сөзін бұлайша сыртқы тұлғасын құбылатын қолдану не түсінбестіктің не тілге жауапсыздау қараған еркіндіктің жемісі болар. Өйткені о баста бұл сөз тек *ару ма* (*ары ма*) деген жеке сөз бен шылаудың тіркесі түрінде ғана қалыптасқан қолданыс сияқты. *Арығ*, *ары* (*у*) сөзінің соңындағы *ығ* (*ыу*) дыбыстарының түсіп қалуы, сойтіп, *арма* болып кірігіп кетуі — заңды құбылыс. Сөлем сөз *арма!* болса, оған қайырылатын сөз *бар бол!* болуы керек, бұл «бәрекемді, рақмет!» деген сияқты мәнді беретін болса керек.

Ару (*ары*) сөзінің «таза» мағынасы қазақ тіліндегі *арылу* етістігінде де сақталған. *Арылмақ* сөзі қазіргі түрік тілінде екі түрлі ұқсас мәнде жұмсалады: 1) тазару, таза болу, 2) аурудан сауығу, жазылу (Турец.-русск. сл. 1977, 62). Татар тілінде де *ару* — «таза», *арулық* — «тазалық», *аруламақ* — «тазарту». Қазіргі қазақ тілінде *арылу* сөзі «бір нәрседен құтылу, тазару», одап барып «ақталу» деген ауыспалы мәнде жұмсалады (ҚТТС, 1974, I, 360).

АРШЫН. ТӨСІ АРШЫНДЫ СҰЛУЫҢ. Бұл образды тіркес ертедегі ақын-жыраулар тілінде де, ауыз әдебиеті үлгілерінде де жиі кездеседі. Мысалы, Бұхар жырауда:

Төсі аршынды сұлуың

Сілкіп тосек сала алмас малдап соң —

деген толғау жолдары бар. Түркі тілдерінің салыстырма сөздігінде автор *аршын* сөзі ноғай тілінде «күміс, күміс әшекей» дегенді білдіреді дейді де, *төс аршынды бай қызы* деген мысал келтіріп, оны «омырауы қымбат әшекейге толы» деп аударады. Сырт қарағанда, бұл түсіндірме нанымды сияқты. Мүмкін, бұл — ноғайлы-қазақ заманында қалыптасқан сұлулықтың, сәндіктің, байлықтың образы болар, бірақ ертедегі жырларда жылқы жөнінде:

*Аршын басты бұрылы
Қабырғадап қараты...*

немесе батыр:

*Омырауын аршындан,
Мінген атын қамшылап —*

деп суреттеледі. Әрине, соңғы мысалдарда *аршындау* етістігінің алтын-күміс әшекейге қатысы жоқ сияқты. Сірә, бұл жерде *аршындау* — ұзындық өлшемі болып саналатын *аршын* сөзіне қатысты деп түсіндірілуі («құлашын кеңге салу, екпіндеу») қисынсыз болмас. Дегенмен, бұл да күмәндылау түсінік. Бұл сөз *омырауын аршындау, талбойын аршындау* деген тіркестерде сабақты етістік ретінде келіп, жоғарғы «екпіндеу, арындау» деген мағыналардан алшақтап кетеді. Сондықтан бұл өте бейнелі (образды) тіркестің мән-мағынасын, түп-төркінін әлі де іздестіре түсу керек сияқты.

АСА ЖҰРТ. «Қыз Жібек», «Лайман — Шолпан» жырларында *аса жұрт* тіркесі кездеседі:

*Асудан келген қоңыр қаз
Аса жұрттың елінде...
Аса жұртқа барғанда,
Елдің көркі мал дейді...
Баласы аса жұрттың мейман келді.*

Бұл жердегі контекске қарағанда, *аса жұрт* тіркесі «шет жұрт» дегенге меңзейді. «Қыз Жібек» жырының бір басылымында бұл тіркесті осылай түсініп, «жат ел» деген мағынада деп анықтама береді. Бірақ *аса жұрт* тіркесінің бұл күнде мағынасы көмескілене түскендіктен, екінші бір жырда («Айман — Шолпанда») бұны «асқан жұрт» деп түсіндіреді. Бірақ контекстегі мағынасы екеуінде де бірдей. Бұл тіркесті Махамбет ақын да келтіреді:

*Аламанға жол бердік,
Аса жұртты меңгердік...*

Бірақ Махамбет қолданысында бұл тіркестің мағынасы «жат жұрт» дегеннен гөрі «өз жұрты» дегенге көбірек келеді.

Аша (қазақша *аса*) сөзі көне түркі тілдерінде «туысқан» дегенді білдірген (ДТ, 4). Түркі тілдеріндегі *ш ~ с* дыбыс алмасуларын ескерсек, бұған қазақша *аса* сөзі сай келеді, сонда *аса жұрт* «туысқан адамдар, өз жұрты» деген мәндегі тіркес болып шығады.

К. К. Юдахиннің сөздігіне қарағанда, *аса* сөзі қырым тілінің солтүстік диалектісінде қолданылады, ол — араб тілінен енген сөз, мағынасы «туысқан адам, семья мүшесі» (Юдахин, 74). Сөйтіп, *аса* түркінің өз сөзі ме, жоқ, әлде арабтан ертеде түркілерге енді ме, әлде түркі тілдерінен араб тіліне көшті ме — бұларға жауап беруді этимологтердің еншісіне қалдырып, біз бұл жерде қазақ тіліндегі қолданыстарын сөз етсек, о баста *аса* сөзі *жұрт*, *ру* («Қыз Жібекте: *аса руға* барғанда) сөздерімен тіркесіп, «туысқан ел, өз жұрты» дегенді білдірген болар. Ал егер бұған қарама-қарсы «жат жұрт, шет ел» мағынасында қолданылғанын ұшыратсақ, бұл да заңды: сөз мағынасының қарсы мәнге ауысуы тіл-тілде кездесетін құбылыс.

АСРА ЖҰРТ. «Қобыланды батыр» жырында *асра* (*асыра*) *жұрт* деген тіркес те кездеседі:

Асыра қыпшақ баласы
Жатқанып соң байлауда...
Арыстан туған екен деп
Асыра жұрты қуанды.

Көне түркі тілдерінде *асра* деген сөздің бір мағынасы «бағынышты, мойынсұнған» дегенді білдірген (ДС, 61). Жоғарыдағы жыр жолдарындағы *асыра* сөзі де «бағынышты, бас иген» деген мәнді білдіреді. Жалпы *жұрт* сөзі — түркі тілдерінде өте ертеден келе жатқан, терминдік мәні бар сөз. Ұзақ уақыт сақталып келген терминдік мағынасы — «ел, белгілі бір қауым, этникалық құрам, белгілі атымен аталған халық» деген мағына. *Жұрт* сөзі қазақ тілінде осы мағыналарда әр алуан эпитетпен қолданылып келген: *астана жұрт*, *аса жұрт*, *асыра жұрт*, *ауыр жұрт*, *байтақ жұрт* т. т. Қарақалпақ тілінде *кесе жұрт* тіркесі қолданылады, мағынасы — «басқа ел, бөгде жұрт»

Қазақ әдеби үлгілеріндегі *асра жұрт* тіркесі, сірә, «бөгде, басқа жұрт» дегенге емес, «бағынышты, қол астындағы өз жұрты» дегенге саяды.

АСТАНА ЖҰРТ. Батырлар жырларында, Махамбетте, Шернияз, Нұрым сияқты өткен ғасырларда жасаған ақын-жыраулар тілінде *астана жұрт*, *астана халық* деген тіркестер кездеседі. Мысалы, Махамбетте:

Айғайда белдік байлаған,
Астана жұртын айналған.

Нұрым жырауда:

Азып көпке теңгерген,
Астана жұртын меңгерген.

1878 жылғы А. Старчевский құрастырған екі тілдік сөздікте, 1897 жылы Орынборда шыққан «Қазақша-орысша сөздікте» *астана жұрт*, *астана халық* дегендерді «көп, сансыз көп халық» деп аударыпты. Л. Будагов бұл сөз түркі тілдеріне парсының *астан*, *астана* (табалдырық, есік, сарай) деген сөзінен ауысқандығын айта келіп, қазақ тілінде *астана жұрт* тіркесі бар екенін көрсетеді де, оны «сансыз көп, зор халық» деп аударарды (Будагов, I, 40). В. Радлов бұл сөздің әзірбайжан тілінде «табалдырық, сарай, сарай қызметіндегі адамдар» деген мағыналары барын көрсетеді (Радлов, т. I, ч. I).

Сірә, қазіргі қазақ тіліндегі *астана* сөзінің «белгілі бір мемлекеттің, елдің орталық қаласы» деген ұғымы бұл сөздің парсы тіліндегі «сарай, әміршінің сарайы» мағынасынан алынған болу керек, яғни «үкіметтің резиденциясы орналасқан қала» дегенді білдіреді. Ал откен ғасырларда қолданылған *астана жұрт* тіркесінде, біздің байқауымызша, В. Радлов көрсеткендей, «сарай қызметіндегі адамдар (орысша: придворный штат) деген мән бар тәрізді, яғни белгілі бір «сарайға (хан ордасына) қараған жұрт» деген мағынада айтылса керек.

Жоғарғы текстерде бұл тіркес «қол астындағы, өзіне қараған, соңына ерген халық, жұрт» деген мәнде қолданылғанға ұқсайды. Сонда *астана жұрт* тіркесі «көп, ұлы халық» дегеннен гөрі, «біреудің (ханның, батырдың) қол астындағы («табалдырығындағы») ел-жұрт» деген мағынаны білдіретін тәрізді. *Астана* сөзінің «табалдырық» мағынасы қазақ тілінің жергілікті сойлеу дағдыларында (говорларында) сақталған. Ж. Досқараевтың көрсетуі бойынша, Жамбыл облысының тұрғындары үйдің табалдырығын *астана* деп атайды (Досқарев, 11, 13).

АТЫ ШУЛЫ. Бұл тіркестегі *шулы* сөзінің *айғай-шу* дегендегі *шу* сөзіне қатысы жоқ. Көне түркілер *чау* сөзін «даңқ, атақ, даңқты, атақты» мағыналарында қолданған (ДС, 135). Сонда *аты шулы* деген тіркестің о бастағы тұлғасы *аты шаулы* болуы керек, ол «аты даңқты, атақты» деген сөз болып шығады. Монғол тілінде де *цуу* «!» біреу жайында таралған сөз, әңгіме, 2) «даңқ, атақ» мағыналарын береді. Демек, *чау/чу/цуу/шау/шу* тұлғалары көне замандарда түркі-монғол тілдеріне ортақ сөз болып, негізінен бір мағынаны білдірген. Қазақ тілінде *шау/шу* сөзі «атақ, даңқ» ұғымында жеке қолданыстан қалып, *аты*

шулы сияқты тіркес құрамында сақталған «көнекөздердің» бірі.

АУЫР. Қазақтың батырлар жырлары мен лироэпостарында, XV—XIX ғ. ақын-жыраулар тілінде *ауыр әскер*, *ауыр қол*, *ауыр жұрт*, *ауыр дәулет* сияқты тіркестер кездеседі. Мысалы:

Алқалаған *ауыр қолдар* тоқтарға
Арыстанбек ұлы Сұлтан бар (Шобан).
Тебірлерге қалғанда
Теңселер сойды *ауыр ноғай жұртыңыз*...
Тебіренсе *ауыр жұртын* тындырмас (Шалқиіз).
Ауыр әскер қосымен («Қобыланды батыр»);
Ауыр әскерге жолықтың (Радлов, VII).

Ауыр әскер қол түрінде бұл тіркесті Махамбет ақын да бірнеше рет пайдаланады. Мұндағы *ауыр* сөзі бұл күнде салмаққа және қиындыққа қатысты айталатын сөз (*ауыр балға*, *ауыр жұмыс*). Оның «қайғылы» (*ауыр хабар*), «өте үлкен, төзуге болмайтын» (*ауыр қылмыс*), қауіпті, қатерлі» (*ауыр жара*), «байсалды» (*ауыр қозғалу*) деген ауыспалы мағыналары да жоғарыдағы екі мағынасынан өрбіген. Ал *ауыр қол*, *ауыр жұрт* дегендерде *ауыр* сөзі «көп, сансыз» деген мағынада келген.

Махамбет ақын бір олеңінде *ауыр әскер қол* десе, екінші бір жерлерде осы ұғымды *мың сан әскер қол*, *сан шерулі қол*, *көп әскер* деген тіркестермен білдіреді. Дулат Бабатайұлы аталған ұғымды *ұлы шерік қол* деп береді.

Бұл сөздің *ағыр* тұлғасында орта ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштерінде «бағалы, күшті» және «көп, сансыз» мағыналары бар: *ағыр черік* — қазақша *ауыр қол* дегеннің тура баламасы (Фазылов, I, 104).

«Қозы Көрпеш» жырында ол *дәулет* сөзімен тіркеседі де, онда да «көп, мол, сансыз» дегенді білдіреді:

Ауыр дәулет беріпті алла пәсіп.

Ауыр сөзінің қазақ тілінде *жұрт* сөзімен тіркесін қолданылатынын Шоқан да айтқан. Ол профессор Н. И. Березипге жазған хатында Тоқтамыс хан жарлықтарындағы кейбір түркі сөздерінің қазақ тілінде бар-жоғын көрсетеді. Соның бірі — *ноғайлының ауыр жұрт* тіркесі, қазақтар өзінің батырлар жырларында Алтын Ордаы «ноғайлының ауыр жұрты» деп атаған дейді (Валиханов, I, 121). Л. Будагов *ағыр (ауыр)* сөзінің өзге түркі тілдерінде (әзірбайжан, түрік) «маңызды, ұлы, үлкен, қымбат, бағалы, сыйлы» деген ауыспалы мәнде қолданылатынын да көрсетеді (Будагов, I, 61). *Ауыр* сөзінің бұл мағыналары

қазақ тілінде де болған. Мысалы, алдаспап *ауыр қылыш* суырған (Шобан) дегендегі *ауыр* сөзінің мағынасы салмаққа қатысты емес, «бағалы, құнды», демек, «откір қылыш» деген ұғымда. Ал көпе түркі тілдерінде *ағыр* сөзінің екінші мағынасы «бағалы, қымбат», «сыйлы, құрметті» дегенді білдірген (ДС, 19).

Бұл күнде *ауыр* сөзі «көп, мол» мағынасында жаңадан тіркес құрап қолданылмайды. Ертедегі әдебиет нұсқалары меп жырларда кездесетін *ауыр жұрт*, *ауыр қол*, *ауыр әскер*, *ауыр дәулет* дегендердегі *ауыр* сөзінің мағынасы қазіргі мағыналарынан өзгеше деп тану керек, ол — «көп, ұлы, үлкеп, қымбат, бағалы» деген ауыспалы мағыналар. Әрине, бұл сөздің осы күнгідей салмаққа, қиындыққа қатысты мағынасы және осылардан ауысқан өзге де мағыналары ертедегі қазақ тілінде де болған.

АШУ (ҚАРНЫ АШТЫ. АРЫП-АШТЫ). *Қарны ашты*, *арып-ашты* дегендердегі *ашу* етістігі қазіргі қазақ тіліндегі *ашығу* сөзінің мағынасын береді. Көне түркі тілдерінде «ашығу» ұғымын *аш-* тұлғасы білдірген. Орта ғасырлардағы түркі жазба үлгілерінде қазіргі *ашығу* (*ашық-*) етістігі *ач-* түрінде келген (Наджиб, 123). *Аш*-пен *ашық-* сөздерінің түбірі бір: *аш-*. Бұл тұлға қазақ тілінде жоғарыда көрсетілген тіркестер құрамында ғана сақталған. О бастағы түбір тұлғаға қазақ тіліне келгенде белгілі бір жұрнақтар жалғанып, қолданылуы аз кездеспейді. Мысалы, қазіргі қазақ тілінде *аяндау* (айаңда-) етістігінің түбірі *ай-*, бұл түбір «адымдау» мағынасын білдірген, оған қосылған *-а* қимылдың күшеюін немесе бәсеңдеуін білдіретін жұрнақ болса, мұның үстіне *-ң* жұрнағы жалғанып, қимыл есімін жасаған, ал қазақ тілінде етістік түбірлі есімнен қайтадан етістік пайда болған (*айаң + да*). Мұндай мысалдар едәуір кездеседі.

ӘЙКЕЛ. «Қыз Жібек» жырының 1887 жылы жазылған қолжазба бойынша берілген бір нұсқасында Алашабайдың қызы Жібектің портретін берген ақын оны:

Қостан *әйкел* тағынған,
Жүз теңгелік опа, ендік,
Екі бетке жағынған —

деп суреттейді. Мұндағы *әйкел* сөзі контекстке қарағанда сәндік үшін әйелдер тағынатын зат екені түсінікті болып тұр. Жыр нұсқасының орысшаға аудармасында *әйкел* сөзін «қамзолға қадайтын әшекей» деп түсіндіреді («Қыз Жібек, 1963, 128»). *Әйкел* сөзінің «барқытқа зер қадап,

оған күміс ақша тағып, сол иықтың үстінен әкеліп, оң қолтықтың астынан түймелейтін. қыздардың сәндікке ниетін өшекейінің бірі» деген де түсіндірмесі бар.

БАЙСАЛДЫ. БАЙСАЛ ТАБУ. *Байсал* сөзі қазіргі әдеби тілімізде жеке тұрып көп қолданылмайды. Ол не *байсалды* деген туынды сөз түрінде, не *байсал табу*, *бойы байсал тарту* деген тіркес түрінде келеді. *Байсалды* сөзі «сабырлы, ұстамды, байыпты» деген сын есім мағынасында көбінесе адамға байланысты айтылады. Ал бұл сөздің қазақ тіліндегі ертеректегі мағынасы адамға қатысты «сабыр» дегеннен гөрі, жалпы мәндегі «тыным-тыныштық» деген екендігі байқалады. *Байсал табу* деген тіркестің «тынышталу, тыным табу, тыну» деген мағынасы осыған саяды. Қазақ тілінде «*Көш байсалды болсын!*» деген тілек сөз бар. Мұнда *байсалды* сөзі осы күнгідей «сабырлы, ұстамды» деген мәнде емес, «тыныш, тыныштықты» деген мағынада келген.

Байтөбеті маңқылдап
Байсал тауып үрген жер...
Көштің *байсал тапқаны* —
Көкорайға қонғаны.
Даудың *байсал тапқаны* —
Торешіге барғаны. (С. Сейфуллин VI, 53) —

деген ескі нақыл сөздерде *байсал табу* фразасы «тыным табу, орналасу, шешілу» дегенді аңғартады. Бұхар жыраудың: *Байсалды* үйге түсіңіз» дегеніндегі *байсал* сөзі де «тыныш, ұрыс-керіссіз» деген мәнде. Демек, *байсалды*, *байсал табу* сөздері бұрынырақ қазіргіден өзгешелеу мәнде де жұмсалған.

БАЙТАҚ. Өткен дәуірлердегі қазақ тілінде *байтақ* сөзі актив қолданылған. Шалкиіздің бір толғауында:

Алаштан *байтақ* озбаса,
Сыпайшылық сүрмен-ді —

деп келеді. *Байтақ* сөзі батырлар жырында тіпті жиі кездеседі. Бұларда:

Байтағымның ішінде
Он сан елім поғайлы...
Менен қалған *байтақ ел* —

деген жолдарды, «Едіге» жырында:

Хап Тоқтамыс қарланып,
Байтағым деп зарланып —

дегенді оқимыз. Бұл сөз Махамбет ақынның аузына да жиі оралған:

Біздің Ер Исатай олген күн,
Он сан *байтақ* бұлген күн.

Байтақ сөзі бұл күндегі әдеби тілімізде «ұшы-қиыры жоқ кең» деген сындық мағынада қолданылады (ҚТТС, II, 41). Ал жоғарғы мысалдарда бұл сөз осы көрсетілген ұғымда емес. *Байтақ* сөзі бұрын қазақ тілінде зат есім мағынасында қолданылып, «белгілі бір этникалық-территориялық тұтастық (мысалы, хандық), ел, жұрт» деген мағынаны білдірген. «Едіге» жырында ханға ренжіп, қайырылмай кеткен батырға кері қайт деп өтіне келген Жанбай:

Байтақ бөліп береді,
Патсалықты құр сөна —

деп уәде береді. Мұндағы *байтақ* деп отырғаны — белгілі бір мекендегі (территориядағы) белгілі бір құрамды ел, яғни кіші-гірім хандық. Өйткені осы идея «Ер Тарғын» жырында:

Бес жүз ауыл береді,
Оз алдыца сұлтан бои,
Сүйген жерің жайлашы,
Неғыласың бір қызды!!—

деп, *байтақ* сөзінің орнына *бес жүз ауыл* деген әбден нақты мағынадағы сөз тіркесі ұсынылған.

Ертеректегі үлгілерде кездесетін *байтақ ел, байтақ жұрт* дегендер қазіргідей «барлық ел, барлық жұрт» дегенді емес, «жеке бір хандық сияқты тұтастық, ел-жұрт» деген ұғымда жұмсалған, яғни *ел* және *жұрт* деген жеке сөздердің баламасы ретінде келген, сонда *байтақ* та «ел», *ел* де «ел». Бұл тіркесте мағынасы бірдей екі сөздің қатар айтылып, плеонастық құбылыс жасап тұрғанын көреміз. Мағыналары бірдей немесе өте жақын сөздердің қатар келіп қолданылуы, яғни плеоназм дегендер тілімізде аз кездеспейді (мысалы, *телесей-теңіз, бекер босқа, құр текке, ел-жұрт, бала-шаға* дегендердің сыңарлары мағыналас дербес сөздер екені мәлім).

Байтақ сөзінің өзге сөздермен тіркесулері де қызғылықты. *Он сан байтақ* тіркесі — «көп рудан, көп жұрттан құралған ел (хандық, мемлекет т. б.)» деген мағынадағы метафоралық тіркес. Осы сөздің бұл мағынасы *байтақ ел, байтақ жұрт* дегендерді өткен ғасырдағы қазақша-орысша, орысша-қазақша екі тілдік сөздіктердің «сансыз көп халық» («многочисленный народ») деп аударуларына себепкер болған тәрізді. Келе-келе, біздің кезеңімізде, *байтақ* сөзінің о бастағы мағынасы өзгеріп, «кең, ұшы-қиыры жоқ, үлкен, барлық» деген мәндерге ие болып, өзге

сөздермен тіркесте ғана қолданылатын болған. Мысалы, *байтақ дала, байтақ олже, кең байтақ, ұлан байтақ*. Ал қырғыз тілінің диалектінде бұл сөз «алыс, қиыр» және «өте ертедегі, баяғы» деген мағынада жұмсалатындығы көне сөздердің алғашқы мағыналарының комескіленіп, ауыспалы бірнеше мәнге ие болатындығын танытады.

Байтақ сөзінің өзі қазақ, қырғыз сияқты түркі тілдеріне өте ертеде парсы тілінен енген болу керек. Парсыша *пайтахт* сөзі «астана» (дәлме-дәл: «тақтың төменгі жағы, аяғы») дегенді білдіреді. Түркі тілдерінде «тақтың төменгі жағы» дегеннен «тақта отырған билеушінің «ханның» аяқ астындағы (қол астындағы) бағынышты ел» деген ауыспалы мән пайда болғанға ұқсайды. *Байтақ* сөзінің «жұрт» деген мағынаны білдіретіндігін қазақ тіліндегі көне мұраларда және жырларда кездесетін *астана жұрт* тіркесі дәлелдей түседі. Бұл — *байтақ жұрт* дегеннің тура баламасы, мағыналары бірдей.

Қазақ тілінде *байтақ* сөзінің «астана, орталық қала» мағынасындағы қолданысы да жоқ емес. Алпамыс батыр:

Байсын дегеп оз елім,
Жиделі *байтақ* қаламыз —

дейді. Мұндағы *байтақ қала* тіркесінің өзі «орталық, астана қала» дегенді аңғартады. Бұл сөздің қазақ тілінде «кең, үлкен, ұшы-қиырсыз» деген ауыспалы мағынада қолданылуы, тіпті ауыз әдебиетінің өзінде де байқалады. Мысалы, «Қобыланды» жырында:

Жасыл *байтақ* жері бар,
Айдынды шалқар көлі бар —

деген жолдарда *байтақ* сөзі осы күнгідей сындық мағынада.

БАРЫМ. «Алпамыс» жырында:

Талқан қып алды шаһарымды,
Талауға салды *барымды* —

деген тармақтар бар. Мұндағы *барым* сөзін әдетте «қолымдағы бар нәрсені (байлықты, малды) талап әкетті» деген сөз деп түсінеміз де, *барым* сөзінің түбірі *бар* (орысша *есть*) сөзі болар деп ойлаймыз. Ал шындығында *барым* сөзі көне түркі тілдерінде «мал» және «мүлік» деген екі мағынаны білдірген (ДС, 84). Сонда бұл сөздегі *-ым* қосымшасы тәуелдік жалғауы емес (*балам, үйім, шапаным* дегендердегі сияқты), сөз тудырушы жұрнақ болып табылады. Жоғарғы сөйлем қазіргі тілмен айтсақ, талау-

ға салды менің малымды, тіпті дәлірек аударсақ, *малды талауға салды* немесе *мүлікті талауға салды* деп айтылар еді.

Қазақ тілінде *бар малы* (*бар малым, бар малың, бар малдары* т. т.) деген тіркес о баста *барым-мал* болуы мүмкін. сонда бұл «барлық мал» деген мағынаны емес, жалпы «мал-мүлік» деген жинақтау ұғымды беретін қосар сөз болып шығады. Қазақ тілінде «мал-мүлік» ұғымындағы *барым* тұлғасы ұмыт бола түскендіктен, кейде қысқарып, *бар* тұлғасында да қолданылғаны байқалады. Мысалы, «Алшамыс» жырында:

Қатардағы парларың,
Қазынадағы барларың
Тәңірі берсе менікі —

деген жолдардағы *бар* сөзі *барым* сөзінің қысқарған варианты деп танымыз. Бұлайша қысқартуға олең шарты да себепкер болып тұр: әдетте олең өлшемі көтермесе, яғни белгілі өлшемнен буын саны асып кетсе, мүмкін жерде сөз тұлғасын ықшамдау поэзияға жат емес.

БАРЫМТА. Бұл сөзге түсіндірме сөздік былайша анықтама береді: «Кектеніп жауласқан екі рудың бірінің-бірі мал-мүлкін күшпен тартып алуы» (ҚТТС, 1976, II, 109). Бұл түсіндірме дәл емес. Біріншіден, барымтаға кектеніп жауласқан сайын бара бермейді, екіншіден, барымта — рулар арасында ғана емес, жеке адамдар арасында да болатын акт. *Барымта* сөзінің мағынасын өткен ғасырдағы қазақша-орысша сөздіктер дәлірек көрсетеді. Мысалы, 1897 жылы Орынборда шыққан қазақша-орысша сөздікте: «*Барымта (баранта)* — зорлап алынған не ұрланған малдың немесе басқа да бір көрсетілген жәбірдің есесін алу үшін жәбірленушінің қарсы жақтың малын өз ұйғарымымен айдап алып кетуі» деп берсе. Л. Будагов бұл іс-әрекеттің ертеректегі мәнін аша түседі: «Барымта ерте кезде (демек, XIX ғасырға дейін — Р. С.) дауласушы жақтардың біреуі билер үкіміне мойынсұнбаса, кесікті орындамаса, жәбір көрген жақ оның малын, жанын айдап әкетіп, күшпен орындауға праволы болғандықты атайды (Будагов, I, 224).

Демек, дауласқан екі жақтың (дау-дамай рулар арасында да, жеке адамдар арасында да болуы мүмкін) айыптысы билікке көнбей, кесілген құнды, айыпты т. б. төлемесе немесе түгел төлемесе, даулаушы жоқ оны күшпен төлету шарасын істейді. Ол шара — барымталау актісі.

Барымта — би (билер) көскен үкімді жазықты жақтың дұрыс орындамағанын даулаушы жақтың *дәлелдеу* актісі.

Барымта сөзінің төркіні монғолдың *барымт* сөзіне апарды деп ойлаймыз. Монғолша *барымт* 1) «негіз, дәлел, аргумент», 2) «факт, жағдай», 3) «есеп» деген мағыналарды білдіреді. Қазақтағы барымта о баста құр тартып алу, талау емес, өзіне билікпен кесілген айып, құн сияқтылардың тиісті екендігін дәлелдеудің әрекеті. Сондықтан ертеректе тек мал-мүлік емес, адамдар да барымтаға ілігетін болған (мысалы, қанға қан, жанға жан сұрайтын сәттерде). Әрине, барымтаға алынған зат (көбінесе мал, оның ішінде жылқы) даулаушыға тиісті мөлшерден артық болып кетеді (немесе айыпты жаққа солай болып көрінеді), сондықтан барымтаға қарымты қайтарылуы мүмкін. *Қарымты, қарымта* сөзі де монғолдың *харуу* сөзімен түбірлес, бұл сөздің мағынасы — «қайтару, жауап, есені қайтару». Осы мағынадағы *қару* сөзі қазақта да қолданылады: бір нәрсенің (іс-әрекеттің) *қаруын қайтару* — белгілі бір іс-әрекетке жауап ретінде, оның есесін қайтаратын әрекет істеу. Сірә, *барымта, қарымты* дегендер ертеден келе жатқан, түркі-монғол тайпаларының көпшілігінде орын алған жөн-жосық болу керек. Сол себептен қазақ тіліндегі *барымта, қарымты* сөздері монғол тілінен соңғы дәуірлерде енген сөз емес, өте ертеден бар ортақ сөздер деп есептейміз. Ал әр кезеңде барымта актісінің өзінің сипаты өзгеруіне байланысты, бұл сөздің беретін мағынасы да өзгеріп отырған. Соңғы кезеңдерде Л. Будаговтың айтуына қарағанда, *барымта* сөзі жай «тонау, талау» дегенді білдіруге көшкен тәрізді.

БЕРЕН. Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктері бұл сөздің көп мағыналы екенін дұрыс танытып келеді. Бірақ мағыналарының көпшілігі бұл күнде ұмыт бола бастаған. Мысалы, көп томдық түсіндірме сөздік *берен* сөзінің бір мәні «қымбат, асыл мата» десе, екі томдық түсіндірме сөздік «гүл салып тоқылған масаты, жібек мата» дейді. Ал өткен ғасырда сөздік құрастырған Н. И. Ильминский *берен* сөзінің екі мағынасын көрсетеді: бірі — «ең жақсы барқыт», екіншісі — ең мықты болат (Ильминский, 88). Біздіңше, Ильминскийдің түсіндірмесі нақты. Қазақтар *берен* деп жалпы жақсы матаны емес, ең жақсы (құлпырған) барқытты атаған. Мақта матаны көбінесе *мата* деп, барқытты *барқыт, мақпал* деп, жібекті *шұға, шәйі, атлас, масаты* деп атағаны белгілі, Сондықтан өлең-жыр-

ларда кездесетін *берен* сөзінің бір мағынасын «ең жақсы барқыт» деп түсінген жоқ сияқты. Мысалы. «Қобыландыда»:

Байдың қызы жамылар
Масаты мен *беренді*.

Бұл сөздің Ильминский көрсеткен екінші мағынасынан ауысып, берік металл шығыршықтардан жасалған сауытты да (*көбе, сауыт, кіреуке* сөздерін қараңыз), асыл болаттан жасалған семсер немесе қылышты да (кейде тіпті кездік, пышақтарды да) *берен* деп атағаны көбінесе ескі өлең-жырларда жиі ұшырасады:

Қынабынап суырып,
Қолына алды *беренді*...
Керегеде *ақ берен*
Мұны да белге шалады.

Берен сөзінің «болаттай мықты, күшті адам, асыл адам» деген үшінші ауыспалы мағынасы өткенде де, қазірде де жиі қолданылады. Мысалы:

Бөкенбайдай *жас берен*
Жылқыны іздеп барғасын...
Сансызбай атты *жас берен*
Толғана мойнын бұрады...
Тал бойына *бір берен*
Таба алмайды жарасар.

Соңғы мысалдағы *берен* сөзін осы жырды бастырушылар «ақылды» деп түсіндіреді, дұрысында бұл да жоғарғы мысалдардағыдай «батыр, мықты адам» деген мағынада жұмсалған сөз. Бұл сияқты әр кітапта әр түрлі (бір-біріне жуық болғанмен) түсіндірілуі *берен* сөзінің өткендегі қолданысының (мағынасының) көмескілене түскендігінен. Сондықтан батырлар жырлары мен лиро-эпостарда Махамбет, Дулат сияқты ақындарда жиі кездесетін *берен* сөзін контекске қарай бес түрлі мағынада түсіну керек: 1) ең мықты болат, берік металл, 2) сол болаттан, металдан жасалған қылыш, семсер, кездік, қанжар, пышақ т. б. 3) сауыт, көбе, 4) батыр, күшті, мықты адам, асыл адам, 5) ең жақсы барқыт.

БҮЛУ. Батырлар жырларында да, қазақ ақын-жырауларының тілінде де *булу* етістігі кездеседі:

Ол сан ноғай *бүлгенде*,
Ормамбет хаң олгенде...
Осы айтқаным болмаса
Ноғайлы елің *бүледі*...
Кіші қара қалмақ *бүлерде*...
Еңсесі биік кең сарай
Мормық болар *бүлген соң*.

«XVIII—XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары» атты кітапта (Алматы, 1962) соңғы жолдағы соңғы сөздер *бөлген соң* болып жазылған, алдыңғы жолдағы *бүлерде* деген сөзге «бүлінерде» деп түсінік берілген. Әрине, екеуі де қате және бұлар *бұлу* сөзінің *бұл* күнде мағынасы көмескі тартқандығынан туған қателер.

Бұл сөзді Махамбет ақын да қолданады:

Біздің Ер Исатай өлген күн,
Он сан байтақ *бүлген* күн.

Бұл мысалдардың барлығында да *бұлу* етістігі «белгілі бір халықтың ойрандалуы, ыдырауы, тозуы» мағыналарын білдіреді. *Бұлу* етістігінен жасалған *бүлік* сөзін өткен ғасырдағы қазақ тілінің сөздігін жасаушылар «тозу, ойрандалу» деп көрсетеді (Кирг.-русск. сл. 1897), ал қазіргі күнде *бүлік* сөзі «шырық бұзатын дау-жанжал, өкімет билігіне қарсы құралды дүмпу» деген мағынаға ие сөз (ҚТТС, 1976, II, 568).

Бұл күнде актив қолданылмайтын, мағынасы күңгірттен бастаған сөз болғандықтан, *бұлу* дегеннің орнына *бүліну*, *бөлу* деп жазушылық жиі кездеседі. Тіпті *бұлу* сөзін *бүліну* сөзінің өзгеше грамматикалық тұлғада тұрған варианти деп ұғушылық та бар. Мысалы, «*Бүлген* елден бүлдірге алма» деп айтылуға тиісті мәтелді кейбір кітаптарда «*Бүлінген* елден бүлдірге алма» деп жазып жүр. Шындығында *бүліну* сөзі «тозу, ыдырау, ойрандалу» мәнінде келсе, оның *бұлу* сөзімен түбірлес болуы даусыз болар еді. Ал бірақ ертеректегі қазақ тілінде жоғарыдағы мағынада *бүліну* емес, *бұлу* сөзі қолданылған және оның көбінесе *он сан ноғай бүлгенде, он сан байтақ бүледі, ноғайлы елің бүледі* деген түрде келуі бұл тіркестің ноғайлы одағының ыдырауы, тозуы тұсында туған немесе сол тұста активтенген образды (бейнелі) сөзіркес екенін аңғартады.

Бұлу сөзі қазақтың мақал-мәтелдерінде де сақталған: *бүлген елден бүлдірге алма. Озбыр олжа үшін өледі, күншіл күндеумен бүледі.*

Бүліну етістігі белгілі бір жұрттың (хандықтың, патшалықтың, тайпалар одағының, үлкенді-кішілі ел ішінің) жаудан жеңіліп ойрандалуы, ыдырауы мағынасында қолданылуымен гөрі, бір нәрсенің бұзылуы, қирауы деген мағынаны білдіруге бейімдеу. *Бүліну* сөзінің бұдан да басқа: 1) «әлекке түсіп, әбігерлену», 2) «зақым келу», 3) «ластанып былғану», 4) «өз-өзінен ашулану» сияқты

мағыналарды білдіретіні мәлім, ал бірақ бұл мағыналардың бірде-біреуін *бұлу* етістігі бермейді. Сондықтан түбірлері бір болғанмен, *бұлу* сөзі *бүліну* сөзінің көне вариациясы, яғни теңе-тең баламасы деп санауға болмайды. Осы себептен де *бұлу* сөзін *бүліну* сөзімен ауыстыруға және болмайды.

БҰЛАН, ҚҰЛАН, ТАРПАН/ТАРПАҢ. Ауыз әдебиеті мұралары мен өткендегі ақын-жыраулар тілінде белгілі бір поэтикалық жүк арқалап, жиі қолданылған сөздердің қатарына *құлан*, *бұлан*, *тарпаң* атаулары кіреді.

Құланның атты қодықты («Қыз Жібек»).

Құлан жортпас құла дүз...

Емен шайпан, тал қайсар

Құлан, *бұлан* баласы (Шалқия).

Бүлдіргесі *бұлан* терісі,

Өрімі құнан білдің қайысы (Доспамбет).

Ерді ыргытқан *бұландай* (Сейфуллин, VI, 201).

Тағыдай таңдап су ішкен,

Тарпаңдай тізесін бүгін от жеген

Тағы сынды жан едік (Махамбет).

Бұл үзінділердің барлығында *құлан*, *бұлан*, *тарпаң* — мықтылықтың, қайсарлықтың, бас имейтін өрліктің символы. Әңгіме осы жан-жануарлардың өздері жайында емес, олар образ үшін қолданылған. Бұлардың ішінде *құлан* — «тағы жылқы», біздің кезімізге дейін сақталып, осы күннің өзінде қорықтарда өсіп-өніп жатқандықтан, бұл сөз түсінікті. Ал *бұлан* — орысша *лось* деп аталатын бұғы тектес ірі жануардың атауы, ертеде қазақ жерінде көп болып, бұл күнде жойылып кеткен. Өзге кейбір түркі тілдерінде де *бұлан* «лось» дегенді білдіреді (Будагов, I, 289). *Бұлан* сөзін қазақ ақындары күні кешеге дейін (тіпті қазірде де) еркіндіктің, мықтылықтың образы ретінде жиі пайдаланады. М ы с а л ы. Махамбетте:

Бұландай ерді кескен күн,

Қара *бұланның* терісі

Етік қылар күн қайда!

Дулат Бабатайұлында (XIX ғ. орта тұсы):

Бозда жүрген *бұландай*,

Үйде тұрмас ойқастан.

«*Бұланға* ерген шешекке аунар, доңызға ерген балшыққа аунар» деген көне мәтелде де *бұлан* — еркіндіктің символы.

Ал *тарпаң* (*тарпан*) сөзін В. В. Радлов қазақ тілінде «тағы жылқы» деген сөз дейді (Радлов, II, 373). Қазақ

совет энциклопедиясы тарпаң — европа жабайы жылқысы. көдімгі жылқының түр тармағы, түсі сұрғылт. арқасы кара жолақты деп анықтама береді (ҚСЭ, X, 567). Демек, тарпаң да, құлан сияқты, тағы жылқының бір түрі.

Сөйтіп, бұл үш атаудың үшеуі де қазақ ауыз әдебиеті мен XV—XIX ғасырлар поэзиясында белгілі бір образ үшін актив қолданылған сөздер болған.

БҰРСАНУ/БУСАНУ. Эпос жырларының барлығында дерлік батырлар «буырқанып, *бұрсанып*, мұндай темір құрсанып» айбат шегеді, жауға аттанады, ұрысқа кіреді. «ойын салады». Мысалы, Боран деген жыраудың Өтебәлі төреге айтқанында:

Атасы жаман бұ көпір
Буырқанды, *бусанды*,
Мұздай темір құрсанды

(X. Досмұхамбетұлы. Исатай-Махамбет, Алматы, 1991. 19). «Қобыланды» жырында:

Қабағынан қар жауып,
Кірпігіне мұз тоңып,
Қатуланып, қаттаңды,
Буырқанып, *бұрсанды*,
Мұздай темір құрсанды.

Мұндағы *буырқану* сөзі біршама түсінікті делік: мал баққан қазақ бураның буырқанатынын жақсы біледі. Демек, бұл сөзде айбат шегу, қаһар көрсету мағынасы бар, осыны сезіп, онымен әрдайым қатар келетін *бұрсану* (*бусану*) сөзі де *буырқану*-ға жақын мәндегі сөз болар деп ұғамыз. Төркінін іздестірсек, көп жаңылыспағапымызды көреміз. Көне түркі тілдерінде *бусан*- етістігі бар, ол «беймазалану, алаңдау, қапа болу» деген мағыналарды білдірген. Осы ұғымда *бусан-бусурқан*- деген қос сөз де қолданылған. Ал мүмкін осы *бусан*- сөзімен түбірлес *бусы*- деген етістіктің «ашулану, бұрқан-тарқан болу» мағынасы бар. Сірә, біз талдап отырған сөз көне *бусы*- етістігімен тамырлас болар.

Көбінесе *бұрсанып* тұлғасында жазылатын сөздің *бусанып* деген варианты да кездеседі (оган жоғарыдағы Боран жыраудан келтірілген мысал дәлел бола алады). Қырғыз тілінде де бұл образды тіркес *буурқанып-бусанып* түрінде айтылады. Қазақтың жыр-өлең текстерінде *бұрсанып* түрінде қалыптасу себебін өлең жолындағы *құрсану* сөзіне ұйқастыру талабынан іздестіру керек болар. Мағынасы күнгірт сөздерді өлең шарты үшін ды-

бысталуы жағынан өзгерте салу — қазақ поэзиясы тілі үшін жат құбылыс емес.

БҰРШАҚ. «Қамбар батыр» жырында өзіне таласқан қалмақ ханы Мақтымды Қамбар жеңіп сұлатқан соң қыз Лазымның (Назымның) көңілі орнына түседі, оны жыршы:

Мойнынап алған сықылды
Бұрынғы салған *бұршағын* —

деп суреттейді. Осы жырды бастырушылар *мойнына бұршақ салу* деген тіркесті былайша түсіндіреді: «Бұрынғы кезде басына қатты қайғы түскен адам тілек тілеп, мойнына тас (?) байлайтын әдет болған, қайғысы жойылғанда ғана мойнына салғанын алады екен («Қамбар батыр». Алматы, 1957, 112). Бұл жерде ескі наным-сенімге байланысты әдетті дұрыс көрсеткен, бірақ мұндағы *бұршақ* тас емес, бұл жері — қате.

Шынында да өте ертедегі наным-сенім бойынша тәңірі мен әулие-әнбиелерден бір пәрсені қатты тілегенде адамдар мойнына көбінесе шылбыр, арқан, жіп, белбеу сияқтыларды салатын болған. Оған «Қыз Жібек» жырындағы мына жолдар да дәлел бола алады. Сансызбай бала мен Қорен қалмақтың жекпе-жегінде Сансызбайдай балғын жастың мерт болмауын Жібек сұлу құдайынан тілеп:

Көк сандалдың *шылбырын*
Мойнына орап салаары.
Бір құдайға зар етіп,
Мінәжат қып тұрады.

«Қозы Көрпеш» жырында да:

Мойнына кісесін сап жалынды енді —

деген жолдарды оқимыз.

Ал *бұршақ* деген «көгеннің желісіне өткізілген лақ қозы байлайтын шағын бүлдірге жіп, бір жақ басы түйіншек, екінші жақ басы — ескен жіптің тұйық ілмегі (Қасиманов, 214). Демек, бұл жердегі *бұршақ* сөзінің аспаннан жауатын *бұршаққа* да, кішкене-кішкене құмалақтай (тастардай) пәрсеге де (мысалы, лобия *бұршағы*) еш қатысы жоқ. Сондықтан *бұршақ* сөзінің орнына шылбыр, кісе сияқты өзге де «жіптердің» қолданыла алатынын жоғарғы мысалдар дәлелдейді.

Бұл сөз қазақ тіліндегідей мағынада қырғыз тілінде де қолданылады. Сонымен қатар мұнда *бұршақ* сөзінің екінші мағынасы бары және көрсетіледі, ол «жалпы мойынға

ілетін жін» (арқан), осыдан барып «тұтқында, қанаста болу» мағынасы туған: *бурчактан келу* – тұтқындан босанып келу (Юдахин, 162).

БЫТ-ШЫТЫ шығу. *Быт-шыты шықты, быт-шыт болды* деген тіркестер тілімізде жиі қолданылады. Жалпы мағынасы да айқын — «күл-талқан болды, парша-паршасы шықты» дегенді білдіреді (ҚТТС, 1976, II, 596), сондықтан бұның құрамындағы *быты* немене, *шыты* немене деп, жеке-жеке іздеп ойланып жатпаймыз. Тіпті әрі-беріден соң бұл екі сөз *тырс-тырс, күрк-күрк* дегендер сияқты еліктеуіш қос сөз болып көрінеді. Ал еліктеуіш сөздердің көпшілігінің дербес лексикалық мағынасы болмайды, олар еліктеуден (естуден, коруден, сөзуден т. т.) туған дыбыстар болып келетіні белгілі.

Мағыналы қос сөздердің әр сыңарының өз алдына лексикалық мазмұны (мағынасы) болатыны да белгілі. *Быт-шыт(ы)* қос сөзі көмекші етістіктерсіз жеке қолданылмағанымен, оның екі сыңары да мағыналы сөздер екені көрінеді. *Быт (бут)* сөзі монғол тілінде өзімен тіркескел етістікке «барынша, мүлде» деген сияқты мән беретін, орыс тілінің *раз-/рас-* приставкаларының қызметіне ұқсас келетін үстеу сөз екен. Мысалы, *бут цохи(x)* «талқанын шығару, әбден ойрандау», *бут ниргэ(x)* «күл-талқан ету» деген мағыналарда қолданылады. Тегі, қазақша *күл-талқаны шығу, күл-паршасы шығу* дегендердегі *күл* сыңары да осындай қызмет атқаратын сияқты: *талқаны шығу* дегеннің орнына *күл-талқаны шығу* десек «мүлде талқандау, быт-шыт болу» деген қосымша мәнмен (семантикалық рецпен) атаймыз. Айырмасы монғолдың *бут (быт)* сөзі етістіктің алдында тұрса, қазақша *күл* деген есіммен тіркесіп барып көмекші қабылдан, күрделі етістік жасайды. Ал *шыт* сыңарып әзірге пәлен тілдің мынадай мағынадағы сөзі деп айта алмаймыз, бірақ әйтеуір «талқан (далу), парша (парша)» деген мағыналық рецкі бар сөз екені байқалады (мүмкін, «бүліну» мәні бар *шытынау* сөзі де осы ұяға кірер). Сойтін, *быт-шыт* қос сөзін *күл талқан, күл парша* сөздерінің тене-тең баламасы болар деп тоныналаймыз.

БІЛІК/БІЛЕК. Ертедегі ноғайлы-қазақ жырауларының бірі Ер Шобаның тілінде:

Сынайшылық бұ-ды деп,
Ала білек оқ салған —

деп келетін жыр жолдары бар. Мұндағы *білек* сөзі түсініксіз. Бұл сөз көне жырлардың өзінде өте сирек ұшырайды. Сондықтан бір жерде *білік*, бір жерде *білек*, тіпті бір жерде *бұлық* (*дай*) деп жазылып жүр. Соңғы тұлғаға қарай зерттеуші Ә. Қайдаров бұл сөзді жай оғының ағаш сабын білдіреді деп табады (Қайдаров, 27). Біздің байқауымызша, «Алпамыс» жырындағы:

Сырым саған түзу-ді
Садаққа салған бұлықдай —

деген жолдардағы *бұлықдай* тұлғасы қате жазылған. Өзге де осы мағыналы жолдармен салыстырсақ, бұл сөз *біліктей* болуы керек: арабша жазылуда дауысты дыбыстың *ы, і; ұ, ү; о, ө* болып оқылуы шартты, контекске қарай кез келгенін қойып оқуға болады, ал соңғы жұрнақтың *-дей* түрінде жазылуы да араб әрімімен жазудың емлесіне байланысты: қазақ сөздерін арабша жазғанда, дауыссыздардың қатаң-ұяң болып келуі сақтала бермеген (*мақбал, айтды* деп жазу «дұрысырақ» болған). Қазақ эпостары ең алғаш хатқа араб жазуымен түсті, қазіргі басылымдары — сол арабша графикадан көшірілген нұсқалар. Сондықтан осы сипатта (яғни дауысты дыбысы дұрыс жазылмаған) қателерді жиі кездестіреміз.

Ә. Қайдаров *білік* сөзінің мағынасын дұрыс тапқан тәрізді. Контекске қарағанда, *білік* — жақ оғының сырланатын, қырланатын ағаш жағы, яғни оқтың ұшынан өзге жағы. Бұл сөз орта ғасырлардағы, мысалы, XIII ғасырдағы түркі-араб сөздігінде де кездеседі (Құрышжанов, 97).

Қазақ тілінде *білік* ағаш деген тіркес бар. Ол — арбаның алдыңғы және артқы доңғалақтарын байланыстырып тұратын ағаш. Бұны Жамбыл, Шү өңірлерінде *белағаш* деп те атайды (Диал. сөздік, 64). Үй төбесіне салатын арқалықтың Қазақстанның кейбір өңірлерінде *белағаш* деп аталатынын диалектологтер көрсетеді. Біздіңше, *білік ағаш, белағаш* дегендер түбірлес сөздер.

Сөйтін, *білік/білек, бел* тұлғалары «бір нәрсенің ортаң бөлі, арқауы» деген ұғымға ие сөздер. Оқтың ұзын арқауы (ала *білек* оқ), арба доңғалақтарын байланыстырып тұратын арқау ағаш (*білік ағаш > белағаш*), үй төбесінің арқауы — бәрі де *бел* (*біл. білік*), *білек* сөздерінің қатысуымен аталады.

Білік сөзін және бір жерде кездестіретін тәріздіміз. Өткен ғасырда В. В. Радлов жинап бастырған қазақ текс-

терінің ішінде «аяғына бұғау, қолына *білекшіін* қойып, зыңдапқа бырақты» деген сөйлемді оқимыз. Мұндағы *білекшіін* сөзі де, біздіңше, тұтқынның қолын артына қайырып байлау үшін колденең қойылатын ағашты білдіретін тәрізді. Өйткені егер бұл сөз *білек* (қолдың білегі) дегеннен жасалған болса, оның тіркесіндегі етістік *қойып* делінбес еді, *салып, кигізіп* болар еді. Бұл жорамалымызға және бір дәлел ХІІІ ғасырдың түркі-араб сөздігін зерттеген голланд ғалымы Т. Хоутсма мұндағы *білік* сөзіп «тек қана беліне қыстырып жүретін құрал» деп табады (Құрышжанов, 97). Сірә, ғалым *білік* сөзінің түп-төркінінде «бел» (пояс) мағынасы барын сезіп, сол мағынадан шығарып тоншыласа керек. Мүмкін, жоғарғы *білекшіін* (*білікшіін*) «кішкене білік» (Хоутсма айтқан белге қыстырып жүретін сойыл тәрізді қару) дегенді білдіретін болар. Бірақ бұл айтқандарымыздың бәрі жорамалымыз ғана, әрі қарай іздестіре түсу қажет.

ДАҢҒА ШЫҒУ.

«Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырында:

Қарабай, Сарыбаймен аңға шыққан,
Екеуінің дәуірі *даңға шыққан* —

деген жолдар бар. «Ер Сайын» жырында:

Байлығының белгісі
Малы алашқа *даң болған* —

деп келеді. *Даңға шығу* тіркесі «Ер Тарғын» жырында да кездеседі. Бұл тіркес Қазақстанның батыс өлкесінде жергілікті сөз (диалектизм) ретінде кейде ауызекі сөйлеу тілінде де ұшырайды. Мағынасы — «белгілі болу, атағы шығу, даңқы шығу». *Даңға шығу* дегеннің бірінші сөзінің түбірі — *даң*. Бұл — жеке тұрып қазірде көп қолданылмайтын сөз. Ал түркі тілдерінің кейбіреулерінде мысалы, қырғыз тілінің оңтүстік диалектісінде *даң* — «атақ, белгілілік, даңқ» мағынасында ұшырасады. Осы түбірден өрбіген *даңдуу* «белгілі, атақты», *даңдау* «біреуді мақтап атағын жаю», *даңдану* «өзін жақсы жағынан көрсету» деген сөздер қырғыз әдеби тілінде жұмсалады. Қазақ тілінде де «өз атағын өзі көтермелеу» деген мағынада *даңдайсу* (*даң + да й + сы + у*) деген етістік кездеседі. Демек, *даң* сөзі бір кездерде жеке тұрын, «атақ, даңқ» дегенді білдіргені хақ.

Бұл жерде ерекше болып көрінетін құбылыс — *шығу* етістігінің барыс септіктегі сөзді қажет етуі (әдетте, дұрысы *даңы шыққан* болу керек қой). Сірә, *биікке шықты*,

тауға шықты дегендей, белгілі атаққа шықты (ілікті) деген үлгіге (модельге) сай *дауға шықты* болып қалыптасқанға ұқсайды. Қазірде *бой жетті* түрінде айтылатын тіркес ілгеріректе қазақ тілінде *бойға жетті* тұлғасында айтылған. Мысалы, Асан қайғы толғауында:

Қадірін жеңге білмесе,
Бойға жеткен қыз ғаріп.

Дау сөзі осы күнгі әдеби нормадағы *дауқ* сөзімен түбірлес деген пікір бар (Досқараев, II, 43). —

ДАТ (ДӘТ). Ауыз әдебиеті үлгілерінде: *Дат*, тақсыр!, Тоқта, батыр, *дәт тыңда!* деген жолдар кездеседі. Бұлардағы *дат/дәт* сөзінің негізі — *дад*. Ол парсы тілінде «әділ заң, әділдік» және «(әділдік іздеп) арыз айту, өтіну» мағыналарын береді. Сонда «*дат, тақсыр!*» деген сөздер «өтінішім бар, соны тыңда» немесе «әділдік іздеймін!» деген мәнде айтылатын қалыпты сөздер болып шығады.

ДЕМ ТАРТУ. XV—XVII ғасырлардағы өлең-жырлар мен эпостарда:

Балдағы алтын құрыш болат
Ашылып шапсам *дем тартар*.
Сусыным қанға қанар деп —

деп келсе, дәл осы жолдарды Махамбет те қайталайды:

Қарқын күшті көк семсер
Шапқан сайын *ден тартар*,
Сусыным қанға қанар деп.

Дем тарту тіркесінің мағынасы бұл күнде күңгірт. Сондықтан да кейбір жерлерде ол *дом тартар* деп жазылған. Бұл тіркес, сірә, парсының *дем* сөзінің қатысуымен жасалған болу керек. *Дем* сөзінің парсы тілінде бірнеше мағынасы бар: қазақ тіліне енген *дем* («ауа жұту») дегеннен басқа және бір мағынасы «қылыш, оқ, қайшы, семсер сияқты құралдардың өткір жүзі, ұшы» дегенге саяды. Осыдан барып *дем тарту* тіркесі «өткірлене түсу» деген ауыспалы мәнге ие болуы мүмкін. Немесе қазақ, қырғыз тілдерінде осы сөздің «күш, қуат» деген ауыспалы мағынасы және бар екені мәлім. Мысалы, *дем берді, демеді* («қуат берді, жігерлендірді» деген мағынада), қырғыз тіліндегі *дем байлады* («үміт артты»), *дем кесті, дем суытты, дем басты* («күш-қуатынан айырды, аптығын басты, үркітті» деген мағынада) сияқты тұрақты тіркестердегі *дем* сөзі «күш, қуат» деген мәнде. Сондықтан *дем тарту* деген тіркес «күші артты» деген ауыспалы мағынада қолданылған сөздер болуы да мүмкін.

ДЕС БЕРУ, ДЕС БЕРМЕУ. *Дес* сөзі қазақ жырларында жеке тұрын сирек қолданылады, бірақ кездеседі. Мысалы, «Қамбар батыр» жырында:

Табасың қайдан *десіңді?*—

деген олең тармағын оқимыз. Бұл сөз қазақ тілінде көбінесе *дес бермеу, дес беру, дес тию, дес қору, десі қайтпау (қайту)* сияқты күрделі етістік құрамында қолданылады. Бұлардың барлығында да *дес* сөзі «күш, қайрат, өктемдік, артықшылық» мағыналарында қолданылған: *дес бермеу (беру)* «бой бермеу, билік бермеу, күшін көрсету, артықшылығын таныту», *дес тию* «билік тию, ерік тию», *дес қору* «тірек қору, таяныш ету», *десі қайтпау* «беті қайтпау, тайсалмау» деген мағыналарда жұмсалады. Бұлардағы *дес* — парсының *даст* «қол» деген сөзі, оның парсы тілінде 1) «күш, күштілік, билік», 2) «білім, хабардарлық, тәжірибе», 3) «артықшылық, жеңіс» деген ауыспалы мағыналары да бар. Қазақ, қырғыз тілдерінде бұл сөздің тура мағынасы да емес, ауыспалы мағыналарының 1, 3-түрлері қабылданған және сөз тұлғасы өзгерген (*даст > дес*). Қырғыз тілінде бұл тұлғамен келетін күрделі сөздер едәуір. Мұнда *дес қайтару* «қорқыту, сес көрсету», *десі қайту* «қаймығып қалу», *дес сындыру, дес жандыру* «қорқыту» деген тіркестер қолданылады.

ДУЛЫҒА/ТУЛЫҒА. Бұл сөз қазақ тілінде көбінесе *дулыға* тұлғасында кездеседі және тарихи сөз (көнерген сөз — историзм) болып танылады, яғни бір кездерде бас киімнің атауы болып жұмсалғанымен, заттың өзі жоқ болып кеткендіктен, атауы да қолданыстан шыққан, тек ертеректегі олең-жырлар мен мақал-мәтелдерде сақталған. қазірде образ үшін пайдаланылатын немесе бұрынғы дәуірлерді суреттеген тарихи шығармаларда кездесетін көнерген сөз болып қалған. Бұл, сірә, түркі-моңғол тілдеріне ортақ сөз болар, өйткені «оқ өтпейтін металдан жасалған бас киім (каска, шлем)» мағынасындағы *дуулга* сөзі моңғол тілінде де бар. Мұнда тіпті «дулыға кию» мағынасында *дуулгала(x)* етістігі бар (Молг.-русск. сл., 161).

Сөздіктердің аудармаларына қарағанда түрік, шағатай, ұйғыр тілдерінде бұл атау *тулға, туғулға, тулыға, тауылға, туқлуға* тұлғаларында «каска, шлем» мағыналарында қолданылатындығын Л. Будагов көрсетеді (Будагов. I. 404).

Қазақтың ертеректегі тілінде *дулыға/тулыға* сөзі алдымен батыр (жауынгер) киетін, «оқ өткізбейтін, яғни

металл қанталған бас киім» мағынасын берген. Мысалы, мұны «Қамбар батыр» жырындағы:

Құрама болат *дулығы*
Шекесіне қояды —

дегені, әрі батыр, әрі жырау Доспамбеттің:

Туған айдай пұрланып,
Дулығы кидім — оқибес —

дегендері дәлелдейді. «Дулығы кию» — батырлықтың символы. Шалкиіздің:

Дулығамның төбесі
Туған айдай болмаса,
Батыршылық сурмен-ді —

дегенінде, немесе: «Ер Көкше» жырындағы батырдың портретін беретін *Дулығы сыймас шекелі* дегендерінде *дулығы* сөзі образ үшін, батырлықтың иесін білдіретін символ ретінде келіп тұр. Бұл образды ХІХ ғасырда жаугершілікті жырлаған, өзі де батыр-жауынгер Махамбет ақын да еркін пайдаланады. Исатайдың портретін бергенде, оның ұрысқа кіретін қолбасшы екенін білдіру үшін «дулығысы басында» деген образды пайдаланады.

«Қобыланды» жырындағы Қарлыға қыз да батыр, ұрыс адамы, сондықтан ол да:

Буыны түсіп былқылдап,
Алтын қалпақ *тулығы*
Шекесінде жарқылдап

көзге түседі. Мұнда дулығының бас киім екендігін *қалпақ* сөзімен айқындай түссе, әрі металдан жасалған, әрі әсем (алтын жалатқан) бас киім екенін жыршы шебер келтірген.

Сөз түбірін кесіп айту қиын, дегенмен түбірі монғолдың «адамның төбесі» мағынасындағы *зулай/булай* сөзі болуы да мүмкін деген ойға келеміз. *Дулығы* сөзінің этимологиясын да әрі қарай іздестіре түсу қажет деп санауға болады.

ДЫНДАН. Батырлар жырларындағы сұлу қыздың образын бергенде, оны шашын *дынданменен тараған* деп келеді. Мұндағы *дындан* сөзі «тарақ» дегенді білдіреді, бірақ мал мүйізінен жасаған жай тарақ емес, піл сүйегінен жасаған қымбат әсем тарақ. *Дындан* парсы тілінде «тіс» дегенді білдіреді. *Дәндәна* сөзі бір нәрсенің, мысалы тарақтың тісі немесе кішкентай тіс деген мәнде айтылады. Ал түркі тілдеріне енгенде бұл сөз тарақтың тісін

емес, өзін білдіретін мағынаға ауысқан және жай тарақ емес, алыстан келген, сатын алатын қымбат тарақты ата-са керек. Ұйғыр тілінде *дындан сөзі* «піл сүйегі» деген мағынадағы көне сөз деп көрсетілген. Қазақ тілінде бұл сөз *дандан* түрінде де айтылған болу керек. С. Қасиманов *дандан* — піл сүйегінен істелген тарақ деп көрсетеді (Қасиманов, 215).

ЕЛ-КҮН. Тілімізде *ел-күн аманда* деген сөз реті бар. «Ер Тарғын» жырында Тарғын батыр:

Қаптай қонар елім жоқ,
Елім-күнім Кәрібоз,
Сойлесетұғын тілің жоқ —

деп астындағы атымен «сырласады». Бұл жерде өзі қызмет еткен ханнан әділдік таппай, жалғыз шығып кеткенде, өзін қаумалаған елі-жұртының, халқының жоқ екенін айтады, елі де, «қаумалаған қарындасы» да астындағы жалғыз аты мен қасындағы Ақжүніс ару ғана екенін білдіреді. Контексте қарай *ел-күн* қос сөзінің мағынасын оңай ұғуға болады, ол — «ел-жұрт. адамдар». Мұны алдыңғы сөзден аңғарамыз, ал *күн* сыңары немене? Адамдар деген мен аспандағы жарық күнді білдіретін екі сөз бұл жерде қалайша «табысын» тұр деген сұрақ туады. Іздей қалсақ, бұл тіркестегі *күн* сөзінің аспандағы күнге қатысы жоқ екен.

Күн көне түркі тілдерінің өзінде-ақ *ел* сөзімен қосарлана келіп (*ел-күн* түрінде), «халық, ел-жұрт» дегенді білдірген (ДС, 169). Осы қатарда *қадаш күн* тіркесі де бары көрінеді, ол «еркек-әйел туыстар» деген мағынада қалыптасқан. Соған қарағанда түркі тілдеріндегі көне тіркестердің құрамындағы *күн* сөзі «адам, адамдар» дегенді білдіретін монғол тіліндегі *хун* көзімен іліктес болар деп топшылаймыз. Бұл да көптеген сөздердің түркі-монғол тілдеріне ортақ дәуірлерінен келе жатқан жұқаналардың (реликтивтердің) бірі болар. *Күн* сөзі түркі тілдерінде «адам» мағынасында жеке қолданысында сақталмай, *ел*, *қадаш* сияқты сөздермен тіркескен (қазірде қосарланған) қолданыста орын теуіп қалған «көне көздердің» бірі болмақ.

ЕМСЕУ, ЖЕМСЕУ. Махамбет ақынның Баймағамбет сұлтанға айтқан атақты сөзінде:

Еділді көріп *емсеген*,
Жайықты көріп *жемсеген*
Таудағы тарлап шұбар біз едік —

деген жолдар бар. Мұндағы екі сөздің (*емсеу*, *жемсеу*) мағынасын тап басын бірден айтып беру қиын. Ал іздестірсек, мыналарға көңіл аудартуға болады. *Емсеген* сөзінің түбірі *еңсеу* ~ *аңсау* «бір нәрсені қатты қалау, тілеу, құмарту» болар. Мұны Л. Будагов осылай көрсетеді: *еңсемек* — бір нәрсені қалау, аңсау (иметь жажду) (Будагов, II, 392). 1912 жылы Қазанда шыққан «Ақын» атты кітапта:

Адыра қалғыр Кок Жайық
Садағын сала байланып,
Астана жұртын айлашып,
Ерлерім *еңсеп* келген жер —

деген жолдар бар. Осындағы *еңсеу* сөзі мен *Еділді көріп емсеген* деген сөз бір деп танимыз. «Шора батыр» жырында:

Тауда оскен тас түлек
Еңсейді де *жемсейді* —

деп келеді. Қазақ тілінде *аңсау* вариантында айтылатын бұл сөз өзге кейбір түркі тілдерінде, мысалы, қырғыз тілінде *еңсеу* түрінде айтылады: *эңсе-* қатты аңсау (сильно желать) (Юдахин, 956). Ал *аңсау* вариантының қырғыз тіліндегі негізгі мағынасы «шөлдеу, сусау» (қазақ тіліндегі *аңқасы кету* дегенмен салыстырыңыз). Бұл жерде *ң* мен *м* дыбыстарының алмасып келуі келесі тармақтағы *жемсеген* сөзіне ұйқасуынан болу керек. Өйткені бұл сөздің *еңсеу* варианты қазіргі қазақ тілі үшін түсініксіз: бейтаныстау сөздің тұлғасын өзгерте салу — тілде бар құбылыс.

Келесі жолдағы *жемсеген* сөзінің түбірі — *жемсе-*. Ол *жем* сөзіне *-се* жұрнағы қосылып жасалған. Көне *-са/-се* жұрнағы бір нәрсені қалау, тілеу мағынасын беретін етістік жасайды, бұл Махмұт Қашқариден бастап (XI ғ) көрсетіліп келеді. Мысалы, Қашқари сөздігінде «ол сатқысы келді» дегенді *сатсады* деп, «су ішкісі келді» дегенді *сусады* деп, «май жегісі келді» дегенді *йағсады* (*йағ* — көне түркі тілдерінде «май» деген сөз) деп көрсетілген. Сонда *жемсе-* «жем жегісі келу» деген сөз болып шығады. Бұл да көне, сирек жұмсалатын сөз.

ЕҢІРЕУ, ЕҢІРЕТУ. Қазіргі қолданысымызда *еңіреу*, *еңірету* сөздері «қатты жылау, егіле жылату» деген мағынада келеді. Ал ескі жырларда, өткендегі ақын-жыраулар тілінде бұл сөздердің «жылау» — мағынасына мүлде

жанаспайтып қолданыстары кездеседі. Мысалы, «Қозы Көрпеште»:

Коктайды қарыштатып мен еңіретін...
Сары ала сай кез оқты еңіретті...
Бақа айғырға қамшысын еңіретермін.—

деген жолдар бар. Бұлардағы *еңірету* сөзі «зулату, ызғыту» мағынасында қолданылған. Бұл мәндегі *еңіреу*, *еңірету* сөздері *аңырау*, *аңырату* сөздерінің дыбыстық варианты сияқты. *Аңыратып ән салды, ат аңыратып келеді* дегендер жоғарғы *еңірету* дегенмен бірдей мағынада келіп тұр. Мысалы, «Ер Қосай» жырында:

Алтын ат аңырап келеді,
Баланың ісін алады —

дейді. *Аңырау*, *аңырату* сөздерінің бұл күндегі мағынасы «зар ұру, зарлау, күңірену» және «үнді тамылжыту, шырқау» (ҚТТС, I, 1974, 286). Бұл сөздік *аңырау* сөзінің үшінші мағынасы деп «қатты ағындау, ызғыту» дегенді де көрсетеді.

Ал *еңіреген ер* деген тіркестегі *еңіреу* сөзінде «егіле жылау, зар жылау» мағынасы да, «құйқылжыту, қатты ағындау, ызғыту» мәні де байқалмайды. Бұл, сірә, *еңіреу* сөзінің «зар илеу, зар ұру» мағынасынан ауысып «күңірену, ел үшін, біреу үшін қам жеу» деген ұғымда, көбінесе *еңіреген ер* тіркесінде қалыптасқан сөз болу керек. Мұны ел қорғау тақырыбына жырланған эпостар тілінен Махамбет сияқты ел қамын жеген ақындар тілінен көбірек кездестіреміз:

Еңіреп жүрген ерлерді,
Ереңдер қашан ескеред («Алпамыс»);
Мен Нарында жүргенде,
Еңіреп жүрген ер едім (Махамбет).

ЕП. Махамбет ақын:

Жақсыларға еп едім,
Жамандарға көп едім —

дейді. *Еп* сөзі қазіргі қазақ тілінде жеке тұрып көп қолданылмайды. Ол *епті*, *епсіз*, *ебі жоқ*, *ебі бар*, *ебі келмейді* сияқты тіркестерде кездеседі. Жоғарғы мысалдарда *еп* сөзі «жөп, мақұл, дұрыс» деген мағынада қолданылған. Бұл сөз осы мәнде қырғыз тілінде әлдеқайда жиі кездеседі. Бір кездерде *еп* сөзі қазақ тілінде де жеке тұрып, «мақұл, жөп, дұрыс» деген мағынада актив қолданылғанын көреміз. Мысалы, жырларда:

Әлібек мына сөзді құп көреді.

Аймаңның бұл ақылын *ен* көреді («Аймаң — Шолпан»)

Мағымжанды беруге

Өз бойыңа *ен* не еді? («Қамбар»)

Жалған жауан сойлеуге сіздерге *ен* не? («Қозы Көрпеш»)

Бұл сөз «мақұл, жөп, дұрыс» мәнінде *епті* түрінде де келеді. Мысалы, «Аймаң — Шолпан» жырында ең сыйлы қопаққа арнап тіккен алтын үй жайында:

Мынау үй Мамаң байға *епті* келді —

делінеді, яғни жыршы «бұл үй Мамаң байдың түсуіне *лайық*» дегенді айтады.

Қазақ тілінде *ен* сөзінің «әдіс, тәсіл, айла, ыңғай» мағынасын білдіретін тұстары да бар. Бұл мағынамен төркіндес *епті, еңсіз, ептеу, ебдейлі, ебдейсіз* сөздері және бар. Барлығының да ішкі ұғымында «икемдік, ыңғайлылық, қолайлылық» деген қосымша мағыналық реңк бары көрінеді. Демек, *ен* сөзінің соңғы көрсетілген мағынада келетін туынды тұлғалары бұл күнде еркін әрі жиі қолданылса, «дұрыс, жөп, мақұл» мағынасындағы қолданысы ертедегі үлгілерде сақталған екен. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі *ен* сөзінің «әдіс, тәсіл, айла, ыңғай» және «дәл, сай, тар» деген мағыналарын ғана көрсетеді.

ЕРЕУІЛ. Махамбеттің атақты «Ереуіл атқа ер салмай» деп басталатын өлеңіндегі *ереуіл* сөзі ақын жинақтары мен оқулықтарда «ерттеулі ат» деп түсіндіріліп келе жатыр. Бұл — қате түсінік. Ол сөздің төркін тегін арнайы іздестірген Құлмат Өмірәлиев қазақша *ереуіл* сөзін монғолдың *ирэгуль* сөзімен байланыстырады: ертеде монғолдар ертеңгі болар майдап тағдыры қалай шешілерін, яғни кім жеңерін алдын ала білу үшін соғыс алдында екі жақтан екі мықты батырды таңдап, оларды жекпе-жекке шығаратын болған. Монғолдардың әдетінде қай жақтың батыры жеңсе, ертеңгі қан майданда сол жақтың қолы жеңеді деген наным болған. Міне, осы екеуді монғолдар *ирэгуль* деп атаған. Зерттеуші ереуілге шығатын батырлар мінетін атты да *ереуіл* деп атаған болу керек деп топшылайды (Өмірәлиев. Сөздеріміздің тарихынан, 80). Бұл пікірді Л. Будагов та айтқан болатын. Ол шағатайша *һараул*, қазақша *ереуіл* «әскердің алдыңғы шебі, авангард» деп түсіндіреді де, монғолша *ирэгуль* — «жекпе-жекке шыққандар» дейді. Жекпе-жекке кімнің шығуы керек екеніне кейде бал ашатын болған, демек, монғол тілінде бұл сөздің «бал ашу» деген мағынасы да бар дейді (Будагов, I, 186).

Қазіргі монғол тілінде *ирүүл* сөзі «жекпе-жек келу, турнир» деген мағынаны береді (Монг.—русс. сл. 222). Түркі сөздерінің түп-төркішін кең көлемде зерттеп жүрген ғалым Ә. Қайдаров бұл сөзді өзгеше туындатады: «батыр, батыл, жүректі» мағынасындағы *ер* деген түбір сөзге *-еуіл* жұрнағы жалғанып жасалған *ереуіл* сөзіне *-лі* деген тағы бір жұрнақ қосылып, *ереуілі* сөзі пайда болған, кейін келе бұл сөздегі *-ілі* деген дыбыстар шоғыры ықшамдалып, бұл сөздің бір ғана *л* дыбысымен айтылуына әкеп соққан. Мағынасы — «біреуге не бір пәрсеге күш көрсету, наразылық білдіру», ал *ереуіл ат* тіркесінде келгенде «жорық аты» деген мәнді береді дейді (Қайдаров, 32). Бұл пікірге Мұхтар Әуезов тілінің лексикасын арнайы зерттеуші Е. Жанпейісов те қосылады (Жанпейісов, 73).

Махамбеттің осы өлеңі 1910 жылы Орынборда шыққан «Шайыр» атты кітапта да жарияланған. Осы жинақты құрастырушы Ғабдолла Мұштақ (Ғұмар Қарашев) *ереуіл ат* деген сөзге «мінбей сақтаған ат» деп түсінік береді. Бұл сөзге біз де із кесіп көріп едік, ол із үшінші бір соқпаққа салды: монғол, қалмақ тілдерінде *эрүүл*, *эрүл* деген сөздер бар, мағынасы «сау, дені сау» (орысша «здоровый»). Көне монғол тілінде бұл сөздің дыбысталуы *ерегул*. Ал мықтылық денсаулықпен байланысты ұғым: дені сау адам (мал) мықты болады. Демек, *ереуіл* сөзі *ат* сөзімен тіркескенде «мықты ат, тың ат» («мінбей сақталған ат») дегенді білдіруі әбден сыйымды. Махамбеттің *ереуіл атқа ер салмай* дегені де «мықты, қосалқы, тың ат» дегенге меңзеуі де мүмкін. Ертеде үлкен ұзақ жорыққа шыққанда, астындағы атпен қоса және бір мықты ат ала шығу, яғни қосар мініп шығу дәстүрі қай-қай халықта да, әсіресе, түркі-монғол халықтарында орын алған, өйткені атсыз, жаяу адам ұрыс салатын жауынгер бола алмайды. Ұрыста не жолда астындағы аты мертліксе, оққа ұшса, өліп қалса, жорықшы алып шыққан қосалқы атына ер салып мінетін болған.

Ереуіл ат тіркесіндегі *ереуіл* сөзінің мағынасының соңғы дәуірлерде қазақ тілі үшін күңгірттенуі, бір жағынан, бұл сөзді мүлде қате түсіндіруге алып келсе («ерттеулі ат» деп анықтама беруге), екінші жағынан, тұлғасын өзгертіп, екі-үш түрлі етіп жазуға себепкер болған. Мысалы, 1974 жылы «Жазушы» баспасы шығарған жинағы «*Ерулі атқа ер салмай*» деп аталған, ал кейбір басылымдарда бұл сөз *ереулі* деп те жазылған. Соңғы екі

түрдегі тұлғалануы да дұрыс емес, дұрысы *ереуіл* болуы керек.

Сөйтін, *ереуіл ат* «ерттеулі ат» емес (ерттеулі атқа адам ер сала ма?!), «тың қосалқы ат», түп төркіні монғол тілінің не «сау» мағынасындағы *эруул* сөзі немесе «жекпе-жек, турнир» мағынасындағы *пруул* сөзі болу керек. Бұл қазақ тіліне монғол тілдерінен енген кірме сөз бе, әлде көптеген өзге сөздер сияқты өте әріден келе жатқан ортақ сөз бе — мұны іздестіре түсу қажет. Мүмкін, бұл сөз қазақ халқы құраған тайпалар тіліне Шыңғыс хан жорықтарынан бастап енген болар. Кезінде найман, керей(т) сияқты тайпалардың (сол кездің терминімен айтсақ, жұрттардың) Шыңғыстың өзіне қарсы тұрып соғысқандары бар, кейін Шыңғыс хан мен оның ұрпақтары жаулап алған елдерді өз әскеріне қосып алып, «әлемді жаулауға» аттанған жорықтарына қатысқандары бар — қайткенде де қазақтарды құраған көптеген ру-тайпалар монғолдың әскери лексикасынан жақсы хабардар болған, яғни ұрыс-соғысқа, әскери тәртіпке, әскер құрылымына қатысты монғол сөздерін меңгерулері хақ.

Махамбет бұл тіркесті образ үшін пайдаланған: *ереуіл атқа ер салмай... ерлердің ісі бігер ме* дегені өздері аттанған жорықтың ауыл арасындағы бір-екі күндік барымта-қарымта сияқты жүріс емес, кескілеспей басылмайтын, ұзақ жолды, көп күндік (айлық, жылдық) қан майдан екенін айтқаны, образбен бергені.

Ереуіл сөзі Махамбет қолданған тіркестен (*ереуіл ат*) өзге жерлерде бүгінгі кездің өзінде де кеңінен қолданылады. Түсіндірме сөздіктің анықтамасына қарағанда, бұл сөздің қазір екі мағынасы бар: бірі — «пролетарит күресінің негізгі түрінің бірі, жаппай бас көтеріс, қозғалыс, аттаныс, дүрлігушілік», екіншісі — «ұзақ жортуға шыдамды, берік, мықты» (бұл *ат* деген сөзбен тіркескенде ғана беретін біз көрсеткен мағынасы болуға тиісті, әйтпесе өзге сөздермен тіркесіп, «берік, мықты» ұғымын бере алмайды ғой).

Ереуілге шығу, еруілдеу, сірә, белгілі бір іс-әрекетке (айталық, аттаныс, жорық, саяси-әлеуметтік күрес т. б.) ниет еткенде, біріншіден, «елден, жұрттан бұрын, өзгелердің алдын ала» деген мағыналық реңкті, екіншіден, «қарсылық көрсете, наразылық білдіре» дегенді қоса қамтитын тәрізді және бұл іс-әрекет үнемі жаппай көпшілік орындайтын ғана емес, жеке адамға да тән болуы да мүмкін. Мысалы, Дулатта:

Ел үшін кешіп жаныған
Ереуілге шыққан ер —

деп келеді. Немесе жеке адамға да «таң атпай *ереуілден* неғып жүрсің?» деп те айтылады. Е. Жанпейісовтің зерттеуіне қарағанда, М. Әуезов те бұл сөзді «қарсылық көрсету, наразы болу, көтеріле қозғалу» мағынасында жұмсаған (Жанпейісов, 73). Демек, *ереуіл* сөзінің бір мағынасы «күрес, қарсылық, наразылық» деген реңкті қамтиды екен. Әрине, бұл мағыналардағы *ереуіл* сөзінің *ереуіл ат* дегендегі мағынасына қатысы жоқ. Қазіргі қазақ тіліндегі кең қолданысты *ереуіл* сөзінің де этимологиясын іздестіру — тіл зерттеушілердің алдында тұрған міндет.

ЖАҒАЛАСУ. Бұл сөздің қазіргі негізгі мағынасы — «тайталасу, айқасу», одан қалды «қосамжарлапып араласу, қоса қабаттасу», соңғысы — ауыспалы мәні. Сырт қарағанда, бұл сөз тайталасқан адамдардың бір-бірінің жағасынан алуына қатысты айтылған болу керек деп ойлаймыз. Ал шындығында сөздің түбірі *жағы/йағы/жау* сөзінің көне түркілік түрі (түркі тілдерінде *ʃ~у* дыбыстарының алмасуы кәнігі құбылыс: *тағ~тау, бағ~бау* дегендердегі сияқты).

Жағалас- етістігі — көне *йағылаш-* сөзінің қазақша варианты, ал *йағыла-* «ұрысу, соғысу», дәлірек көшірсек «жауласу» (*йағы~жау*). Демек, *йағы/жау* түбірінен қазақ тілінде екі етістік жасалған: *жағалас-* және *жаулас-*. Сонда *жаумен жағаласу* дегеніміз қазақшаға «аударсақ» *жаумен жауласу* болып шығады. Әрине, бір түбірден жасалған *жауласу* мен *жағаласу* деген екі тұлға өз алдына мағыналық реңктері бар екі дербес сөзге айналған: *жағаласу* тұлғасы «жауласу» сияқты жалпы ұғымның ішінде «арналысу, тайталасу, қоса қабаттасу» сияқты нақтылау реңкті білдіретін сөзге айналған, өйткені тіл «артық дүниені көтермейді», егер *жауласу* мен *жағаласу* сөздері дәлме-дәл бір мағынада тұрып қалса, біреуі артық дүние болып шығар еді.

ЖАД ЕТУ/ЖАТ ҚЫЛУ (ЕТУ). Бұл сөздер батырлар жырларында жиі кездеседі. Мағынасы — «құдайды, пірлерді, әулиелерді құшылық етіп есіне алу». Тіркестігі негізгі сөзі — *жад* парсы тілінде «ес, еске алу» мағынасында қолданылады. Демек, *жад қылу* «еске алу» деген ұғымды беретін күрделі етістік болып шығады. Бірақ бұл етістік жалпы біреуді немесе бір нәрсені еске алу емес, тек қана жалбарынатын иені — құдайды (алланы, тәңірі

ні), әулие-әнбиелерді, бабалар мен пірлерді еске алу, жай ғана еске алмай, оларға құлшылық етіп, бір тілекпен жалбарына еске алу мағынасында ғана қалыптасқан. Мысалы:

Жеті кәміл бабасып
Жад етуге жаңылып...
Батасын беріп қол жайып,
Жад етуге жаңылып...
Жад қылады иені...

Қобыланды батыр қызылбастың еліне Құртқа сұлуды алуға аттану үшін мінетін ат сұрап, жылқы басындағы Естеміске:

Жад қыламын, Естеке,
Жеті кәміл бабаны —

десе, тоқтамасын білген Естеміс те батасын беріп, қол жайып құдайды жад қылады. Бұл сөзді батырдың әкесі Тоқтарбайдың аузына жазушы М. Әуезов те салады:

Жүп шырағым жалындап,
Жад еткенім өзіңсің,
От анасы, жарылқа!—

дейді. «Ер Сайын» жырында:

Бозмұнай бай жылайды,
Жад айтады құдайды...

Бір ғажабы (өкініштісі) қазіргі қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде де, қырғыз тілінің екі тілдік сөздігінде де бұл күрделі етістік берілмеген. Ал *жад* сөзінің жалпы мағынасы «ес, ой» және оған қатысты *жадына түсіру*, *жадынан шығару*, *жадына сақтау* (тоқу, ұстау) т. б. сияқты кәнігі тіркестер ғана көрсетілген.

ЖАДЫЛАУ. ЖАЙШЫ. КҮН ЖАЙЛАТУ. Осыдан бұрын талданған *жад* сөзіне тұлғасы жағынан ұқсас, бірақ одан мүлде басқа сөздің бірі — *йат/йад*. Алдыңғы *жад ету* дегендегі *жад* сөзі парсы тілінікі болса, бұл талдағалы отырған *жад [йад]* — түркінің өз сөзі (түсіндірме сөздікте *жады* сөзін парсынікі деп қате көрсеткен). Көне түркі тілдерінде бұл сөздің бір мағынасы — «сиқырлық, арбау, дуалау, жаңбыр мен жел шақыратын сиқырлық», *йадчы* сөзі «сиқыр адам, арбаушы, сиқырлаушы», *йатла* етістігі «сиқырлау» деген ұғымдарды берген. Соңғы екі сөз сол тұлғада қазақ тілінде де бар, мағынасы да сақталған: *жадыла* — «сиқырлау, арбау дуалау».

Бір нәрсенің құпия сыры, сиқыры ұғымында *жады* сөзі де кездеседі. *Жады* — «ескі наным бойынша сиқырлы

күштің біреуге ынтықтыруынан болатын сырқат (ҚТТС, 1978, III, 499). Осы түбірден туындаған *жадыгөй* (кейбір жерлерде мұны *жадыгер* деп те айтады) — «сиқырлап-дуалап, алдап-арбайтын сиқыршы» (сонда, 499). Бұл екі сөзден жасалған *жадылау*, *жадыгөйлену*, *жадыгойсу* сияқты етістіктер де, *жадылық*, *жадыгөйлік* сияқты дерексіз есімдер де қолданылады.

Жадыгөй, *жады* сөздерін М. Әуезов «Қарақыпшақ Қобыланды» пьесасында да, «Қарагөз» трагедиясында да жақсы пайдаланған. Қазіргі күнде ұмыт бола бастаған бұл сөздерді түсініктірек болу үшін қатар келтіріп те қолданады: *жадысы* мен *жадігөйі* жайлаған жерде (Әуезов, VI, 202). Бұл күнде *жадігөй* сөзі «сиқыршы» деген тура мағынасынан ауысып, жалпы «алдаушы, қастандық етуші, екі жүзді адам» деген ұғымда жиірек кездеседі.

Жад/жат түбірі қазақ тілінде екінші бір фонетикалық тұлғада және қолданылған. Ол — *жайшы* және *күн жайлату* сөздері. Бұлардың да түбірі — *йад*. Түркі тілдерінің даму барысында *д* ~ *й* дыбыстық алмасулары болғаны белгілі (*адақ* ~ *айақ*, *құдық* ~ *құй* дегендер сияқты). Сонда *жайшы* — «сиқыршы» мәніндегі *йадчы* -ның қазіргі варианты. Бірақ *жайшы* — кез келген сиқыршы (жалпы жадыгөй адам) емес, ауа райын өзгерту үшін сиқырлық жасаушы адам. Өткен ғасыр лексикографы (сөздікшісі) Н. И. Ильминский: *жайшы* — жаңбыр шақырушы деп көрсетеді (Ильминский, 124). Шоқан Уәлиханов та осыны айтады: «*Жайшы* — қазақтарда сиқырмен жаңбыр шақырушы» (Валиханов, I, 251).

Осы етістіктің *жайлату* деген ырықсыз етіс түрі *күн* сөзімен тіркесіп, *күн жайлату* деген этнографизмді жасайды. «Қозы Көрпеш» жырында тазша қойшы болып жүрген Қозы Баянның асқа кеткен әкесі мен Қодарды келтірмей кідірту үшін:

Он екі күн бұршақты төгілдіріп,
Күн жайлатып, ашыны қамап салды —

деп суреттеледі. Және бір жерде тағы да сол Қозы:

Жердің жүзін күн жайлатып боран қылды —
деп келеді. *Күн жайлату* тіркесінің мағынасы көне наным-сенімдерге қатысты екені мәлім, яғни сиқырлап жауын-шашын шақыруды *күн жайлату* дейді, мұндай сиқыршыны жайшы деп атайды (Ильминский, 124).

ЖАМ. Қазақ тілінің ауыз әдебиеті үлгілерінде *жам ағайын*, *жам әулие* деген сияқты тіркестер бар:

Жам әулие жиналдық...
Жам ағайын жалпыға...

Жам — араб сөзі, ол — «жинау» деген етістік (*жама*). *Жам* тұлғасы қазақ тілінде «түгел жиналған, барлық, барша» деген мағынада жұмсалады. «Қамбар батыр» жырында:

Жиылды жұрт *жамаға* —

деп келеді. Бұл жерде *жамаға* деген арабша етістік «жиын» деген зат есім мәнінде жұмсалған. Бұл кірме сөз бұл күнде кемде-кем жұмсалатын, көбінесе тіркестер құрамында сақталып, оның өзінде де өткендегі мұралар тілінде қолданылған сөз ретінде танылады.

ЖАУШЫ. *Жаушы* деп ертеректе құда түсетін адамды атаған:

Қыз Назымға *жаушы* қып,
Жиырма жігіт жіберді...
Қызға *жаушы* көп екен,
Тағдырға жазған алады.

Бұл сөз *жуучу* түрінде қырғыз тілінде де осы мағынада жұмсалады. Қазақ, қырғыз тілдерінде *жаушы жіберу/жуучу жіберу, жаушы боп бару/жуучу түшу* деген тіркестер бар, мағыналары — «құда түсуге жіберу, құдалыққа бару».

Жаушы тұлғасы «сөз» деген мағынадағы *саб/сау* сөздерімен түбірлес деп ойлаймыз. Соңғы сөздер қазақ тілінде *сөз саптау, сауын айту* (қара: *сауын айту*) тіркестерінде сақталған: *сөз саптау* ~ *сөз сөздеу* ~ *сөйлеу*. Оғыз тілдерінде және ескі өзбек тілінде *саашчы сөзі* «елші, туыстар мен құдалар арасында хат тасушы адам» мағынасында жұмсалған. *Саушы*-ның түбірі *сау* «сөз», оған *-чы* жалғанып, «сөз айтушы» ұғымын беріп тұр, ал *елші* — сөз айтушы адам, хат тасу да — сөз жеткізу.

Қазақтың *жаушы*-сы мен қырғыздың *жуучу* сөздерін *саушы* тұлғасының бір варианты деп танимыз. *Жаушы* да сөз жеткізуші, бірақ адамдар арасында олардың бір-біріне жай ғана сөз жеткізуші емес, құдалық сөзді жеткізуші адам. Демек, бұл жерде сөз мағынасы тарылып, сараланған.

ЖӘРЕУКЕЛІ.

«Қозы Көрпеш» жырында:

Жәреукелі келеді жалшы деген —

сөздер бар. Сілтемеде бұл жолдағы *жәреукелі* сөзіне «жаынғыш» деп біршама дұрыс түсінік берілген. Мұның тү-

бірі — «ұнау, жақсы көріну» мағынасындағы *жарау* сөзі болуы мүмкін. Оған адамның бір қасиетін, қызметін т. б. білдіретін парсының *-кер* жұрнағы жалғанып, «ұнауға тырысатын, жағынғыш, қызмет етуге даяр тұратын адам» мағынасын беретін *жараукер* сөзі найда болса керек дегенге болады. Бұл сөз қырғыз тілінде де бар: *жароокер* — «жаны ашығыш, қызмет көрсетуге даяр тұратын адам» (Юдахин, 236). Қазақ тілінде өте сирек қолданылатын бұл сөз *жәреуке* түрінде қалыптасқан, соңғы *-кер* жұрнағының жіңішкелігі түбірді де жіңішкертіп өзгертуге себепкер болмады ма екен деп ойлаймыз. Сөз этимологиясын ашудағы біздің бұл келтірген талдауымыз — әзірге жорамал түріндегі ғана пікір. Әлі де іздестіруді қажет ететін тұлғалардың бірі.

ЖЕБЕ. Бір қызық жайт — қазақ тілінде көне қарулардың бірі — садаққа (жаққа) қатысты атаулардың көбі күні кешеге дейін бірнеше, ең кемі екі вариантты болып келеді. Мысалы, садақтың оғы *оқ* деп те, *жебе* деп те аталған. Екеуі де поэтикалық тілде қатар қолданылған. *қозы жауырын оқ. сай кез оқ. сары жебе. күшіген жүнді сұр жебе. қызыл сырлы жебе* т. т.

Кейбір кітаптарда, мысалы, Махамбет жинақтарында *жебе* сөзі «садақ оғының қыры» деп түсіндірілсе, қазақ тілінің екі томдық түсіндірме сөздігінде *жебе* — «садақ оғының маңсағы» деп анықталады (ал *масақ* сөзінің өзін «садақ оғының ұшы» деп түсіндіреді), сонда *жебе* — «садақ оғының ұшының ұшы (!) болып шығады. Дұрысында жебе — оқтың өзі. Мұны батырлар жырларында бірнеше рет қайталанып келетін:

Көп оғының ішінде
Сұр жебе деген оқ алды —

деген жолдар дәлелдей түседі.

Оқ пен *жебе* сөздері бір мағынадағы синонимдер. Егер *жебе* сөзі контекске қарай оқтың ұшын білдіретін болса, ол — ауыспалы мағынасы. Осыдан барып садақтың оғы сияқты үшкір, ұшы сүйір нәрсені де, мысалы, найзаның өзін немесе ұшын *жебе* деп атау пайда болған:

Жебелі найза қолға алсын...
Алты қырлы ақ *жебе*
Шапыша алмасам маған серт!—

дегендердегі *жебе* — найза немесе найзаның ұшы.

Қазақстанның батыс өлкесінде істік сым темірді *жебе істік* дейді (Досқараев, II, 55). Аңға немесе жауға қар-

сы, олардың жолына істік ағаштан, я болмаса темірден құратын тосқауылды да *жебе* деп атаған. Мысалы, Махамбет ақындағы:

Құрулы жатқан *жебеге*
Құрсағынан шалдырған —

деген жолдар осыны танытады. Немесе эпостардағы:

Жеті қатар қазған оры бар,
Ор ішінде жиған торы бар,
Жеті қатар *жебе* бар,
Болаттан қаққан шеге бар —

деген жолдар да *жебе* сөзінің бір мағынасы істік тосқауыл екендігін дәлелдей түседі. Кейінгі Ұлы Отан соғысы кезінде және одан бұрынғы бірінші дүниежүзілік соғыста да соғысушы екі жақтың тосқауыл шебінде қолданған тікенекті темір торды немесе танкіге қарсы құрылған тосқауылды атау үшін де кейде *жебе* сөзін пайдаланғанымыз мәлім. Бұлардың барлығы о бастағы «оқ» мағынасындағы *жебе* сөзінің ауыспалы мәнде пайда болған қосалқы қызметтері.

ЖЕК КӨРУ. «Жаратпау, ұнатпау» мағынасындағы бұл тіркес қазіргі тілімізде жиі қолданылады. Тіркес мағынасы түсінікті. Ал құрамындағы *жек* сөзі жеке-дара қолданылмайды, мағынасы күңгірт, ол бұл тіркестен басқа *жексұрын* сөзінде кездеседі. Көне түркі тілдерінде *йенік көр-* тіркесі және *йенікле-* етістігі «жаратпау, жирене қарау» дегенді білдірген. Мұндағы *йенік* сөзінің бір мағынасы «мардымсыз, болмашы, түкке тұрғысыз» деген болса, *йенік қору* «түкке тұрғысыз, жиренішті нәрсе немесе адам деп тану» болып шығады.

Йенік/йеңк сөзінің қазақша *жек* болып кетуі түркі тілдерінің дыбыстық заңдарына қайшы келмейді: зерттеушілердің айтуларына қарағанда, түркі тілдерінде *ғ, р, л, ң, й, у* дыбыстары «әлсіз» дыбыстар, олардың түсіп қалуы, қосылуы, өзге дыбыстарға ауысуы «оң-оңай» (мысалы, *бағла ~ байла, нең ~ не, бұл ~ бұ, сағ- ~ саан-, йағы ~ жау* дегендердегі сияқты). Осы қатарға *йеңік > йек > жек* тұлғаларын жатқызуға болады. Демек, ертедегі бабаларымыз «жақтырмау, жаратпау» мағынасында *йенік қору* тіркесін қолданған болса, бұл сөздер осы мағынада қазақ тілінде *жек қору* түрінде сақталып келген деуге болады. Зерттеуші Ә. Нұрмағамбетов бұл тіркестегі *жек* компонентін «жын, шайтан» мағынасындағы көне *жек* сөзі деп таныды, яғни *жек көру* «жын, пері көруді» білдіреді дейді

(Нұрмағамбетов, 79). Біздіңше, бұл — даулы пікір-ау дейміз. Егер *жек қору* егістігі бұл мағынаға қатысты болса, *жектей қору* болар еді және жаратпау, ұнатпау үшін адамның не бір нәрсенің шайтан, пері, жын сияқты болып көрінуі шарт емес. Әсіресе, жек көрінетін тек адам емес, оның мінез-құлқы, жүріс-тұрысы да, жеке жансыз заттар да, тіпті дерексіз (абстракт) ұғымдар да болады ғой, соңғыларды қалайша шайтандай көруге болады? Сондықтан біз алдыңғы болжамымызды дұрыс, қисынды болар деп ойлаймыз.

ЖЕР БОЛУ, ЖЕР ҚЫЛУ. *Жер болды* тіркесін «ұятқа қалды, абыройы түсті, беті кұйді» деген мағыналарда жұмсаймыз. Соған орай біреуді *жер қылу* — «ұятқа қалдыру, абыройын түсіру» болып шығады. Мұндағы *жер* сөзі жеке алғанда түсінікті сияқты. Бірақ дәл осы тіркесте «қара жер, жер шары» мағынасындағы *жер* сөзінің «ұят» дегенге қатысты тұрақты тіркес жасауында көңілге қоңбайтын қисынсыздық бар. Іздестірсек, мұндағы *жер* сөзінің төркіні басқа болып шықты.

Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілінде *ир* сөзі «ұялған, қысылған» деген мағынаны білдірген. *Ер ир болды* деген сөйлем *кісі ұялып қалды*, яғни дәл қазіргіше *кісі жер болды* дегенді білдіргенін ХІ ғасыр лексикографы Махмұт Қашқари көрсетеді (ДС, 211). Демек, ұялғанда, ұялтқанда айтылатын *жер болды*, *жер қылды* дегендердегі *жер* сөзінің «қара жер» мағынасындағы жерге тікелей қатысы жоқ болып шығады. Қазақ тілінде *ир* (*жир* ~ *жер*) сөзінің ұятқа қатысты ұғымы ұмыт болғандықтан, жоғарғы тіркестердегі бұл сөзді кәдімгі «жер» ұғымымен ұштастырып, ұятқа қалдыру мәнінде *жерге қарату* деген тіркес те жасалған, бірақ бұл қолданыстағы *жер* сөзін кәдімгі жер деп те тануға болады, өйткені ұялған адам төмен қарайды, бұл тіркес осыдан барып жасалған дегенге сая аламыз.

ЖЕСІР. ЖЕТИМ. Бұл сөздердің осы күнгі мағыналары айқын: *жесір* «ері олған әйел» дегенді, *жетім* «әкесі не шешесі, не екеуі де жоқ бала» дегенді білдіреді. Ал ертеректегі қазақ тілінде бұл сөздердің беретін мағынасы өзгеше болған. Шоқан былай деп жазады: «Қазақтар құлдарды екіге бөлген: соғыста қолға түскен құлды *олжасқан құл* немесе *жесір* деп, ал сатып алған немесе өзге жолмен (соғыста емес) келген құлды *жетім* деп атаған» (Валиханов, I, 127). Шоқанның осы сөзін қазақ жырлары

мен көне әдеби нұсқалары дәлелдейді. Мысалы, «Қобыланды» жырында:

Екі пәнде әкелдім,
Берсем сені күйеуге
Бас жетімің еткендей —

дейді әкесі қызына. Мұндағы екі пәнде деп тұрғандары — қашыда қолға түскен екі тұтқын батыр Қобыланды мен Қараман. Көбікті қызына: сені күйеуге бере қалсам, осы екеуің *құл етіп (бас жетім етіп)* беремін дейді. Ал бұрынғы қазақ салтында ұзатылған қызға жасаудан өзге малшы-жалшы, құл-құтан қоса беретін дәстүр болғаны мәлім. Мысалы, «Қобыланды батыр» жырынан:

Қырық құл мен қырық күң
Қосып берді қызына —

дегенді еске түсірелік. Батырлар жырының және біреуінде:

Пұшығы жоқ, кемі жоқ,
Бір мың жетім оған бер —

дейді. Мұндағы *жетім* деп отырғаны — құлдар.

«Қыз Жібек» жырында «жесірі» Жібекті іздеп келіп, қалмақ ханынан жеңіп алған Сансызбайға қайын жұрты:

Сексен нарды толтырып жасау артып,
Бес жетім, алтын отау берді дейді —

деп келеді. Мұндағы *бес* (сірә, *бас* болар) *жетім* де ұзатылған қыздың жасауына қосып беретін құл немесе (бесеу болса) құлдар.

Махамбет ақын көтеріліс жеңілгеннен кейін Баймағамбет сұлтанның алдына келуге мәжбүр болады, яғни Баймағамбеттің қолға түсірген тұтқыны және ұрыста қолға түскен емес, өз аяғымен, өзі келіп түскен құлы — тұтқыны. Баймағамбетке айтқан атақты сөзінде ақын:

Ұрмай-соқпай келтірген
Армапың бар ма құдайға
Мынау Махамбет сынды *жетімді*-ай! —

дейді. Мұндағы *жетім* сөзін ақын мұрасының басылымдарында тырнақшаға алып жазып жүр, бұл — ақын өзін қорғансыз екенін білдіру үшін осы күнгідей «әке-шешесіз» деген мағынадағы *жетім* сөзін қолданып тұр дегенге меңзейді. Ал дұрысында ақын бұл сөзді сол кездегі (ертеректегі) өз мағынасында, яғни «соғыста емес, өзге жол-

мен қолға түскен тұтқын» деген ұғымда қолданған, сондықтан ешқандай тырнақшаның қажеті жоқ. Махамбеттің:

*Жетімдерге жем бердім,
Жесірлерге жер бердім —*

дегенінде де *жетім* мен *жесір* деп отырғаны қатын-қалаш, бала-шаға *емес*, мал-мүліксіз кедейлер (тұтқын-құл тәрізді бейшаралар).

Жесір — «тұтқын және тұтқына түскен» деген мағынадағы арабтың есир деген сөзінің қазақшаланған тұлғасы. Бұрынырақ қазақ тілінде бұл сөз соғыста қолға түскен тұтқын — құл дегеннен гөрі, жалпы «тұтқын» мағынасында жиірек қолданылған. Мысалы, «Аймап — Шолпан» жырында:

*Екеуін сүйрен шықты екі жігіт
Қылады екі нақыр неден үміт,
Жесірді қолға түскен аясып ба,
Қорқады кетеміз деп парға мінін —*

деген жолдардағы *жесір* сөзі «қолға түскен тұтқын» мағынасында айтылған, олар Аймап мен Шолпан. Сол сияқты Теңге тоқал «*жесірін жұрт мақтаған корейін*» деп, Аймап қыздың алдына шығады. Бұл жерде де Аймап — қолға түскен тұтқын ғана.

Сонымен қатар *жесір* сөзі әйелге қатысты айтылса, қазіргідей, тек ері өлген әйелді ғана емес, қалыңмалы төленген қызды немесе әйелді де дау-шар тұсында *жесір* деп атаған. Бұл — «қалыңы төленген әйел де тұтқын, құл, күң есепті, мал берушінің меншігіне жататын басыбайлы болады» дегенді білдіреді. «Алпамыс» жырында баласын ойнап жүрін Алпамыс өлтірін алған кемпір оған:

*Күшің болса барсаңшы,
Жесіріңді алсаңшы —*

дейді. Мұндағы Алпамыстың *жесірі* — оған айттырылғал Гүлбаршын.

Қазан революциясына дейін қазақ даласында дау-шар, сот ісінде жиі қолданылған «жер дауы, жесір дауы» дегенде, үиемі ері өлген әйел туралы дау емес, бұл термин айттырылған, қалыңмалы төленген қыздың дауы туралы да айтылған. Әрине, ертедегі қазақ әдеби нұсқаларында *жесір*, *жетім* сөздерінің қазіргідей мағынада жұмсалған тұстары да жоқ емес. Мысалы, батырлар жырында:

Бәрі де жесір тұл қалды —

дегенде, әңгіме ерлері соғыста қаза тауын, жесір қалған әйелдер жайында.

Жетім сөзінің «басына азаттық берген құл» деген мағынасы болғанын өткен ғасыр сөздіктері көрсетеді (1878 жылы Санкт-Петербургте шыққан А. Старчевский құрастырған «Спутник русского человека в Средней Азии» деген кітаптың қазақша-орысша сөздігін қараңыз).

ЖОСЫН. Бұл сөз де сирек кездеседі. «Алпамыс» жырында Тайшық хан дуана болып келген қызына:

Берейін саған осыны,
Айуан тілін аңғарар
Сөзіңнің жота *жосыны* —

дейді. Мұндағы *жота жосын* деген сөздер «сөзіңнің жөні» дегенді аңғартады. *Жосын/йосун* сөзі көне түркі тілдерінде «тәртіп, әдет» дегенді білдірген. (ДС, 275). Қазақ тілінде *жосын* сөзінің *жосық* түрі активтеу, ол «жөн, бағыт, жоба» деген мағыналарда жұмсалады. *Жөн-жосық* болып қосарланып та келеді. Мұның *жосын* варианты көне жырларда, өткен ғасырларда жасаған кейбір ақын-жыраулардың тілінде оқта-текте ғана ұшырасады. Ал қырғыз тілінде көбінесе *жосун* түрі қолданылады, мағынасы — «рет, тәртіп, жөн, жосық». Осыдан туған (*жосуундуу* («халық дәстүрін ұстаушы, оны жақсы білетін адам»), *жосуунсуз* («тәртіпсіз, көргенсіз») дегендер де қырғыздың қазіргі тілінде қолданыстағы сөздер.

Жосын сөзін акад. Ә. Марғұлан *жора-жосын* түрінде өзінің қазақ тілінде жазған еңбектерінде «халық дәстүрі, салты» мағынасында пайдаланады (Ә. Марғұлан. Шоқан және Манас. Алматы. 1974).

Сөйтіп, *жосын* сөзі — *жосық* сөзінің варианты болып, «жөн, рет, тәртіп» және «әдет-ғұрып, салт» мағыналарында қолданылатын сирек сөздердің бірі.

ЖЫЛЫ: ЖЫЛЫ-ЖҰМСАҚ. *Сойылған мал етінің жылы-жұмсағы* деп айту бар. Мұндағы *жылы* сөзі бұл күнде түсінікті, ол *суық, салқан* деген сөздерге қарама-қарсы мағынада келетін сөз. Ал бірақ жоғарыдағы *жылы-жұмсақ* дегендегі *жылы* бұл мағынада емес. Бұл сөздің о бастағы тұлғасы *жаулы* < *жаулығ/жағлығ* болып табылады. *Жағ* ~ *жау* түбірі «май» деген ұғымды білдірген. Демек, *етгің жылы-жұмсағы* оның «майлы-жұмсақ», яғни ең дәмді жерлері дегенді білдірген. *Жау* сөзінің көне замандарда «май» мағынасындағы сөз болғанын, оның *жаужұмыр, жаубүйрек* деген атаулар құрамында келіп,

«май, майлы» деген ұғымды білдіргендігін білеміз. Көне түркі тілдерінде де *йағлығ-йумшағ* деген қос сөз болған, оның бір мағынасы қазақ тіліндегідей, «жұмсақ» болса, екіншісі «бітік егін» деген ұғымды берген.

Сөйтіп, *майлы* әрі *жұмсақ* деген сөздерден жасалған *жылы-жұмсақ* дегеннің бірінші сыңары *жаулы* сөзінің «майлы» мағынасы қазақ тілінде күңгірттенгендіктен, ол түсінікті *жылы* тұлғасына ауысып қалыптасып кеткен. Мағынасы күңгірт сөздердің тұлғасын ауыстырып жіберу — жиі кездесетін құбылыс.

ЖІТІМ: ӨЛІМ-ЖІТІМ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілінде *йіт*- етістігі «жоғалу, жоқ болу» деген мағынаны білдірген, мұнда да *өл-йіт*- деп қосарынан қолдану бары көрсетілген (ДС, 263). Демек, *өлім* сөзі бүгінгі қазақтарға түсінікті, ал *жітім* — «бір нәрсенің жоқ болуы», яғни *жоқ іздеп жүрмін* дегендегі *жоқ* сөзінің мағынасын беретін тұлға. Көне түркілерде «жоғалған зат («мал»)» ұғымына *йітүк (жітік)* тұлғасы болған: *ер йітүк сорды* — кісі жоғалған нәрсе (жоқ) туралы сұрады (сұрастырды).

Демек, *өлім-жітім* тікелей беретін «өлген, өшкен, жоқ болған, жоғалған» деген мағынадан шығып, «шығып, қаза» деген жинақтау мәнді білдіретін қос сөзге айналған. Бұл көбінесе малға қатысты айтылады: мал тек өліп қоймайды, сонымен қатар өзгеше түрде де «жоқ болады» ғой: ұрланады, ит-құсқа жем болады, тұралап қалады т. т. Осы соңғы жоқ болушылықты қос сөздің *жітім* сыңары білдіретін сияқты немесе бұл компонент алдыңғы «жоқ болушылық» — *өлім* деген ұғымды күшейте түсуге келген «көмекші күш» болып танылуы мүмкін.

Біздің байқауымызша, «өлтiрдi» мағынасындағы *басына жеттi* деген тіркестің о бастағы көне түркілік қолданысы *басы йиттi (жітті)* болса керек. Демек, ол «басы жоқ болды, өлді» деген ұғымдағы тіркес болып шығады. Соған қарағанда, қазіргі қазақ тіліндегі «көзін құрту, жоғалту, тығу, жасыру» мағынасындағы *жытыру* етістігінің фонетикалық варианты деп қарауға болады. Жуан варианты жеке қолданылатын сөз болып сақталған да, жіңішке нұсқасы тек сөз тіркесінде «сіріленіп» қалған сияқты.

ЗАР ЕҢІРЕУ. Алдыңғы сөз парсы тілінде *зари* тұлғасында «жылау, еңіреу», одан барып «шағым, өтініш» мағыналарын береді. *Зари кардан* «жылау» және ауыспа-

лы мәнде «отіну, жалынып сұрау» дегенді білдірсе, қазақша *зар еңіреу* деген тіркес те осы ұғымда қолданылады. Мұнда бір мағынадағы парсыша және қазақша екі сөз қатар келіп тұр. «Қазақшаласасқ», бұл тіркес *еңіреу еңіреу* болып шығады.

ЗОР САЛУ. «Қобыланды» жырында:

*Зор салмасын біздерге...
Зор салмасын жолбарысқа —*

деген өлең жолдары бар. Қамбар батыр өзін:

*Еңбекке белін байлаған
Қас кедейдің зорымыз —*

деп таныстырады. «Тауарих хамсадан» берілген бір өлең тексінен:

*Зор күн туды, зор күндер,
Күлкі кетті мол күндер —*

деген тармақтарды оқимыз.

Зор сөзінің бұл күнде сындық мағыналары ғана көрсетіледі, олар: 1) «ірі, үлкен», 2) «мықты, күшті», 3) «ерекше, айрықша». Оның заттық мағынасы қазіргі сөздіктерде көрсетілмеген. Ал ертеректе қазақтар *зор* сөзін «күш, мықтылық» деген заттық мағынада да жұмсағаны жоғарғы мысалдардан байқалады. Біз талдағалы отырған *зор салу* тіркесі де түсіндірме сөздікке енбеген. Жоғарыда келтірілген мысалдың алғашқысындағы *зор салмау* «күш көрсетпеу» деген ұғымда жұмсалған болса, соңғысындағы *қас кедейдің зоры* «кедейлердің тірегі, алпыс үйлі арғынды, тоқсан үйлі тобырды аң етін беріп асыраған күші, қуаты» деген мәнді байқатады.

Бұл күнде *зор* сөзінің заттық мағынасы өзгеріп, сындық, үстеулік мағынада жұмсалады. Бұл сөз парсы тілінде де бар, онда да бұл «күш, қуат, мықтылық» деген заттық мағынадағы сөз ретінде берілген. Демек, бұл сөзді біз түркі тілдеріне кірме дегеннен гөрі, парсы тіліне түркі-монғол тілдерінен енген сөз болу керек деп түйеміз. Өйткені «батылдық, ерік күші» мағынасында *зор* сөзі монғол тілінде де бар. Бұл түбірден түркі-монғол тілдерінде ондаған туынды сөздер (сын есім, үстеу, етістіктер) жасалғаны бұл сөздің түп төркінің көрсете түседі. Мысалы, бір қазақ тілінің өзінде *зорай, зорла, зорық-* деген етістіктер, *зораң, зорға, зордан* деген сын есім мен үстеулер, *зорлық, зорлықшы* сияқты туынды зат есімдер қолданылады.

ЗЫҢЫРАЛУ. Қазақ даласының батыс өлкесін мекендеп, XIX ғасырдың II жартысында өткен Абыл-Отембетұлының өлеңдерінен:

Замана қайым болар жер *зыңыранса*,
Тау құлап, тас қаңбақтай жұмаланса —

деген жолдар бар. Мұндағы *зыңырану* сөзі қазіргі қазақ әдеби тілінің лексикалық қазынасында тіркелмеген: сөздіктерде жоқ. Сірә, мұның түбірі еліктеуіш сөз болар: *зың + ы + ра*. Мұндағы *-(ы)ра* бөлегі *күркіре*, *сырқыра*, *барқыра*, *бұрқыра*, *зырқыра*, *шұрқыра* дегендердегі сияқты көбінесе еліктеуіш сөздерден етістік тудырушы жұрнақ. *Зың* — ызындаған дыбысты білдіретін еліктеуіш сөз (*ызында-* етістігінің өзі *(ы)зың* еліктеуіш сөзінен жасалғаны көрініп тұр). Бірақ жердің зыңырауы — жай баяу ызындаған дыбысты емес, орысша айтқанда, «гудящий», яғни «үздіксіз қатты дыбыс шығару» деген ұғымда танылады.

Қазіргі қазақ тілі нормасындағы *зың* түбірлі сөздер не *зыңы* тұлғасынан жасалған (*зыңғылда-*, *зыңғырла-*), не *-ыл* жұрнағын жалғаған есім тұлғасынан (*зыңыл*) жасалған болып келеді, *зың* еліктеуіш сөзіне тікелей *-ыра* жұрнағын жалғап жасалған етістік сирек қолданылатын сөзге айналған деп танымыз.

ИЛЕУ: ЗАР ИЛЕУ. «Қайғыру, зар шегу» деген мағынаны білдіретін бұл тіркестің алғашқы сөзі түсінікті, ал *илеу-і* нені білдіреді? Бұл *илеу* сөзінің *нан илеу*, *балшық илеу* тіркестеріндегі *илеу* сөзіне еш қатысы жоқ. Ол — оғыз тілдеріне тән *эйла-айла-* көмекші етістігінің дыбыстық өзгеріске ұшыраған тұлғасы. *Айла-* етістігі қыпшақ тілдеріндегі (мысалы, қазақ тіліндегі) *ет-*, *қыл-* етістіктеріне сай келеді. *Айла-* көмекші етістігі көбінесе араб-парсы сөздерімен тіркесіп, күрделі етістік жасайды, бұл тәсіл орта ғасырлардағы түркі жазба дүниелері тіміне тән, өте өнімді амалдардың бірі болған. Мысалы, Исаундің өлеңдерінде *байан әйла-* (баян ет- баянда-), *афу әйла-* (гафу ет-), *парһиз әйла-* (сақтан-) деген сөздер бар.

Қазақ тілінде *айла-* етістігі *иле-* түрінде тек біреп-сарпа сөзбен тіркесте сақталған болса, кейбір қазақ ақындары оны стильдік мақсатта ара-тұра пайдаланып отырған. Мысалы. Әріп Тәңірбергеноктен:

Наз етіп гашықтығым айтылған соң,
Қоңіл аусын көз жасыма *рахым айлап*.
Михнатты ауыр жүктер мойныма алып,
Бір жанды құрбандыққа тұрмыш сайлап —

деген шумақты оқимыз. Бұл тұлғаны белгілі бір стильдік мақсат көзден Сөзкер Сейфуллин де пайдаланған:

Сөйледі Адақ тұрып Абылайға:
И, тақсыр, өтілім бар, *қабыл айла*.
Жұмбақты шешпей тұрып тілегім бар,
Қабыл қып тілегімді сөзді байла.

Мұнда *қабыл* ет деген етістіктің орнына ақын *қабыл айла* деген тене-тең тұлғаны (эквивалентін) қолданғанда, біріншіден, бұл сөз Абылай хан сияқты жоғары лауазым иегеріне мәдениетті кітаби стильде тіл қатуды танытатын элемент ретінде келсе, екіншіден, алғашқы жолдағы Абылайға және төртінші жолдағы *сөзді байла* деген тұлғаларға ұйқасатын сөз ретінде кәдеге асырылған.

Қазақтың жалныхалықтық тілінде *айла*- сөзі оның қышпақтық *ет*- *қыл*- варианттары актив қолданылатын болғандықтан, тілде кеңінен орын таба алмай, *зар илеу* сияқты біреп-саран тіркестер құрамында «әлдеқалай» сақталып қалған тұлға екені байқалады. Бұған, сірә, ортағасырлық түркі жазба тілі «ат салысқан» болу керек.

ІЛЕНУ: САРЫСУ ІЛЕНУ. Буын-буынның ауруын *сарысу иленді* дейміз. Әдетте *илену* деп қамыр, балшық сияқты қою заттың араласын, нығыздалуын айтамыз. Сарысу дегенді қазақ қоймалжың сұйықтық деп түсінген болар, сондықтан оны иленді дейтін шығар деп топшылауға еркіміз бар. Ал бірақ *илеу* сөзінің түп-тамырын іздей қалсақ, көне түркі тілдерінде *иг(ий)* сөзі «ауру» дегенді, *игле-(ийле-)* «ауыру, науқастану» дегенді білдірген (ДС, 204—205). Демек, *илену* сөзінің төркіні көне *игле-* болса, ол күнде бұл етістіктің мағынасы «сарысумен (сарысу жиналын) ауыру» болмақ. Бұл жорамалымыз кейбір көне сөздердің қазіргі тіркестер құрамында сақталып қалу фактілерінің едәуір екендігіне сүйеніп жасалып отыр.

ІРЕК: ИТ МІНІП, ІРЕК ҚАМШЫЛАДЫ. Бұл тіркесте *ирек* сөзі түсініксіз. Акад. А. Н. Кононовтың жазғанына қарағанда, түріктер арасында иттің атын Ирек немесе Серек деп қояды екен (Кононов, 73—74). Демек, *ирек* сөзі ит, қасқыр тұқымдас деген атау болу керек. Сонда бұл образды тіркес «бір итті мініп, бір итті қамшылан» деген мәнді білдіреді. Бір мағынадағы екі сөзді кезектестіріп, бір сөйлем ішінде ойпату тіл-тілдің қай-қайсысына да жат құбылыс емес. Осы әдіс арқылы, яғни сөздерді ойпатып образ жасау — ұтымды тәсілдердің бірі.

Ирек сөзінің этимологиясын (қай тілдік екенін және түпкі мағынасы мен морфологиялық құрамын) әрі қарай іздестіру қажет. Біз әзірге таба алмадық.

КЕБЕНЕК. Қазақ тілінде «ерді *кебенек* ішінде таны», «кебін киген келмейді, *кебенек* киген келеді» сияқты мәтелдер бар. *Кебенек* сөзі жырларда да кездеседі. «Алпамыс батыр» жырында Құлтай Алпамыстың тірі екеніне сеніп:

Кебенек киген ер еді,
Кебін киген жоқ еді —

дейді. «Қобыланды батырда»:

Есіктің алды ебене,
Ерлер киер *кебене* —

деп келеді. Айырмашылық — *кебенек* сөзінің соңғы дыбысының түсірілімін айтылғаны. Қазақ халқының қолөнері жайында кітап жазған С. Қасиманов *кебенек* сөзін «ертеректе болған киіз шапан» деп түсіндіреді. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі *кебенек* сөзін «малшылардың аяздан, жауын-шашыннан қорғану үшін киетін, жұқа киізден тігілген сырт киімі» деп анықтайды (ҚТТС, IV, 535). Сірә, алғашқы түсіндірме дәлірек болар, өйткені «ерді *кебенек* ішінде таны», «кебін киген келмейді, *кебенек* киген келеді» дегендерге қарағанда, *кебенек* тек малшылар емес және жауын-шашыннан қорғану үшін ғана емес, жалпы кие беретін ең жұпыны (қарапайым) шапан болғанға ұқсайды. Оны Шоқанның еңбектеріндегі сөздерге берілген түсіндірмелер де растай түседі: *Кебенек* — қазақтардың ерте кездердегі киімі, ол тығыз әрі жұқа етіп басылған ақ киізден тігілетін кең, ұзын шапан (плащ), бұл киім жаңбыр мен қардан қорғайды. Кебенекті ертеде көбінесе жауынгерлер киген (Валиханов, II, 711).

Бұл сөздің *кебе* варианты да бар. «Едіге» жырында:

Тоқсан баулы ақ *кебе*
Тоғысқан жерде кигемін —

деген жолдар бар. Мұндағы *тоғысқан* жер деп тұрғаны — ұрыс майданы. Көне түркі тілдерінде *тоқуш-* «соғысу, ұрысу, шабуылдау» деген мағынаны білдірген (ДС, 578). XVI ғасырдағы қазақ шежірешісі Қадырғали би де *тоқуш, тоқушу* сөздерін «ұрыс», «соғысу» мағыналарында жиі қолданған. Соңда *тоқсан баулы кебе* ұрыс майданында — тоғысқан (тоқушқан) жерде — киген жауынгер киімі болып шығады.

Жоғарыдағы мәтелдердің бірінде *кебенек* сөзі *кебін* сөзімен қатар айтылып, бір-біріне мағынасы жағынан жақын (екеуі де киім: бірі — өмінікі, екіншісі — тірінікі) болғанмен, екеуі екі түрлі сөз: *кебін* — түркі тілдеріне араб тілінен енген кірме сөз, *кепін* «өлік орайтын материал». Ал *кебенек-тің* түбірі *кеп* сөзі болар деп есептейміз. Көне түркі тілінде *кеп* «қалып» («форма»), қазіргі қырғыз тілінде де *кеп* сөзінің бір мағынасы «қалып, киім, маска» (Юдахин, 375). Бұл сөздің о бастағы «қалып» мағынасы да кездеседі. Мысалы, Қозы тазша болып келгенде:

Таз *кепті* басыңдағы жұлып алды...
Мынау қолдан жасаған *кебім* еді...

дейді. «Тыңшы» етіп бір қызды қой ішіне жібергенде:

Бір сұм қызды жіберді қоймен бірге,
Тоқты *кебін* кигізіп терісіне —

деп суреттейді.

Сонымен қатар бұл сөзден қазіргі қазақ тіліндегі *кептеу* «нығыздау» (басына бөркін кептеп кию), *кептелу*, *таз кепеш* (адамның басына қалып сияқты кептеле қалатын бас киім) сияқты сөздер де сақталған. Бұл сөздің «қалып» (қалып та киім сияқты бір нәрсені қаптайтын нәрсе ғой) мағынасынан «киім» деген ауыспалы мағынаның тууы — табиғи құбылыс. Сондықтан *кеп* түбірінен жасалған *кебене/кебенек* сөзі «киім», оның бір түрі («киізден жасалған шапан») дегенді білдірген деп топшылаймыз.

КЕЗ. Оққа (жебеге) қатысты сөздердің бірі — *кез*. Бұл сөз — *сай кез оқ* деген тіркес пен *кезену*, *кезеу* сияқты етістік түбірлерінде сақталған, түп мағынасы бұл күнде ұмыт болған көне сөз. *Кез* деп көне түркі ескерткіштерінде жақ оғының түп жағын, яғни адырнаға тірейтін жерін атаған. *Кез* сөзі ертеде *оқ кезі* тіркесі түрінде де айтылған (ДС, 305). Бұл сөзден *кезгір-*, *кезле-* етістіктері жасалып қолданылған. Екеуінің де мағынасы «оқты адырнаға тіреу», яғни «атуға ыңғайлану». Қазақ тіліндегі *кезену*, *кезеу* етістіктері — көне *кезгер-*, *кезле-* сөздерінің морфологиялық варианттары, бұлардың да негізгі мағынасы «оқты адырнаға тіреп атуға оқтану».

КЕЛЕЛІ: КЕЛЕЛІ ҚАРА БҰЛТ. Махамбет өлеңдерінің бірінде:

Мен *келелі қара бұлтын*
Келе жаумай ашылмап —

деген жолдар бар. Мұндағы *келелі* сөзі бүгінгі қазақ тілінде тек «күрделі, маңызды» деген мағынада *келелі келес, келелі мәселе* деген сияқты тіркестерде қолданылады. Түсіндірме сөздіктерде оның *бұлт* сияқты нақты зат атауымен келуі көрсетілмейді.

Махамбет ақын — образды сөздерді шебер қолданған суреткер. Сондықтан ол *келелі бұлт* деп топталған қою (қара) бұлтты атап, оны айбарлы күштің, алған бетінен қайтпайтын қайсарлықтың символы етіп ұсынып отыр. Сөз түбірі парсы тіліндегі *гәллә* «үйір, топ» деген сөз болу керек. Бұл сөз *келе* түрінде қырғыз тілінде сиырдың табынын білдірсе, қазақ тілінде түйенің тобын білдіреді, яғни жылқының үйірі, сиырдың табыны деген сияқты, түйенің келесі болады. *Келелі мәселе* дегенде де «шоғырымен келіп күрделенген, мән алған мәселе» деген ұғымды түсінеміз. Махамбет ақынның «келе жаумай ашылмайтын бұлты» шоғырланған, топталған, яғни қою бұлт, мұндай бұлтты әдетте *қара бұлт* деп атайды. *Келелі бұлттың* да *қара бұлт* екенін ақын екі сөзді қатар келтіріп, мағынасын айқындап тұр.

КЕН. Қазіргі кезде *кен* сөзін «жер астынан қазып алынатын көмір, темір, мыс, алтын сияқты қазбалы заттардың орны, рудник, қазба» деп ұғамыз, оны ауыспалы мәнде «мол қазына, байлық» дегеннің орайында қолданамыз. Түсіндірме сөздіктер де, қазақ тіліндегі араб-парсы сөздерінің сөздіктері де *кен* сөзінің мағынасын осылайша түсіндіреді. Бұл — кірме сөз, парсы сөзі. Парсы тілінде бұл сөздің «кеніш (орысша рудник, конь)» және «қазба байлық» деген мағыналары бар. Қазақ тілінде де бұл сөз «бір нәрсенің жиналған жері, көзі» деген ұғымда қолданылып келгені байқалады. Мысалы, «Қыз Жібек» жырында Шеге ақын туралы «сөйлер сөзге *кен* еді» десе, мұнда да *кен* сөзі қазба байлықтар сияқты, тілге шеберліктің көзі, соның қоймасы сияқты болған адам жөнінде айтылып тұр.

Қазақ тілінде *кен* сөзінің жоғарғы көрсетілген мағынаға қатысы жоқ және бір ұғымы болған. Ол жөнінде Шоқан ецбектерінен білеміз. Оның айтуынша: «Аруақтар мен әулиелердің көзі түскен жер — тұзды колдерді де *кен* деп атаған (Валиханов, I, 113). Ғалымның осы айтқанын «Алпамыс» жырындағы:

Әзіреті Қаратау
Әулиенің *кені* еді —

деген жолдар әбден дәлелдейді. Мұндағы *кен* — Өзіреті әулиеің көзі түскен Қаратау (не сондағы аңы қолдердің бірі) деген мәндегі сөз.

КЕРДЕҢ МОЙЫШ. Тілімізде *кердең мойын кесіле*се деген тіркес бар. Мұндағы *кердең* — *гардан* деген парсы сөзі, мағынасы «мойын». Сонда екі тілдік *мойын* деген сөз қатар айтылып, плеоназм деп аталатын сөз түрін жасағаны байқалады. Екі тілге жататын бір мағынадағы сөздердің қатар келіп, плеонастық құбылыс жасауы — қазақ тілінде кеңінен көрінетін факт. Мысалы, *некен-саяқ, қыз-қырқын, қор соғыр* сияқты сөздердің бір сыңары екіншісінің толық баламасы (эквиваленті) екендігі оқулықтар мен жеке еңбектерде кеңінен айтылып жүр.

КЕРЕН. КЕРІК. «Қамбар батыр» жырында:

Кереңдей ашып ауызым —

деген жол бар. Мұндағы *кереңдей* сөзі өзге жырларда және осы жырдың басқа варианттарында *керектей, арандай* түрінде келеді.

Керік сөзі қырғыз эпосында да кездеседі: *керигим* бар, *нилим* бар, бұл мұнда носорог (мүйізтұмсық) деп аталатын жануардың атауы делінген. Сірә, қазақ жырларында да дұрысы *керіктей ашып ауызын* болса керек. Әрине, бұл болжамымыз — егер қазақтар да образ үшін *керік* атауы арқылы носорогті алған болса. Носорог — керік сияқты айбарлы жануар аузын ашқанда, соншама қорқынышты болатыны мәлім. Бұл образ о баста қазақтың, қырғыздың өзінікі емес (бұлар қоныс тепкен мекендерде носорог болған емес қой), өзге әдебиеттерден келген кірме образ болса керек.

Ал *керік* сөзінің *керең* тұлғасына кошуін *керік* сөзінің жалпы қазақ қауымына түсініксіздігінен іздеуге болады. Оның үстіне *құллан, бұллан* деген сияқты тағы жан-жануарлардың атаулары *-ан* деген дыбыстарға аяқталып келетіндіктен, аузын кең ашатын бейтаныс аңның атын да *керең* деп ұғу — әбден заңды құбылыс. *Керік* сөзінің *аран* сөзімен алмасуы да осы негізде. *Аран* да бейтаныс нәрсе (жануар ма, өзге бір образ ба?). Мүмкін *аран* монғолдың *араган* «жыртқыш, жыртқыш аңдар» деген сөзінің бір варианты болар.

Ал *керік* сөзі қазақ эпостарында «ат, батырдың, бауанның мінген аты» деген мағынада және қолданылады. Мысалы, «Алпамыс» жырында:

Сол уақытта бір палуан
Келе жатыр ұмтылып,
Аяғын жерге сүйретіп,
Мінген *керік* үйретіп —

дейді. Немесе осы жырда қалмақ батыры туралы:

Астына мінген *керігі*
Шыға келді ойнақтап —

деген жолдар бар. Жырдың басылымында түсіндірілгендей, *керік* — «көлік, жүк, жұмыс көлігі» емес, бұл жердегі *керік* — *ат* дегеннің бір атауы. Бірақ *керік* сөзінің бір қызығы — ол жағымсыз кейіпкерге қатысты жерде айтылады. Керік мінген қазақтың батырлары емес, қалмақтың ханы не балуаны болып келеді. Соған қарағанда *керік* деп жалпы атты емес, «бойы аласа ат» деген сияқты жылқының белгілі бір тұқымын атаса керек. Мысалы, ұйғыр тізінде *кәркә* сөзі «лилипут», «аласа бойлы» дегендерді білдіреді: *кәркә бойлуқ*, *кәр ат* (аласа келген кер ат) (Уйғ.-русс. сл., 639). Жылқының монғолдық тұқымын бөліп көрсету үшін, оны *керік* деп атағанға ұқсайды деп жорамалдаймыз. Ал жалпы алғанда бұл сөздің этимологиясын да, осы сөз арқылы беріліп тұрған образдың сырын да әлі іздестіре түсу қажет.

КЕТБҰҒЫ. Махамбет ақынның атақты «Айналайын Ақ Жайық» деп басталатын толғауында:

Керт бұғыдай билерден
Ақыл сұрар күн қайда?!—

деген жолдар бар. Ақынның біраз кітабында осылайша немесе *Кертбұғыдай* түрінде жазылып жүр. Көп басылымдарда бұл сөзге «бұғының бір түрі» деп түсініктеме беріліп келді. Бұл түсіндірменің жаңсақтығы контекстің өзінен де көрініп тұр: *Кертбұғыдай билерден ақыл сұрау* дегеннен кейін *Кертбұғы* сөзінің адам есімі екені өзінен-өзі танылуға тиіс. Ал осы сөздің дұрысы, біріншіден, *Кертбұғы* ма, екіншіден, ол кім? Біздіңше, бұл есім *Кертбұғы* болып жазылуы керек. Екіншіден, ол Махамбет сияқты сауатты, өткен-кеткен рухани дүниеден хабардар ақын *Кертбұғының* кім екенін біліп айтын отыр дейміз. Махамбеттің меңзен отырғаны XIII ғасырдағы атақты Аталық жырау немесе Ұлығ Жыршы болар ма? Араб тарихшысы Ибн әл-Асирдің шежіресінде ауызға алынған «Жошы өлімін естірту» деген 20 жолдық өлең тексімен жеткен, найман тайпасынан шыққан Аталық жырауды (араб тарихшысының атауы бойынша Ұлығ Жыршыны)

Кетбұға деп те атаған. Бұл есімді біз түркі-монғол тайпалары тарихынан аз кездестірмейміз.

Монғол империясының Хулагу ханы тұсындағы армиясының штаб басшысы найман Кит-Буқа нойон деген адам болған (әрине, бұл жерде жалқы есім орысша таңбалануынша келтірілген, түркіше не моңғолша *Кетбуға/Кетбұғы/Кедбуға* т. т. болуы керек) (Гумилев. Поиски... 210, 214, 215). С. Аманжоловтың мәліметіне қарағанда, қазақ шежірелерінің бірінде найманның Тоқпан, Ел Ата, Өкреш деген үш ұлы болады. Ел Атадан Келбұғы, Кетбұғы тарайды (Аманжолов, 56, 59). Қазақ күйшілерінің тарихын жүйелі түрде зерттей бастаған ғалым А. Сейдімбеков: «Кетбұға — Шыңғысханның замандасы... шамамен 1150—1230 жылдар аралығында ғұмыр кешкен адам. Ауызша, жазбаша деректерде Кетбұға ұлы жыршы, дәулескер күйші, көріпкел бақсы, тіптен Шыңғысханның хат таныған шежірешісі ретінде баяндалады... XV ғасырда ғұмыр кешкен Доспамбет жырау Кетбұғыны би ретінде аузына алып, оның даналығына құрмет көрсетеді:

*Кетбұғыдай билерден
Кеңес сұрар күн қайда!*

дейді. Арада үш ғасыр өткенде, басына күн туған Махамбет Өтемісұлы да:

*Кетбұғыдай билерден
Ақыл сұрар күн қайда!—*

деп армандайды» деп жазады (А. Сейдімбеков. *Кетбұға. «Халық кеңесі» газеті*). Зерттеушінің *Кетбұғыдай билерден ақыл сұрау* деген образ сонау Доспамбет жыраулардан сақталып келіп, Махамбет ақын тіліне оралған деген пікірі — жанды сөз, өйткені Махамбет өзіне дейінгі сан ғасырлық ауызша тараған қазақтың авторлы әдебиетін жақсы білген, содан сусындаған ақын.

Енді бұл жалқы есімнің тұлғалануы жайында. А. Сейдімбеков бұл есімнің *Кетбұға, Кербұға, Кербұқа, Кетбұғы, Құттыбұғы* болып әр түрлі айтылып келе жатқанына назар аудартады. Бұл, біріншіден, осы есіммен аталған адамның өте ертеде өткендігінен атының да түрленіп, өзгергендігінен болса, екіншіден, осы есімді құрап тұрған сөздердің де жеке-жеке мағыналарының қазақтар үшін ұмытылып кеткендігінен деп санаймыз. Біз түркі тілдерінің тарихы мен дыбыстық заңдылықтарына сүйеніп, мынадай этимологиялық талдау ұсынамыз. Сөздің екінші сыңары *бұға/бұғы/буга/бүке/бүгю/бөге/бөгү* вариантта-

рында келіп, көне түркі тілдерінде үш түрлі мағына айналдасына топтасады: *бөге* тұлғасы және оның фонетикалық варианттары «батыр, күшті адам» дегенді, *боғу* тұлғасы (және оның варианттары) «дана, данышпан» деген мағынаны, ал бұғы кәдімгі *бұғы* (жануар) мағынасын білдіреді. Бұл тұлғалардың қай-қайсысы да мағына жағынан жалқы есім жасауға қатыса алатын сөздер, әсіресе, «батыр», «дана, данышпан» мағыналарын беретін тұлғалар адам есімін, оның ішінде лақап аттарын, құрметті есімдерін беруге өте бейім болған сөздер.

Біздіңше, бұл күндерде де қойылатын *Бұғыбай, Бөгебай, Бүкібай, Бөгембай, Бұғыбек, Бағыбек* тәрізді кісі аттарындағы бірінші сөз сыңары жануар атын білдіретін *бұғы* сөзі емес. «батыр, ер» мағынасындағы *бөге* сөзі немесе «дана, данышпан» ұғымындағы *бүгі, бұғы* деген көне түркі сөздерімен түбірлес деп топшылаймыз. Бұл мағыналар өздерінің эпитеттік (суреттеушілік) қасиетімен кісі атын жасауға актив пайдаланылады. Ал егер адам аты жануар *бұғы* атауына қатысты қойылған болса, бұл мағына да өзінің тотемдік мәнімен қатыса алады.

Кетбұғы дегендегі *кет* сөзі де көне түркі тілдерінде *кед/кей-/кез* тұлғаларында келіп, не «күшті, мықты» дегенді, не «ерекше, айрықша» дегенді білдірген. Сонда *Кетбұғы/Кетбеғу/Кетбөге/Кедбұғы* сөзі «күшті күшті», «мықты мықты» деген ұғымдағы қосарланған сөздер, яғни плеоназм, я болмаса «ерекше күшті, айрықша батыр, асқан ер» деген мағынадағы есім болып шығады.

Сөйтіп, Махамбет ақынның атап отырған *Кетбұғысы* жоғарыдағы Аталық жыраудың образға айналған есімі, не тіпті осы есімді кейінгі дәуірлерде ақын жасаған өлкеде болған атақты билердің болуы мүмкін. Сірә, «Кетбұғыдай билерден кеңес сұрайтын күн» образы ертеде қалыптасып, Махамбет соны пайдаланған деген ойды қостаймыз. Қайткенде де, біріншіден, ол *Кертбұғы* емес, *Кетбұғы*, екіншіден, бұл сөз бұғының бір түрі емес, адам есімі болып танылуы керек.

КЕШЕСІ. «Қыз Жібек» жырында:

Айдың өткен кешесі,
Ай қараңғы кешесі —

деген жолдар бар. Мұндағы *кешесі* сөзі «бұдан бір күн бұрын өткен күн, яғни кеше» деген мағынадағы сөз емес. Көне түркі жазулары мен орта ғасырлардағы түркі ескерткіштерінде *кечә/кече* сөзі «түп» мағынасын білдірген.

Орта ғасыр жазба үлгілерінде *кече күндіз* тіркесі — қазақша осы күнгі *күні-түні* дегеннің баламасы. Ал *кечә бірлә, кечесі* — «түнде» деген үстеу мәнінде қолданылған сөздер. Сонда *ай қараңғы кешесі* деген тіркес «айсыз қараңғы түнде» дегеннің көне вариантты болып табылады. Бұл сөздің қазақ жырында кездесуі, сірә, ортағасырлық түркі жазба әдеби тілдерінің әсері болуы да мүмкін немесе қазақ халқын құраған ру-тайпалардың тілінен сақталған жұқана (реликт) болуы да ықтимал.

Кечә («түн») сөзі қазақ тілінде *кеш* тұлғасында түннің өзі емес, оның бір шағының атауы ретінде жұмсалғандығы мәлім (*кешғұрым, кешкісін, кештетін* деген сияқты сөздердің құрамында).

КИЕҢКІ. Мұхтар Әуезовтің «Қарақыншақ Қобыланды» атты пьесасында: Тек келінің *киеңкі* болмағай-ақ та... Және бір жерінде: Жер соқтырар күн болса, *киеңкінің* киесі — деген сөздер бар. Мұндағы *киеңкі* сөзінің дәл мағынасын бұл күнде екінің бірі тап басып айтып бере алмайды. Бүгінгі қазақ білетін *киеңкі* сөзі — жылқыда болатын құрт ауруының атауы, ол ауруды *қарақантал* деп те атайды дегенді қазақ тілінің түсіндірме сөздігі көрсетеді (ҚТТС, V, 31). Л. Будагов, В. Радловтардың сөздіктерінің көрсетуі бойынша, Қазан татарлары тілінде (осы авторлардың терминдері бойынша: наречиеcінде) *кийенки* «бедеу әйел» деген мағынадағы сөз; *кийенки қатын* — бала көрмеген әйел (Радлов, Т. II, 2, 1345).

Демек, М. Әуезов бұл сөздің туыс тілдегі мағынасын алып қолданған. Бұл пьесада жазушы осындай көптеген сөздерді әдейі келтіреді.

КӨБЕ, КІРЕУКЕ, САУЫТ. Бұлар мағыналары бір-біріне жуық сөздер. Олар адам денесін оқ, қылыш, найза тәрізді қарулардан қорғау үшін киетін, көне замандардан бар жауынгер киімдерінің атаулары. Қазақ энциклопедиясының түсіндіруіне құлақ ассақ, *көбе* — батырлар киетін сауыт, оның екі түрі болады: бірі — жүректің тұсын, білекті, тізені, нықты садақтың оғынан, қылыштан қорғау үшін жалпақ темірден жасалған сауыт, екіншісі — бүкіл денені қорғау үшін тырнақ көбесіне ұқсас қола немесе мысты қатпарлап тізіп немесе металл шынжырларды (шығыршықтарды) біріктіріп, көйлек тәріздес етіп жасалған түрі. Кейінірек көбенің жеңіл көкірекше түрі шыққан. Батырлар мінетін аттың да арқасы мен жонын, қабырға-

сы мен мойнын түгелдей жабатын көбелер де жасалған (ҚСӘ, V, 642—643).

Ал *сауыт* — садақ, қылыш, найза сияқты қару-жарақтардан қорғануға арналған киім. Ол ұсақ темір шығыршықтарды бір-бірінен өткізіп тоқылған тордан қысқа жеңді жейде түрінде жасалады. Сауыттың дулыгасы, мойынды, жабатын *далбағай сауыт*, *қол сауыт*, *аяқ сауыт* жеке тоқылады (ҚСӘ, X, 63). Бұған қарағанда *сауыт* — көбенің екінші түрін атайтын сөздің бірі, яғни *көбе* сөзінің синонимі.

Кіреуке — ерте замандардағы соғысқа киетін сауыт. Оның басқа сауыттардан айырмасы — кеудесінде, арқасында, білек үстінде темірден немесе көзеден істелген шарайнасы болған (ҚСӘ, VI, 181). Бұл түсіндірмелер, біздіңше, дұрыс. Ал XV—XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясы мен эпостарында бұлардың қолданысы жайында мыналарды айтуға болады: бұл үш сөз қатар, бірінің орнына бірі қолданыла берген. Мысалы, Доспамбет жырауда:

Кілең бұздай кілшейтіп,
Көбелер киген өкілбес.

Шалкиіз бен Махамбетте:

Көн садақтың ішінде
Көбе бұзар жебе бар.

Батырлар жырларында:

Бадана көзді бөрік *сауыт*
Баса үстіне киеді (Қамбар батыр).
Бадана көзді *кіреуке*
Мұны саған береді,
Баса келіп кисейші («Ер Тарғын»);
Шығыршықты *көк сауыт*
Бекіте киіп алады («Торехан»);
Зырқырай оғы кетеді,
Көкірек қысқан *көбедеп*
Қалмады қапыл жебеден («Ер Тарғын»).

Бұлардағы *бадана көз*, *шығыршықты* деп отырғаны шығыршықтардың тізбесі, оны кейде *шоже көз* деп те атайды. Мысалы, «Қыз Жібекте»:

Алтынды сауыт *шоже көз*
Түймеден кетті дегейсің.

Демек, келтірілген үзіктердегі *кіреуке* де, *сауыт* та, *көбе* де шығыршықтардан тізіліп жасалған қорғаныш сауыттар. Бұлар тепе-тең бір-бірінің баламасы (эквиваленттері) ретінде бірінің орнына бірі қолданыла беретіндігімен қатар, кейде тіпті қатарынан қосақталып та жүреді:

Үстіңе баса кшіп ал
Алғынды сауыт кебені («Қыз Жібек»),
Үстімдегі ақ сауыт,
Ақ кіреуке бек сауыт («Ер Қасай»).

Сауыт сөзі кей-кейде кобенің үстіпен салатын шарайпа мағынасында да қолданылған. *Шарайпа* — нарсы тілінен енген сөз, мағынасы «сауытқа қабаттаған, төрт бөліктен тұратын металл көкірекше» (Будагов, II, 455), Шарайпаны, яғни оқ өткізбес металл пластинканы қабаттап салатын болған. Мысалы, «Ер Тарғын» жырында:

*Бадапа көзді кіреуке,
Шарайпасы бес қабат —*

деп суреттейді. Қазақ халық поэзиясы тілінде *шарайпа* қабатын көбінесе тоғызға анарады. Мысалы, Төлеген інісі Сапсызбайға:

*Бадапа көзді кіреуке
Тоғыс қабат көк сауыт
Саған артап соқтырып,
Будырып кеттім кілемге —*

дейді. Бұл мысалдардағы *сауыт* сөзі «шарайпа» мағынасында. Осы мәнде кейде *торғауыт* сөзі де ұшырайды:

*Тоғыс қабат торғауыт
Сегізінен отеді («Ер Тарғын»).*

Сауыттың бір түрі *жалаңқат* аталған:

*Мінуге керек қазанат,
Беліне керек шарболат,
Денеге керек жалаңқат («Қобыланды»).*

Мұны «Батырлар жыры» бастырып шығарушылар «кйім, жеңіл шапан» деп түсіндіреді (Батырлар жыры, 1963, I, 44). Әрине, бұл қате. Жалаңқатты Ә. Қайдаров «сауыттың астынан киетін шарайпа» деп табады (Қайдаров, 28). Шындығында жалаңқат та сауыт. Оның сауыт екендігі контекстен де көрініп тұр. Мысалы, «Қобыланды батыр» жырында:

*Денеге оқты дарытпас
Дәуіт соққан жалаңқат —*

деп келеді. Сірә, жалаңқат, шарайпасы, яғни металл пластинкасы жалаң қабат кіреуке болу керек. *Жалаңқат* сөзінің компоненттерінің өзі осы мағынаға меңзейді: *жалаң* сөзі түсінікті («дара, жалғыз»), ал *қат* сөзі қабат «мағынасындағы сөз».

Кобе — көне сөз. Махмұт Қашқари сөздігінде *күбе йарық* түрінде хатқа түскен, мағынасы «металл сауыт» (ДС,

322). Бұл сөз орта ғасырлардағы түркі сөздіктерінен де табылады. мағынасы қазақ тіліндегідей (Құрышжанов, 150). Сөздің көнелігі мен сирек кездесетіндігінен, кейде ол қате түсіндіріліп, кейде тіпті өзгертіліп жазылып та жүр. Мысалы, бұл сөздің *кебе* деп жазылғаны кездеседі. Осыған қарап, Ә. Қайдаров *кебені* де «шарайна, сауыт» деп көрсетеді. Бірақ *кебе* мен *кебенек*, *кебене*, *кебентай* сөздеріне негіз болған *көбе* сөздерін екеуін екі бөлек түбір деп таниды (Қайдаров, 31). Шындығында «сауыт» мағынасындағы деп көрсеткен *кебе* тұлғасының дұрысы *көбе* болса керек.

Қазақтың ауыз әдебиеті мен солармен дәстүрлес ақын-жыраулар тілінің көркемдеу қазынасында белгілі бір ұғымды бейнелеп, өзге сөзбен атау жиі кездесетіні мәлім. Бұл тәсілден сауыт-сайман атаулары да құр емес. Мысалы, берік сауытты (көбені, кіреукені) *берен*, *шарболат* деп атаушылық бар. Бұрынырық айтылды, *берен* — көп мағыналы сөз, оның бір мағынасы «асыл болат, берік металл». Осы мағынасынан ауыстырып, денеге қару дарытпас, мықты металдан жасалған сауытты да *берен* немесе *шарболат* деп атағанын жырлардың тілінен байқаймыз:

Жеңсіз *берен* киінді,
Лашын құстай шүйілді («Ер Тарғын»);
Белгілі батыр бұл болар
Айғайлап жауға тиетін,
Шарболатты киетін («Қарабек батыр»),

Сол сияқты *кіреуке* деген сауытты «қымбат бағалы, әсем тон» мағынасында ауыстырып жұмсау да бар. Мысалы, *хандар киген кіреуке* дегенде немесе Алпамыс батыр Құлтай ағасына:

Жігітінде жүруші ең
Кіреуке тонды жамылып —

дегенінде, *кіреуке* сөзі сауыттан гөрі «қымбат киім, тон» дегенді аңғартады.

КӨБЕГЕН. КӨРПЕШ. КӨРПЕЛДЕС. *Көбеген* сөзін айта қалсақ, әрбір қазақтың аузына:

Базарбайдың *Төлеген*,
Ерте туған *көбеген* —

деген «Қыз Жібек» жырындағы жолдар ілігеді. Мұндағы *көбеген* сөзін осы жырды бастырушылар «ерте туған қозы» деп түсіндіреді. Оған осы жырдың келесі бір жеріндегі:

Мен едім Базарбайдың Төлегені —
Қозының ерте туған көбегені —

деген жолдар да себеп болса керек.

Көбеген, кобдік сөздерінің о бастағы мағынасы малға, оның ішінде қойға, қозыға байланысты болған, ал бірақ жырларда және ауызекі тілдегі қолданысында *көбеген* сөзі «жас бала, балдырған» деген ұғымды береді. Өткен ғасырдағы қазақтың ауызекі сөйлеу тілі материалдарын пайдаланған П. И. Ильминский өзінің 1861 жылғы сөздігінде: *көбеген* — балдырған, балақан (дитя, ребятушки)» деп көрсетеді де, бұл сөзді көбінесе балаларға әжелері айтады дейді (Ильминский. 198). Е. Жаппейісов *көбеген* сөзін монғол тіліндегі «бала, ұл» мағынасын білдіретін *хобөгүн* сөзімен тәркіндес деп табады (Жаппейісов, 78).

Қобыландының әкесі:

Олгенде көрген *көбеген*,
Ел тілегін тілеген —

дейді. Мұндағы *көбеген* деп тұрғаны да «бала». Бұл сөз «Қозы Көрпеш» жырында да бірнеше рет кездеседі. Қозы тазша болып келгенінде, «азырақ сөйлессеңіз қайтер екев?» — деп алдынан қыздар жүгіріп шығады, сонда Қозы — «тазша қойшы»:

Аяғоз қарамаймын терегіңе,
Қыз Баия үкі таққан желегіңе.
Қодар мен тоқсап алып тұрған шақта,
Көбеген таз сендерге керегі ңе?—

дейді. Мұндағы *көбеген* сөзі «жас бала» деген мағынада келген.

Сөйтін *көбеген* «жас бала, буыны қатпаған балдырған» деген сияқты ауыспалы мәнде де жұмсалған. Ауызекі тілде көбінесе қартаң әйелдер, әжелер жас балаларын, немерелерін *ұұлыным, ботам* дейтіні сияқты, *көбегенім* деп те атағаны байқалады. Көркем сөз шеберлері бұл сөзді «бала» ұғымында жұмсайды. Сәбит Мұқановтан келтірілген:

Сонда дағы олген жоқ, өсті Алтай
Торсық шеке, ақ сазап *көбеген* боп,—

деген мысалда осы сөздік түсіндіргендей, «шыдамды, тозімді, мықты» деген мағынаны беріп тұрған жоқ, «бала» деген ұғымды білдіріп тұр.

Көбеген сөзінің этимологиясын (түп-төркінін) жасаған Ш. Сарыбаев бұл сөздің түбірі *көбе(н)* болуы керек дейді. *Көбе/көбей/көпе/көпе* деп қазақ тілінің әр жерінде

ерте туған қозыны не басқа малдың төлін айтатынын көрсетеді, ал *-ген* кішірейткіш мағына беретін *-қан/ -кен, -қана/-кене* жұрнағының өзгерген түрі деп танытады. Сонымен қатар бұл зерттеуші қазақ тіліндегі *көрпеш, көрпелес* сөздері де *көбе/кене* сөзімен тәркіндес болу керек деп тоңшымайды. Өйткені *көне* түркі тілінде *көрпе* сөзі «кеш туған қозы» дегенді білдіргенін ХІ ғасырдағы Қашқари сөздігі көрсетеді. *Көрпе* сөзіндегі *p* дыбысының түсіні қалуы түркі тілдерінде жиі кездесетін құбылыс екенін ескертін, *көрпе* дегеннен *көне/кене* тұлғалары пайда болған дегенді айтады (Этимол. сөздік, 102—103). Бұл — дұрыс этимология.

Көне түркі тілдерінде *көрпе* сөзі жалпы «жас» дегенді білдірген. Мысалы, *көрпе от* «көк шөп» (свежая трава) (ДС, 318). Сонда *көрпеш* сөзі «жас бала» дегенді білдірмек. Қозы *Көрпеш* есімінің түбірі — осы *көрпе* «жас» сөзі.

Көбеген, көрпеш сөздерімен түбірлес сөздің тағы біреуі — *көрпелдес/көрпілдес*. Бұхар жыраудың бір толғауында:

Байдың ұлы *көрпелдес*
Шұбалаңқы тартады
Айдап жүрген малдан соң —

деген өлең жолдары бар. Мұндағы *көрпелдес* сөзіне мұраны ұсынушылар «күпілдек» деген сөз деп түсініктеме береді (XVIII—XIX ғ., 34). Ал «Қозы Көрпеш» жырында: Мен секілді көрпілдес неге керек — деген өлең жолындағы *көрпілдес* сөзіне «бұл не ескі сөз, не болмаса жазбаның шатағы ма, әйтеуір ұғылмады» деп түсініктеме берілген. Әрине, бұл түсіндірмемер қате.

Көрпілдес сөзінің де түбірі — *көрпе*. Бұл сөз алдыңғы сөздердің талдауында айтылды, *көне* түркілердің тілінде «жас, балғын» деген мағынаны берген: *көрпе оғул* — көктемде туған бала (ДС, 318). Бұл жердегі тіркестің мағынасы дәл қазақ тіліндегідей.

Көрпелдес/көрпілдес сөзі бұл күнде көбінесе мал басына қарата айтылатын сияқты, сондықтан түсіндірме сөздік оның мағынасын «жүндес, ет алған марқа қозы» деп анықтайды, ал *көрпеш* сөзі «ерте туған қозы» деп түсіндіреді. Шындығында *көрпеш, көрпілдес* бір мағынадағы сөздер. О баста оның «жас, балғын» мағынасы малға да, адамға да жанастырыла айтылса керек.

КӨКТЕП ТІГҮ. Бұл күрделі етістіктің негізгі сөзі *көкте*-нің көсемше түрі. Ол парсы тілінің көк «әр жерден бір іліп, сирек түскен тігіс» деген сөзінен алынған. *Көктеу* немесе *көктеп тігу* қазақ тілінде осы мағынада қолданылады. Бұл сөздің түсті білдіретін *көк* пен өсімдікті атайтын *көк* сөздеріне қатысы жоқ...

КӨР СОҚЫР. «Алпамыс» жырында балаға зар болған Байбөрі:

Көретін көзім көр болды,
Бір перзентке асық боп —

дейді. *Көр* парсы тілінде «соқыр, соқыр адам» деген сөз. Демек, *көр болу* — «соқыр болу». Ая *көр соқыр* тіркесі — бір мағынадағы әр тілдік екі сөздің қатар қолданылуы болып танылатын плеонастық құбылыс. «Соқыр» мағынасындағы *көр* сөзі *көрбала*, *көрбілте* сөздерінің құрамына да қатысқан.

КӨШЕ. Бұхар жыраудың Абылай ханға айтқан әлеңінде:

Өзің болған күнінде
Бір көшеге сыймайды
Азаткер де құлыңыз —

деп жазылған жолдар бар. Осы үзік «Алдаспан» кітабында «бір көшке сыймайды» болып жазылған. Дұрысы — соңғысы болар. Дегенмен *көше* сөзі ертедегі үлгілерде кездеседі. Мысалы, «Қамбар батыр» жырында:

Алтын менен жауһарды
Әзімбайдың атасы
Көшесіне шашады —

деген жолдарды кездестіреміз. Мұндағы *көше* парсы тіліндегі 1) «қаланың (шаһардың) кошесі, орамы». 2) «жол» мағынасындағы сөз. Демек, жоғарғы жолдардағы Әзімбайдың атасы алтын мен жауһарды орданың (қаланың) кошесіне шашты деп те немесе адамдардың жүретін жолына шашты деп те түсінуге болады.

Көше тұлғасы *көшелі* сөз деген тіркес құрамында да бар, бірақ бұл *көше* — алдыңғы *көше*-ден басқа мәндегі сөз. Бұл жердегі *көше* де парсы сөзі, ол мұнда «астарлы сөз» деген ауыспалы мағынаны білдіреді. Оны *-лі* жұрнағын жалған сын өсім етіп және *сөз* деген сөзді тіркестіріп, мазмұнын сәл өзгертіп («байсалды, мәнді, ақылды сөз») қолданатынымыз байқалады. Тіпті бара-бара бұл ауыспалы мағына адамның өзіне қатысты да айтылатын болған: *көшелі адам*, *көшелі жігіт*.

КҮДЕРІ/КӨДІРЕ. Махамбет ақын бір өлеңінде:

Көдіреден бау тағын.
Сауыт көр күн қайда?—

дейді. Осы жолдар ақын шығармаларының 1974 жылғы басылымында *күдеріден бау тағын* болып жазылған. Енді бір кітаптарда осы тіркес *күдіре бау, күдіреден бау тағын* болып келеді. Тіпті мұның *кодіре* варианты да кездеседі «XVIII—XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары» атты жинақты бастырушылар бұл сөзді *кодіре* деп жазады да, оған «көдіре — төзімді нәрседен жасалған бау» деп түсінік береді (XVIII—XIX ғ. ақындары... 394). Ал дұрысында *күдері* сөзі «төзімді нәрсе» дегенді емес, «жұмсақ иленген тері» дегенді білдіреді. Н. И. Ильминскийдің сөздігінде *күдері* — иленген түйе терісінен жасалған португея (ал *португея* дегеніміз қару асыну үшін нықтан асыра тағын жүретін немесе белге байлап жүретін асна не тартпа бау)». Сірә, бұл сөздің өткен ғасырдағы дәл мағынасы осы болар, өйткені Ильминский бұл анықтаманы сол кездегі қазақтардан ауызба-ауыз сұрап, жазып алған материалдары бойынша беріп отыр.

Бұл сөз қырғыз тілінде де бар: *күдөрү* — жұмсақ иленген қайыс (Юдахин, 458). *Күдері* — сирек қолданылатын, көбінесе *күдеріден бау тағу, күдері бау* тіркестерінде келетін сөз. Мағынасы ұмыт бола бастағандықтан қате түсіндіріліп, оның үстіне екі-үш (тіпті одан да көп) түрлі етіп жазылып жүргені байқалады.

Күдрага (күдері) сөзі монғол тілінде де бар. қазіргі беретін мағынасы «шілейке, омілдірік». Сөйтіп, өткен кезеңдердегі қазақ әдебиеті текстерінде кездесетін *күдері бау* тіркесі «жұмсақ иленген теріден жасалған бау» тіпті дәлірегі «түйе терісінен иленген бау» деген мағынаны білдіреді. Ертедегі жырлардың бірінде «күдіредей бойы созылып» деген сөйлем кездеседі («Шайыр», 1910). Мұнда да *күдіре* — «икемге көнгіш, созылған нәрсе» дегенді білдіреді. Қырғыз тілінде өте жұмсақ нәрсені *күдөрүдей* деп айту бар, тіпті аяғын жұмсақ басатын сұлуды суреттегенде, *күдөрүдей былқылдап* деп бейнелеу бар. Бұл жоғарыдағы қазақша *күдерідей созылып* дегенмен әуендес. Екеуінде де *күдері (күдөрү)* сөзі «жұмсақ, пілгіш» (демек, «жұмсақ иленген») деген мағынаны қамтиды.

КҮДІРЕ. Жоғарыда талданған *күдері* сөзімен сыртқы тұлғасы ұқсас *күдіре* сөзі және бар. Бұл да сирек қолданылады, бұл да *күдіре бел, күдіре жылақы* деген тәрізді

тұрақты тіркестерде келеді. Бұл жердегі *күдіре* сөзінің жоғарыдағы «жұмсақ иленген тері бау» мағынасындағы *күдері* сөзіне қатысы жоқ. Жырларда кездесетін:

Күдіре бел, күшпек сан
Бедеу атқа мінгер жер —

дегенде қолданылған *күдіре* сөзі «мықты, тозімді» деген мәнде жұмсалған. Бұл, сірә, ауыспалы мағына болу керек. Қазақ тілінде *күдірею* етістігі бар, мағынасы «бір пәрсенің көтеріліп, күжірейіп, қоржынып шығуы». Мысалы, *желкесі күдірейген өгіз*. Кейбір диалектологтер *күдері* мен *күдіре* сөздерін бір деп табады да, *күдері* «берік, мықты» деген ескі сөз және ол Шығыс Қазақстан өлкесіне тән диалектизм деп санайды, оған *күдері қайыс* (берік қайыс), *күдері жылқы* (мықты жылқы) деген мысалдар келтіріледі.

Күдері сөзі қазақ ауыз әдебиетінде «күдерінің терісі» (демек, «жылқының терісі») деген ұғымды білдіреді (Досқараев, 11, 71). М. Әуезов тіліндегі этнографиялық сөздерді зерттеген Е. Жанпейісов те *күдері, күдіре* сөздерін бір сөз деп табады да, олар «дөңес, шығыңқы» деген мағынаны білдіреді дейді. *Күдері бау* дегенде, баудың шығыңқылау, дөңес келген белдің терісінен жасалғандығынан осылай аталған болу керек дейді (Жанпейісов, 23—27). Біздіңше, *күдері бау* мен *күдіре жылқы* дегендегі *күдері, күдіре* сөздері бір сөз емес, екі басқа сөздер, бірақ екеуі де түп-төркіні беймағлұмдау, мағыналары күңгірт, сирек қолданылатын сөздер болғандықтан, көбінесе қате түсіндіріліп келе жатыр. Тіпті бұларды Қазақстанның тек шығыс өлкесіне тән жергілікті сөз деп танудың өзі жақсақтық, өйткені бұл сөзді материалдарды қазақ жерінің батыс өлкесінен жинаған Н. И. Ильминскийден де, Махамбет ақынан да, ауыз әдебиеті үлгілерінен де табамыз. *Күдіре* сөзі *жал* сөзімен де келеді: *күдіре жал*. Бұл сөздің мағынасының беймағлұмданғаны оның тұлғасын өзгертін айтуға (жазуға) әкеп соққан: бірде *күдері*, бірде *көдіре/кедіре*, бірде *қыдыра* деп те жазылып жүр.

Сөйтіп, *күдері* — «жұмсақ иленген теріден жасалған бау» деген, *күдіре* — «мықты, күшті» деген мағынада қолданылған екеуі екі бөлек сөздер деп тану керек.

КҮШЛЕСКЕН. XV—XVII ғасырлардағы қазақ ақын-жыраулары мен батырлар жырларында *күңкілдескен көп жаман* деген олең жолы кездеседі. Мұндағы *күңкілдескен* деген сөзді «наразылығын ашып айта алмай, ренжіткен

адамның сыртынан сөз ету» деген мәнде түсінуге болады. Ал бірақ, біздіңше, бұл сөздің дұрыс тұлғасы *күнiлескен* болуы мүмкін. Ол күнде сөз түбірі *күнi* боламақ. *Күнi* сөзі көне түркі тілінде «қызғаныш, қызғанған» дегенді білдірген. Осыдан туған қазақтың *күндеу* («көре алмау, қызғану»), *күндес*, қырғыздың *күнү*, *күнүлош* («күйеулері бір әйелдер») деген сөздері бар.

Күнi («қызғаныш») деген есім сөзден *-ле* жұрнағы жапғаныш, етістік туады (*балтала*, *қолда* дегендердегі сияқты), яғни осы күнгі *күндеу* етістігінің о бастағы тұлғасы көне түркі тіліндегідей *күнiлеу* болуы керек. Ал *күнiлеу*, *күнiлесу* «күндеген, қызғанған, көре алмаған» деген мағынаға не сөздер болып шығады. Бұл сөздің ертеде қолданылған көне тұлғасы келе-келе күңгірттеніп, бір жерде *күңкілдескен* (мұның да түбірі *күнi* болуы мүмкін), екінші жерде *күйбеңдескен* (мысалы, Шалқиізде: *Күйбеңдескен* көп жаман Сөзі тигенге ұқсайды). Үшінші жерде *қоңқалаған* (тағы да Шалқиізде: *Қоңқалаған* көп жаман Сол жақсыны көре алмас) болып құбылып отырған. Белгілі бір тұрақты тіркестің ішіндегі сөздердің құбылуы сол құбылып өзгерген сөздің күңгірттенуінен, түсініксіздігінен туатыны мәлім.

КІРІС. Қазақтың эпостық жырларындағы, Махамбет сияқты жаугершілікті толғаған ақын-жыраулар тіліндегі *кіріс* сөзі контекске қарасақ, көбінесе «жақтың тартна бауы, кермесі, адырнасы» мағынасында жұмсалған. Мысалы, «Ұыз Жібектегі»:

Саржанның *кірісі*
Тартуға келмей үзілді.

«Ер Қосай» жырындағы:

Оп атқа алған бұқаржа
Қуысына оқ салып,
Ата алмасам, маған серт!
Атқаныма шыдамай.
Кірістен кетесіз саған серт!—

деген жолдарда *кіріс* — адырна, тартна, керме бауды аңғартады.

Көне дәуірлер мен орта ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштерінде *кіріш* — жақтың кермесі, яғни адырна (ДС. 309; Фазылов, I, 607; Құрышжанов, 146). Демек, қазақ тіліндегі *кіріс* — көне замандардан келе жатқан байырғы түркі сөздерінің бірі. Ертеректегі түркі тілдерінде «қуруг йығач егілмес, құрмыш кіріш түгүлмес» деген мә-

тед болғаны Махмұт Қашқари көрсетеді (МҚ, I, 198). Қазіргі қазақшаға келтірсек, бұл мәтел «құрғақ ағаш иілемес, тартылған (құрылған) кіріс түйілмес (түюге келмес)» болар еді.

Кіріс сөзін С. Аманжолов алышын диалектісінің, яғни Қазақстанның батыс өлкесінің сөзі деп санайды (Аманжолов, 134). Ал фактілерге қарасақ, қазақ даласының тек алышндар жайлаған аймағы емес, өзге оңірлерде туған елец-жырларда да *адырна* мен *кіріс* сөздері қатар кездеседі.

Кіріс сөзін қазақ тілінің екі томдық түсіндірме сөздігі де, екі тілдік сөздіктері де бермеген. Ал Ә. Қайдаров кірісті жақтың екі ортасының түйіскен жері, жақ ортасы деп таниды, яғни *кіріс* — жақ атушының адырнаны сөзғанда, жебені ұстап тұратын жері дейді де, бұл сөз *кір* деген етістік түбіріне *-іс* жұрнағы жалғанып жасалған деп санайды (Қайдаров, 31). Зерттеуші Ғ. Мұсабаев та *кіріс* сөзін «гнездо лука (жақтың ұясы)» деп аударады. Демек, ол да *кіріс* сөзін жақтың оқ орнықтырып ұстайтын орта тұсы, оқ ұясы деп түсіндіреді. Ал біздің топшылауымызша, бұл сөз қазақ тілінде негізінен (көбінесе) «адырна, керме бау, жақ тартпасы» мағынасын берген және ол *кіру* етістігінен емес, *керу* етістігінен жасалған болу керек. *Кер-* етістігі «тарту, созу» мағынасында түркі тілдерінде «атам заманнан» бар сөз (ДС, 300), *-іш* (қазақша варианты *-іс*) жұрнағы — етістіктен есім тудыратын қосымша. Сонда *керіш* (*керіс*) сөзі «керілген нәрсе, керме, тартпа» дегенді білдіреді.

Керіш сөзіндегі *e* дыбысының қысаң *i*-ге ауысуы — түркі тілдері үшін жат құбылыс емес. Демек, көне *керіш* тұлғасы — қазіргі *керме* сөзінің баламасы болып шығады (*-ме* жұрнағы да етістіктен есім тудыратыны белгілі). Бұл түбірден *кереге* сөзі де жасалған тәрізді, өйткені *кереге* де киіз үйдің керілетін бөлшегі.

Ал жақтың оқ орнықтырып ататын орта тұсы «Ер Қосай» жырында айтқандай, *қуыс* деп немесе суреттеме түрде басқаша аталса керек:

*Қуысына оқ салып,
Ата алмасам, маған серт!*

Көне түркі тілдерінде бұл мағына *йа бағры* (*жақ бауыры*) деп берілген (ДС, 221). *Кіріс* сөзі бұл күнде ұмыт бола бастағандықтан, әр түрлі жазылып та жүр. Мысалы, «Қыз Жібек» жырының 1963 жылғы басылымында:

*Кірестен оғы отеді
Сапсызбайға жетеді --*

деп жазылған.

КІРІШ. Бұл сөз «Қозы Көрпеш» жырында:

Ен дария емшек сүтім кіріш тартар —

деген жолда кездеседі. Сондай-ақ Бұхар жырауда:

*Ат тұяғы тимеген
Ақ кіріш тас суда бар —*

деп келеді. Кейбір басылымдарда дәл осы жол *ақ кірпіш* тас деп қате жазылып жүр. *Кіріш* сөзіне «Қозы Көрпеш» жырында «ақ, айнақ» деп біршама дұрыс түсінік берілген. Көне түркі тілдерінде *кіршен* сөзі «бетке жағатын ақ нәрсе» дегенді білдірген. Қазақтың ертеректегі тілінде де *кіріш* сөзі *ақ* деген сөздің синонимі ретінде жұмсалған тәрізді. Оған *ақ кіріш тас, емшек сүті кіріш тарту* деген тіркестер дәлел. *Кіриш* сөзі «ақ балшық» мағынасында қазіргі ноғай, түрік тілдерінде қолданылады. *Кирэч* сөзі әзірбайжан тілінде де «гипс, алебастр» деген мағынада жұмсалады. Бұлардың барлығында да тастың, минералдың ақ түсіне қатыстылық бар. Сөз төркііне үңілушілердің бірі Б. Сүлейменова орыс тілінен енді деп жүрген *кірпіш* сөзінің өзі осы *кіріш* сөзімен жанастырады. (Этимол. сөздік. 109—111). Ал орыс тіліндегі *кирпич* сөзі бұл тілге түркі тілдерінен енген деген пікір де айтылып жүр (Шинова, 183).

КІШІЛІК. Жырларда және XVIII—XIX ғ. ақындарында *кішілік* сөзі кездеседі. Мысалы, Алмажан Азаматқызында:

*Алмажан сынды бейбақты
Кішілікке алуға —*

деген жолдар бар. Сырт қарағанда, мұндағы *кішілік* сөзі *кіші* деген сөзден жасалған (кіші әйел, тоқал) сияқты болып көрінеді. Ал шындығында бұл сөздің түбірі көне түркі тілдеріндегі *кіші/кіс* сөздері. Махмұт Қашқаридің көрсетуі бойынша, *кіші* сөзі «біреудің әйелі» дегенді білдірген. «үйлену» дегенді *кіші алу* деген (қазақ тіліндегі *қатын алу, қазіргі әйел алу* дегендермен салыстырыңыз).

Демек, *кішілікке алу* «әйел етіп алу» деген мағынада. Сірә, «кішкентай» мағынасындағы *кіші* сөзінің актив қолданылуына байланысты және *қатын, әйел, зайып, жұбай* сөздерінің тіл кәдесін әбден атқаруына орай «біреудің әйелі, жұбайы» деген ұғымдағы *кіші* сөзі қазақ тілінен

мүлде ығысын кеткенге ұқсайды да, тек *кішілік* тұтағасында көненің көзі ретінде некен-саяқ жұмсалып келгені байқалады. Е. Жанпейісов *кішілік* сөзі бір кезде тіпті еркекке де қатысты айтылған болу керек деп топшылайды да, бұл сөз «құл» мағынасын берген болу керек дейді (Жанпейісов, 44).

ҚАҒАНАҚ. Қазақтың халық өлеңінің біреуінде:

Қойым жайып келемін бозғанаққа,
Өзім тойып келемін *қағанаққа* —

деген жолдар бар. Әдетте *қағанақ* сөзін бұл күнде «малдың іштегі төлін орап тұратын жұқаша қабық» (ҚТТС. V, 472) деп түсінеміз немесе *қағанасы қарық*, *сағанағы сарық* деген образды тіркесте қолданамыз да *қағанақ*, *сағанақ* сөздерінің мағынасы немене дегенге мән бермейміз, ойткені фразаның (тіркестің) жалпы мағынасын түсінеміз, ол «мәз-майрам болу, дүннесі түгелдену». Ал жоғарыдағы өлең тексінде келген *қағанақ* сөзінің мағынасы тағамға қатысты екендігі контекстен көрінеді. Іздестірсек, өткен ғасырда қазақ тілінен материал жинаған В. Радлов *қағанақ* — қазақ тілінде «пісірілген уыз» деген сөз деп көрсетеді (Радлов, т. II, ч. I). Ал Будагов бұл сөзді «төлдің (қозының) жолдасы (іштегі төлді орап тұратын жұқаша қабық)» «деген мағынадағы сөз деп тіркеген. Тілімізде қолданылатын *қағанағы қарс (тарс) айрылу* сияқты тіркестің (мағынасы — «қатты шамдану, ашулану, тұлдану») құрамындағы *қағанақ* сөзінің «жарылып, айырылып кететін қабық» деген ұғымнан шығып тұрғаны байқалады. Жаңа қоздаған қойдың сүтінен пісірілген уызды да *қағанақ* деп атау сол «қабық» жарылып, қозы туғаннан кейін пайда болған сүт дегенмен тікелей байланысты болу керек. «Уыз» мағынасындағы *қағанақ* Қазақстанның барлық өлкесіне бірдей тән емес, жергілікті қолданыс болуы да мүмкін (В. Радлов материал жинаған жерлер — Шығыс Қазақстан, Алтай, Тарбағатай өлкелері екені мәлім).

Ал *қағанағы қарық*, *сағанағы сарық* дегендегі *қағанақ*, *сағанақ* сөздерінің түп-төркіні (этимологиясы), жеке тұрғандағы мағыналары жайында әр түрлі пікірлер болғанмен, әзірге үзілді-кесілді дұрыс ұсынылған түйін жоқ.

ҚАҒЫЛУ. Бұл күнде *қағылу* сөзін *қағу* етістігінің ырықсыз етіс түрі деп ұғамыз. Сондықтан «Қобыланды» жырындағы:

Не қылсаң да, маған қыл,
Бұрыяға сірә *қағылма* —

деген Құртқаның сөзіндегі *қағылма* етістігін «соқтықпа, ұрыпба» деген сөз деп ұғынамыз. Бұл тұлға осы мәнде жеке тұрып кемде-кем қолданылады. Жоғарыдағы ұғымда *қақтықпа* сөзі кәпігі. Ал *қақы-* (*қақу*) етістігі көне түркі тілдерінде «ашулану, өшігу» дегенді білдірген. Біздің контекстіміздегі *қағылу* сөзінің мағынасы да «ашулану» дегенге сай келеді. Біздіңше, *қақтығу* мен *қағылу* дегендер осы *қақы-* түбірінен орбіген. Бірақ екеуі бір-біріне жақын екі түрлі мағынада қолданылған: *қағылу* — «ашулану», *қақтығу* — «соқтығу, ұрыну».

ҚАЗЫНА/ҚАЗИНЕ. «Алшамыс» жырында бала тілеп әулиелерге аттанған Байборі мен бәйбішесі жайында:

Бәйбіше барды ақырын
Қазына аузын ашқалы.
Тарагты алтын-күмістен
Қалғанынша мысқалы —

деген сөздер айтылады. Бұл сөз жыр ішінде бірнеше рет қолданылған.

Қазына сөзі қазақ эпостарының бәрінде де кездеседі. Кейбір басылымдарда *қазине* вариантында да ұшырасады. Осы күнгі тілімізде *қазына* сөзі «мүлік, байлық» және «мемлекет, қоғам» деген мағыналарда жұмсалады. Жырларды бастырушылар да бұл сөзді «мүлік, жиһаз» деп түсіндіреді. Бұл — арабтың *хазине* деген сөзі, мағынасы — асыл мүлік, жиһаздың өзі емес, соны сақтайтын жер. Ал түркі тілдеріне енгенде, бұл сөз көбінесе асыл мүлік, қымбат бұйымдардың жиынтық атауын білдіргенге ұқсайды.

Орта ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштерінің сөздігінде (лексикалық қазынасында) *хазине* сөзін «мүлік, жиһаз сақтайтын жер» деп көрсетеді де, келтірілген мысалдар осыған сай түседі (Фазылов, II, 479). Ал шындығында қазақ жырларында кездесетін *қазына* сөзі арабтың өз тіліндегідей «алтын-күміс, бағалы киім-кешек, қымбат жиһаз сақталған орын» дегенді білдіреді. Қазақ халқы сияқты кошпелі тұрмыс шеккендердің қазынасы, сірә, сандықтарда, кебелелерде, жүктерде (бумаларда) сақталса керек. Бұған жоғарыдағы *бәйбіше барды ақырын қазының аузын ашқалы* деген жолдар дәлел, немесе: «Қыз Жібек» жырындағы:

Қазинелі қырық нарға
Жібектен арқан тарттырған —

дегендегі *қазинелі* сөзі «мүлік, жиһаз салған жүгі бар қырық нар». Жырды 1963 жылы шығарушылар «қазинелі» деп қате жазылған, дұрысы «қазынасын» болу керек дегендері, әрине, қате. Бұл жерде текст *қазинелі* (яғни жүк артқан, жүгі бар) деп дұрыс беріліп тұр.

Асыл бұйым, қымбат жиһаз шұңқырда, жер астында да сақталатын болса керек, оған «Алпамыс» жырындағы қалмақ ханышың:

*Қазыналы қандағы
Есенсіз түрі мол еді —*

дегені дәлел бола алады. Мұндағы *қандақ* сөзі «шұңқыр, қазылған жер, ор» деген мағынадағы сөз. Ол парсы тілінің *қандан* «қазу» деген етістігінен жасалған кірме сөз. Қазақ тілінде *зындан* мен *қандақ* сөздері бір-біріне балама ретінде қолданылған тұстары да бар. Мысалы, «Алпамыс» жырында:

*Патшаның сол күнде
Қазулы оры бар еді...
Қуанып халқы жүгірді
Қандақтың аузын ашқалы...
Домалатып баланы
Зынданға әкеп тастады...*

деген жолдарда *ор*, *қандақ*, *зындан* сөздері бір-біріне синоним болып қатар қолданылған. Үшеуі де қазылған шұңқыр, айырмасы — *қандақ* пен орда мүлік, жиһаз сақталса, *зындан*да тұтқындарды ұстайтын болған. Сөйтіп, жырлардағы *қазына* — осы күнгідей абстракт (дәрексіз) ұғымның атауы емес, нақтылы зат атауы. Жырлардың тілінде бұл сөздің қазіргідей мемлекет не қоғам байлығына қатысы жоқ, жеке адамның (әрине, бай адамның), әрі кетсе ханның жеке меншігіндегі алтын-күміс, тон, кілем сияқты «капиталдың» сақталатын жері, орны. Демек, *қазына* сөзінің мағынасы заман өткен сайын сәл өзгерген. Бұл күнде *қазына* «мемлекет, қоғам байлығы» сияқты абстракт ұғым атауына айналған, нақты заттық мағынасы кемде-кем қолданылады.

ҚАЙДАҚ. «Қобыланды» жырында:

Хап қасында қайдақтар —

деген жол бар. Мұндағы *қайдақ* деген сөз бұл күнде қолданылмайды. Бұл сөз қырғыз тілінде «салт басты, сабау қамшылы бойдақ, үй-күйсіз жалғыз басты адам» деген ұғымда келеді. «Қазаны жоқ *қайдақ*, қатыны жоқ бойдақ» деген мәтел де бар. Сірә, бұл сөз осы мәнде бір кезде қа-

зақ тілінде қолданылған болу керек. Келе-келе ұмыт болып, жырларда ғана сақталған.

ҚАЙНАҒАН ХАЛЫҚ, ҚАРА ҚҰРТТАЙ немесе **ҚҰЖ-ҚҰЖ ҚАЙНАУ**. *Қайна*-етістігінің ауыспалы бір мағынасы «қаптап кету, құжынап жату» деп көрсетіледі. *Қайна-/қайын-/қадна-* етістігінің көне түркі тілдерінде де «бейберекет, ерсілі-қарсылы сапырылысу, құжынап жату» деген ауыспалы мағынасы болған. Сонда *қайнаған халық* «әрлі-берлі сапырылысқан адамдар» дегенді білдірсе, *қара құрттай қайнау*, *құж-құж қайнау* деген тіркестер «құжынап, сапырылысып жату» деген мағынаны береді, демек, бұларда *қайна-* етістігінің көне замандардан келе жатқан бір мағынасы сақталғаны байқалады. Көне кездегіден айырмасы — бұрын бұл етістік осы мағынада жеке тұрып, еркін тіркесте қолданылған болса, қазақ тілінде тек **тұрақты** тіркес құрамында ғана тұрғанда сақталған (*адамдар қайнады* деп айтылмайды), немесе «сапырылысу» мәніндегі *қайна-* етістігіне бұл күндегі қазақ тілінде бұл етістіктен кейін анықталғыш сөз келген (*қайнаған халық* дегендегі *халық* сөзі сияқты) құрамда қолданылады.

ҚАЙРАҚАН/ҚАЙРАҒАН. Сәкен Сейфуллин өзі зерттеген ауыз әдебиеті үлгілерінің ішінде қазақ халқының салттық мейрамының бірі — ұлыстың ұлы күні айтылатын тілектен:

Көш, *қайраған* көш десіп,
Көз көрместей ош десіп —

деген жолдарды келтіреді. Мұндағы *қайраған* — бұл күнде бейтаныс сөз. Ол тіпті батырлар жырлары мен ертедегі ақын-жыраулар тілінде де кездеспейді. Бұл сөзді Мұхтар Әуезов «Қарақыпшақ Қобыланды» пьесасында Тоқтарбай мен Қараманның аузына салады. Әдейі қолданады. Пьесадағы оқиғаның өте ертеде, ислам діні қазақ халқына әлі еніп үлгермеген дәуірде өткендігін суреттеу үшін, тіл сырын тамаша білген ұлы жазушы мұнда ондаған көне сөздерді немесе осы күнгі бар сөздің ертедегі қолданысын (мағынасын) келтіреді. Соның бірі — *қайрақан*.

Тоқсандағы Тоқтарбай баласы Қобыланды мен Құртқаның қосылған тойында От ананың құрметіне арналған сыйыну ырым үстінде (демек, ислам дініне дейінгі салт бойынша):

Қарғысы қатты *қайрақан*
Қарғысына сен сақта —

дейді. Жазушы бұл сөзді Қарамашның аузына да салады. *Қайрақан* сөзін В. Радлов Сібір түркілерінде (алтайлықтарда, тувалықтарда, телеуіттерде т. б.) «жаратқан иенің қастерлі аты, жебеуші иеріште» деген мағынаны білдіреді дейді (Радлов, т. II, ч. I, 22). Осы анықтаманы Л. Будагов те береді. Ол бұл сөздің монғол тілінде келін, «тау, су сияқтылардың иесі» дегенді білдіретіндігін көрсетеді (Будагов, т. II, 32). Қазіргі монғол тілі сөздіктері де *хайрхан* дегеннің көне сөз екендігін және «керемет, құдіретті» (таудың қастерлі аты) деген мағынаны беретіндігін көрсетеді (Монг.-русск. сл., 500).

Сөйтіп, тау-тас сияқты табиғат күштерінің «иесінің» атауы ретінде, яғни табынатын, сыйынатын, қорқатын «тәңірлердің» аты қатарында *қайрақан/қайраған* сөзі ертедегі қазақтардың да, дәлірек айтсақ, қазақтарды құраған кейбір ру-тайпалардың да тілінде жұмсалған деген тұжырымға келуге болады.

ҚАЛЫҚПАН. Махамбет өлеңдерінің екі-үш жерінде *қалықпан* сөзі кездеседі:

Мен қарақұстан туған *қалықпан*..
Жалаулы найза қолға алып,
Қалықпандай қомдашып..

Ақын мұрасының 1962 жылғы басылымында *қалықпан* сөзіне «қыран құс» деген түсініктеме берілген. Контекске қарағанда, оның құс екені және асқақтықтың, биіктіктің образын беруге алынғандықтан, қыран сияқты құс екені танылады. Бұл сөздің құс атауы екендігі сөз түбірінің мағынасынан да шығады: *қалық* — көне түркі тілдерінде «кок, аспан» мағынасындағы сөз. Демек, *қалықпан* — «аспан көкте, биікте самғайтын құс» дегенді білдіретін атау. Бұл атау бір замандарда ата-бабаларымыздың тілінде озінің тура (номинатив) мағынасында белгілі бір құстың аты ретінде қолданылғанымен, кейін келе, мысалы, Махамбеттер заманында образ жасайтын *тарпаң, тарлан, құлан, бұлан* сияқты сөздердің қатарына көшіп, поэтикалық сөзге (поэтизмге) айналған болар. Бұл сөздің сирек кездесетін көне сөздердің бірі екендігі сондай, ол қазіргі түсіндірме және екі тілдік сөздіктерге сибей қалған.

ҚАРАЛДЫ. М. Әуезов «Қарақышшақ Қобылаңды» пьесасында *қаралды* сөзін батырдың анасы Аналықтың аузына салады. Ол сапарға аттанып бара жатқан баласына берген бата-тілегінде:

*Қаралдының қызығын
Қарқ боп көрер сәтті бер...
Қаралдымның жұлдызын
Ошынап тұғыз. Қамбар-ау!—*

дейді. Бұл жердегі *қаралды* сөзі В. Радловтың көрсетуі бойынша, қазақ тілінде «таяныш, үміт артқан тірек» мағынасында балаға қатысты айтылатын сөз, ал Л. Будагов башқұрт, татар тілдерінде бұл тұлға 1) «аула ішіне салынған қосалқы құрылыс, үй» дегенді білдіреді дейді (Будагов, II, 47). Демек, М. Әуезов бұл сөздің ертеректегі қазақ тіліндегі мағынасы (Радлов көрсеткен) пайдаланған.

ҚАРА ОРМАН, ҚАРА ОРЫН. 1723 жылғы қазақ халқының басына түскен атақты ақтабан шұбырынды, алқа-қол сұлама босқынында шыққан «Қара таудың басынан көші келеді» деген өлең тексінде:

*Қарындас пен қара орман қалғаннан соң,
Мөлтілдеп екі көзге жас келеді —*

деген жолдар барын екінің бірі біледі. Осы жолдар кейбір басылымдарда «Қарындас пен қара орын қалғаннан соң» деп берілген (Сейфуллин, VI, 41). *Қара орын* деген тіркесті «Тауарих хамса»-дан да кездестіреміз:

*Қарақыпшақ Қобыланды
Қара орынан айырылды (Ерт. әд, пұсқ. 101).*

Бұл екі түрлі тіркестің *қара орман* варианты жиірек кездеседі. М ы с а л ы, Махамбетте:

*Жаудан амап жан қалса,
Қара орман малым садаға...
Қатып-бала, қара орман
Баршасын жауға алдырған.*

Қара орман тіркесі қазақ тілінде «мал, мүлік» деген мағынаны береді дегенді В. Радлов сөздігі көрсетеді. Өткен ғасырдағы өзге сөздіктер де қазақ тіліндегі *қара орман* тіркесін «барша байлық» деп танытады (Кирг.-русск. сл., 1897). Шындығында да мұндағы *орман* сөзі ағаш өскен орман емес, контекске қарай, В. Радлов көрсеткендей, «мал-мүлік» деген ұғымда деп түсінуге болады.

Ал *қара орын* варианты «мекен, қоныс» деген ұғымды береді. Монғол тілінде *орон* сөзі «ел, мемлекет, өлке, жер, территория» деген мағыналарды береді. Көптеген сөздердің түркі-монғол тілдеріне ортақтығын, әсіресе, мағыналары күңгірттенген сөздерді монғол тілдерінен табуға болатындығын ескерсек, бұл жердегі *орын* сөзін «ел, мем-

лекет, ел мекендеген территория» деген мағынадағы түркі-монғол сөзі деуге болады. Және бір жорамал: *қара орын* тіркесі XI ғасырдағы Қашқари сөздігінің көрсетуіне қарағанда, ертеректегі түркі тілдерінде ауыспалы мағынада «мола» ұғымында қолданылған. Сонда «Қарындас пен *қара орын* қалғаннан соң» деген өлең жолын «ағайын-туыстар (қарындас бұл жерде «туыстар») мен ата-бабаның сүйегі жатқан жерді тастап кеткеннен соң» деп те түсінуге болады. Қазақтар үшін ата-бабалар сүйегін тастап кету — ең ауыр зобалаңның зардабы болмақ. Сірә, мал-мүлікті қалдырып кетуден гөрі, *қара орынды* — ата-баба жатқан жерді қалдырып босу — қазақ халқына ауырырақ екендігі сөзсіз.

Қазақ тілінде *қара орын* тіркесін *хан тағы* тіркесінің синонимі ретінде жұмсау да кездеседі. Дулат Бабатайұлы:

Қымызы бар хош алса,
Дүрдісіп мінгендей
Қара орын — хан тағына —

дейді. Бұл жердегі *қара орынның* мағынасы «мемлекет» дегеннен ұзап кетпейді. Тақ та мемлекетті билеудің белгісі ғой. Бірақ *орын/орон* сөзінің бұл мағынасы қазақ тілінде күңгірттенгендіктен, ол *орман* болып өзгеруі, одан барып *қара орман* тіркесінің «мал-мүлік» деген мағынада жұмсалып кетуі әбден ықтимал немесе *қара орын* мен *қара орман* тіркестерінің екеуі о бастан екі бөлек қалыптасқан болуы да мүмкін. Тіпті болмаса *орман* сөзінің «мал-мүлік» деген қосымша мағынасы да болуы ғажап емес, өйткені біз бұл күнде көптеген сөздердің бір кездердегі тура не ауыспалы мағыналарының бәрін түгел біле бермейміз. Сондықтан *қара орман* тіркесінің этимологиясы мен мағыналарын (ертедегі) іздестіре түсу артық емес.

ҚАРАШЫ. Қазақтың мақал-мәтелдері мен өткен ғасырлардағы ақын-жыраулары тілінде *қарашы/қараша* сөзі жиі кездеседі:

Уақытыңыз толғанда,
Қарашаң қашар қасыңнап...
Хашның жақсы болмағы --
Қарашаң қашап қасыңнап...
Жай-қошыстан айырылып,
Меп бір қаңғып жүрген *қарашы* (Махамбет).

Қарашы сөзі мақал-мәтелдерде көбінесе *хан* сөзімен қатар жүреді: *Хан* — қазық, *қарашы* — азық; *Хан* қасын-

да қарашың болса, қара жерден кемең жүрер; Ханды құ-
дйі алайың десе қарашысымен қас болар; Ханның ісі
қарашыға да түседі. Бұл мақал-мәтелдерге қарағанда, қа-
рашы — хан қасындағы адам, яғни қарашы сөзі «ханға
қызмет ететін, соған бағынышты, бірақ саяси-праволық
және экономикалық жағынан басы азат әлеуметтік топ
өкілі» дегенді білдірген тәрізді. Өткен ғасырдағы қазақ
тілінің лексикографтары қарашы сөзін «қол астындағы,
бодан адам» (подвластный, подданный) деп аударарды
(Қирг.-русск. сл. 1987). Бұл — қарашы сөзінің жалпы
мағынасы, ал дәлірек анықтасақ, белгілі бір хандықтың,
патшалықтың қол астындағы бағынышты кез келген адам
қарашы деп аталмаған, ханға тікелей қызмет еткендер
қарашы болған. Тарғын батыр өз ханына ренжіп:

Қадір білмес сен итке
Қарашы болып не етемін —

дейді.

Орта ғасырларда қарашы деп ханның (әміршінің) қа-
сындағы сановниктерді, кеңесшілерді (бұлар да тақта
отырған ханға ақылымен қызмет ететіндер ғой) атаған.
Қазақ хандарының тарихын зерттеген В. В. Вельяминов-
Зернов былай деп жазады: «Қырымда қарачы дегендер —
басты-басты ақсүйектер әулеттерінің бектері және ханды
сағалаған адамдар. Қырымдағы сияқты, қарачылар Қа-
занда да болған, ноғайлыларда да болған... Жылнамалар-
да орыстың ең үлкен сановниктерін де қарачылар деп
атайды» (Вельяминов-Зернов, 409). Қасим (ордасының)
ханы Оразмұхамедтің (қазақтың сұлтаны, Тәуекел хан-
ның немесе інісі) оң тізесін басқан (тақтың оң жағында
отыратын) жалайырдан шыққан биі, шежіреші Қадырға-
ли Қосымұлы өзін Оразмұхамедтің қарашысымын дейді.

Қарашы (*харачу*) сөзі монғол тілінде де болған.
Әуелде *харачу* деп Шыңғысхан әулетіне жатпайтын адам-
ды немесе руды атаған. Кейін келе монғол тілінде де бұл
сөз «қара халық, бұқара» деген мәнде жұмсалатын бол-
ған. Демек, қарашы сөзінің «қожасының шаруасын ша-
руалаушы, жалшы» мағынасы тіпті бертінде, хандық дә-
уір өткен соң пайда болғанға ұқсайды. Бертінгі заманда
қазақ қоғамындағы байлар мен ел билеушілердің әлеу-
меттік-экономикалық салмағы артып, енді олар да өз ай-
наласына бұрынғы хандар сияқты қызметкер топты ұстай
алатын болған. Бұл қызметшілердің бірқатары бұрынғы
дәстүрмен қарашы (қараша) аталса, енді бірқатары бай-

ғұс, қоңсы, жалшы сияқты аттарға ие болған тәрізді (*бай-ғұс* сөзі қазірде «бейшара» мағынасында қолданылатын болса, күні кешеге дейін бұл сөз «жалшы, қызметші» мағынасында да жұмсалып келген).

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі *қараша* сөзін «ескі бай ауылдың, әлді, мықты жуандардың, атқамінерлердің(?) төңірегіндегі кедей-кепшіктер» деп анықтайды (ҚТТС, 11, 1961, 40). М. Әуезов бұл сөзді «бағынышты, тәуелді жай кісі, қызметші» мәнінде жұмсаған (Жаппейісов, 81). Ал қазақ ауыз әдебиеті мен XV—XVIII ғасырлардағы өлең-жырларда *қарашы* сөзі «ханға қызмет етуші, соның құзырындағы адамы» деген мағынада қолданылған.

ҚАРУЫН ҚАЙТАРУ. ЕРУЛІГЕ ҚАРУЛЫ. Әдеби тілде де, күнделікті сөйлеу тілінде де жиі қолданылатын бұл тұрақты тіркестердегі *қару*, *қарулы* деген қандай сөздер? Қару — түркі-монғолдың ортақ сөзі болу керек. *Қару* — монғол тілінде «жауап, қайтарым» деген мағынаны береді. Бұл сөз *хоруй* түрінде якут тілінде де осы мағынада келеді. Сонда *қаруын қайтару* — «бір пәрсенің жауабын (есесін) қайтару (беру)» деген ұғымда қолданылатын күрделі сөз болып шығады. *Еруліге қарулы* дегенде де *қарулы* сөзі «жауап, қайтарым» деген мағынада келін тұр. *Ерулі* сөзі де монғол тілімен іліктес болар, мұнда *эре(x)* 1) «іздеу, сұрастыру», 2) «сұрау, тілеу» мағыналарында қолданылатын етістік. Оның ырықсыз етіс түрі *эрүүлe(x)* — «іздету, сұрастыру, сұрату». Демек, *еруліге қарулы* — «сұратқанға жауап, іздегенге, сұрағанға қайтарым». Не болмаса *ерулі* сөзі «біреудің жолына тосқауыл болып, кес-кестеу» мағынасындағы *ээр(x)* етістігіне қатысты ма екен? О баста «жолыма бөгет болып тұрсаң, соған жауап ретінде есесін қайтарамын» деген мағынада қалыптасқан тіркес болуы да мүмкін. Қайткенде де қазақ тілінде *қар-* етістігінің «жауап, қайтарым» мағынасы болғаны байқалады, оған *қарым*, *қарымта*, *қарымжы*, «сыйға сый көрсететін салт атауы болып келетін *қарулық* сөздері куә (дәлел). Бұлардың барлығында да жақсылыққа жақсылықпен, жамап іске жамандықпен қайтарылатын жауап, қайтарым мағынасы бар.

ҚАРЫНДАС. *Қарындас* сөзі бүгінге дейін екі мағынада қолданылады. Осы күнгі әдеби нормадағы актив мағынасы «ер адамның жасы кіші әйел жынысты туысқаны» және жалпы ер адамға байланысты айтылғандағы жасы кіші әйелдің атауы. Бұл сөздің түпкі мағынасы, көне түр-

кі жазба нұсқаларында көрсетілген мағынасы — «туысқан адам, бір жұрттың адамы». Қазақ тілінде де бұл сөз бұрын жалпы «туысқандар, руластар, аға-іні» деген ұғымда жиірек қолданылған. Мысалы, Асан қайғының:

Ол күнде *қарындастан* қайырым кетер —

дегенінде де, Шалкиіздің:

Жайыңды білген *қарындас*,
Ол *қарындас* әм жолдас —

дегенінде де бұл сөз әйел жынысты адам туралы емес жалпы туысқандар, жақындар туралы. Махамбеттің:

Тар қолтықтан оқ тисе,
Тарыққанда қайрылар
Қарындасым менде жоқ —

деп отырғанында, ол әйел жынысты жасы кіші туысын емес, өзінің соңына еретін, өзіне демеу болатын туыстарды, руластарды айтып отыр, яғни ол өзі бастаған көтеріліс ісі үшін «жолы жіңішке» әйел туысын емес, өзін қостайтын қалың ағайын туыстарын іздеп отыр.

Абай да бұл сөзді бірнеше рет жалпы «ағайын, туыс, рулас, тіпті ұлтас» мәнінде қолданады: *Қарындас* қара жерге тыға алмай жүр (Абай I, 34). Осы қуаныш бәрі де қазақ *қарындастың* ортасында.

Өткен кезеңдерде *қарындас* сөзінің осы күнгідей «әйел жынысты жасы кіші туысқан» мағынасы да жиі қолданылған. Мысалы, «Қобыландыдағы»:

Қыздың аты Қарлығай
Қобыландыға *қарындас* —

дегенін ескерелік. *Қарындас* сөзі жалпы «туысқандар, руластар (бір жұрттың адамдары)» деген мағынамен қатар, одап да гөрі жақындау туыстықты — аға-інілікті білдіру үшін де қолданылған. Бұл, әсіресе, орта ғасырлардағы түркі ескерткіштері тілінде айқын көрінеді. (Фазылов, II, 603. Құрышжанов, 158, Боровков. Тефсир, 200). Көне түркі тілдерінде *қарундаш/қарындаш* сөзі бір құрсақтан шыққан аға-іні дегенді білдірген (ДС, 427). Бұл фактілерге қарағанда, *қарындас* сөзінің о баста «бір құрсақтан (*қарын* сөзінің «құрсақ» мағынасы да болған) шыққан аға-іні, қарындас, сіңлі» деген нақты мағынаны бергені оның «жалпы туыс, рулас, елдес, жұрттас» мағынасы ауыспалы екендігі, бұл мағына, әсіресе, орта ғасырларда қазақ тілінің ертерек кезеңдерінде активтенгені байқалады. Мысалы, XVI ғасырдың соң кезіндегі қазақ тілі ес-

керткіші — жалайыр Қадырғали бидің шежіресінде *қарындас* сөзін «руластар, туыстар» мағынасында қолданады да, «жасы кіші әйел бала» деген ұғымды *қыз қарындаш* деп береді: Қутуқут нойан (ның) бір анадан екі *қыз қарындашы* бар еді (Жами ат-тауарих, 1851, 79).

Қарындас сөзін «туыс, ағайын» мәнінде поэтикалық элемент ретінде қолдану қазірде де бар. Әсіресе, тарихи оқиғаларды суреттеген шығармаларда, эпостардың негізінде жазылған пьесаларда қазіргі жазушылар *қарындас-ты* «ағайын, туысқан» деген ұғымда орынды, ұтымды пайдаланады. Мысалы, М. Әуезовтің «Қара Қыпшақ Қобыланды» драмасында, Т. Ахтановтың «Ант» драмасында т. б. *қарындас* — «бір жұрттың, бір рудың, тайпаның адамы, ағайын, туысқан».

Ана тілінің әрбір сөзіне ерекше көңіл қойып, оның бұрынғы-соңғы, ауыспалы-тура мағыналарын жақсы білетін адамдарға *қарындас* сөзінің «ағайын, туыс» деген мағынада да қолданылатындығы даусыз әрі белгілі жайт болса да, мұны сөз етіп отырған себебіміз — *қарындас* сөзінің әйел балаға ғана қатысты айтылатын осы күнгі актив мағынасын ғана түсінетіндер арамызда жоқ емес екендігінен шығып отыр. Қалың жұртшылық, оның ішінде жастар түгіл, кейбір тіл зерттеушілердің өздері осы қатардан көрініп қалады. Мысалы, тіл маманы Ғ. Мұсабаев «ауру астан, дау қарындастан» деген мәтел әйелге қатысты айтылған дейді: «Жасырын сырын жатқа шығармай, құпия ұстауда ерлерді ардақтап, сыр ашылып, қала талқандалып, ел күйресе, оның айыпкерін әйелдеп, әсіресе, хан қызы ханшадан (?) немесе ханымнан іздеген де, соған аударған, сондықтан «ауру астан, дау қарындастан», «әйел дұшпан» деген мақалдар сақталған» деп жазады (Ғ. Мұсабаев, Қазақ тілі мен грамматикасы тарихынан. Алматы. 1966. 6). Әрине, бұл — жаңсақ пікір.

ҚАС: ҚАС (А) БАТЫР. ҚАС (А) СҰЛУ.

«Қамбар батыр» жырында:

Қаса батыр майданда
Диірмендей доңселер —

деген жолдар бар. Абай да бұл сөзді *қаса сұлу* деген тіркесте қолданады. Мұндағы *қас(а)* сөзі бұл күнде «өте, нағыз, тым, аса» деген мағынадағы күшейткіш мәнді үстеу деп танылады. Түп-төркінін іздесек, бұл сөз көне түркі тілдеріндегі *қашығ* «айрықша көзге түсетін», және «мықты, күшті» деген сөз емес пе екен деуге болады. Бұл

сөздегі *ш* дыбысының қазақ тіліне келгенде *с*-ға айналып кетуі және соңғы *ығ* сұсымалы дыбыстарының түсіп қалуы — табиғи құбылыс. О баста *қас батыр*, *қас сұлу*, *қас жүйрік* «козге түсетін, айрықша» деген жағымды мәндегі тіркестерде қолданыла келе, кейін *қас надан*, *қас жауыз* сияқты о да көзге түсетін, ерекше көрінетін жағымсыз адамдарды да атап кетсе керек деп топшылаймыз.

ҚАТТАНУ. Жауға аттанардағы батырдың портретін бергенде, қазақ эпостарында:

Қатуланып, қаттанып,
Буырқанып, бүрсанып,
Мұздай темір құрсанып —

деп келеді. Осындағы *қаттану* сөзі бұл күнде қолданылмайды. Көне түркі тілдерінде *қатлан-* сөзінің бір мағынасы «мықты болу, қатаю». Осы мағынада *қатығлан-*сөзі де қолданылған. Түбірі — *қатығ* (қазақша *қатғы*). Қазіргі нормамызбен айтсақ, *қаттану* сөзі *қаттылану* болар еді. Ал бірақ *қаттану* тұлғасы — өте ертеден, яғни етістік жасайтын жұрнақ *қатты* түбіріне емес, *қат(ығ)* түбіріне жалғанған кезден келе жатқан көне сөз.

Осы тұлғаның *қатулану* варианты және бар. Ол да *қатығ* тұлғасынан жасалған. *Тағ~тау*, *бағ~бау* деген сөздердегі сияқты *ғ* дыбысы сонор *у* дыбысына айналған (ауысқан): *қатығ > қатыу*. Ал қазіргі емлеміз бойынша жазылуы — *қату* (+*ла*+*н*+*у*). *Қатулану* сөзінің *о* бастағы «қатты, берік болу, күшті болу» деген мағынасына үстеме «қатты ашулану, буырқану, айбат шегу» деген ауыспалы мағынасы да бар. Бұл екі тұлғаның плеонастық құбылыс жасап (яғни бір мағынадағы екі сөздің қатарынан айтылуы), қабаттаса да қолданылған жерлері кездеседі. Мысалы, «Қобыланды» жырында:

Қабағынан қар жауып,
Қатуланып, қаттанды —

деп келеді. *Қаттану* етістігі көрсетілген мағынада жеке де қолданылады. Мысалы, «Ер Тоған батыр» жырында:

Соңда ханың *қаттанып*,
Жеңсіз берен бұл киді —

деген жолдарды оқимыз.

Сөйтіп, *қаттану* сөзінің мағынасы «мықты болу, берік болу, қатаю», ал *қатулану* сөзі — *қаттану* сөзінің морфологиялық варианты, яғни өзгеше тұлғаланған түрі.

ҚОРАМСАҚ, ҚЫЛШАН. *Қорамсақ* — садақ оғының қабы. Диостар тілінде *қорамсақ* пен *садақ* сөздері синонимдік қатар түзеді. «Оқ қабы» мағынасында ілгеріректе *қылшан* сөзі де қолданылғанын көреміз. Мысалы, Қазтуғанда:

Қарағайдан садақ бұдырып,
Қылшанымды сары жүн оққа толтырып —

деген толғау жолдарын табамыз.

Садақ сөзінің «оқ қабы, жақ қабы» мағынасында қолданылғаны туралы «Садақ» деген сөзтізбеден қараңыз. Мысалы, Қобыланды батыр:

Садақтың бауы сартылдан —

деп суреттелсе, мұндағы садақ — белге байлан алған жақ және оқ қабы. Бұл сөздердің морфологиялық құрамын талдап, түп-төркінің ашын берген — зерттеуші Ә. Қайдаров. Ол Халықаралық Алтаистика Конференциясының 1972 жылы Вена қаласында өткен XV сессиясында қазақ тіліндегі қару-жарақ, сауыт-сайман атаулары жөнінде арнайы баяндама жасап, *қорамсақ* сөзінің құрамындағы *сақ* элементі бір сөз түбірінің *йа/йақ/жа/жақ, са/сақ* сияқты варианттарының бірі дейді, ал *қылшан* сөзі *қыл* (аттың құйрығы не жалының қылы) сөзіне «ыдыс, қап» мағынасындағы *шан* сөзі немесе *-шан* (*-шын, -шін*) жұрнағы қосылып жасалған сөз болу керек дейді (Қайдаров, 31—32). Орыс тіліндегі осы мағынадағы *колчан* сөзі — түркі тілдерінен шамамен XIII—XV ғасырларда енген сөз (Шипова, 193).

Бір қоңыл аударатын нәрсе — *қорамсақ* сөзі *қорам* тұлғасында да қолданылған. Мысалы, «Қыз Жібек» жырында:

Енді қолып алғанша,
Қорамға қолын салғанша —

деп келеді. Бұл мысал *қорамсақ* сөзінің құрамы *қорам* + *сақ* деген екі бөлек сөзден тұратындығын, оның *сақ* компонентін қоспай да «оқ қабы» ұғымын бере алатындығын аңғартады.

Осы сөздің *қорамса* варианты және болған. «Ақжонасұлы Ер Кеңес» деген жырда:

Қорамсапы қолға алды,
Атайын деп оңдалды —

деп келген жолдарды кездестіреміз. Бұлар емлелік қателер емес, біз әңгіме етіп отырған сөздің және оның құрам-

дарының бірнеше фонетикалық вариантта келген (*ca/cak*) бір сөзден пайда болғандығын көрсететін фактілер.

ҚҰДДЫ (ҚҰТТЫ) ӨЗІ. Әкесіне өте ұқсап тұрған баланы *құдды әкесі, әкесінің құдды өзі* дейміз. Мұндағы *құдды* сөзінің түп-төркіні *хәуд* парсы тілінде *өз* деген есімдікті білдіреді. Сонда *құдды өзі* деген тіркес бір есімдіктің парсыша және түркіше аталулары қосарланып келіп (*өзі өзі*) «дәл өзі, пақ өзі, тап өзі» деген мәнде жұмсалып кеткен. Мұндай екі тілдегі бір мағына беретін сөздердің қатар қолданылуы — едәуір жиі кездесетін құбылыс. Мысалы, *көр соқыр* дегендегі *көр* — парсы тілінде «соқыр, соқыр адам» деген сөз, *күрке тауық* дегендегі алғашқы сөз де парсыша «тауық», *сары уайым* дегендегі *сар* — парсыша «уайым» т. т.

ҚҰР АТҚА МІНГЕНДЕЙ. Бұл — мағынасы айқын образды тіркес, «тынығып, сергіп қалу» дегенді білдіреді. Мұндағы *құр ат* дегеннің мағынасы «ұзақ уақыт мінілмеген, семіз, тың ат». *Құр* сөзі «семіз, қоңды, мінілмеген» деген ұғымда жылқы баласының асау, айғыр сияқты атауларымен де, өзге атауларымен де келе береді. *Құр* сөзінің түпкі бір мағынасы монғол тілінде «өткен жылғы, былтырғы» дегенді білдіреді, осыдан келіп өткен жылдан мінілмей, қоңы сақталған малды *хур тарга* деп атайды, өткен жылдан күзелмеген жалды *хур дәл* дейді. Демек, *құр* сөзі түркі тілдерінде де мал атауларына қатысты келіп, тіркескенде, «өткен жылдан мінілмеген, демек, қоңы сақталған, семіз, тың» дегенді білдіретін болған. Бұл да түркі-монғол тілдеріне ортақ сөздердің кейбіреулерінің жеке тұрғандағы мағынасы сақталмай, тіркес құрамында тұрғанда сақталғаны байқалады.

ҚҰРСАНУ. Батырлар жырында:

Буырқанды, бұрсапды,
Мұздай темір құрсанды —

деген клише (кәнігі сөз қалыбы) кездеседі. Мұндағы *құрсану* етістігі бұл күнде кемде-кем қолданылады. Бұл — көне түркі тілдеріндегі «белдік, белбеу» мағынасын беретін *құр* сөзінен жасалған *құрсау* етістігінің өздік етіс түрі. *Құрса-* *құр*+*сау* «белге байлау», *құрсан-* «бір нәрсемен белін байлау, белбеулену» дегенді білдіреді. Мұны ескі жырларда кездесетін «алтын белбеу *құрсанып*» деген сияқты өлең жолдары да дәлелдейді. Мұздай темір *құр-*

сану — «темірден (болаттан) жасалған қаруды бөліне байлау, иығына асу, ілу» деген мәнде.

Осы түбірден жасалған *құрсай* сөзі де бар. «Қозы Көрпеш» жырында:

Құрсай садақ бөліне ілер дейді —

деген жол бар. Мұндағы *құрсай* сөзінің мәнін «садақты бөліне ілді» деген контекстің өзі ашып тұр. Қазіргі тілімізде бар *құрсау* сөзінің түбірі — *құр*, о бастағы тұлғасы *құрсағ* («белдік, оралған, белдеуленген нәрсе») деген есім сөз.

Шалкиіз жырау мен Махамбет ақындарда және «Ер Тарғын» жырында келетін:

Аспанда бұлт *құрсайды*,
Күн жауарға ұқсайды —

деген стереотип (клише, қалып сөз) жолдар бар. Бұл жердегі *құрсайды* дегеннің дә түбірі — *құр*, одан *құрса* — етістігі жасалған, мәні «орау» (аспан адам баласының көзіне доңгелек, тоңкерілген дүние, оны қаптаған бұлт, кемпірқосақ сияқтылар аспанды орап алғандай болып көрінеді). Қазақ тілінің екі томдық түсіндірме сөздігі бұл жердегі *құрсау* етістігін «айналаны қоршау, торлау, қамап алу» деп түсіндіреді. Бұл дұрыс, бірақ осы мағынасы — *құрсау* сөзінің ауыспалы мәндегісі, яғни әуелдегі «белбеулену, белді орау» дегеннен туған (ауысқан) мағына.

Қазақ тіліндегі *құр* (бау), *басқұр*, *ышқыр* (*іш* + *құр*) деген сөздер де «белдік» және «айнала орау» деген мағынадағы *құр* сөзімен тәркіндес екені айқын көрініп тұр.

Сөйтіп, *құрсану* сөзінің түбірі — *құр* («белді») + *са* (етістік тудыратын жұрнақ) + *н* (етіс жұрнағы), мағынасы «белге байлау, белбеулену». Бұл күнде *құрсау* сөзінің мағынасын «қоршау, торлау, қамап алу» деп түсінгендіктен, оны *қоршау* етістігімен алмастырып жіберу де кездеседі. Мысалы, эпостық жырлар мен Махамбет сияқты ақындарда бірнеше реттен кездесетін жоғарғы жолдардың:

Күнді бұлт *қоршайды*,
Күн жауарға ұқсайды.
Айды бұлт *қоршайды*,
Түн жауарға ұқсайды —

деп жазылған түрлерін де ұшыратамыз.

ҚҰТЫ ҚАШУ. ҚҰТ ҚОНУ. ҚҰТТЫ БОЛСЫН. ҚҰТТЫҚТАУ. Бұл тіркестер қазіргі тіліміз үшін жиі қолданылатын, мағыналары айқан, кәсігі создер. Бізді бұл жерде қызықтыратын — *құт* түбір сөзінің жеке тұрғандағы бұрынғы және қазіргі мағыналары. Түсіндірме сөздік *құт* сөзіне «береке, байлық, мол қазына» деген түсініктеме береді. *құты қашты* тіркесін «берекесі кетті, ұсқыны қашты» деп түсіндіреді.

Құт(ы) сөзі қазақ тілінде *құтын алу, құты түсу* деген тіркестер құрамында да келеді. Соңғы тіркестердегі *құт* сөзінің мағынасы басқашарақ: *құтын алу* «қатты қорқыту, шошыту», *құты түсу* — «көңілі түсу, көңілі келу». *Құт* сөзінің көне түркі тілдеріндегі мағынасын іздестірсек, екі түрлі болғанын көреміз: бірі — «адам жаны, рухы, өмірлік күші (орысша «жизненная сила»), екіншісі — «бақыт, игілік; табыс, сәттілік».

Біздің байқауымызша, қазақ тіліндегі жоғарыда көрсетілген тіркестер осы екі мағынаның негізінде пайда болған: *құты қашу, құтын алу* дегендердегі *құт(ы)* «аламның ішкі жан күші, рухы» деген мағынаға байланысты, яғни біреудің құтын ұшыру, құтын алу — оның ішкі жан күшін әлсірету, яғни «қорқыту, шошыту» дегенді білдіреді. Ал *құт қону, құтты болсын айту, құттықтау* дегендердегі *құт-тың* негізі — «бақыт» мағынасы: *құт қону* — бақытты болу, *құтты мекен, құтты орын, құтты қонақ* дегендер *құт-бақыт* қонған мекен, орын, бақыт әкелген қонақ деген мәнде екені айқын. *Құттықтау* сөзінің де түп мағынасы — «бақыт, сәттілік», «табыс тілеу». Өзге кейбір түркі тілдерінде *құттықтау* сөзі *құтлау* («құт-бақытқа сый көрсету, яғни оның пайда болуын тілеу») тұлғасында келеді (Ахметьянов, 34). Қазақ тілінде есімнен етістік тудырушы *-ла* жұрнағы *құт* сөзіне тікелей жалғанбай, оның *құтлығ/құтлық* деген сын есім қалпына жалғанып жасалған: *құттықта* (*құт + лығ + та*) — «бақытты болуды қалау, тілеу». Ал түсіндірме сөздіктің *құт* сөзіне берген анықтамасындағы «береке, байлық» мағыналары түп негізіндегі «бақыт» мағынасынан ауысқан: береке мен байлық — бақытты құрайтын, бақыттылықты білдіретін нәтижелер.

Сөйтін, бұл күнде *құт/құты* сөзінің ертедегі тура мағынасы комескіленіп, одан туған ауыспалы мағынада қолданылатын тіркес компоненті және туынды сөздің негізі ретінде ғана сақталған.

ҚЫТЫҚСЫЗ АРАЛАСУ. Ұлы Абайдың Лермонтовтан аударған «Теректің сыйы» атты өлеңінің ең соңғы шумағы:

Кәрі Каспий қара көк көзін ашты,
Жылы жүзбен Терекке амаңдасты,
Жыбыр қағып, қозғалып, сылқ-сылқ күлін,
Қатынды алды, *қытықсыз* арласты —

деп аяқталады. Ақынның 1957 жылы жарық көрген екі томдық басылымында *қытықсыз* деп жазылған. «Абай тілінің сөздігі» бұл шумақта жазылған түрінше *қытықсыз* сөзін тіркемеген, не *қытықсыз* сөзіне қоспаған. Соңғы тұлға осы басылымда Полонскийден аударған «Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы» деп басталатын өлеңіндегі келген түрiнде сөздікке енгізіліп, «шынайы, таза» деген мағына береді деп көрсетілген.

Көне түркі тілінде *қыдығ* — 1) «бір нәрсенің шегі, шекарасы», 2) «озен-су жағасы» деген мағынадағы сөз, ал *қыдығсыз* тұлғасы «шексіз, шетсіз» дегенді білдіреді. *Қытықсыз араласу* «ара-жігі білінбей, мүлде араласып кету» дегенге саятып сияқты. Бұл сөздің қазіргі кездегі «емің-еркін, ұялмай-қысылмай» деген ауыспалы мағынасы «ара-жігі білінбей араласып жату» деген бастапқы ұғымынан ауысуы мүмкін.

МАЙДАН. Бұл сөзді қазіргі кезде көбіне-көп «ұрыс-соғыс болатын (болған) жер» деп ұғамыз. Қазақ тілінің екі томдық түсіндірме сөздігі *майдан* сөзін 1) сұралып соғыс даласы, 2) белгілі бір бағытта әрекет жасау үшін біріккен әскери күш, 3) бір қолбасшының басқаруымен бірнеше армия құрамаларының қимыл-әрекет жасайтып аудапы деп түсіндіреді (ҚТТС, 1974, II, 421). Бұл сөздің соңғы екі мағынасы Ұлы Отан соғысы кезінде пайда болған, орыс тіліндегі *фронт* сөзінің баламасы ретінде алынған жаңа мағына екені көрініп тұр.

Ал бұрынырақ қазақ тілінде *майдан* сөзі әрі осы күнгідей, «ұрыс, шайқас орны», әрі «көгал» және «алаң» дегендерде жұмсалған. Мысалы, «Қыз Жібек жырында олейін деп жатқан Төлеген аспаптадағы алты қазды шақырып:

Қонар болсаң, жануар.
Міне *майдан*, міне саз —

дейді. Мұндағы *майдан* да, *саз* да «көгал жер, көкорай шалғынды жер» дегенді білдіреді. *Саз* сөзі де екі мағынаны білдірген: бірі — «көгал, көкорай шалғынды жер»,

екіншісі — «балшық», қазіргі әдеби тілімізде саз — су араласын, балшыққа айналған топырақ» (ҚТТС, 1961. II 233). Қазақ ауыз әдебиетінде саз сөзі көбінесе 1-мағынада келеді. Мысалы, қыз Назымды алмаққа келген қалмақ ханы қыздың әкесіне:

Тікпекке ақ үй сұраймын
Ел қойбаған сазыңды —

дейді. Н. Ф. Қатанов жинап бастырған қазақ мақал-мәтелдерінің ішінде «асылсаң — биікке, жығылсаң — *майдаңға*» деген мәтел бар. Мұндағы *майдаң* сөзі де «ұрыс даласы» дегенді емес, «алаң» дегенді білдіреді. *Майдаң* сөзінің осы күнгідей «ұрыс даласы» деген ұғымы да батырлар жырларында жиі кездеседі. Мысалы, «Қамбар батыр» жырында:

Олар *майдаң* ішінде
Түзетті бұлар ұрысты.
Қылыш шауып, қан төгіп,
Қыздырыңдар ұрысты —

деген жолдарды оқысақ, мұндағы *майдаң* — «ұрыс алаңы».

Сөйтін, *майдаң* мен саз сөздерінің осы күнгі әдеби тілімізде норма емес «көгал, көкөрай шалғынды жер» және «алаң» мағыналары ескі жырлар мен мақал-мәтелдерде, сондай-ақ жергілікті сөйлеу тілінде кеңінен орын алған.

Майдаң (егер өзі о бастан түркі сөзі болмаса) — парсы тілінен енген сөз, сөздіктердің көрсетуіне қарағанда, парсы тіліне араб тілінен енген.

МАҢҒЫСТАУ. Бұл жерде біз етістік *маңғыста-тұлғасын* сөз еткелі отырмыз. Махамбеттің бір өлеңі:

Маң-маң басқап сары атап
Маңғыстан шығар өріске —

деп басталады. Мұндағы *маңғыстан* сөзінің түп-төркіні мен мағынасы туралы бізден бұрын қазақ сөздері тарихына үңіле жүретін ғалымдар Е. Жанпейісов пен Қ. Өмірәлиевтер айтып кеткен болатын. Соны қайталай ескі түсіріп, өз таранымыздан мысалдар қосып, осы сөзді және бір талдап өтпекпіз. Бұрын да дұрыс көрсетілгендей бұл сөздің түбірі — *маң*. Көне түркі тілдерінде *ман/ма* сөзі «адым, жүріс» деген есім ретінде де, «адымдау, жүру аяқ басу» деген етістік ретінде де жұмсалған. Осы түбірден *маңым* «адым», *маңығ* «жүріс» сөздері де жасалған

Көне түркілерде *маң-* деген етістіктің *маңла-* варианты да болған (ДС. 336—337). Тіпті қазақ тілінде *маң-маң басу* (*маң-маң, маң басқан, шудаларын шаң басқан*) тіркесінде келетін *маң-маң* тұлғасы да көне заманда қолданылған: *маң маң-*, мұны «қазақша» тұлғаласақ, *маң маңу* болып шығады, яғни *адым адымдау* немесе *адымдап жүру*.

Қазақ тілінде «адым» ұғымындағы *маң* деген зат есім де, онымен түбірлес *маңу, маңлау* деген етістіктер де ұмыт болып, қолданылмай, бұл сөздер тек *маң-маң басу* және *маңғыста-* деген тұлғалар сақталған. *Маң-маң* сөзі *басу, жүру* сияқты қосалқы етістіктерсіз қолданылмайды, себебі *маң* сөзінің мағынасы күңгірттенген. Сол сияқты *маң* түбіріне етістік тудыратын *-ғы* жұрнағы жалғанып, *маңғы-* етістігі (*қаңғы-, саңғы-* дегендер сияқты) жасалған, оған *-с* жұрнағы қосылып, қайтадан зат есім туган, ал *маңғыс* есіміне *-та* жұрнағы жалғанып, екінші рет етістік пайда болған. Сөйтін, *маңғыста-* (*маңғыстау, маңғыстамаң*) деген морфологиялық «қырық шекпен» киген сөз ғана сақталған.

Маңғыстау етістігінің мағынасы — көне түркідегі *маң-* етістігіндей «адымдау, жүру», мүмкін, бұған «ілгері басу, өрістеу» реңктері қосылған болу керек. Қазақ тілінде *маң-маң басу* етістігі белгілі бір «проискасы бар» «паспортты» сөз, ол «проискасы» — ақырын, байсалды түрде адымдау, мысалы, аяғын байсалды басатын түйеге айтылады (*маң-маң басқан сары атан өріске маңғыстап шығады*), егер бұл етістік адамға қарата айтылса да, әңгіме жай ғана адымдау туралы емес, аяғын «ақырын, байсалды түрде маңғаздана басу» жайында болады. Сөйтін, *маңғыстау* етістігі — «жүру, адымдау» дегенді білдіретін, бүгінде сирек қолданылатын, көбінесе образ үшін пайдаланылатын сөздердің бірі. Әдемі сөз, әсерлі сөз.

НАЖАҒАЙ/НАЙЗАҒАЙ. Нөсер жауын кезінде ауада электр зарядтарының бір-біріне соқтығысуынан пайда болатын күшті (кұбылысты) *нажағай* немесе *найзағай* дейміз (ҚТТС. VII, 310). Бұл сөз қыпшақ тілдерінде *сазаған* тұлғасында да қолданылған. *Сазаған* сөзі «бұлт ішіндегі аждаһа» дегенді білдіреді. Демек, *нажағай* мен *аждаһа/аждақай* сөздерінің өрісі («туысы») бір: *нажағай* — көктегі от болып жарқылдайтын қанатты аждаһа деген сенімнен шыққан болар. Сондықтан бұл сөздің қару атауы ретіндегі *найза* сөзіне еш қатысы жоқ тәрізді. Зерттеуші Ә. Нұрмағамбетов *найзағай* сөзінің түбірі «жан-

дыру» мағынасындағы монғолдың *ноцоо* (.x) етістігі деп таниды (Нұрмағамбетов, 38). Бұл да «жаны бар» болжам.

ОЙЫН. Бұл сөз ерте кездегі қазақ тілінде, оның ауыз әдебиеті үлгілерінде «соғыс, ұрыс» деген мағынада да жұмсалған. Мысалы, «Ер Шобан» толғауында батырлар айдап алып кеткен жылқының соңынан қуып келген Бизазыға Шобан: менің жиынымда (қосынымда) «түменді бұзған ерлер мен суырылып шабар батырлар бар» деп бірнешеуін атайды. Солардың бірі:

Бір *ойында* алпыс ала балта сындырған
Айсаһың ару ұлы Қолай бар —

дейді. Мұндағы *ойын* деп тұрғаны — «ұрыс».

Ойын сөзінің батырлар жырларында жұмсалған сәттері бұл сөздің «ұрыс, соғыс» деген мағынасын тіпті айқын таптыады. Мысалы, Қобыланды батырдың жауымен айқасын:

Қанижарменен қармасты,
Семсерменен серместі,
Сөйтіп *ойын* ойнасты —

деп суреттейді. Мұндағы *ойын ойнау* — нағыз «шайқасу, соғысу». «Ер Тарғын» жырындағы:

Толып жатқан қалмаққа
Тарғын салды *ойынды* —

дегенде де ойнап жүрген батыр емес, ұрыс салған батыр сөз болып отыр. Қатты шайқасатын қас батырды «*ойыны қатты жас арыстан*» деп бейнелейді. *Ойын* сөзі көбінесе «ұрысты, соғысты» деген мәнде *ойын салды* тіркесімен келеді.

Әрине, *ойын* сөзімен қатар *ұрыс, соғыс, шайқас* сөздері де қолданылған. Мысалы, «Қамбар батыр» жырында жау:

Бүркіттей жанын шеңгелін
Салмақа даяр *соғысты*,..
Қайратымыз аспайды
Қынайық десек *ұрысты* —

деп келеді.

Сол сияқты *ойын* сөзінің құда түсу, қыз ұзату, келін түсіру, жеңісті тойлау сияқты елеулі оқиғалар үстінде отпзетін сауық-сайранды да білдіретін мағынасы қатар жұмсалған. Мысалы, «Қамбар батыр» жырындағы:

Құда түсін, құйрық жән,
Қыламыз қызық ойынды...
Қырық күн ұдай тойым бар,
Әр түрлі қызық ойын бар,—

деген жолдарға назар аударалық.

ОҚУ. Емші бақсы-балгерлер адамды жылап шаққанда, *оның уытын оқып шығарады* дейді немесе ауру адамды үшкіріп *оқып емдейді* дегенді де естиміз. Сондықтан *оқы-* етістігінің үшінші мағынасы етін түсіндірме сөздік «інінен дұға айтып арбау, дуалау, дем салу» дегенді көрсетеді.

Оқы- етістігінің көне түркі тілдеріндегі бір мағынасы «шақыру» болған: *ол мені оқыды* «ол мені шақырды» (ДС, 369). *Оқычы, оқығушы* сөздері «хабар беруші, жар салушы» дегенді білдірген. Осыдан көне *оқра-* (қазақ тілінде *оқыран-*) деген жылқы малының үйірін, құлынып шақырғанда шығаратын дыбысын білдіретін туынды етістік жасалған. Демек, *оқыран-* да «шақыру» деген сөз. Сонда *жыланның уытын оқып шығару* деген о баста «сол ұытты адам денесінен *шақырып алып, шығарып тастау*» деген ұғымда қолданылған сөздер. Бақсы-балгердің үшкіріп оқып емдеуі де, ескі наным бойынша адам бойына аурудың «несі» кіргенде, адам ауырады, сол «иені» дуалап, үшкіріп *шақыру (оқу)* керек, сонда ол жазылады деп сенген.

ОРДАЛЫ ЖЫЛАН. Әдетте *орда* сөзін жеке алғанда ханның, батырдың т. б. ордасы, орталық мекен-жайы деп түсінеміз, ал тарихи шығармаларда *Алтын орда, Ақ орда* сияқты хандықтардың атауын білдіретін сөз деп білеміз. Бұл күнде *орда* сөзі белгілі бір мемлекет басшысының қызмет бабындағы орталық мекен-жайы деген мағынада қалыптаса бастады: Ресей президентінің *ақ ордасы*, Қазақстан президентінің *ақ ордасы*.

Ал *ордалы жылан, ордалы құлан* дегендердегі *орда* сөзінің мағынасы бұдан басқаша. Көне түркі тілдерінде *орду* сөзінің бір мағынасы «жылан, тышқан сияқтылардың індері мен басқа да жан-жануарлардың тұрақтары» деген болған (ДС, 370). Сонда *ордалы жылан* — белгілі бір жерде індері көп, шоғырланған жыландар, көп жылан, *ордалы құлан* — белгілі бір аймақты жайлаған құландар үйірі дегенді білдіреді екен.

ОРЫНДЫҚ. Қазірде өте түсінікті жиі қолданылатын сөздердің бірі — *орындық*. Ол — адам отыратын үй жаб-

дығы (орысша *стул*). Бұл сөз өткен дәуірлерде де болған. Өне түркі тілінде *орундуқ* — 1) «тақ, 2) тұрғы (бір нәрсенің тұратын, жататын тұрғысы)» (ДС, 372). Қазақ тілінде де ертеде *орындық* сөзі бір нәрсенің тұрғысы дегенді білдіргені байқалады. Махамбет өлеңінде кездесетін:

*Орнықты қара сабадан
Қымыз ішер күн қайда?—*

деген жолдардағы бірінші сөз *орнықты емес, орындықты* болуы керек, өйткені жерді азырақ шұңқырлап, үлкен сабаңарды соған қоятыны белгілі, демек, осы шұңқыр — сабаңның *орындығы* (тұрғысы) немесе саба қоятын төрт тағы арнайы орындық та болған. Төсек те жалпы алғанда — тұрғы (жататын жер, орысша *ложе*), сондықтан жататын *кереует* сияқты ағаш төсекті де ертеде қазақтар *орындық* деп атаса керек. Мысалы, Доспамбет жырау:

*Зерлі орындық үстінде,
Ая шымылдық ішінде
Тұлымшағын тоғілтіп,
Ару сүйдім — өкінбен!—*

дейді. Мұндағы *орындық* деп тұрғаны — биік ағаш төсек, зерлі деп отырғаны — не орнектелген (инкрустацияланған) төсек болар, не зерлі жамылғысы бар төсек болар, қайткенде де мұндағы *орындық* қазіргі отырғыш (*стул*) емес, төсек және ол төсек образ үшін алынған тұр.

ӨЛЕ ТОЙДЫ. Көбінесе күнделікті сөйлеу тілінде қолданылатын *өле тою* деген тіркес бар. Осыдан барып *өлгенше жеді, өлгенше ішті* деп те айта береміз. Бұлар «мейлінше тою, көп жеу, көп ішу» деген мәнде айтылатын сөздер. Тұн-төркінін іздестірсек, мұндағы *өле* сөзінің «дүние салу, өлу» мағынасындағы *өл-* сөзіне еш қатысы жоқ екен. *Өл-* етістігі саха (якут) тілінде «тою» деген сөз. Демек, ертедегі түркі тілдерінде қолданылған *өл-* «тою» сөзі мен қазіргі тіліміздегі *той-* сөздері илеонастық қатар түзін, яғни екі тұлғадағы «тою» мағынасындағы екі сөз қатарласа айтылып, «мейлінше тою» мағынасын береді тұр. Әрине, «тою» мағынасын беретін *өле* сөзі қазақ тілінде якут тілінен енген деуге болмайды. Бұл — сірә, өте ертеден қалған көненің көзі. Мұндай қалдықтар, сарқындықтар (реликтивтер) қазақ тілінде аз кездеспейді.

САҒЫНУ, САҚЫНУ. Бұхар жырау Абылай ханға:

*Басына мұшпа көтерген
Жұртыңа жаулық сағынба —*

деп ақыл айтады. Мұндағы *сағыну* сөзі «біреуді қоруге аңсау» мағынасындағы *сағыну* сөзімен бір емес. Бұл жерде *сағыну* сөзінің түбірі — *сақ*-. Көне түркі тілдерінде *сақ*- етістігі «ойлау, толғану, түйу» дегенді, ал осы түбірден жасалған *сақын*- етістігінің бір мағынасы «ойлау, есептеу» болған (ДС, 486). Бұл тұлғаның «ойлау, ойлану, ниеттену» мағынасы ертеректегі қазақ тілінде де жұмсалғанын жоғарыдағы Бұхар толғауы танытады. *Жаулық сағыну* тіркесі осы күнгі тілімізше айтсақ, *жаулық ойлау* дегенді білдіреді.

Сақын- етістігінің мағынасы — «сақтану». Көне, орта ғасырлардағы түркі тілдерінде «сақтану, қорғану» мағынасында қолданылған *сақын*- тұлғасы ертеректегі қазақ тілінде де орын алған. Оған Шалкиізде кездесетін:

Алл, алл, ал сақын,
Алддып жүрген дұшпаннан жүз *сақын*.
Күле кіріп, күңіреніп
Шыққан дастан мың *сақын* —

деген жолдар мысал бола алады. Махамбет ақынның:

Мен тауда ойнаған қарт марал
Табаным тасқа тиер деп
Сақсынын шыққан қияға —

деген жолдарындағы *сақсыну* сөзінің түбірі де *сақын*- болуы мүмкін. «Қорғану, сақтану» мәніндегі *сақын* тұлғасы «күні кешегі» Махамбет заманындағы қазақ тілінде қолданыстан шығып қалып, ұмыт бола бастағандықтан, *сақсыну* деп өзгеріп айтылуы әбден ықтимал.

САДАҚ. ЖАҚ/ЖАЙ/ЖА. Бұл сөздер қазақ эпостарында да, XV—XIX ғасырлардағы ақын-жыраулар тілінде де жиі кездесетін, қазірде көнере бастаған сөздердің қатарынан табылады. *Садақ* сөзінің синонимдері *жақ/жай/жа*. Соңғы *жа* варианты қазақ тілінде *сарыжа*, *бұхаржа* сөздерінде сақталған.

Садақ (жақ) — ағантан доғаша иіп немесе иілген іспетті екі бөлікті жалғастырып, екі ұшын қайыспен келіп, сол кермеге оқ (жебе) салып, тартып ататын, өте көне замандарда келе жатқан қару атауы. *Садақ* сөзі кейбір түркі тілдерінде қарудың өзін емес, оның қабын, сауытын білдіреді немесе жақтың бүкіл жабдығымен қоса аталған жалпы атауын береді. Ал қазақ тілінде *садақ* сөзі қарудың өзін де, жақ пен оның оғын салатын қабын да білдіргенін байқаймыз. Мысалы, Қазтуған жырауда.

Қарағайдан *садақ* будырып,
Қылшанымды сары жүп оққа толтырып —

деп келеді. «Қыз Жібек» жырында Қорен қалмақ:

Қарсы қарап тұра қап,
Садақты қолға алады.
Толықсып тұрғап баланы
Толғап тартып қалады.

Бұл екі мысалда *садақ* — қарудың өзі, яғни жақ.

Сонымен қаар *садақ* сөзі жақтың өзінің қабын да білдірген. Мысалы, жырларда кездесетін *бұлғары садақ*, *бұхаржай* немесе *көн садақты демесең, көпке тиер сөзім бар* дегендердегі *бұлғары садақ*, *көн садақ* тіркестері былғарыдан жасалған (әлде бұлғарлықтардың үлгісімен жасалған ба?) және көннен жасалған қап (жақ салатын футляр).

Қазақ тілінде жақтың жабдығымен қоса алғандағы жалпы атауы ретінде қолданылуы да жоқ емес. Мысалы, Махамбеттің «беркініп садақ асынған» дегенінде, ақын жалпы қару (*садақ*) асынып, жауға аттану дегенді айтып тұр.

Қазірде ұмыт бола бастаған бұл көне атауларды осы күнгі кітаптарда жаңалыс түсіндірушілік жиі кездеседі. Мысалы, Махамбет ақынның 1962 жылғы жинағанда *жай* — «садақ оғы» деп қате түсіндірілген. Бұл түсінік ақынның:

Толғай да толғай оқ атқап,
Он екі тұтам *жай тартқан* —

деген жолдарына қарай айтылған. Бірақ бұл жердегі ақынның *он екі тұтам* дегені оқтың ұзындығы емес, жақтың кермесінің (адырнасының өлшемін, яғни жақтың өзін айтқаны. Немесе Қазақ совет энциклопедиясы *жақ* сөзінің *жай* вариантын «жақтың оғы алысқа ұшатындықтан, жақты кейде жай деп атайды» деп түсіндіреді. Шындығында бұл екеуі бір сөз, яғни *жақ* пен *жай* параллельдері — түркі тілдеріне тән дыбыс алмасуларының (*р~й*) нәтижесі (Қайдаров, 29). Сол сияқты *бұхаржа* сөзін «Батырлар жыры» атты кітаптың II томында (1961, 23-бет) «Бұқар қаласында жасалған сауыт (?)» деп түсіндіреді. Дұрысында *бұхаржа* және *сарыжа* сөздеріндегі *жа* компоненті көне *йа* сөзінің қазақша варианты (сөз басындағы *й* дыбысының қазақ тілінде *ж* болып келетіні белгілі). Көне *йа* — жақ, *йа қур* — жай тарту, жақ ату, *йа қурғучы* — жайшы, жақ атушы (ДС, 221). Қару атауының

бұл көне түрі қазақша *бұхаржа*, *сарыжа* сөздерінде сақталғап, осы сөздер келе-келе «жаңашаланып» *бұхаржай*, *саржай*, одан барып *саржан* түріне де көшкені және байқалады:

Бұлғары садақ, *бұхаржай*,
Бұлғай тартты Ер Қосай,

«Ер Қосай» жырының келесі бір жерінде:

Алты атқа алған адырна,
Он атқа алған *бұхаржа* —

болып айтылады. Бір жырдың өзінде бірде *бұхаржай*, бірде *бұхаржа* болып қолданылуы ұйқас шартына байланысты болып отыр: *бұхаржай* сөзін (тұлғасын) *Ер Қосай* сөзіне ұйқастыру үшін, ал *бұхаржа*-ны *адырна*-ға ұйқастыру үшін алын отыр. «Ер Тарғын» жырындағы Ақжүніс сұлуды жыршы:

Қасы *сарыжадай* керілген,
Кірпігі оқтай тізілген —

деп суреттесе, «Қыз Жібек» жырында *сарыжа* тұлғасы *саржан* болып кетеді:

Саржанның кірісі
Тартуға келмей үзілді.

Сарыжа дегенді өткен ғасыр лексикографы Л. Будагов былайша анықтайды: «Қазақша сарыжа, шағатайша сары йай сүйекпен әшекейленген, сарыға боялған жақ («Будагов, I, 686). Ал *бұхаржа* деп Орта Азия (Бұхар өңірі) үлгісінде жасалған немесе сол жақтан келген жақты ата-са керек.

Сөйтiп, кермесiне (кiрiсiне, адырнасына) оқ (жебе) тiреп, тартын ататын ағаштан жасалған (бұдырған) көпе қару атауы XV—XIX ғасырлардағы қазақ тiлiнде *садақ*, *жақ*, *жай*, *жа* деп аталған (соңғысы бiрiккен сөз құрамында ғана). Демек, әр тiлдегi сөздердiң семантикалық (мағыналық) даму заңдарына қарай, о бастағы бiр сөз, мысалы, *садақ* сөзi бiр тiлде қарудың өзiн, екiншi бiр тiлдерде тек оның қабын, үшiншi бiр тiлдерде қарудың өзiн, жабдығын, сауытын (қабын) қоса алғандағы жалпы атауын бiлдiретiн болып қалыптасқан. Қазақ тiлiндегi *садақ* сөзi — осы үш мағынаның үшеуiне де ие болып қолданылып келген сөз.

Осы сөзді түбегейлі әрі қисынды талдаған ғалым Ә. Қайдаровтың пікірі орынды. Зерттеуші бұл сөздің түп-төркіні түркі-моңғол тілдеріне ортақ *саа* тұлғасы деп та-

бады да, оның *йә/йаа/жаа/чаа/һаа/йей/жай/сай/чай/жақ/сақ/чақ/жайа/саға/даға* т. б. деген құбылмалы фонетикалық варианттары бар екенін көрсетеді (Қайдаров, 28—29).

САЙЫП КЕЛГЕНДЕ. Бір әңгімені қорыта айтқанда, *сайып келгенде* деген тіркесті қолдапамыз. *Сайып* сөзінің торкіні — *сай-* етістігі. Ол түрік, әзірбайжан тілдерінде «есептеу» деген мағынаны береді. Демек, *сайып келгенде* — «әңгіменің түйінін есептеп келгенде» деген мәнде қолданылатын сөздер екен.

САҚЕТЕР, САҚСЫР. Ертеде өткен Доспамбет жыраудың бір толғауында:

Сақетер тиді саныма,
Сақсырым толды қаныма —

дейді. Мұндағы *сақетер*, *сақсыр* сөздері бұл күнде қолданылмайтын бейтаныс атаулар. Контекске қарағанда *сақетер* — қарапайым соғыс қаруының аты (сақ етіп тиетін нәрсе) немесе «сақ етіп тиетін оқ» дегеннің образды атауы. С. Аманжолов *сақетер* әдеби тілдегі *қылыш* дегеннің орнына қолданылатын диалектизм, яғни Қазақстанның батыс өлкесіне тән жергілікті сөз деп таниды (Аманжолов, 340).

Сірә, ұрыс, соғыс қаруларының атауын *-ар/-ер*, *-р/* жұрнақты есімше тұлғасымен беру қазақ тілі үшін ертеден дағдыға айналған тәсіл болу керек. Мысалы, «Қобыланды» жырынан:

Шауып келіп Қараман
Безеу тісті *кертартар*
Тас тобеге салады —

дегенді оқимыз. Мұндағы *кертартар* да ұрыс қаруы. Соңғы дәуірлерде пайда болған *бесатар*, *алғатар* деген атыс құралдарының атаулары да осы тәсілмен жасалған сөздер.

Ал *сақсыр* сөзі тағы да контекске қарағанда киімнің, оның ішінде не аяқ киімнің, не шалбардың атауы болса керек. Өйткені саннан аққан қан не шалбардың ішіне, не аяқ киімнің ішіне толады ғой. Бұл екі атаудың екеуі де өзге түркі тілдерінің, сондай-ақ көне және орта ғасыр түркі тілдерінің сөздіктерінде жоқ. Соған қарағанда бұлар қазақ топырағында туған образды тіркестер, образды атаулар болуы мүмкін. Эпикалық жырлар тілі \emptyset бір

нәрсені бейнелеп атауға, ойды образбен беруге икем екендігі белгілі.

САЛАР. Ертедеп келе жатқан «Сен салар да мен салар, атқа жемді (немесе тоқым) кім салар» деген мәтел бар. Мұндағы салар сөздері қазақ тіліндегі сал- етістігінің есімше тұлғасы сияқты болып көрінеді. Шындығында мұндағы үш рет қайталанған салар сөзінің соңғысы ғана етістік, ал алдыңғы екеуі есім сөз, ол «басшы, бастаушы, бастық» деген мағынадағы парсы сөзі. Парсы тілінде жоғары әскері басшыны. (орысша «главнокомандующий» дегенді) *сипаһсалар* деп атайды, *сипаһ* — «әскер, армия» деген сөз, сонда *сипаһсалар* — «әскер басы, армия басшысы» деген термин, *керуен басы* дегенді *каруансалар* деп атайды. Сонда жоғарыдағы қазақ мәтелі «мен де бастықпын, сен де бастықсың, атқа жем салып (немесе тоқым салып) қызмет ететін кім болмақшы» деген мәнді білдіреді.

САЛУ. XV—XVI ғасырларда жасап өткен Шалкиіз, Қазтуғандардың мұраларынан сал- етістігінің бұл күнгіден өзгеше келетін «тастау, қалдырып кету» мағынасында қолданылатын тұстарын көреміз. Қазтуған атамекенімен қоштасқан толғауында:

Қайран менің Еділім,
Мен салмадым, сен салдың —

дейді, яғни «мен сені өз еркіммен қалдырып бара жатқаным жоқ, сен қалдырдың (кетуге мәжбүр болдым)» дегенді айтады. Мұны осы жолдардан кейінгі:

Қайырлы болсып сіздерге
Менен қалған мынау Еділ жұрт —

деген сөздері дәлелдей түседі. Шалкиіз жырау мен батырлар жырларында кездесетін:

Жағы түкті жылқы айуан
Несіп қайда жауға салмаған —

немесе Махамбеттегі:

Таңдан мінген тұлпарлар
Несіп қайда жаяу салмаған —

деген жолдарда да салу етістігі «тастау, қалдырып кету» мағынасында келіп тұр. Біздіңше, «құлын тастау» мағынасындағы *құлын салу*, «өлу» мағынасындағы *дүние салу* деген тұрақты тіркестердегі салу сөзі де «тастау, қалды-

ру» мәнінде. Қыргыз тілінде *бала салу*, *қозы салу* («бала тастау», «қозы тастау») тіркестері бар.

Салу етістігінің бұл мағынада жұмсалғанын ХVІ ғасырдың соңғы жылдарының түркі (қазақ) жазба ескерткіші — тарақ таңбалы жалайыр руынан шыққан Қадырғали би Қосымұлының «Жами ат-тауарих» деген тарихи шығармасының (шежіресінің) тілінен де көреміз. Ол бір жерде былай деп жазады: [Чингиз хан Отчигин ноһанды] нечүк уалайат тәжікке атланғанда, аны үйінде, ордаларында ләшкері білән салып кетті. Бұл сөйлемнің қазіргі қазақшасы: [Шыңғыс хан] тәжік уалаятына аттанғанда, оны [Отчигин ноһанды] әскерімен қоса өз үйі-ордасына қалдырып кетті.

Сөйтін, *салу* деген етістік осы күнгі білдіретін мағыналарымен қатар («қою, орнату» т. т.), ертеректе қазақ тілінде «тастау, қалдырып кету» мағынасында да еркін жұмсалған. Біздіңше, бұл омоним сөздер болар, яғни сыртқы тұлғасы (*сал-*) бір, мағынасы екі бөлек екі сөз болар деп ойлаймыз.

Сал- етістігінің қазіргі нормадан ауытқып қолданылған тұсы «Қозы Көрпеш» жырында да бар екенін эпос тілін зерттеуші Е. Жұбанов көрсетеді. Ондағы:

Сол Баянды Қодар құл көзден салмас...
Садағынды белиңнен салма деген...
Шырағым мені есіңнен салма дейді —

деген өлең жолдарында қолданылған *салма-* етістігі «тастама, қалдырма, есіңнен шығарма» деген мағыналарды береді. *Киімді салмастан киді* дегендегі *салмастан* етістігі де «тастамастан» деген мағынада екенін осы зерттеуші қоса көрсетеді.

Сөз төркінін қуаласақ, бұл көне түркі-монғол сөзі болу керек *Сала(x)* сөзі — монғол тілінде 1) «бір нәрседен құтылу, тастау, қалдырып кету, арылу», 2) «бөліну, айырылу», 3) «жоғалту, айрылып қалу» мағыналарын беретін етістік. Қазақ тілінде бұл сөзді тіркестер құрамында (*Әруие салу, салмастан кию*) немесе ертедегі үлгілер тілінде қолданылған көненің көзі ретінде сақталған элемент деп табамыз.

САН. Батырлар жырларында:

Ол екі жасқа келгенде
Ол сан қолға бас болдым —

деген жолдардағы *сан* сөзі немесе Махамбеттегі:

Алты сан алаш ат болін,
Тізгінің берсе қолыма,
Заулар едім бір көшке...
Сол онымыз жүргенде,
Мың сан әскер қол едік...
Сан шерулі қол болса,
Батырлар болар ағасы —

дегендеріндегі *сан* сөзін бұл күндегі «есен» мағынасындағы қолданысынан бөлек тану қажет. Өткен ғасырда қазақша-орысша сөздік түзген Н. И. Ильминский *сан* сөзінің бір мағынасын «есенсіз көп сан» («большое, неопределенное, впрочем, число») деп көрсетеді. Бұл мәнде осы күні *сансыз*, *сансыз көп* сөздері жұмсалады. Ал о баста *сан* деген сөз «өте көп, мөлшерсіз көп» деген ұғымды білдірген. Жоғарғы өлең жолдарындағы сан сөзі осы мағынада жұмсалып тұр. Ол *он сан*, *алты сан*, *мың сан* деген тұрақты тіркестердегі *он*, *алты*, *мың* деген сан есімдер де өздерінің номинатив (тура) мағынасын танытпайды, олар да «көп, белгісіз мөлшердегі көп» деген ұғымда келген сөздер.

Сөйтіп, *сан* сөзі бір кездерде тілімізде «көп, сансыз көп» деген мағынаны сан есімдер мен тіркесте келгенде, тұтас тіркес болып білдірген. *Алты сан алаш* — «қаумалаған қарындас», яғни қалың елі, ағайыны, артынан ерген қалың жұртшылық, *мың сан әскер* де «есенсіз көп әскер».

САНА. «Алпамыс» жырында:

Маған да әсер қылып тұр
Зарланып айтқан *санаңыз*...
Қайда барып төгемін
Ішімдегі *сананы* —

деген жолдар бар. *Сана* сөзі қатысқан өлең жолдарын өзге жырлардан да жиі кездестіреміз. «Қозы Көрпеш» жырында:

Ол бір *сана* көңіліме салды дейді.

«Аймаң — Шолпанда»:

Аймаңның көңілі кең, ақылы дана,
Ішінде Арыстанның болар *сана*.

Бұлардағы сана «сана-сезім» мағынасындағы *сана* сөзінен де, «есептеу» мағынасындағы *сана*- етістігінен де өзгеше мәнде қолданылған сөз. Келтірілген өлең жолдарындағы *сана* — «ой» және жай ой емес, «толғантатын ой» мағынасында келген. Әсіресе, *Сарғайып санаменен жүзі сары* немесе *Қайда барып төгемін ішімдегі сананы*

деген жолдарда *сана* сөзінің «қпнаған, толғантқан, уайым жегізген ой» деген мағыналық реңкі айқын көрінеді.

Сана сөзінің «ой, ойлау» мағынасы монғол тілінде де бар. *Сана* сөзінің *ой* сөзіне синоним болып келетіндігін «Алпамыстағы»:

Қой дегенде қоймасаң
Түсіремін *ой-сана* —

ден плеонастық қатар (яғни бір мағынадағы екі сөздің қосарлана қолданылуын) түзіп тұрғанымнан да көрінеді. Ойды айтатын, төгетін, салатыны сияқты сананы да салады, төгеді, айтады.

Әрине, қазақ тілінде бұл — кірме сөз емес, біздіңше, сірә, түркі-монғол тілдеріне ортақ сөздердің бірі. Оның қазақтың ескі өлең-жырларындағы мағынасы қазіргі философиялық, психологиялық термин ретіндегі (орысша «сознание») мағынасынан едәуір өзгеше болғаны көрінеді.

САРЫ. Түсті білдіретін *сары* сөзі бұл күнде әбден түсінікті, жиі жұмсалатын сөздердің бірі. Бірақ осы сөз келген жердің бәрінде де түс атауы бола бермейтіні бар. Мысалы, бәрімізге белгілі *сары алтын* тіркесі бар. Бұл өзі — тұрақты тіркес. Ертедегі өлең-жырларда да, қазірде де қолданылатын сөздер. Мысалы:

Дүние деген *сары алтын*
Әркімдерді алдаған (Нұрым жырау).
Садағының кірісін
Сары алтынға малдырған (Махамбет).

Мұндағы *сары* сөзі сырт қарағанда солай сияқты болып көрінетінімен, шындығында түске байланысты емес, яғни алтынның сары түсіне қатысты қалыптасқан тіркес емес. *Сары алтын* дегендегі *сары* — парсыша *сара* сөзі, ол — «таза, қоспасыз, пробасы жоғары (алтын, күміс жөнінде)» деген мағынаны береді. (Перс.-русс. сл., II, 435). Бұл ұғымда *саф алтын* деп те айтылатыны мәлім (*саф* деген арабша «таза» деген сөз). Абай тіпті *самородный сары алтын* деп сол мағынадағы орыс сөзін қосып айтқаны белгілі. Сонда *сары, саф, самородный* сөздері бір мағынадағы үш тілдің сөздері. Демек, *сары алтын* — таза, қоспасыз алтын.

Сары сөзінің бұдан басқа да тіркестерде түстен өзге мәндегі сөз болып келетін жерлері бар. Мысалы, *сары уайым* тіркесіндегі *сары* да парсы сөзі, парсыша *сар* сөзінің бір мағынасы «уайым, қайғы» (Перс.-русс. сл., II,

435). Сонда *сары уайым* тіркесі — *уайым-уайым* болып, бір мағынадағы екі сөздің қабаттаса айтылуына пайда болған плеонастық тіркес. «Уайым, қайғы» ұғымындағы *сар* сөзінің қазақ тілінде жеке (яғни еркін тіркесте) қолданылмайтындығынан, қазақ құлағына кәнігі (үйреншікті) *сары* тұлғасына ауыстырылып қалыптасып кеткен.

Сар сөзінің түске қатыссыз қолданылатын үшінші жері — *сары бел, сары адыр, сары жота, сары дала, сары арқа, сары жал, сары бұлақ, сары тау* деген сияқты тіркестерде. Бұлардағы *сары* (көбінесе дұрысы — *сар*) сөзі жерсу аттарын арнайы зерттеген ғалым Е. Қойшыбаевтың көрсетуінше, «кең», «басты», «негізгі» және «айқын», анық көрінген» деген мағыналарды білдіреді (Е. Қойшыбаев. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. Алма-Ата, 1974, 89).

САУДА. *Сауда* сөзін бұл күнде затты сату не сатып алу әрекеті мағынасында ғана түсінеміз. Ал қазақ тілінде бұл сөздің өзге де мағынада келіп, *жалғыздықтың саудасы, ғашықтықтың саудасы* сияқты тіркестер құрап жұмсалатын сәттері бар. Жауына жалғыз шапқан Алпамыс батыр туралы:

Жалғыздықтың саудасы
Түсті ерге бір күнде —

деп келсе, Жібектің аулына екінші рет аттанғалы тұрған Төлеген:

Басыма менің түсіп тұр
Ғашықтың саудасы —

деп шынын айтады. Қамбар батыр қарсыласы қалмақ ханына:

Қап ағызып көзіңнен
Басыңа *сауда салайын* —

дейді. Мұндағы *ғашық (тық) тың саудасы* деген тіркес «ғашықтық оты, өлердей ғашықтық» деген мағынаны білдірсе, *жалғыздықтың саудасы* немесе *басына сауда салу* дегендердегі *сауда* сөзі «қиындық, ауыртпалық» деген мәнде жұмсалып тұр.

Сауда сөзінің араб тіліндегі мағынасы «ыза, меланхолия», парсы тіліндегі мағыналарының бірі — «қатты құмарту, махаббат және ызаланушылық, ыза», ал орта ғасырлардағы түркі ескерткіштеріндегі мағынасы «қатты құмарту, сую, махаббат және құмарлық, әуейлік» (Фазылов, II. 238). *Сауда* сөзінің қазақ топырағында пайда

болған мағынасы одан әрі құбылып, жалпы «ауыртпалық, қиындық» дегенге көшкені байқалады, өйткені *жалғыздықтың саудасы* дегенде сөз ұғымы махаббатқа, әуейлікке жуыспайды, бұл жердегі *сауда* — «ауыртпалық, шара-сыздық». *Сауда* сөзін дәл осы мағынада қазақтың өткендегі ақын-жыраулары да пайдалаған:

Басыңа *сауда* болады
Жолдас қылсаң жаманды (Майлықожа).

Сауда сөзінің осы көрсетілген мағыналарда бұл күнде актив қолданылмағанымен, бір кезде еркіндеу жұмсалғандығын жоғарыдағы мысалдар дәлелдейді, бірақ, өкінішке орай, қазақ тіліндегі араб-парсы сөздерінің арнайы түзілген сөздіктері (Н. Оңдасынов. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. Алматы. 1974, Е. Бекмұхаметов. Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері. Алматы. 1977) бұл сияқты сөздерді бермейді, көбінесе қалың жұртшылыққа түсінікті, талайдан арабтікі, парсынікі екені көрсетіліп жүрген сөздер түсіндіріледі.

Сөйтіп, түбі арабтық *сауда* сөзі қазақ тілінде тек «сауда-саттық» ұғымында ғана емес, араб-парсы тілдеріндегідей, сезімге, ақыл-еске, адам мінезінің сипатына қатысты мағынада да жұмсалған екен. Орнын тауып қолданса (*ғашықтықтың саудасы* деген қалыпта), бұл сөздің қазірде де кәдеге асатыны сөзсіз.

САУДАЙЫ. Абайдың:

Саудайы-ай, сауды алмадың, сырқауды алып,
Бір пәлеге жолықтың шырқау барып.
Ала жаздай көгалды бір қормедің,
Сары жұртқа қондың ба ірге аударып —

деген өлең шумағындағы *саудайы* сөзі де «құмарлық, сүйіспеншілік, әуейлік» мағынасындағы жоғарыда талданған *сауда* сөзімен түбірлес, атап айтқанда, *саудауи* немесе *сауда-и* сөзін Абай «есі дұрыс емес, әйелге есі ауған» деген мәнде қолданған. Ақын жинағында бұл сөзге «істеген ісін абайламау, байқамай істеу» деп жалпы нобайы келетін түсіндірме берілсе (Абай Құнанбаев, I том, 1957, 209), «Абай тілі сөздігі» «алаңғасар, нақұрыс» деп анықтайды. Ал бұл сөзді Абай Дүйсенқұл деген ауылдасына айтқан. Дүйсенқұл бірнеше рет әйелін тастап жөсір қатындарға үйленген адам екен. ол тағы бірде әйелін тастап, Жақып дегеннің күйеуден шыққан ауру қызын алады. Абай бұл шумақты соңда жазған. Демек, ақын Дүй-

сенқұлды *саудайы* десе, оған «әйем дегенде есі ауып кеткен, есі дұрыс емес» деген баға берін тұр.

Саудайы сөзінің «есі дұрыс емес» деген мағынасы «Екі теңтек қосылса, *саудайы* болар, екі мақұл қосылса, таудай болар» деген мақалда да байқалады.

САУЫН: САУЫН АЙТУ. Күне кешеге дейін қазақ қауымында *сауын айту* дәстүрі болған. *Сауын айту* — үлкен ас, ұлы той сияқты үлкен жиындар туралы ел-елге жариялап хабар беру. Бұрынырақ жорық, аттаныс жайында да елге сауын айтатын болған. «Айман — Шолпан» жырында ас берген шөмекейлерге өкпелеп кеткен Көтібар:

Шабамын Мамаң байды жиылсын деп,
Еліңе барысымен *сауын айтты*.—

дейді. Ал осыдан бұрын кісісі өлген Кіші жүз алшын-жаппас шөмекей елі:

Бір тұтқа Кіші жүзде бай еді деп,
Шөмекей Мамаң байға *айтты сауын* —

деп келеді.

Сауын айту — жай хабар айту емес, белгілі бір салттың рәсімі ретіндегі хабарды жеткізу. Сауын айтылған жақ сол үлкен жиынға өз үлесін, өз қатысын көрсетуге тиіс болған. Сондықтан сауын кез келген адамға емес, байлар мен билерге, батырлар мен белділерге айтылады, олар сол ұлы жиынға өз «пайларын» енгізеді: саба-саба қымыз бен сойылар малын, бәйгеге шабатын жүйріктерін, күреске түсетін балуандарын т. т. апарады. Мысалы, сол асқа:

Даңқымды шөмекейге білдірем деп,
Саба артып тоғыз парға Мамаң келді.

және:

Шай-қант пен тоғыз парға *тоқаш артып*
Көтібар өзі батыр шекті келді.

Осы көрсетілген рәсім сақталмайтын жайттарда *сауын айту* емес, өзгеше түрде хабарлау айтылады. Мысалы. «Айман — Шолпан» жырында Мамаң байдың шабылып, екі қызы «жесір» (тұтқын) боп қолда кеткенін естіген Әлібек:

Әлібек мұны естіп аттаныпты,
Жар салып қатар өскен ерлеріне —

дейді. Бұл жерде Әлібек сауын айтпайды, жар салады, хабар береді.

Сауын айту тіркесіндегі *сауын* сөзінің *сауу* етістігіне қатысы жоқ. Оның түбірі — көне түркі тілдеріндегі *саб/сап (sab)* сөзі. *Саб/сап* дегеннің мағыналары — 1) «сөз, сөйлеу, 2) «хабар», 3) «хат», 4) «мақал, мәтел», 5) баяндау, тарих, әңгіме», 6) «сәуегейлік» (ДС, 478, 421). Демек, *саб* сөзі қазақтың *сауын айту, сөз саптау* сияқты тұрақты тіркестері мен *сәуегей* сияқты сөздеріне сақталып қалған. Алғашқы екі тіркесте бұл сөздің көне «сөз, сөйлеу, хабар» деген 1—2-мағыналары ғана сақталса, *сәуегей* сөзінде 6-мағынасы сақталған. *Сөз саптау* деген тіркестегі *сап* деген де сол көне *саб* сөзі, бұл тіркес *сөз сөйлеу* дегеннің дәлме-дәл баламасы (эквиваленті), өйткені *саб* — «сөз», *сапта* — «сөйле».

Сөйтіп, *сауын* сөзі — *саб* түбіріне (*саб ~ сау*) -ын жұрнағы жалғанған сөз, беретін мағынасы — «сөз-хабар».

Көне түркі ескерткіштерінде *сауын* тұлғасы кездеспейді, мүмкін, бұл осы сөздің ескерткіштерде қолданылмағандығынан болар немесе *сауын* сөзі белгілі бір дәстүрдің пайда болуына қарай кейінгі дәуірлерде (V—VIII ғасырлардан соң) жасалған сөз болуы. Әдет-ғұрпы көбінесе қазақтарға сәйкес келетін қырғыздардың тілінде (сөздіктерінде) «хабар» мағынасындағы *сауын (соон)* сөзі жоқ. Соған қарағанда, бұл сөз қазақ халқын құраған тайпаларда өте көнеден келе жатқан дәстүрге байланысты сақталған ұлттық сарқыншақтардың (реликтивтердің) бірі болу керек.

СИМИЯ: ХИМИЯ-СИМИЯ (ҚИМИЕ-СИМИЕ). XIX ғасырдың II жартысында жасап өткен Шәңгерей ақын Америка ғалымы Эдисон туралы өлеңінде:

Пәндерден *қимие-симие* ғылыми хикмет,
Көп сырлар ашты хикмет дүниеден —

дейді. Мұндағы *қимие-симие* сөзіне берілген түсініктемеде «химия ғылымын айтып отыр» деп қана беріледі (XVIII—XIX ғ. қазақ ақындары... 416). Бұл тіркестегі *симие* компонентін *ат-мат. жігіт-мігіт* дегендердегі сияқты қос сөздің мәңгісіз сыңары болар деп ойлаймыз. Ал шындығында *қимие* — «химия», *симие* — парсы тілінде «магия, көз бояушылық, керемет іс» деген мағынаны білдіретін сөз. Ол *қимие (химия)* сөзімен қатар айтылғанда, «алхимия» ұғымын да береді. Демек, Шәңгерей Бөкеевтің *қимие-симие* деп отырғаны «химиядан да, алхимиядан да яғни барлық ғылымнан хабары бар» ғалым дегені.

Сірә, өткендегі әдеби мұраларда кездесетін бейтаныс сөздерді түсіндіруде мейлінше дәл, толық мағлұмат берілсе, ол текстерді түсініп, тұшынып оқуға көмектесер еді. Біздің осы кітаптағы барлық талдауларымыз айтылған талап-тілекке септігіп тигізу мақсатын көздейді.

СҰМ, СҰМЫРАЙ. Бұл сөздер қазіргі тілімізде жағымсыз сипатты білдіреді. Қазақ тілінің екі томдық түсіндірме сөздігі *сұм* және *сұмырай* сөздерін былайша анықтайды: *сұм* — залым, қу, жауыз (?), *сұмырай* — жауыз (?), *сұм*, залым, жексұрын (ҚТТС, II, 385). Бұлардың *сұмнайы* варианты да осы мағынада таптылады. Ал бұл сөздер сәл ертеректе (күні кешеге дейін) өзгеше мағынада да жұмсалған. Мысалы, батырлар жырында:

Әкесі сонда сөйледі:
Олай деме, *сұм* ұлым,
Бұлай деме *сұм* ұлым...

«Едіге» жырында Сыпыра жырау «Сыпыра сынды *сұм* жырау» деп аталады. Шоқан жинаған материалда Орақ батыр:

Жалғыз да туған *сұм* басым,
Барымнан жоғым көп игі —

дейді. «Алпамыс» жырындағы жеті жасар Жәдігерді Ұлтан құл:

Өлтіремін алып кел
Жәдігер *сұм* баланы —

дейді. Баян сұлу әрдайым өзін «*Баян сұм*» деп, ал Қозыға: «Атадан жастай қалған сен *сұмырай*» — деп отырады. Осылардың барлығында да *сұм* сөзінің мағынасы «бақытсыз, талайсыз, сормаңдай» дегенге саяды. Шынында да *шум* деген сөз парсы тілінде «бақытсыз, сорлы, сормаңдай» дегенді білдіреді. Бұл сөз қазақ тілінде дыбысталуы сәл өзгеріп (*шум* дегеннен *сұм* болып), сол өз мағынасына және бір реңк қосып, өте ертеде енген деп топшылаймыз.

Осы реңк — бұл сөздің адамның (жастың) ата-анасынан жетім қалып не бірге туған аға-інісінен, баласынан айырылып немесе жал-құйрықсыз (аға-інісіз) жалғыз өсіп «сормаңдай, бақытсыз» болған жағдайында айтылуы. Мысалы, Алмажан Азаматқызы (XIX ғасырдың I жартысы) өзі туралы «оспей кеткір *сұм* басым» дейді, ал мұны Алмажан әке-шешеден жетім қалып, тоғыз биге шағынған олеңінде айтады.

Сәкеп Сейфуллиннің келтірген материалдарында жалғыз қызы өлген шешенің жоқтауы бар. Онда шешесі былай дейді:

Ақ ешкі сен де мұңды, меп де мұңды,
Жаратты алла неге біздей сұмды.
Келгенде елу беске *сұмырай* Бетен
Айырылып жалғызымнан аңырап қалды (Сейфуллин,
VI, 149).

Мұнда да шеше өзін *сұм*, *сұмырай* деп атағанда, жалғыз қызынап айырылып, сормаңдай болып отырғанын білдіреді. Қозы балаға өрмегі үзілген кемпір: «Қатыныцнан айырылған *сұм* жүгірмек» дейді. Бұл жерде де *сұм* сөзі әкесі мен қалыңдығынан айырылған жетім балаға қарата айтылып тұр.

Сұм тұлғасы *сұмырай* вариантында да келеді, Бұл күнде *сұмырай* — мүлде жағымсыз қасиеттің атауы екені жоғарыда көрсетілді. Өткен ғасыр сөздіктерінің өзінде қазақ тіліндегі *сұмырай* сөзін «айлакер» (хитрец) деп танытады (Ильминский, 164). Қазіргі қарақалпақ тілінде *сұмырай* — «өтірікші, алдамшы». Бірақ қазақ тілінде бұрын *сұм* мен *сұмырай* сөздері бірінің орнына бір айтыла бергенге ұқсайды және «бақытсыз, сормаңдай» деген ұғымда жиірек жұмсалған. Мысалы, «Қозы Көрпеш» жырында:

Мен *сұмырай* сепен қалып не көрермін..
Кім айтты мұны саған *сұмырай* балам —

деп те келеді. Алмажан ақын өзі туралы бір жерде:

Алмажан сынды *сұм* апаң —

десе, енді бір жерде:

Сұмырай туған қыз Алмаш —

дейді. Демек, *сұм*, *сұмырай* сөздерінің күні кешеге дейін алып келген мағынасы бұл күнде пассивтеніп, сирек жұмсалатын болған да, олар көбінесе «алдамшы, өтірікші, құ. залым» деген сияқты адам баласының жағымсыз қасиеттеріп атайтын сөздерге айналған. Бұдап сөз мағынасының қозғалысы үшін аса көп уақыттың керек етпейтіндігі байқалады.

СҰРҚЫЛТАЙ. Жетісуда Шыңғыс әулетінен төрелік өткен Тезек, төре тұқымының бірқатары сияқты, ақындыққа, өнерге бой ұрған адамның бірі болған. Оның Сүйінбаймен айтысында:

Тұсында Абылайдың Бұхар жырау,
Хан Әділдің көзінде Түбек тұр-ау.
«Әр заманның бар дейді *сұрқылтайы*»,
Сұрқылтайым менің де екен мынау —

дейді. Қазақта «әр ханның тұсында бір *сұрқылтай*» деген мәтел бар. Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, оның көбін орыс тіліне аударып бастырған белгілі этнограф-фольклоршы, Шоқан Уәлихановпен Омск кадет корпусында қатар оқыған досы Г. Н. Потанин «Восточные мотивы в средневековом европейском эпосе» (М., 1899) деген еңбегінде *гурульдай* деген сөз монғолша «ханның кеңесшісі, ақыны» деп анықтайды. Қазақтар қолданған *сұрқылтай* сөзінің мағынасы да «ханның кеңесшісі, ақылшысы, сөзін сөйлейтін ділмары, ақыны» дегенді білдіреді. Бұхар жырау — Абылай ханның ақылшы-кеңесшісі, *сұрқылтайы* болса, Тезек төренің айтуына қарағанда, Әділ ханның *сұрқылтайы* Түбек жырау болған. Зерттеуші М. Жолдасбековтің жазуына қарағанда, Тезек төре Сүйінбайды да, Бөлтірікті де ығына жығып, өзінің *сұрқылтайы* еткісі келген (Жолдасбеков, Асыл мұралар, 1990, 153). Мұны жоғарыдағы оның Сүйінбайға «*Сұрқылтайым* менің де екен мынау» дегені дәлелдей түседі.

Бұл сөздің түбірі монғолдың 1) «оқыту», 2) «бір нәрсеге үйрету». 3) «тәрбиелеу» мағыналарындағы *сурга*(*x*) сөзі болу керек. *Сургаал* сөзі «ілім» мағынасын, *сургууль* сөзі 1) «мектеп, училище», 2) «оқу, үйрету, оқыту» дегенді білдіреді, ал *-тай* монғол тілінде сын есім тудыратын жұрнақ. Сонда *сургаалтай* (*сургултай*) қазақша *сұрқылтай* «үйретуші (ақыл-кеңес беруші)» деген сөз болып шығады.

Сұрқылтай сөзінің көне этнографизмдердің (белгілі бір халықтың материалдық, рухани мәдениеті мен тұрмыс-салтын танытатын сөздер) бірі екендігін оның қазіргі монғол тілі сөздіктеріне (мысалы, 1957 жылы Мәскеуде шыққан монғолша-орысша сөздікте) епбегендігі көрсетеді. Бұл сөз қазақ тілінде де мән-мағынасы мүлдем күңгірт тартып кеткендіктен, қазіргі жазушылардың бірқатары мұны жағымсыз адамды сипаттайтын сөз ретінде жұмсағандары байқалады. Мысалы, Қалихан Ысқақов «Тұйық» деген романында Қияқмұрт деп атаған кейіпкерін екінші кейіпкері Қажымұрат: «Ойпырай, бұл *сұрқылтайдың* да жаны сірі екен, таңнан қара кешке дейін нәр татпай іздейтіні ілік» деп сипаттайды (Қ. Ысқақов. Тұйық.

1975, 192). Тіпті бұл сөзді сын есім (онда да жағымсыз сипатты білдіретін) ретінде жұмсаушылық та бар.

Бұл сирек кездесетін сөзді этнографизм ретінде сақтап, өз мағынасында ғана жұмсау — тілді танудың, оны сыйлаудың дәлелі болмақ.

СҰРЫ ҚАШУ. Түсіндірме сөздікте *сұр* сөзінің бір мағынасы деп «сиық, түр, түс» деген көрсетіледі де, *сұры қашты* тіркесі «өңі қашты, түсі бұзылды» деп түсіндіріледі. Ал түп тамырын қуаласақ, *сұр* (*сур*) сөзі монғол тілінде «қорқыныш, үрей» және «күш, айбар» дегендерді білдіреді. Монғол тілімен ілік-шатысы молдау Сібір түркілері (саха, хақас) тілдерінде *сұр*, *сүрээ* сөздерінің мағынасы жоғарғы көрсетілгендей. Демек, *сұры қашу* «айбарынан айырылу, яғни үрейлену, қорқу» деген сөз екен.

Сұр (*сур*) сөзі де түркі-монғол тілдеріне ортақ көне тұлғалардың бірі болу керек. Қазақ тілінде о бастағы немесе өзге түркі тілдері мен монғол, бурят тілдеріндегі мағынасы біраз құбылып, әуелі «кісінің айбарлы өңі, мықты боп көрінген сиқы» дегенді, одан кейін де тарылып, жалпы «өң, түс, сиық» дегенді білдірсе керек. Сөз мағынасының не кеңейіп, не тарылып, өзгеруі — тіл эволюциясының заңдылығы.

СЫБАЙ. Бұл сөз әдетте *сыбай-сылтаң* деген қос сөз құрамында айтылады. Ілгеріректе *сыбай* сөзінің жеке тұрып, белгілі бір мағынаны білдіргенін байқаймыз. Мысалы, «Қобыланды» жырында:

Көп қайырың тиеді
Еліңде қоңсы, *сыбайға* —

деп келеді. Өткен ғасырда құрастырылған Н. И. Ильминскийдің сөздігінде: *сыбай* — живущий близ чьего аула (бір ауылға іргелес, қонсы қонған адам) деген аударманы береді (Ильминский, 158). Сонда *сыбай* сөзі *қоңсы* сөзінің синонимі іспеттес болып келеді. Оны жоғарыдағы мысалда қатар қолданылғаны да дәлелдейді.

Сыбай/субай сөзінің екінші мағынасы және бар. Л. Будагов *субай* сөзі шағатай тілінде «бір өзі, жеке жүрген салт атты» деп көрсетеді (Будагов, II, 404). Ал жалпы *сыбай* сөзінің «салт, бір өзі, қарақан басы» (яғни баласыз, мүліксіз, туыстарсыз) деген сияқты) ұғымы бары сезіледі. Қырғыз тілінде бұл сөз *субай* тұлғасында және қолданылып, малға қатысты айтылса, «төлсіз» дегенді (*субай жылқы* — «ішінде төлдері жоқ жылқы үйірі»), ал адам

жайында айтылса, жаны «баласыз әйел» немесе «бала-шағасын ертпей шыққан (бір жерге келген не кеткен) әйел» деген ұтымда жұмсалады: *субай барамыз* деген сөз бала-шағасыз және артық жүксіз бір жерге кеткен не барған ересектердің айтатын сөзі.

Қазақ тілінде біреудің аулына жақын келіп қоныс тепкен адамның *сыбай* аталуында да өз руластарынсыз салт, дара (бір өзі) деген мән бар. Қоңсы да сондай: бұрын *қоңсы* қону деген сөз өз аталастарынан шығып, өзге атаның, өзге рудың адамын паналау дегенді білдірген. *Сыбай* сөзінің «бір өзі, қарақан басы» деген мағынасы Қобыланды сынды аға-інісіз жалғыз бас батырға астындағы тұлпарының:

Ат қылып төңірім жаратты
Сен сықылды *сыбайға* —

дегенінен де аңғарылады. Қазіргі әдеби тілімізде *сыбай* сөзі түсіндірме сөздікке жүгінсек, «жақын, аралас-құралас» деген мағынада қолданылады дейді, бірақ келтірілген мысалдар айтыс өлеңдер сияқты халық ауыз әдебиетінен алынған. Демек, бұл мысалдардағы *сыбай* сөзінің беріп тұрған мағынасы жырларда қолданылған бұрынғы мағынасынан алшақтамағанын көреміз. Қазірде бұл сөз жеке-дара сирек қолданылады.

СЫЗУ. Бұл сөздің мағынасы қазіргі қолданысымызда «қарындашпен не қаламман қағыз бетіне сызық жүргізу, чертеж салу» (ҚТТС, VIII, 444). Ал жырларда бұл сөз «жазу» мағынасында қолданылады. Мысалы, «Қарабек» жырында:

Мінезіңнеп таба алмадым бұзығыңды,
Қаламменеп хат тапыған *сызығыңды* —

деп келсе, «Қобыланды» жырында:

Іс тағдырға *сызылды* —

дейді. Мұндағы *тағдырға сызылды* тіркесі «тағдырда солай жазылды» деген мәнде. Қазақ сөздерінің ертелі-кешті сыр-сипатын өте жақсы білген ғалым Әлкей Марғұлан *сызу* сөзінің «жазу» мағынасын тап басып, Шоқан жазбаларындағы «Манас» жырының қырғызша тексін қазақшаға аударғанда орынды пайдаланған. Мысалы:

Алақандай ақ қағаз
Хат *сыздырып* ал кел («Көкөтайдың ертегісі»).

Сыз сөзі — түркі-монғолға ортақ сөз. Саха (якут) тілінде *суруй* — «жазу» деген сөз, чувашша «жазу, сызу» дегенді *сыр-* дейді. Монғол тілінде «сызу, сурет салу» деген мағынада *зура* (*x*) сөзі бар. Осы күнгі *сурет* (монғолша — *зурат*) деген есім сөздің де түбірі — осы *сур* (*сыр*). Ал *сыр-* (*сур-*) сөзінің өзге түркі тілдеріндегі фонетикалық варианты *сыз-* (*суз-*). Түркі тілдерінің көпшілігінде *з* дыбысымен келетін кейбір сөздер чуваш тілінде (және монғол тілдерінде) *р*-мен айтылатындығы — тіл ғылымында белгілі құбылыс. Мысалы, *өгіз* сөзі чувашша *йекер* болып келеді. Қазақша қамырды «*жаз* (*жай*)» деген мағынада чуваш тілінде *сар* сөзі келеді, сол сияқты *өгіз* ~ *окур*, *аз* ~ *ар* сөздерінің қатарында *сыз* ~ *сыр* сөздері тұрады. Демек, *сыз-* сөзінің о бастағы бір мағынасы «жазу» болған (алғашқы түркі жазуларының өзі тасқа қашап, яғни сызып жазу болғандықтан, бәлкім, «жазу» ұғымы *сызу* сөзімен айтылған болар).

Қайткенде де *сызу* сөзінің «сызу» -мен қатар «жазу» мағынасы да күні кешеге дейін қолданылып келгенін ауыз әдебиеті үлгілері тілінен көреміз. Келе-келе *жазу-сызу* болып плеонастық құбылыс жасап, яғни бір мағынадағы екі сөз қосарлана айтылып, бір сөз ретінде қолданылғаны да байқалады. Ал жеке-жеке келгенде, бұл екі сөз екі түрлі мағынаны беретін болып кейін қалыптасқан.

СЫМАРЫШ ЕТУ. Шалқивіздің Би Темірге айтқан сөзінде:

Бұ халқыңды кімге *сымарыш* етерсің?—

деген жолдар бар. Мұндағы *сымарыш* сөзі *асмарла-* сөзімен түбірлес болар. Ал *асмарла-* етістігі орта ғасыр түркі ескерткіштерінің бірі — «Аттухфат уз закияту фил-луғат ит-түркийя»-ның тексінде «осиет ету» деген мағынада қолданылған сөз деп көрсетілген. Орта ғасырлардағы түркі тілдерінде *асмар/сымар(ыш)* сөзі «өсиет» мағынасында қолданылып, одан жасалған *асмарла-*, *сымарыш ет-* етістіктерінің де болғаны байқалады. Бұл етістіктердің мағынасы — «өсиет етіп қалдыру, тапсыру». Демек, құдайдың үйіне кетіп бара жатқан әміршісі Би Темірге жырау: «артыңда халқың қалып бара жатыр, оны кімге тапсырасың, өсиет етесің?» деп тұрған сияқты.

СЫНТАС. Көне түркі тілдерінде *сын* сөзінің бір мағынасы «кеуде, дене, мүсіп» дегенді білдірсе, екінші мағынасы — «мола» болған (ДС, 503). Демек, *сынтас* дегенді екі түрлі түсіндіруге болады: бірі — «адамның мүсі-

ліп, көбінесе кеудесін бейнелейтін тас», екіншісі — «моланың басына қойылатын тас». Бұл екі мағына бір-бірімен іліктес. О баста *сынтас* «адам мүсінін бейнелейтін тас» дегенді білдіре келе, мұндай тастарды моланың басына да қоятын болғандықтан, *сын* сөзі «мола» ұғымын да берін кеткен болу керек.

Қайткен күнде де *сын* — көне түркі сөзі. Бұл күнде *сын* сөзі өзінің көне мағынасында жеке тұрып қолданылмайды, тек тіркес құрамында сақталған.

СЫНШЫ. Қазіргі тілімізде бұл сөздің мағынасы айқып: ол — «бір нәрсені (көбінесе жазылғанды) танып-біліп, сынап пікір айтушы адам». *Сыншы* сөзінің қазақ, қырғыз тілдерінде және бір мағынасы бар, ол — «атты жақсы танытын, оған баға бере алатын адам, эксперт». Бұл мағынадағы қолданысын эпостар тілінен де таба аламыз. Мысалы:

Хан Қореннің қолында
Бір *сыншысы* бар еді («Қыз Жібек»),

Тарихшылардың пікірінше, бұл сөз XV ғасырлардағы Дешт Қыпшақта белгілі бір қызмет бабындағы адамды атайтын термин сөз болған, яғни хан қасындағы сыншылар әскерді атпен жабдықтайтып хан кеңесшілері немесе инспекторлар болған болу керек (Материалы... 496). Бұл сөзді өткен ғасыр сөздіктері де көрсетеді. Н. Ильминский: *сыншы* — «танушы, көріп байқаушы» деп береді (Ильминский, 159). Бұл жердегі «танушы (исследователь)» дегені ғылым зерттеуші емес, атты танып-білуші, соны бағалаушы деген мәнде.

СЫПАЙШЫЛЫҚ. Шалкиіз жырау бір толғауында:

Алаштап байтақ озбаса,
Арабыдан атты сайлап мінбеп-ді!
Күлікке тастай болып тимесе,
Үстіме қобе сайлап кимен-ді,
Күлістен екі қолтық жоқ болса,
Сыпайшылық сүрмен-ді —

деп жырлайды. Мұндағы *сыпайшылық* деп тұрғаны нені білдіреді? Бұл сөзді Шобанның өлеңінен де табамыз:

Сыпайшылық бұ-ды деп,
Ала білек оқ салған.

Біздің байқауымызша, бұл — парсының *сипаһ* «әскер, жауынгер» деген сөзінен жасалған дерексіз есім. Оның қазақша баламасы — *батыршылық*. Мұны жоғарғы шағын толғауында Шалкиіз қатар қолданған:

Дулығамның төбесі
Туған айдай болмаса
Батыршылық сұрмен-ді.

Демек, бұл сөз ертеректегі қазақ-ноғайлы поэзиясы тілінде парсы тілінен ауысқан сөздердің едәуір актив қолданылғанының дәлелі бола алады. Ал парсы тіліндік сөздермен келген образдар бұл кезеңдегі ауызша тараған әдеби тілдің орта ғасырлардағы түркі әдеби тілдерімен іліктес болғандығын көрсетеді. Орта ғасырлардағы түркі жазба тіл дәстүріне көне түркі тілдері мен парсы поэзиясы тілінің тікелей әсер еткені белгілі.

ТАРЛАН. Шалкиіз жырау: Айдын шүйсең *тарлан* шүй — дейді. Одан үш-төрт ғасыр кейін жырлаған Махамбет ақын Исатайды жоқтағанда: Таудан мұнартып ұшқан *тарланым* — десе, өзінің сыбайластары, жорықтас жолдастары туралы:

Еділді көріп емсеген.
Жайықты көріп жемсеген
Таудағы *тарлап* шұбар біз едік! —

дейді.

Бұлардағы *тарлан* сөзі биікке ұшатын («таудан мұнартып ұшатын») қыран құсты білдіретіні байқалады. Махамбеттің Исатайға арпаған өлеңінің және бір жерінде кездесетін:

Исатайдың барында
Екі тарлап бөрі едім —

деген жолдардағы *бөрі* сөзі дұрыс оқылмаған. Бір зат әрі құс, әрі аң (*бөрі*) бола алмайды. Бұл жолдағы *бөрі* сөзі *бірі* деп оқылуға тиіс. «Таудағы тарлап біз едік» деп Исатаймен өзін қосып отырған ақын Исатайдың барында сол екі тарланның бірі едім деп отыр.

Бұл күнде *тарлап* сөзі түсті («тарғыл, шұбар секілді аралас түс» — ҚТТС, IX, 26) және ауыспалы мәнде «тәжірибелі, майталман» дегенді білдіреді деп танылады. Ал ертеректе бұл сөз образ жасайтын поэтизмдердің бірі болған, ол образ биікті (тауды) мекендейтіп қыран құс атауынан алынған. Бұл образ — еркіндіктің, биіктіктің символы. Сірә, *тарлап* сөзі бала қыран емес, есейген, мықты құсты атау үшін алынған сөз болар, мүмкін, есейе, қартая келе қыранның түсі шұбарланып, тарғыл тартуына байланысты туған атау болар. Өйткені *тарлап* сөзінің *тар* деген түбірі *тарғақ*, *тарғыл*, *тарлау* («әр түрлі шопшыққан далалық, шалғын» және өсімдік атауы) сияқты сөздерде «шұбар» ұғымын қамтиды. Қазақ тілінде *тарлау*

өсімдігінің *тарлан қияқ* деген екінші аты да бар екендігіне назар аударсақ, *тарлан* ~ *тарлау* ~ *тарғыл* сөздері бір мағыналас, бір түбірлес сөздер болып шығады.

Тарлан сөзі монғол тілінде де «шұбар, шұбар ала» дегенді білдіреді. Ильминскийдің материалдарына жүгінсек, *тарлан* — жылқының түсі («сивый с желтыми яблоками»). *тарғыл* — сиырдың түсі (Ильминский, 106).

ТАРЛАУ. Махамбет өлеңдерінде:

Аргымақтың баласы
Аз оттар да көп жусар
Талаудан татқан дәні бар —

деген жолдар кездеседі. Бұл үзіктің соңғы жолындағы *талау* деп жазылған сөз *тарлау* болуы керек, өйткені *тарла* сөзі түрік, әзірбайжан тілдерінде «жыртылған егістік», ал татар тілінде *тарлау* «қайта жыртылған бос жер» деген мағыналарда келсе, қазақ тілінде ақ от (жылқы жейтін өсімдік) және қара от (қой, түйе жейтін өсімдік) аралас өскен шалғынды атайтынын Л. Будагов, Н. Ильминский сөздіктері көрсетеді (Будагов, I, 331, Ильминский, 160). Демек, *тарлау* сөзі өткенде қазақ тілінде (мүмкін, қазақ даласының белгілі бір өңірлерінде) мал жейтін шалғыны бар жерді білдірген.

Сірә, сусымалы («әлсіз») *p* дыбысының түсіп қалуы түркі тілдері үшін жат құбылыс болмағандықтан, бұл сөздің *тарлау* ~ *талау* деп те айтыла беруі әбден ықтимал (ол күнде жоғарыда келтірілген Махамбет өлеңінің «талаудан татқан дәні бар» деп жазылғанын қате деп те санауға болмайды). Қазақ тілінде бұл күнде *тарлау* сөзі «биіктеу болып шығатын шалғын шөп» дегенді білдіреді деп түсіндіріліп жүр. Оның «ақ от пен қара от аралас өсетін шалғын» мағынасы не ұмыт болған, не жергілікті сөз ретінде сақталып қалған. Диалектологиялық сөздік бұл сөзді Семей, Үржар, Жамбыл, Мерке, Шу өңірлерінде «биіктеу болып өсетін шөптің бір түрі» деп тіркеген (Диал. сөздік, 318).

ТАРПАН/ТАРПАҢ. «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырында:

Тарпаңды асауменеп бір қоймайды —

десе. Махамбет ақын:

Тарпаңдай тізесін бүгін от жегеп
Тағыдай таңдап су ішкен
Тағы сынды жан едік --

дейді. *Тарпап* (*тарпаң*) сөзі В. В. Радловтың көрсетуіне, қазақ тілінде жабайы жылқының атауы. Мамандардың айтуыша қарағанда, *құлап* — Азия жерінің жабайы жылқысы болса, *тарпаң* — Еуропа жерінің жабайы жылқысы. Ата-бабалары Оңтүстік орыс ойпатының біраз жерін, Каспий теңізінің солтүстігін (демек, Еуропа топырағын да) жайлаған қазақтар үшін тарпап жат болмаған оны қазақтар жақсы білген. Азиядағы тектесі *құлап* сөзін поэтикалық образ жасауға пайдаланғаны сияқты, *тарпаң*-ды да ешкімге бағынбайтын еркіндіктің символы ретінде поэтизмге айналдырған деп табамыз.

ТАС. Бұл сөз зат есім ретінде қолданылуынан басқа етістік, сын есім, үстеу сияқты сөздердің алдында келіп заттық ұғымда емес, үстеулік мәнде қолданылады: *та керек, тас жетім, тас түйін, тас қараңғы, тас қып байлау тас табандау, тас төбе т. б.* Бұл тіркестердегі *тас* сөзінің *тау-тас, тас көмір* дегендердегі *тас* сөзіне қатысы жоқ. *Тас* сөзі монғол тілінде «мүлдем, әбден, мықты» деген мағынаны білдіреді. Жоғарғы келтірілген тіркестердегі *тас* осы ұғымда қолданылған. Демек, бұл да бір кезеңдерде түркі-монғол тілдеріне ортақ сөз болғанға ұқсайды. Қазақ тілінде өзге сөздермен еркін тіркесу қабілетінен айырылған бұл көне сөз тек белгілі тіркес құрамында тұрып қолданылу құқын сақтап қалған.

ТАУАП ЕТУ, ТАУАП ҚЫЛУ. «Алпамыс батыр» жырында:

Болды *тауап* қылғандай,
Ниет қылып қағбаны —

деген жолдар бар. Бұндағы *тауап қылу* (*ету*) тіркесін Шалкиіз жыраудан да табамыз:

Ниет еттің тәңірінің үйі кебеге.
Ниет етсең жетерсің,
Жетсең *тауап* етерсің.

Тауап ету (*қылу*) тіркесі көбінесе *қағбаны тауап ету* түрінде кездеседі. *Қағба* (арабша Қа'аба) — Меккедегі храмның аты, мұның бір қабырғасына атақты аспанға ілініп тұрған қара тас қойылған, Меккеге барушылардың барлығы осы тасқа қолдарын тигізбей кетпейтін болған. Мұндағы *тауап* сөзінің, біздің байқауымызша, төменде талданатын *тәу* (*тәу ету*) сөзіне қатысы жоқ. *Тауап* — арабтың *тауаф* «бір нәрсені айналу» деген сөзі. Түрікшеде *тауаф ету* (*қылу*) «бір нәрсені, оның ішінде қасиетті жерді айналып жүру» дегенді білдіреді. *Қағбаны тауап*

ету — храмды айналып жүрудің, яғни Меккеге барғандықтың белгісі.

Бірақ *тауап ету* тіркесінің *тәу ету* дегенге сыртқы тұлғасы жағынан ұқсастығы мен мағынасы жағынан жақындығы (яғни «бір нәрсені қасиеттеу» ұғымы) оны *тәу ету* деген сияқты «бас ию» мәнінде жұмсауға себепкер болғанға ұқсайды. Мысалы, ХІХ ғасырда жасап өткен Нұрым жырау Шыршағұлұлының «Әтембетке айтқаны» деген толғауында:

Сондықтан сізге келгенім
Қағбаға тауап еткендей,
Иіліп сәлем бергенім,—

дейді. Мұнда жырау *тауап ету* дегенді бас ию, иіліп сәлем берумен шеңдестіреді.

ТӘУ ЕТУ. «Алпамыс батыр» жырында: Байбөрі байдың қуанышын:

Тілекті алла берді деп,
Бабаларым келді деп,
Тәу етті барып айналып,—

деп суреттейді. Мұндағы *тәу етті* тіркесі өзге жырларда да кездеседі. Мағынасы — «бас иді, тағзым етті». Бұл тіркес о баста ислам дінін қабылдағанға дейінгі салттық-нанымдық рәсімге байланысты пайда болған тәрізді. Шоқан Уәлиханов былай деп жазады: «Халықтың бірден-бір [күнкөріс] көзі болып саналатын мал атаулыны адамдар әр түрде қастерлейтін болған: малдың сүйегін басуға болмайды, егер сүт төгілсе, қазақтар оның кесірі тимесін деп, төгілген жерді әбден тазартып, тәу етеді. Желіден аттағанда да, оның киесі бар деп санап, оған тәу етеді», ол үшін оң қолын маңдайына, иегіне, оң иығына, одан соң сол иығына тигізеді» (Валиханов, I, 114).

Демек, *тәу ету* о баста малдың киесін сыйлау үшін, яғни оның кесірінен сақтану үшін жасалатын нақтылы рәсімнің атауы болған. *Тәу ету* тіркесі, сірә, малдан өзге де «киелілерге» (мысалы, айға) бас июді білдірген. Мысалы, Мұхтар Әуезов «Қарақыпшақ Қобыланды» пьесасында екі-үш жерде *ай көргендей тәу еткен* деген сияқты образды қолданады. *Тәу ету* нақты бір нәрсеге (малға, айға) бас июде айтылады. Ал тәңірі, құдай (алла) сияқты абстракт (дерексіз) ұғымдарға қазақтар тәу етпейді.

ТОҒАНАҚТАУ. «Айман — Шолпан» жырында:

Саба жетер жер емес, жері шалғай,
Әкелді қаңт пен шайын тоғанақтап...

Саба жетер жер емес, жері шалғай,
Шай артқан *тоғанақтап* тоғыз нарға —

деген өлең жолдары бар. *Тоғанақ* сөзін Л. Будагов «арқан­ның бір ұшына тағылған ағаш шығыршық (кольцо)» деп түсіндіреді. (Будагов, I, 398). Соған қарағанда *тоғанақта-* етістігі «жүкті шығыршығы бар арқанмен буу» дегенді білдіретін сияқты. Тоғанақтап буылған жүктің өзін *тоғанақ* деп атау да байқалады (*тоғанақ* — «үлкен етіп буылған жүк, тай»). *Тоғанақ* сөзінің буылған жүкке қатысы бар сөз екенін Доспамбет жыраудың: *Тоғынды сарты нар жегіп* деген өлең жолынан да көруге болар. Бұл жердегі *тоғынды* сөзі «*тоғанақтап* буылған жүк артатын нар» деген мәндегі қолданыс болуы ықтимал.

ТОЛАҒАЙ. Махамбеттің атақты «Ереуіл атқа ер салмай» деген өлеңіндегі:

Темір қазық жастанбай,
Қу *толағай* бастанбай —

деген тармақтарда кездесетін *толағай* сөзі ақын жинақтарында да, мектеп оқулықтарында да «бас» деп түсіндіріліп жүр. Бұл — біршама дұрыс түсінік. *Толағай* — таза түркі (қазақ) сөзі емес, ол — не түркі-монғол тілдеріне ортақ, не тек монғол тілдеріне тән сөз. Қалмақ тілінде *толһо* — «бас», монғол тілінде *толгой* — 1) «бас», 2) «басшы, бастық, ие», 3) «бастаушы, 4) «бір нәрсенің басы (мысалы, таудың)», 5) «бір бөлік. бір дана». Осы сөзден «басшы болу, басқару, жетекшілік ету» мағынасын беретін *толгойло(x)* (*толағайлау*) деген етістік жасалған. Ал қазақ тілінде бұл сөз *қу толағай* тіркесі түрінде жұмсалғанда, біздің байқауымызша, тек «бас» деген ұғымды емес, «тақыр бас, жалаңаш бас» дегенді білдіреді. Бұл об­разды тіркесті Махамбеттен өзге үлгілерден, мысалы, батырлар жырларынан да таптық. «Ер Қосай» жырында Қосайдың сары аты жауды барлап келуге баланы айдалаға жаяу тастап кеткенде, ол:

Ер-тоқымын жастанып:
Қу *толағай* бастанып,
Сол бұлақтың басында,
Адамы жоқ қасында
Үш күн, үш түн жатады.

Біз топшылаған мағынаның дұрыстығын төмендегі мысалдар дәлелдей түседі. Өткен ғасырда Н. Ф. Қатапов жинап бастырған қазақ мақал-мәтелдерінің ішінде «құ­дайдан тілегенім қолаң қара шашты еді, құдайдың өзі

қосты *қу толағай* бастыны» деген мәтелді келтіреді де, мұның екінші бөлігін «бог дал мне жену с голой головой» («күдай маған тақыр бас, яғни шашы жоқ әйелді берді») деп аударады.

Бұл сөзді Қазақстанның батыс өңіріне ғана тән жергілікті сөз (диалектизм) деп тануға болмайды. Өйткені *толағай* сөзін Көкшетау маңында туып-өсіп, сол өңірде жасап өткен Шал ақыннан да (XVIII ғ.) табамыз. Шал ақын толғауының бірінде:

Тау *толағай* көрінер тасы кетсе —

дейді. Бұл сөзді Семей облысының Аягөз маңында өмір сүрген Дулат Бабатайұлынан да кездестіреміз:

Төрт түлікке толтырды
Толағай тұлдыр қыратты,

Міне, бұларда да *толағай* сөзінде «жалаңаш, тақыр» деген мағына бар. Бұл түркі-монғол тілдеріне ортақ сөз бе, әлде монғол тілдерінен ертеректе енген образ ба, немесе о баста *толағай бас* болып айтылған плеоназм ба (мағынасы бірдей сөздердің қатар қолданылуы ма) — кесіп айту қиын. Бірақ қайткенде де бұл сөз *қу* эпитетімен келіп, *қу толағай бас* (бастану), *қу толағай көріну* сияқты тұрақты тіркес құрап та, жеке қолданылып та «жалаңаш, тақыр» деген ұғымға ие болған деп табамыз.

Қазақ тілінде *толағай* сөзінің екінші мағынада қолданылғаны және кездеседі. Ол — «тоқтамай соққан, қатты жел». Марқасқа жыраудың (XVII ғ.) толғауында:

Тоқтамай соққан *толағай*
Төластар мерзім жеткен дүр —

деген тармақтар бар. Бұл жердегі *толағай* — жел (желдің бір түрінің аты). Сірә, бұлар омоним сөздер (тұлғалары бірдей, мағыналары мүлде бөлек) болар.

ТОЛҒАНУ, ТОЛҒАМАЛЫ. *Толғану* сөзі қазірде негізінен «ойлану, терең ойға бату, бір нәрсенің шешімін қиыналып іздеу» деген ұғымда қолданылады. Ал бұл сөздің «жиырылу, оралу, бір нәрсені айналу, төңкерілу» деген көне мағынасы қазіргі тілімізде ұмыт болған. Көне түркі тілінде *толға*- сөзі «орау, иіру» дегенді білдіргенін Махмұт Қашқари көрсетеді (ДС, 573). Л. Будагов *толғамас* (*толғау*) сөзінің «бір нәрсені орау, иіру, қоршау, айналу, айналдыру» деген мағыналарда өткен кезде қазақ тілінде де қолданылғанын тіркейді (Будагов, I, 752). Қазақ тіліндегі *абжыландай толғану* деген тіркес «абжыландай

пірілу» дегенді, одан барын «әбжыландай арбау, қызықтыру» деген ауыспалы мәнде қолданылғандығы жоғарыда айттық (қараңыз: *абжыландай толғану*). Тек *әбжылап* сөзімен келгенде ғана емес, өзге тұстарда да «іірілу» мағынасын беруде осы сөзді қолдану жоқ емес. Мысалы, Махамбетте: *толғай-толғай* оқ атқап.

Толғау сөзінің «орау» мағынасы *толғамалы найза*, *толғамалы мылтық*, *толғамалы балта* деген тіркестерде де келеді:

Толғамалы ақ балта...

Толғамалы ала балта қолға алып (Доспамбет).

Толғамалы ақ сүңгім («Қобыланды»)

Толғамалы найзамен

Толықсып жауға шапқанда (Махамбет).

Найза, сүңгі, айбалта (ала балта) тәрізді соғыс қаруларын ұстағанда, олардың сабы сусып, жылжып кетпес үшін былғары, қайыс, жіп т. б. сияқтылармен оран тастайтын болған немесе олардың ағаш саптарын орама (спираль) түрінде кертіп қоятын болған (Ильминский, 113). Сондықтан оларда *толғамалы* (сабы оранған) деген эпитет пайда болған. Бұл сын есім келе-келе соғыс қаруын суреттейтін образ болып, тұрақты тіркеске айналғандығы байқалады.

Сөйтіп, *толғау*, *толғану*, *толғамалы* сөздері ертеректе қазақ тілінде «орау, иіру, үйіру, оралу, иірілу, үйірілу» мағыналарында да қолданылған.

ТОЛҒАУ. Бұл сөздің халық жырлары мен ертедегі ақын-жыраулар тілінде кездесетін және бір мағынасын арнайы әңгіме етуге тура келеді. «Орақ туралы жырда» Қарабатыр:

Мен *толға* десем, *толғайын*,

Орақ, саған *толғайын* —

дейді. Бұл жерде *толға*- етістігінің мағынасы жоғарғы «орау, иіру, жиыру» мәніндегі *толға*- етістігінен басқаша. Бұл сөздің түркі тілдеріндегі және бір мағынасы — «өлеңмен біреу немесе бір нәрсе жайында айту». Өткен ғасырда қазақ лексикологиясымен шұғылданып, қазақ сөздерінің мағынасын түсіндіргендер *толға*- «біреу туралы жақсы сөзді өлеңмен айту» деп береді (Ильминский, 113). Бұл етістіктің қазіргі мағынасын түсіндірушілер: 1) «бұрай қозғап, үйіре айналдыру» (*найза толғау*, *құрық толғау*), 2) «бір нәрсе жайында жан-жақты терең ойға шому» (*дүниені тереңнен толғау*), 3) «мақамға қосып, жыр

ғын шерту» деген анықтамалар береді (ҚТТС, IX, 180—181).

Сірә, ертеректе *толғау* сөзі «келелі ойды, әлеуметтік (ел-жұрттық) үні бар сөзді айту» деген мағыналық реңкпен қолданылған болу керек. Сондықтан жыраулардың дидактикалық (насихат) сөздерінің *толғау* (*өлең емес, жыр емес*) деп аталуы осыдан туындаған. Демек, жоғарыдағы Қарабатырдың *Орақ, саған толғайын* дегені: «Орақ, саған мынадай ел қамын жегізетін, ел-жұрттық панысыңды оятатын, қаныңды қайнататын сөзімді айтайын» дегені:

Мен *толға* десең, *толғайын*,
Орақ саған *толғайын*.
Қайғайдағы мажид (таджік?)
Өтер кемең көр және.
Терек бойлы естекті,
Мұнарасы бийүк Мәскеуді,
Лузы түкті орысты,
Басы шоқты қалмақты,
Шүлдірлеген шүршітті
Луызыма қараттым...
Оп сан қолға бас болдым...
Әлинің ұлы, әй Орақ
Қайдар да қайда жүріп теңелдің?

Сөйтп, қатарынан талданған *толғау* етістігі сыртқы тұлғасы бірдей, мағынасы бөлек омоним сөздер болып қолданылған. Өткен кезеңдердегі үлгілерде кездесетін мағыналары қазіргі көрсетілген мағыналарына жуық келгенмен, қосымша реңкі (мағыналық бояуы) бар сөздер болып танылады. Ал *толға-* етістігінің «орау» мағынасы бұл күнде еркін (актив) қолданылмайды.

ТОСТАҚ, ТОСТАҒАНДАЙ. Қазақ балалары айтатын ойын өлеңдерінде:

Бақа, бақа балпақ,
Басың неге жалпақ?
Көзің неге *тостақ*?—

деген сөздер бар. Адам қорыққанда *көзі тостағандай* болды дейміз. Бақаның бір түрін *тостаған бақа* деп те атайды. Бақаның *тасбақа* деген де атауы бар. Мұның дұрысы *тосбақа* болуы керек: *тостақ бақа* < *тостаған бақа*. Осылардың барлығындағы *тостақ, тостаған* сөздерінің түбірі — *тоста-*. Көне түркі тілдерінде *тоста-* етістігі болған, ол «көзді кең ашу» деген мағынаны білдірген. Сонда *тостақ* деген сөз «кең ашылған, бажырайған, бақырайған» деген сын есім болып шығады. Бақаның көзі шығында да тос-

тақ. Ал *тостағандай болды, тостаған бақа* дегендердегі *тостаған* сөзі, сірә, *тоста-* етістігінің есімше тұлғасы емес, *тостақ көз бақа, көзі тостайды* дегендердің «қазақшасы» болар, яғни *тостау* етістігінің өзі қолданылмайтын болғандықтан, одан жасалған туынды сөздер (*тостақ*) мен грамматикалық тұлғалары қазақ тілінде мағынасы келіңкірейтін, «икемділеу», түсінікті сөз бен (*тостаған*) ауыстырылуы ықтимал: *тостаған* — дөңгелек ағаш ыдыс, сондықтан *көзі тостағандай болды* деген «көзі кең ашылып, тостаған сияқты дөңгеленіп, үлкейіп көрінді» деген ұғымға икемделген болар деп топшылаймыз. *Тостаған бақа* да сол сияқты. Ал шындығында *тостаған бақа* > *тостақ бақа* «көзі тостақ жәндік».

ТӨБЕ БИ. Қазақ тілінің көп томдық түсіндірме сөзлігінде *төбе би* тіркесін анықтауда: «Көбінесе ауыс-түйіс дауды ел адамдарының өзара келісіп шешуіне тапсырып жауаптылықты арнаулы төбе биге беретін» деген мысал келтіріп, *төбе би* — «негізгі шешімді айтатын, бас би» деген түсініктеме береді де, оны көне сөз деп көрсетеді. Мұнда «басты би» дегізіп отырған *төбе* сөзінің «бір нәрсенің ең жоғарғы жағы, басы» деген ұғымы болса керек. Төбе билердің феодалдық қазақ қоғамында атқарған қызметі мен алған орны жағынан бұл түсінік дұрыс сияқты көрінуі мүмкін. Ал шындығында *төбе* сөзінің, сірә, «бас, басшы» деген ұғымға қатысы жоқ болар. Ол монғол тіліндегі *төв* сөзімен іліктес деп табамыз.

Көп мағыналы *төв* (түркіше *төбе* дегенге сай келетін тұлға) сөзінің монғол тіліндегі бір мағынасы «тура сөзді, адал адам» дегенді білдіреді. Демек, *төбе би* — «әділ би, билікті тура шешетін би» деген күрделі атау (термин) болып шығады. Әрине, бұл сөздің осы мағынасы о баста түркі-монғол тілдеріне ортақ болған болу керек, сондықтан оны қазақ тілі үшін кірме сөз деп қарауға болмайды, оны тіркес құрамында тұрып, ертедегі көне мағынасын сақтаған төл сөздердің бірі деп танымыз. Көне мағынасы тек тіркес құрамында сақталған, «консервіленген» сөздер бүгінгі сөздік қазынамызда аз емес.

ТҰРАЛАП ҚАЛУ. Монғол тілінде *тура-* етістігі «арықтау» деген мағынаны береді. Саха (якут) тілінде *туор*, хақас тілінде *торо* — «аш, арық» ұғымын білдіретін сөздер. Бұлардың түбірі көне түркі-монғолдың *тура-* етістігі болса керек. Қазақ, қырғыз тілдерінде көптеген сөздер зат есім ретінде танылып, оған етістік тудыратын *-ла*

жұриаты жалғанғаны мәлім (Юнусалиев, 52). Демек, *тұрала-«арықтау»* мағынасын беретін сөз. Бұл ұядан *арық-тұрық* деген қос сөздің екінші сыңары да шыққан: *тұрық* — *арық* сөзінің көне варианты.

ТҮЛЕЙ. Бұл сөз қазақ тілінде көбінесе *түлкі жортпас түлей, түлейден қашқан түлкі* деген сияқты тіркестерде кездеседі. *Түлей* сөзіп түсіндірме сөздікте де, фразеологиялық сөздікте де «қалың, ну» (екі томдық ҚТТС, II, 293), «қалың ну орман» (Кеңесбаев, 526) деп анықтайды (он томдық толық түсіндірме сөздік бұл сөзді мүлде бермеген). К. К. Юдахин қырғыз тіліндегі *түлей* (түлкү жүрбөс түлей жол) сөзін «саңырау, мылқау» мағынасындағы *дүлей* сөзімен бір деп табады да, жоғарғы мысалдағы *түлей жол* дегенді глухая дорога (жым-жырт жол) деп аударады.

Түлей мен *дүлей* (*дүлей күш, дүлей адам* дегендердегі) сөздері бір сөздің фонетикалық екі варианты ма, жоқ, екі басқа сөздер ме, оны этимологтердің үлесіне қалдыра тұрып, *түлей* сөзінің мағынасына контекске қарай үңілсек, ол «қалың (шөп, бұта, орман, қамыс т. б.), ну орман» дегеннен гөрі, «жапан тұз, жалпақ дала» дегенге жуық келеді. Мысалы, «Алпамыс батыр» жырында:

Қарсақ жортпас қалыңнан
Қарғып кетіп барады.
Түлкі жортпас түлейден,
Адыр-адыр белдерден
Шапқанда шаңы бұрқырап,
Жұлдыздай болып ағады —

деген жолдарға қарағанда, *түлей* сөзі «ну орман» дегеннен гөрі «жалпақ дала, ұшы-қиырсыз қашықтық» дегенді білдіретін сияқты, өйткені жұлдыздай ағу үшін ну жынысты орман емес, адыр-адыр белдері бар ен дала, үлкен кеңістік керек. Әрине, бұл тіркестер образ ретінде қолданылған, сондықтан тіркес компоненттерінің жеке тұрғандағы мағынасының өзгермей келуі шарт та болмас, дегенмен образ жасайтын тіркестердің мағынасы шындықтан туатындығын ескермекке және болмайды. Сол сияқты «Қамбар» жырында:

Түлейден қашқан түлкіңді
Ұстайып қуып ендетіп —

дейді. Мұндағы *ендетіп қуу* деген тіркес «көсіліп, түлкі жолын кеулеп» деген мағына беретінін ескерсек, *түлкі қашатын түлей* — орман емес, ашық жер, жалпақ дала.

Сірә, біздіңше, *түлкі жортпас түлей* дегендегі *түлей* сөзі осы соңғы мағынаны білдіреді, «түлкі жүрмейтін жапан түз» деген ұғымды беретін тәрізді. Жоғарыдағы мысалда да *қарсақ жортпас қалың* — «орманды, шөпті дегендей жынысты жер» болса, *түлкі жортпас түлей* — керісінше, «ашық дала», яғни бұл жердегі образ қарама-қайшы параллельдерге құрылған.

Қырғыз тілінде *түлей* сөзінің *түлей жол* тәрізді тіркесте келетіні де осы мағынаны («жапан түз, ашық дала» дегеннен шыққан «ұшы-қиырсыз даладағы ұзаққа кеткен жол») білдіретін сияқты, өйткені жолдың үстінде ну жыныс, орман өспейді ғой. Қазақ жазушыларында *қу түлейде жорту* деген тіркес те кездеседі, мұнда да тіркес «қу дала, ен дала, жапан түз» дегенге меңзейді.

ТЫҒЫР ТАЯҢ КЕЗ, ТЫҒЫР ТАЯНДЫ. Он томдық толық түсіндерме сөздікте «құлаққа естілетін тығырлаған дыбыс» деген мағынаны беретін *тығыр* сөзінің ұясында, *тығыр таянды* деген тіркесті келтіріп, оған «қауіп-қатер төнді, жаны қысылды» деген түсінік беріледі. Қазақ тілінде *тығыр таяң кез* дегенде тіркес бар. Сірә, о бастағы қолданыс *тығыр таяң* деген зат есім болса керек. Түркі халықтарының тарихын терең зерттеген Л. Н. Гумилевтің жазғанына қарағанда, V—VII ғасырларда түркүттерде көк тәңірге құрбан шалу рәсімі болған. Бұл рәсім осы түркүттердің бүгінгі ұрпағының бірі — қачыларда XIX ғасырдың соңына дейін орын алып келген. Қачылар осы құрбандықты *тығыр таих* деп атаған. Құрбандыққа қой шалынып, қымыз, сүт, айран және ет сорпасын төгетін болған. Қысқасы, ел-жұртқа қиыншылық төнгенде, *тығыр таихқа* құрбан шалуға мәжбүр болған. Өте ертедегі бабаларымыз ел басына қауіп-қатер, қиыншылық төнге күнді *тығыр таяң кез*, яғни «құрбандық шалу кезі келді» деп айтады ма екен деген ойға қаламыз. Замандар өте қазақ сияқты түркілерде бұл рәсімнің аты ұмыт болып, оны атап тұрған сөздердің мағынасы күңгірттенгендіктен, өзімізге таныс *тығыр* және *таяну* сөздерімен алмастырып алуымыз әбден ықтимал. *Тығыр* сөзі дыбысқа қатысты, бірақ қиыншылық, ауыртпалықтарға дыбыстың не қатысы бар? Соныдан *тығыр таянды* деген тұрақты тіркестің жалпы мағынасы түсінікті болғанмен, бұл ұғым тіркес құрамындағы *тығыр* сөзінің дыбысқа қатысты мағынасынан шығып тұрмағаны сезіледі. Сол себептен біз *тығыр таяну* етістігін жасап тұрған сөздердің төркінін көне ке-

зеңдерден іздедік те, жоғарғы болжамымызды айттық. Бұл, сөз жоқ, өте батыл барған жорамалымыз, әлі де іздестіре түсу қажеттігін сеземіз.

ҮДЕРЕ КӨШУ, ҮДЕРУ. Көшпелі тұрмыс жағдайында күні кешеге дейін қазақ тілінде *үдере көшу* тіркесі жиі қолданылған. Бұл тіркес жырларда да кездеседі. Мысалы, «Қобыланды батырда»:

Қобыландыға қарамай,
Үдере көшті көп қосып —

дейді. *Үдере көшу* — көштің кештетіп (кешкі салқынмен) жүріп келіп, бір жерге қонып, ертеңіне ертемен қайта ілгері қарай көшуі, яғни көштің тал түсте аялдап тынығуы, өйткені тал түстегі ыстықта жүргеннен гөрі, таңертеңгі және кешкі салқынмен көшу адамдарға да, көлікке де, төлі марқайып болмаған малға да қолайлы болған.

Қазақ тілінің екі томдық түсіндірме сөздігі бұл тіркеске дұрыс анықтама бермеген, мұнда: *үдере көшті* — «бір қонысқа ұзақ аялдамай, ілгері, қопарыла (?) көшті» — деп түсіндірілген. *Үдере көшу* дегеннің дұрыс түсіндірмесін өткен ғасырдағы қазақ тілі сөздіктері анық, дұрыс берген болатын: *үдеру* — жүрер жолдың жартысын кешке, қалғанын ертемен алып көшу, шөл даланы кесіп жүруді түс ауа бастау (Кирг.-русск. сл., Оренбург, 1897).

Үдеру етістігінен жасалған *үдерім* сөзі де бар. Мысалы, Махамбетте:

Алты *үдерім* жер шаптырсаң да, жалықпап:

Үдерім — 20—25 шақырымдай жер, яғни бір рет үдере көшетін қашықтық (20—25 шақырымның бір бөлігін кештетіп, қалғанын ертеңіне ертелетіп көшіп жететін қашықтық). Мұны Л. Будагов намаздыгерден кешкі 9-дарға дейін, таңертең ертемен сағат 10-дарға дейін көшу деп тіпті айқындай түседі (Будагов, II, 119). Сөйтіп, бұл күнде ұмыт бола бастаған *үдере көшу* тіркесінің мағынасын анықтап алдық, енді оны құрап тұрған сөздердің, дәлірек айтсақ, *үдеру* сөзінің түп-төркіні мен жеке алғандағы мағынасы туралы сөз қозғайық.

Үдеру сөзінің түбірі — *үд*, бұл монғол тілінде «талтүс» деген мағынаны береді. Демек, *үдеру* сөзінің ұғымында «түс кезі, талтүл, күндізгі уақыт» деген мән бар, яғни көштің осы уақытта көшуі емес (зерттеуші Е. Жанпейісовтің түсіндіруі бойынша), керісінше, аялдауы, тоқтауы дегенді білдіреді. Бұл түбірден жасалған осы мағынада-

ғы сөз алтай тілінде де бар екенін Л. Будагов көрсетеді: *үделе-* — демалып, тыңығу үшін күндіз, талтүсті аялдап көшу (жүру). Алтайлықтырдың *үделе-* етістігі қазақтың *үдер-* (*үдере көшу*) етістігімен бірдей бөліп тұр. Бұл сөз көшпелі тұрмыс кешкен барлық түркі халықтарында емес, қазақ, алтай сияқты халықтар тілінде кездесетіндігі осы халықтардың мекен тепкен жер бедері (ландшафтысы) мен ауа райы ыңғайына қарай осылайша күндіз аялдап көшу тәртібі болғандықтан болар. Көшпенділік тұрмыс тоқтағаннан кейін, бұл сөздің де мағынасы күңгірттеніп, кейбір ақын-жазушылардың қате түсініп, орынсыз қолданып жүргендері де байқалады, тіпті кейбір зерттеушілердің өздері жаңсақ түсіндіріп жүргенін жоғарыда айттық.

Сонымен қатар *үдеру* сөзінің «жүру, аттану, бірінің соңынан бірі жүру» деген мағынада жұмсалуды да кездеседі. Мысалы, «Қобыланды» жырының тағы бір жеріндегі:

Кей жерде жаяу *үдеріп*,
Кей жерде жатып түнеді —

деген жолдарда *үдеру* — «жүру» мағынасында. Сондай-ақ Дулат ақын:

Үдере тартып көшкөңсің —

дегенінде, контекске қарасақ, бұл сөз күндізгі аялдау мағынасында жұмсалып тұрған жоқ, жалпы көшуді, бірінің соңынан бірі көшіп кету ұғымында қолданылып тұр. *Үдеру* сөзін соңғы мағынада қазіргі жазушылар еркінірек, жиірек қолданады. Мысалы: Велосипедшілер *үдере шауып* барады (С. Бердіқұлов. Мұңайып оянған қала). Демек, *үдеру* (*үдіру*) етістігінің «талтүсте аялдау» дегеннен басқа да мағынада келетінін байқаймыз. Мұндағы *үдер-* дегеннің түбірі де басқа болуы керек, ол — көне түркілік *уд-* «бірінің артынан бірі жүру» сөзі болуы мүмкін. Осы мағынаға жуық келетін ұдай сөзі де *үдер-* етістігімен түбірлес болуы ықтимал. Мысалы, «Қозы Көрпеш» жырындағы:

Тоқтамай күн-түн қатып *ұдай көшіп*,
Балталы, Бағаналы елге кенті —

деген жолдарға назар аударалық.

Сөйтін, «талтүс» мағынасындағы *үдер* сөзі мен «жүру, бірінің артынан бірі жүру» мағынасындағы *үдер-* сөздері тұлғалары бірдей, мағыналары бөлек омоним сөздер болуы керек деп санаймыз.

ШАЛ САҒАЛ. Шалкіз жыраудың Би Темірге хаж сапарынан тоқтатуға айтқаны деген толғауында:

Ашалай шалың ақталап,
Шемпірлігің ноқталап,
Шал сағалың жылаттың —

деген түсініксіздеу жолдар бар, бұл жерде жыраудың не айтып тұрғанын ұғу қиып. Мұнда біздің назарымызды аударатын — *шал сағал* тіркесі. *Шал* сөзі көне түркі тілдерінде «ақ, бурыл, боз» деген мағыналарда жеке қолданылған сын есім. Оның бұл қызметтегі қолданысы бүгінгі тіліміздегі *шал құйрық* («құйрық қылшығы ақ араласқан, ақшыл»), *шалғырт тарту* («ағара бастау, бурыл тарту») сияқты тіркестер мен шалғырттану («бурыл тарту, авару») тәрізді туынды сөздерде сақталған. Бұл күнде *шал* сөзі «қарт ер адам» мағынасында зат есім ретінде ғана қолданылады. Ал *шал сағал* тіркесі — *ақ сағал, бурыл сағал* дегеннің көне варианты. XV—XVI ғасырлардағы ноғайлы-қазақ ақын-жыраулары тілінде мұндай тіркестердің сақталуы — заңды құбылыс. Бұл сияқты «көненің көздері» біршама тұрақты нормасы бар поэзия тілінде әлі де қолданыстағы элементтер екенін танытады. Әсіресе, *шалғырт* сөзі XV—XVI ғасыр сөзгерлері тілінде поэтизм ретінде жиі кездеседі. Мысалы, XIX ғасыр ақыны Абылда:

Шалғысы лашышның *шалғырт тартса*,
Ілер деп қаз баласы қайғы жемес.

Қашағанда (XIX ғ.):

Жас сексенге келгенше
Сағалға *шалғырт* енгенше,
Талайдың көрдім құрмасын.

Бұларда *шалғырт тарту, шалғырт ену* тіркестері «қартаю» образын жасауға қолданылған.

ШАР. «Қамбар батыр» жырынан:

Ақылың болса, жарқыным,
Жіберме *шарға* ісімді —

деген жолдарды оқимыз. Мұндағы *шар* сөзін осы жырды жеке кітапша етін бастырып шығарушылар: «*шар* — тас, ертеде болыстарды сайлағанда қолданылған... Болыс басқармасын кейде *шар* деп атаған. «Қамбарда» осы соңғы мағынада қолданылып отыр» деп түсіндіріпті (кітаптың 115-бетін қараңыз). Бұл — қате түсіндірме. Жоғарыдағы жолдардағы *шар* сөзі *дау-шар* дегендегі *шар*, мағынасы — «дау». Мағынасы бірдей екі сөздің қосарлана жұмсалаты-

ны, яғни плеонастық құбылыс болатыны белгілі. Сол құбылыстың бірі — *дау-шар* сөзі, бұл қос сөздің екі сыңары да бір мағынаны, «дау, жанжал» дегенді білдіреді.

Қазақ тілінде *шар* сөзі жеке тұрып та бұрын «жанжал, дау» мағынасында қолданылып келген:

*Шарға салып басыңды,
Бола көрме сен құмар —*

дегенді «Қобыланды» жырынап да табамыз. Тек жырларды тудырушылар емес, қазақтың тіпті бертіндегі ақындары да *шар* сөзін өз мағынасында жеке қолданған. Майлықожадап (XIX ғ.):

*Әдепсіз өскен бозбала
Жүрген жері шар болар.*

Дулаттан (XIX ғ.):

*Адаспайтып даңғыл жол,
Қасым салған қасқа жол
Шарға соғып із кетті —*

деген олең жолдарын оқимыз. Бұл мысалдарда болыс сайлауы, болыстық туралы әңгіме жоқ, мұндағы *шар* сөзі — *дау* деген сөздің синонимі, егіздің сыңары ретінде қолданылып тұр.

Шар сөзі *дау-шар* деген қос сөзден басқа, біреудің басын *шарға салу*, ісін *шарға жіберу* сияқты тұрақты тіркестердің құрамында қолданылуға бейімделген. Сондықтан жоғарыдағы сияқты жаңсақ түсіндірмелерді түзетіп, дұрыс оқу керек.

ШЫБЫН: ШЫБЫН ЖАН. Қазақ тілінде *жан* сөзімен қосақталып **шыбын** сөзі жүреді. Мысалы, «Қобыланды» жырында:

*Әулиеге ат айтып,
Қорасаңға қой айтып,
Шыбын жанын және айтып...
Шырағымның шыбын жан(ы)
Жасаған саған амапат.*

Кейде *шыбындай жаны* түрінде де келеді:

*Келмембет кірді ханына
Ара түсіп Қамбардың
Бір шыбындай жанына («Қамбар батыр»).*

Қозыға анасы:

Бір шыбындай жаныңды қорға, балам —

дейді. Бұл тіркестердігі *шыбын*, біздіңше, *шыбын-шіркей* дегендегі *шыбын*- мен бір емес сияқты. Сірә, парсының

жан сөзімен қатар осы мағынада *шыбын* сөзі қолданылған тәрізді. Өйткені *шыбын* сөзі *жан* сөзін қосарламай да «жан» мағынасында қолданылып келгені байқалады. Мысалы, «Қобыланды» жырында Құртқа Қобыландыға:

*Шыбынды тапсырдым
Бір жаратқан құдаға —*

дейді. Жалғыз ауыз әдебиет тілінде емес, жазушылардың қолданысында да «жан» мағынасында *шыбын* сөзі кездеседі. Мысалы, Сұлтанмахмұт Торайғыров «Қамар сұлу» романында науқас Қамар туралы: «Құр *шыбыны бар*» деп суреттейді.

«Жан ұшырып» мағынасында, соның синонимі ретінде *шыбын болып* деген тіркес те кездеседі. Мысалы, Шоқан Уәлиханов жазып алған «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырында:

*Қорабай Сарыбаймен аңға келген,
Бір адам шыбын болып үйдеп келген —*

деген жолдарды оқимыз.

Шыбын жан тіркесі жөнінде бұл күнге дейін «діни ұғым бойынша, кісі өлгенде, жаны шыбын тәрізді ұшып кетеді-мыс» деген пікір айтылып келеді (Кеңесбаев, 569). Бірақ біз бұл тіркестің мағынасын өзгеше топшылаймыз. Махмұт Қашқаридың жазып қалдырғаны бойынша, көне түркі тілдерінде *чывы* (*чыбы*) сөзі «ру, тайпаның жебеушісі», *рух*» деген ұғымды берген (ДС, 151). Мүмкін, *чыбы* (*н*) сөзімен ру-тайпаны жебен-қорған жүретін ғана емес, адамдарды қолдап, жебейтін күшті де, яғни адамның жанын да білдірген болу керек. Бірақ бұл пікіріміз — әзірге жорамал ғана. Біз бұл жерде бір нәрсені кесіп айта аламыз. Ол — қазақ тілінде «жан» мағынасында *шыбын* сөзінің жеке тұрып та қолданылатындығы. Мұны жоғарыдағы мысалдардан басқа да фактілер дәлелдейді. Мысалы, халық олеңінің қайырмасында келетін «*шыбыным, шыбыным, айдарлым*» деген сөздерде де *шыбыным — жаным* деген сөздің баламасы.

Ал *шыбындай жаны* деген тіркестегі *шыбын* сөзіне *-дай* жұрнағының жалғануы, біздің байқауымызша, теңеу үшін болып тұрмаған тәрізді. Бұл жұрнақ түп-төркіні бейтаныс сөздерге жалғануға бейім екенін, яғни *-дай* жұрнағымен келген ондаған күңгірт сөздер бар екенін тіл мамандары әрдайым көрсетіп келеді (мысалы, *еңгезердей, өндірдей, алпамсадай, зымырандай* дегендердің түбірі жеке қолданылмайды, беретін мағыналарын да екінің бірі бір-

деп тап басын айтқан бере алмайды). *Шыбындай жан* дегенде де *-дай* жұрнағы теңесуден гөрі, екінші *жан* сөзінің дәлме-дәл эквивалентін білдіру қызметін атқарып тұрған тәрізді.

ШЫР БІТУ. Бұл тіркестің беретін мағынасы түсінікті: ол — «семірді, ет алды, қонданды». Түсіндірме сөздікте *шыр* сөзінің үш түрлі мағынасы көрсетілген, соғардың бірі — «нәр, маңыз» және «әл, қуат, күш» деп берілген. *Шыр* сөзінің түп-төркінін қуаласақ, ол көне түркілерде «май, еттің майы» дегенді білдірген екен (ДС, 146). Сонда *шыр біту* «май біту» дегеннің көне варианты болып шығады. Майды *шыр* сөзімен атаудың өзі ұмыт болғанмен, бұл сөз өз мағынасында тіркес құрамында сақталып қалған. Бұл іспеттес құбылыс қазіргі қазақ тілінде аз кездеспейді.

ІРКЕС-ТІРКЕС. Бұл қос сөздің соңғы сыңары әбден түсінікті, ол — *тірке*- етістігімен түбірлес сөз. Бұл етістіктен жасалған *тіркес* тұлғасы «қатарласқан тізбек» мағынасында және «жалғас, қатар» деген есім ұғымында қолданылады. Ал *іркес-тіркес* дегендегі *іркес* сөзінің түбірін *ірік*- «бөгеу, тежеу, тоқтату, ішіне бұгу, жасырыу» етістігі деп тануға келмейді. Сірә, бұл көне түркі тілдерінде қолданылған «керуен» мағынасындағы *арқыш-теркіш* сөзінің «қазақшасы» болу керек. *Арқыш* сөзінің жеке тұрғандағы бір мағынасы «керуен» (ол да «қатарлайған көліктер тізбегі»). Осы «керуен» мағынасындағы *арқыш-теркіш* тұлғасы қазақ тіліне *іркес-тіркес* болып көшкен болар деп топшылаймыз.

ТАРИХИ ЛЕКСИКОЛОГИЯ

Тіл қаттауларының ішінде сыртқы, яғни экстралингвистикалық деп аталатын факторлардың әсеріне ұшырағыш, өзгерімпазы — сөздік (лексика) саласы Әрине, лексика қаттауының сол тілдің өзінің табиғи даму заңдылықтарына қарай, яғни ішкі лингвистикалық өзгерісі де болып жататыны белгілі. Бұлардың екеуін де **диахрондық лексикология** деген ғылым саласы зерттейді. Бұл өзгерістердің ішінде жиі ұшырайтыны — сөз мағынасының өзгерісі, атап айтқанда, сөздің алғашқы мағынасының ұмыт болып, не қолданыстан шығып қалуы, не жаңа ұғым атауына айналуы, я болмаса қарама-қарсы мағыналарға ие болуы, сондай-ақ сөз мағынасының кеңеюі, тарылуы, сол мағынаны айқындай түсетін қосалқы элементтерді қабылдап қолданылуы, көне мағынаның тұрақты сөз тіркесі құрамында ғана сақталуы т. т. осы сияқты құбылыстарды тіл білімінің тарихи (диахрондық) лексикология тарауының **тарихи семасиология** бөлімі қарастырады.

Лексика қаттауына тек жеке сөздер емес, тұрақты сөз тіркестері — фразеологизмдер де жатады. Сондықтан фразеологизмдердің мағыналық өзгерістерін зерттеу де жоғарыда аталған ғылым салаларының үлесіне тиеді.

Сөздің қолданылу тарихын зерттеу сол сөздер білдіретін объектілердің (заттардың, ұғымдардың) тарихын бақылаумен байланыстырыла жүргізіледі. Бұл таным тілді иемдеуші халықтың этникалық, азаматтық тарихымен ұштасады.

Сөздердің қолданылу тарихын әңгімелеу дегеніміз олардың мағыналарының қозғалысына (эволюциясына) үңілу болып шығады. Сөз мағынасының эволюциясы тек дамудан, яғни жақсара түсу сипатында ілгері жылжудан тұрмайды, сонымен қатар сөз мағынасының күдігірттенуі не мүлде ұмытылуы, ауысуы, кеңеюі, тарылуы т. т. құбылыстар да сөз табиғатының қозғалысын танытады.

Біз бұл өте шағын очеркте қазақ тілінің тарихи лексикологиясының, оның ішінде тарихи семасиологиясының жүйелі түрдегі толық курсына ұсынғалы отырған жоқпыз. Бұл жұмыс өз алдына арнайы зерттеуді қажет етеді. Және бұндай курсты жазу үшін талдапатын материалдар молынан қамтылып, әр қырынан (әр аспекіден) әңгіме болуы тиіс. Бұл жерде біз жоғарыда түсіндірме сөздік түрінде ұсынылған талдаулардан шығатын кейбір түйін-

дермен таныстырмақпыз. Ол түйіндер жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде қазақ тілінің тарихи лексикологиясынан лекция оқытып оқытушылар мен осы күрсті отетін студенттерге көмекші құрал болар деп ойлаймыз. Әсіресе, осы кітаптағы талдаулар диахрондық лексикология курсының дайын иллюстративтік материалы болары хақ.

Қазақ тілінің сөздік қазынасының қазіргі және бұдан бұрынғы, яғни тіпті ертеректегі және «күші кешегі» — XV—XIX ғасырлардағы күй-қалпын: жеке сөздердің мағыналарын, қолданылу ерекшеліктерін, ескірін, жаңаруын, тұлғалық көрінісін танып-білуде біздің жоғарыдағы талдауларымыз мынадай ой-түйіндерге алып келеді.

1) Қазіргі қазақ тілінің сөздік құрамында көне түркі заманынан сақталып келген, бірақ бұл күнде жеке тұрып, сол көне мағынасында қолданылмайтын бір алуан сөздер бары байқалады. Ол сөздер негізінен тұрақты тіркестер (фразеологизмдер мен қос сөздер) және лексикалық тіркестердің (күрделі есімдер мен күрделі етістіктердің) құрамында қолданылады. Сондай-ақ олар кейбір жеке сөздердің этимоны, яғни мағыналық және тұлғалық түп тамыры болып келеді. Бұған мысал ретінде *аты шулы* деген тіркесті алуға болады. Мұның екінші сыңары (компоненті) *шулы* «даңқ, атақ, даңқты, атақты» деген мағынадағы көне түркілік *чау* сөзі. Студенттер мен оқытушыларға көне түркі тілдерінде *ч* дыбысымен келетін сөздердің қазіргі қазақ тілінде *ш* дыбысымен айтылатындығы тарихи фонетика курсынан таныс: сонда бұл сөз сыртқы тұлғасы жағынан былайша келген: *чау > чзу > шу*. Демек, *аты шулы* деген тіркес *аты даңқты* дегеннің көне сөзбен берілген баламасы екен.

Осы қатарға *жылы-жұмсақ* деп айтылатын қос сөздің *жылы* компонентін қосуға болады: бұл — көне түркілік *жаулы* «майлы» сөзінің араларына сан ғасырлар салып, қазақша жеткен тұлғасы. Бұл сөздің тұлғалық жағынан өзгергендігі соншалық: көне түркілік этимон — *йағ*, ол — «май» деген сөз, *йағ* қыпшақ тілдерінде *йау*, оның ішінде қазақ, қырғыз тілдерінде *жау* болуы *ғ ~ у*, *й ~ ж* (*бағ ~ бау*, *тағ ~ тау*, *сағыр ~ сауыр* дегендердегі сияқты) дыбыстық алмасудың нәтижесін көрсетеді.

Ұсынған тұжырымымызды дәлелдей түсу үшін мысалдарды әрі қарай жалғастырсақ, *өлім-жітім* деген қос сөздің *жітім* компонентін келтіруге болады. Бұл сөздің түбірі — көне түркілік *йит*- етістігі, ол — «жоқ болу, жоғалу»

мағынасын берген сөз, сонда *олым-жітім* өлін, жоқ болу деген ұғымды білдіретін тіркес болып сақталған. Келесі мысал. Сырт қарағанда *жағаласу* сөзінің түбірі *жаға* (киімнің жағасы) сөзі деп тануға әбден болатын сияқты, өйткені төбелескен, жанжалдасқан адамдар біріп-бірі жағадан алады деп ұғамыз. Ал шындығында қазіргі *жағаласу* сөзінің түп торкіні көне түркілік *йағы* сөзіне алын барады, ол сөз «дүниенан, жау» деген ұғымды береді. Сонда *й ~ ж, с ~ ш* дыбыс алмасуларын есепке алғанда көне түркіше *йағылаш-* «бір-бірімен соғысу, ұрысу» деген сөздің қазақшасы болып шығады. Қазақ тілінде көне *йағы* сөзінен туған екі етістік бар деп табамыз: *йағы > жау* тұлғасынан жасалған *жаула-* етістігі және *йағы > жағы* тұлғасынан пайда болған *жағыла-* *> жағала-*, олардың ортақ етіс түрлері *жаулас-* және *жағалас-*. *Жағаласу* сөзі, сірә, қазақ топырағында жасалған етістік емес, көне түркіден келе жатқан қалдық деп тану керек, өйткені көне түркі ескерткіштері тілінде *йағылаш-* деген ортақ етіс тұлғасы қолданылған.

Көне бір түбірден екі туынды сөздің жасалғанын қазақ эпостары тілінде кездесетін *қатуланып, қаттанды* деген трафареттегі екі сөзден де көреміз: екеуінің де түбірі — көне *қатығ* («қатты, берік, мықты») тұлғасы. Оның осы көне тұлғасынан *қатулан-* етістігі (*қатығ > қатыу > қату + лан + н*) және *қат* (ол да «қаттылық, мықтылық» мағынасын беретін сөз) тұлғасынан *қаттан-* (*қат + та + н*) етістігі жасалған. *Қат* сөзі зат есім түрінде көне түркі ескерткіштерінде тіркелмегенімен (ал *қат-* деген етістік бар), бұл түбір қазіргі түркі тілдеріндегі *қатты, қатыр-* сияқты туынды сөздерді жасаған. Сірә, бұлар көне түркілердегі *қатығ* тұлғасының соңғы «әлсіз» *ығ* (ʁ) дыбысы түсіп қалған замандарда жасалған сөздер болуы да мүмкін, өйткені көне ескерткіштер тілінде *қатығлан-, қатғы, қатығды* (соңғы екеуі осы күнгі *қатты* сөзінің баламасы) тұлғалары тіркелген (сөздікке енген). Демек, *қатуланды* сөзінде көне *қатығ* тұлғасы сақталған (*қатығ > қатыу > қату*) да, *қаттанды* сөзінде соңғы *ығ* дыбысы сусын түсіп қалған немесе *қат* тұлғасы о бастан-ақ есім сөз болған. Сөйтіп, *қатуланды, қаттанды* деген шаблон (кәнігі) фраза «әбден күшейді, қатайды» деген тура мағынасынан ауысып, контекске қарай «қатты ашуланды, буырқанды» деген ұғымды береді деп тануға болады.

Соңғы екі мысалдың екеуі де сөздер тарихындағы мына бір құбылысқа қоңіл аудартады. Тілдің басы артық дү-

ниені көтермейтіні мәлім. Сондықтан дәлме-дәл түсетін бір мағынадағы екі тұлға қалайша сақталған (жұмсалып келген) деген сауал туады. Осы іспеттес сөздер әрқашан дәлме-дәл мағынада жұмсала ма деген сұраққа жауап іздеу керек болады. Мұндайда тіл фактісі жауапты өзі береді, яғни қосарлана жүретін тұлғалардың біреуі екіншісінен ажыратылатын мағыналық реңк үстеп алуы мүмкін. Мысалы, *жауласу* етістігі «оштесу, соғысу, ұрысу» деген келіспеушілікті, қарсыласуды білдіретін жалпы ұғымды берсе, *жағаласу* сол келіспеушілік, қарсыласу ұғымының ішінде «тайталасу, арналысу, қоса қабаттасу» сияқты нақтылау мәнде қолданылатын сөзге айналған.

Ал кейде мағыналас сөздердің қатар (қосарлана) қолданылуы сол сөздер беретін ұғымды күшейтін, оның «әбден, тіпті, мықты» екенін білдіретін реңк үстейді. Айталық, *қатуланды, қаттанды* деген бір мағынадағы екі тұлғада «әбден күш алды, тіпті күшейді» деген ұғым (мүмкін, одан барын ауыспалы «әбден ашуланды, мықтап қанарына мінді» деген мағына) пайда болып тұр.

2. Көне түркілік сөздердің басым көпшілігі — бұл күнде көне мағынасында жеке қолданылмайтын тұлғалар, олар не күрделі етістіктердің құрамында сақталып қалған. Мысалы, *жер болу, жер қылу* дегендегі *жер* сөзі көне түркілердегі *ир* сөзі сияқты «ұялған, қысылған» мағынасында жеке қолданылмайды. Сондай-ақ *жек көру* дегендегі *жек* сөзі де көне түркілер тіліндегі *йенк* сөзі сияқты «түкке тұрғысыз, болмашы, мардымсыз» деген мағынада жеке-дара жұмсалмайды.

Көне түркі заманынан келе жатқан сөздердің ішінде тіркес құрамында емес, жеке тұрып қолданылатын күйде сақталғандары да жоқ емес. Бірақ олар көне сөздер болғандықтан, бұл күнде мағыналары күңгірттешип, арнайы зерттеулер арқылы түсіндірмесе, екінің бірі бірден тап басып, қай ұғымды беріп тұрған сөз екенін айтып бере алмайтын дәрежеде көрінеді. Мысалы, «Қобыланды батыр» жырында Құртқа сұлу батырға: *Не қылсаң да маған қыл, Бұрылға, сірә, қағылма* — дейді. Мұндағы *қағылма* деген сөзді әдетте «соқтықпа, ұрынба» деген мәндегі *қақтықпа* сөзінің бір варианты болар деп ұғамыз, ал дұрысында мұның түбірі көне түркі тілдеріндегі «ашулану» мағынасындағы *қақы-* етістігі, сонда *қағылу* «ашулану» дегенді білдіретін сөз болып шығады. Мүмкін, *қақтығу* етістігінің түбірі де көне *қақы-* болған күнде де, бұл екі тұлға *қағылу* және *қақтығу* болып, екі бөлек мағынаны

беретін сөздерге айналған: *қағылу* — «ашулану, ренжу», *қақтығу* — «ұрыну, соқтығу» деген мағыналарға ие сөздер.

Түбірі бұл күндегі қазақтар үшін мағынасы ұмыт болған көне сөздердің қатарына *тостақ*, «орау, үйіру» мағынасындағы *толғау*, «аснан» ұғымы бар *қалыңнан* (күс), *қалықтау*, «сөз» дегеннің көне тұлғасынан туындаған *сауын* (*саб* > *сау* + *ын*) айту, сөз *саптау*, *жаушы* (*саб* > *сау* > *жаушы*). «жүру, адымдау» мағынасы бар *маң*- түбірінен жасалған *маңғыстау*, жыланның уытын оқын шығару дегендегі *оқу* («шақыру» деген мағынаны беретін көне тұлға), *шыр біту* дегендегі *шыр* (көне түркілерде «май»), «біреудің әйелі, жұбайы» мағынасын білдірген *кіші* сөзінен жасалған *кішілік* сөздерін қосуға болады. Бұлардың көпшілігі тұрақты тіркес құрамында емес, жеке де (еркін тіркесте) қолданылатын сөздер. Бірақ олардың көне мағыналары ұмыт болған. *Бақа*, *бақа балмақ*, *көзің неге тостақ* деген балалар олеңіндегі *тостақ* дегеннің «бақырайған» деген ұғымдағы сөз екенін көптекке қарап қана шамалаймыз, ал шындығында бұл сөздің түбірі «көзді кең ашу» мағынасындағы көне *тоста*- етістігі екендігін тек этимологиялық ізденіс арқылы білуге болады.

Сөздің көнелігі оның ө бастағы мағынасын ұмыттырып, тек тұрақты тіркес құрамында қалдырады. Айталық, *қара құрттай қайнаған халық* немесе *құж-құж қайнау* дегендердігі *қайнау* етістігінің көне «ерсілі-қарсылы бейберекет салпырылысу, құжынан жату» деген мағынасы ұмыт болғандықтан, бұл күнде *көшеде адамдар қайнады*, *құмырсқа қайнады* деп еркін тіркес жасап айтпаймыз. Оның бұл көне мағынасы тек *қара құрттай қайнау*, *қайнаған халық* (жұрт, адамдар), *құж-құж қайнау* сияқты тіркестерде тұрғанда ғана сақталған. Келесі мысалдар: *күн* сөзінің «ел, халық» мағынасындағы тұлға екенін тек *ел-күн* деген қос сөз тіркесінде тұрғанда ғана байқауға болады. *Құғы қашу*, *құтын алу* дегендердегі *құт* көне түркі тілдерінде «рух, адамның жан дәрмені» (орысша: «жизненная сила») дегенді білдірсе, *күн жайлату* дегендегі *жайлату* (*жады* > *жайы* + *ла* + *т*) сөзі көне түркілік түбірден жасалғанын көреміз. Олар өздерінің көне мағыналарын сөз тіркестерінде тұрғанда ғана сақтаған.

Мұндай фактілер қазіргі қазақ тілінде сдәуір баршылық. Гәп олардың бар екенін көрсетуде емес, әңгіме, біріншіден, бірқатар сөздердің мағынасы ұмыт болғанмен.

өздері сақталып жетуін және ол үшін белгілі бір жағдайдың (амалдың) болғандығын байқатуда. Ол амалдың пәрменді (актив) бір түрі — тіркес құрамы, яғни күрделі сөздер және тұрақты тіркестер мен қос сөздердің құрамында тұру арқылы сөздің түпкі мағынасы және түп тұлғасы ретінде этимондық роль атқаруы.

3. Бұл құбылыс тек көне түркілік тұлғалардың хатқа түскендеріне қарай ғана емес, сонымен қатар кейбір сөздердің тіркес құрамында келген көне мағыналарына қарай да орын алатындығын *ала* сөзінің талдауынан байқауға болады.

Қазіргі түркі тілдері сөздіктерінің барлығында дерлік бұл сөздің негізгі мағынасы «біркелкі емес, әр түсті», одан ауысқан мағынасы «келіспеушілік, ала-құлалық», одан да әрі ауысқан мағынасы «жасырын ой, бүкпе», «әділетсіздік» дегендер деп көрсетілген. Бұл дұрыс. «Тегіс емес, біркелкі емес, анық емес» және «бейберекеттік, аласапырандық» деген ауыспалы мағыналары «ала-құлалық» деген түпкі идеяға негізделеді. Бұл идея (мағына) қазақ тіліндегі *ала көлеңке, алагеуім, ала көбеде, алаң-елеңде елең-алаңда, алағаншық боран, алажаулы бұлт, алақаныт* немесе *алашабыр жер, аласабыр шақ, ала құйын, аласапаң кез*, қырғыз тіліндегі *ала шабыраң* немесе *ала шалбырт* («көктемнің ерте кезі, аласабыр шақ»), *алағанчық чыбырғақ, алабарман, аладүн*, татар тіліндегі *ала қар* («ерте көктемдегі бір жерде еріп, бір жерде сақталған қар»), ұйғыр тіліндегі *қун ала қашқа болғанда* («алагеуімде»), *ала-тайын* («күмәнды, белгісіз») деген сөздерде көрінеді. Қырғыз тіліндегі *ала жай* («ерте көктем, яғни қыс емес, бірақ әлі жаз да емес аласабыр шақ») сияқты тіркестердегі *ала* сөзінің семантикалық кілтін де осы жерден іздеу керек.

«Біркелкі емес, тегіс емес, анық емес» деген мағынадан «бейберекеттік, тәртіпсіздік, дүрбелеңдік» идеясы туады. Сондықтан бұл модификацияны, яғни *ала* сөзінің ауыспалы мағынасын қазақ тіліндегі *алағай-бұлағай, алас-қапас, алагулік, ала сапыраң* деген сөз тізбегінен табамыз. Бұл талданған мысалдардың барлығы *ала* сөзінің түпкі көне түркі тілдерінде де бар мағынасына қатыстылар. Ал қазақ тілінде (мүмкін, кейбір өзге түркі тілдерінде де) *ала* компоненті (морфемасы) бұл көрсетілгендерден өзге мағынада келетін сөз тіркестері мен туынды сөздер бар. Мысалы, *алақ, алақта-, алақ-жұлақ* (қарау), *көзі алару*, қырғыз тіліндегі *алағар* немесе *алағай көз, алақсы-* де-

гендердегі *ала* түбірі көздің аласы (орысша белок глаза) дегенге аарады.

Қазақ тілінде *ала* элементінің бұл аталған мағыналардан өзгеше идеяны (семантиканы) беретін тағы бір тұсы бар екенін біздің осы кітаптағы *ала балта, ала ту, ала сүргін, ала ғырғын, аламан, аласат, алапат, алаула-* сөздерін талдаған тұстарымыз таңытады. Бұлардағы ала компонентінде «шабуылдау, талап-таражға салу, ұрыс соғыс» идеясы бар және бұл іс-әрекет көпшілікке (тоңқа, отрядқа, әскерге т. т.) қатысты болып келетін реңкті қамтиды: *алапай-талапай, алапат, ала сүргін, ала ғырғын, ала шапқын* дегендер не көпшілік басына түсетін, не көпшілік тарапынан жасалатын іс-әрекеттерді білдіреді (орысша айтқанда, *массовый переполох, массовое бедствие, массовое истребление* т. т.). Осы мағынаны білдіретін *ала* түбірінен жасалған сөздер өзге түркі тілдерінде де бар. Мысалы, *аламан* сөзі солтүстік-шығыс түркі тілдерінен өзге барлық түркі тілдерінде бар. «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігінде» (Москва, 1974) бұл сөздің әр түркі тілінде кездесетін мағыналары «қарақшылық шабуыл», «бейберекет шабуыл», «талап-таражға салу, тонау», «шабуылға шыққан салт аттылар тобы (шайқа)», «әскер», «халық», «тобыр» деп көрсетіледі (134-бет).

Демек, бұл сөздің түпкі мағынасында шабуылға, талауға, қырғын-сүргінге қатысты мән бар. Сондықтан аталған сөздікте *аламан* тұяғасы *ала-* етістігінің жасалған туынды есім сөз деп таңылған. *Ала-* етістігінің түбірі *ал-* (бір нәрсені қолмен алу) деп талданады да, оған қосылған *-а* форманты қимылдың жиілігін таңытатын көрсеткіш деп беріледі. Осы себептен түрік тіліндегі *алағын, аланж* «тонау», *алағ, алағты* «талап-таражға салу», қазақ тіліндегі *алаулау* «соғысу, ұрыс салу» дегендердің түбірінде бір нәрсені қолмен алуға немесе бір халықты басып алуға қатысты идея (мағына) болғанмен, *ала сүргін, ала шапқын* дегендерде *алу* идеясы емес, «көпшілік» идеясы басым (соңғы тіркестердегі «соғыс, ұрыс, талау» мағынасы *сүргін, шапқын* сөздерінде). Сондықтан о баста қазақ халқы құраған ру-тайпалар одағының *алаш* (*алты алаш, алты сан алаш*) аталуы бұл сөздің «көпшілік, халық» мағынасын қамтитын *ала* түбірімен байланысты екенін көрсетеді. Демек, *алаш* «көпшілік, одан барып «халық, қауым» деген ұғымда қолданылған атау болған.

Сөйтіп, сөз тарихын қуалағанда, *ала* деген бір ғана тұлғаның туынды сөз, күрделі сөз, яғни тіркес құрамында бірнеше мағынада келетіні байқалады. Ол мағыналардың бірқатары түпкі (этимондық) семантикадан тараған ауыспалы түрлері болса, енді біреулері «ұрыс, соғыс, қырып-жою» мағыналары бар және «коннилік, масса» деген мағыналық реңкті қамтитын өз алдына бөлек сөздер болып шығады. Осы себептен қалың оқырманға *ала балға*, *ала ту* дегендердегі *ала*-ның түске қатысы жоқ екенін, батырлар жырлары мен Махамбет ақында кездесетін *алау-лау* етістігінің «соғысу, ұрысу» мағынасындағы сөз екенін тарихи лексикология курсы аңғартады. Бұл сияқты сөздердің (қолданыстардың) семантикалық комплекстері олардың тіркесу қабілеттерін, мағыналық мүмкіншіліктерін айқындауға көмектеседі.

4. Бір алуан сөздердің тіркес құрамындағы мағынасы түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде «күні кеше» ғана — орта ғасырларда қолданылғаны көрінеді, бірақ заман озған сайын сөздің жеке мағынасы түгіл, тіркестің өзі қолданыстан шығып, тек ескі өлең-жырлар мен мақал мәтелдер құрамында сақталған. Оған мысал ретінде *ауыр әскер*, *ауыр қол*, *ауыр жұрт*, *ауыр дәулет*, *ару ат*, *ару жігіт*, *астана жұрт*, *ай қараңғы кешесі* сияқты тіркестерді келтіруге болады. Бұлардағы *ауыр* сөзінің «көп, сансыз, қалың» мағынасы да, осы мағынамен келген жоғарғы тіркестер де бұл күнде қолданылмайды. Сондай-ақ *ару* сөзінің «жақсы, игі, мінсіз, асыл» мағыналарын осы күнгі қазақ тілі қолданбайды, сондықтан *ару ат*, *ару жігіт* дегендер бұл күнде нормадап тыс тұрған тіркестер болып көрінеді, ал бірақ осы тіркестердің XV—XVII ғасырлардағы ақын-жыраулар тілінде сақталғанын байқаймыз.

Орта ғасырлардағы түркі ескерткіштері тілінде жиі қолданылған *айла-жйла-* («ет-, қыл-») көмекші етістігін де бүгінгі қазақтар білмейді, ол *зар илсу* деген күрделі етістік құрамында тұлғасы едәуір өзгеріп барып (*айла->ейла->иле-*) сақталған. *Кеше* сөзі де қазіргі өзіміз қолданатын мағынадағы *кеше* («бүгінгіден бір күн бұрын өткен күн») емес, «түн» мағынасындағы қолданыс. Бұлардың қазақ тілінде орып алуының екі-үш түрлі себебі бар сияқты, бірі — орта ғасырларда бірқатар сөздердің беретін мағыналары контестен түркі тілдеріне (олардың оғыз, қыпшақ, қарлұқ болып тарамдалатынына қарамастан) ортақ болған. Мысалы, жоғарыда сөз еткен *ауыр*, *ару*, «туысқан, рулас» мағынасындағы *қарындас* сияқты

сөздер орта ғасыр түркі ескерткіштерінде біз көрсеткен мағыналарда қолданылған. Қазақтың ақын-жыраулары да бұл ортақтыққа не екендіктерін өздерінің өлең-толғауларының тілі арқылы көрсеткен деп табамыз. Екіншіден, орта ғасырлардағы түркі әдеби тіл дәстүрімен қазақтың ақын-жыраулар тілі де іліктес болғандығы бұлардың өлең-жырларында ай қараңғы кешесі сияқты тұлғалардың орын алуы көрсетеді.

5. Қазақ тіліндегі араб, ішінара парсы сөздері, әсіресе, дерексіз ұғым атаулары (абстракт есімдер) мен оқу-білім, мәдениет сияқты салаларға қатысты сөздер тілімізге араб, иран халықтарымен тікелей қарым-қатынастың нәтижесінде енген, олар негізінен орта ғасырлардан, сонау XII ғасырдағы Ясауи хикметтерінен бастап, күні кешегі «Ләйлі — Мәжнүн» поэмасының түркі тілдеріндегі жырлашысы арқылы келген деген тұжырымның (мысалы, бұл жөнінде Әмір Нәжімнің пікірлерін еске алайық) қисыны бар. Бұл кірме сөздердің дені қазақ тілінде әбден орнығып, қалыптасқан да, біреу-сарандары ғана ескі өлең-жырлар мен мақал-мәтелдер құрамында сақталған. Мысалы, «мен салар да, сен салар, атқа жемді кім салар» деген мәтелдегі алғашқы екі рет келген *салар* парсыша «әскери басшы, командир» дегенді білдіретін сөз болса, оның бұл мағынадағы қолданысы қазақ тілінде өріс алмаған, сондықтан бізде *керуенсалар* («керуен басы»), *әскерсалар* («әскер басы, қол басы») сияқты сөздер жоқ. *Салар* сөзінің бұл мағынасы, демек, тек мәтелде сақталған. Сол сияқты «бақыт» мағынасындағы *ораз*, «әскери іс, батыршылық» мағынасындағы *сыпайшылық*, «бақытсыз, сормаңдай» мағынасындағы *сұм*, *сұмырай*, «көкорай, көкмайса» мағынасындағы *майдан*, «қиындық, ауыртпалық, шарасыздық» мағынасындағы *сауда* сияқты сөздер бұл көрсетілген мағыналарда қазіргі қазақ тілінде жұмсалмайды. Бірақ бұлар осы ұғымдарда бұрынырақ тілімізде қолданылғанын эпостар мен мақал-мәтелдер, XV—XVII ғасырлардағы ақын-жыраулар тілдері көрсетеді. Бұлар кірме сөздердің мағыналарындағы құбылу, өзгеру процесін таптыратын фактілер. Демек, кірме сөздер де алғашқы бір-екі мағынада тұрақталып қалып қоймайтындығы байқалады. Мысалы, *сұм*, *сұмырай* сөздері «сормаңдай, бақытсыз» мағынасында XIX ғасырдың бас кезіндегі Алмажан сияқты ақындарда кездескенімен, бұл күнде ол сөздердің мүлде басқа ұғымда жұмсалатындығын білеміз.

6. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы мәселелерін сөз еткенде, плеоназм құбылысы ерекше орын алады. Плеоназм немесе плеонастық сөздер дегеніміз бір мағынадағы екі сөздің қатар қолданысы. Ол қатарды не екі тілдің сөздері, не көне-жаңа сөздер, не қызметі бірдей екі морфологиялық тұлға құрайды. Әдетте тіл білімінде плеоназм (ол периссология деп те аталады) құбылысын тілдегі «басы артықтық» деп тапиды. Бірақ бұл жердегі «басы артықтық» абсолюттік емес, яғни плеоназм белгілі бір стильдік, не мағыналық қызмет атқарғанда ғана тілде орын алады. Мұндай қызмет атқармаса, тіл нағыз (абсолюттік) басы артық дүниені көтермейтіндіктен, плеонастық қатарлар түзілмейді. Жоғарыда талдаған материалдарға қарағанда, бір мағынадағы парсы мен түркі (қазақ) сөздері қатар келгенде, сөз мағынасына семантикалық реңк үстемеленеді. Мысалы, «соқыр» мағынасындағы парсының *көр* сөзі мен қазақтың осы ұғымдағы *соқыр* сөзі қатар келіп, *көр соқыр* болып айтылғанда, *соқыр* сөзіне «мүлде көрмейтін, тас қараңғы соқыр» деген қосымша реңк үстем тұр. Сол сияқты *құдды (құтты) өзі* деген тіркесте *құдды* деген парсы сөзі — қазақша *өзі* деген сөздің түп-тура баламасы, бірақ екеуі қатар келгенде, «тап өзі, айнымайтын өзі, нағыз өзі» деген сияқты үстеме мағына береді. *Сары уайым* деп жүргеніміздің дұрысы *сар-уайым* болуы керек, өйткені *сар* сөзі парсы тілінде «уайым» дегенді білдіреді. Сонда *сар-уайым* «уайым уайым» деген тіркес түрінде пайда болып, жай уайым емес, «қатты уайым, таусылмас уайым» дегендей үстеме мағына алып тұр.

Енді бірқатар плеонастық тіркестердегі екі сөз тек бірін-бірі түсіндіру қызметін атқарып, нағыз басы артықты көрсетеді. Мысалы, *топ зеңбірек* дегенде, екеуі де «түйеге артып алып жүретін кішкене зеңбірек» дегенді білдіретін сөздер болғандықтан, бұл тіркес «топ дегеніміз зеңбірек», «зеңбірек дегеніміз топ» деген сияқты бірін-бірі түсіндіретін қолданыс болып шығады.

Плеонастық қатарлардың ішінде көне түркі мен жаңа түркілік (осы кездегі түркілік, мысалы, қазақтық) немесе оғыздық пен қиынақтық тұлғалар қатар келіп, я болмаса бірінің орнына бір жұмсалып, көбінесе стильдік қызмет атқарады, яғни поэтикалық формула дегенді түзеді. Мысалы, *қатуланып, қаттанып* деген екі сөздің түбірі бір екенін жоғарыда айттық. Екеуінің қатар келіп плеоназм болуы тек поэтикалық мақсат үдесінен шығуды көздеген-

діктен, өлеңді сөзден басқа жерде бұл екі тұлға қатар айтылмас еді. *Күндеу* деген осы күнгі тұлғаның орнында *күнілесу* деген көне морфологиялық тұлғаның қолданылуы тек өлең-жырлар тіліне ғана тән. Іздестірсе, бұл сияттағы фактілер қазіргі қазақ лексикасынан едәуір табылады.

7. Қазіргі қазақ сөздерінің пайда болу, қолданылу және мағынасының құбылу тарихына үңілсек, олардың бір-қатары түркі-монғол ортақтығына алын барса, енді бір-сыпырасының түп төркіні таза монғол тілдеріне барып тіреледі. Алдыңғы топ айтарлықтай мол. Бұлар плеонастық қатар түземейді, керісінше, әбден қалыптасып, жымдасқан сөз тіркестерін құрайды, не туынды сөз түбірі болып табылады. Мысалы, *айылын жимау* деген күрделі етістіктің бірінші сыңары *айыл* монғол тілдерінде «үрей, қорқыныш» дегенді білдіреді, демек, *айылын жимау* «үрейін, қорқынышын білдірмеу (жимаяу)» деген мәндегі тіркес болып қалыптасқан. Бұл жердегі «үрей» мағынасындағы *айыл* сөзін қазақтар монғолдардан алған кірме сөз деп санауға болмайтын сияқты. Сірә, осы кітапта біз талдаған *тұралап қалу* дегендегі *тұрала-*, «жазу» мағынасындағы *сызу*, *құр атқа мінгендей* дегендегі *құр* («өткен жылдан мінілмеген тың») сияқты ондаған сөздер о бастап түркі мен монғол халықтары тілдеріне ортақ дүңшелер болса керек. Ол ортақтық қазіргі алтаистика («алтай тілдері» теориясы) ғылымында орын алып келе жатқан екі концепцияның (көзқарастың) қайсысы, яғни түркі-монғол тілдерінің түп-тегі бір дегеннен (генетикалық жақындық теориясынан) шығарыла ма, жоқ, әлде түркі, монғол тайпаларының ұзақ уақыт бойы аралас-құраластығынан (типологиялық сәйкестік теориясынан) шығарыла ма — ол арнайы зерттеу объектісі, оны шешу біздің бұл жұмыстағы міндетімізге енбейді.

Жүздеген сөздердің көне түркі және монғол тілдерінде сәл фонетикалық өзгешелігімен, бірақ бір мағынада кездесетінін білеміз. Алтаистика саласындағы аса көрнекті поляк ғалымы В. Котвичтің көрсетуі бойынша, монғол тілінің шамамен 25% лексикасы (сөздері), 50% морфологиялық элементтері түркі тілдерімен ортақ болып келеді¹.

¹ В. Котвич. Исследования по алтайским языкам. М., 1962. С. 351.

Ал біз бұл кітапта түркология мен монголистика атты ғылым салаларында көптеп бері айтылып, көрсетіліп келе жатқан ортақ сөздерден гөрі (олар да бар), сөз тіркестерінде, сөздің морфемдік құрамында кездесетін кейбір тұлғалардың төркінін монғол тілдерінен тауып талдадық. Сонда түркі-монғолға ортақ болар деген сөздердің де, сондай-ақ таза монғолдық болар деген сөздердің бар екені байқалды. Мысалы, «таза», одан ауысып «асыл, жақсы, игі», одан да ауысып «кцелі, зүлне» мағыналарында *ару/ары/ариғ/аруғ/аруғ/ариун* сөзі көрсетілген тұлғаларда түркі тілдерінде де, монғол тілдерінде де бар. Бұл сөзді таза түркілік не таза монғолдық деу қиын, өйткені, біріншіден, бұл түбірден тілдердің екі тобында да көптеген туынды сөздер жасалған, екіншіден, сөздің морфемдік құрылымында не түркілік, не монғолдық ерекше белгілер жоқ. үшіншіден, *ару* сөзі көне түркі, көне монғолдан бастап, орта ғасыр ескерткіштерінің тілінде және кейбір қазіргі түркі тілдерінде сақталған. Осындай ортақ сөздер деп біз бұдан басқа да «ой» мағынасындағы *сана*, «арықтау, жүдеу» мағынасындағы *тұралау*, *айылын жимау* дегендегі *айыл* (монғолша «үрей») сияқты сөздерді де топшыладық.

Әрине, бұл тұжырымымыз үзілді-кесілді дей алмаймыз. Мүмкін, бұлардың бірқатары кірме сөз болуы, оны әрі қарай зерттеушілер, әсіресе, алтай теориясымен шұғылданушылар нақтылайды деп ойлаймыз. Біздің бұл жердегі көздегеніміз — өзгелерге ой салу және ортақ элементтерді іздестіру көздерін көрсету болды. Мысалы, мұндай ортақтықты бірқатар сөздердің өзге сөздермен тіркесу қабілетіне қарай айыруға болады. Айталық, *тас қараңғы*, *тас түйін*, *тас жетім*, *тас керең*, *тас төбе* (*тас төбеден қойып қалды*), *тас қып байлау*, *тас тағандау* дегендердегі *тас* сөзінің мағынасы *тау-тас*, *кесек тас* дегендерде келетін *тас* сөзіне еш қатысы жоқ. Бұл *тас* сөзі монғол тілінде «мүлде, тым, әбден» деген мағынаны беретін сөз, бірақ қазақ тілінде ол сындық, үстеулік, шылаулық қызмет атқарып, кез келген сөзбен емес, кейбір сөздермен ғана тұрақты тіркес жасайды, мағынасы монғол тілдеріндегідей. Демек, оның бұл мағынасы өте ертеде түркі тілдерінде де болып, кейін оны өзге сөздер алмастырған да, *тас* сөзі «мүлдем, тым, әбден, нағыз, нақ» деген мағыналарда тек тіркес құрамында сақталған деп түйеміз. Бұл кірме сөз болуы да мүмкін, яғни түркі тілдеріне монғол

тілдерінен өте ерте кезеңдерде ауысып, «түркілік» болып кетуі де ықтимал. Біздің бұл еңбектегі негізгі мақсатымыз сөздердің генетикалық сипатын (тілдік төркінін) айқындаудан гөрі, мағынасын түсіндіру болғандықтан, әзір-те ұсынамыз — көрсетілген тіркестердегі *тас* сөзінің мағынасы.

8. Қазақ лексикасында түркі-монғол ортақтығын кесім айта алмайтып, сірә, монғол сөздері болар дегендеріміз де бар. Біз талдаған тұлғалардың ішіндегі *ереуіл ат* тіркесіндегі *ереуіл* сөзі, *алдияр*, *барымта*, *қарымты*, *үдере* (көшу), *дулыға*, *сұрқылтай*, *толағай* (*қу толағай бастану* дегендегі), *тобе* (*тобе би* дегендегі) сияқтыларды монғол сөздері деп топшылаймыз. Мысалы, *алдияр* сөзі «данқ, атақ, мәртебе» мағынасында монғол тілінде, «ұлы» мағынасында қалмақ тілінде бар екендігіне қарап және бұл сөз өзге түркі тілдерінде емес, көбінесе хан-сұлтандары Шыңғыс әулетінен болып келген қазақ қауымында сол хан-сұлтандарға қарата айтылатын сөз екендігін ескеріп, біз оны «мәртебелі, ұлы» (орысша «ваше величество» деген сияқты) мағынасында қолданылған ресми мадақ эпитеті, құрметтеу сөзі деп санаймыз. Сол сияқты *үдере көшу* дегеннің «тал түсте аялдап көшу» (*үдер* — монғолша «тал түс, түс әлпеті») екенін дәлелдедік. *Толағай* сөзі монғол тілдерінде «бас» дегеннің баламасы екендігін көрсеттік. Ал *сұрқылтай* сөзінің монғолдық екенін оның морфемдік құрамының өзі айтып тұр: *сурга-* «оқыту, үйрету, тәрбиелеу» мағынасын беретін түбір, *-тай* монғол тілінде сын есім тудыратын жұрнақ, сонда үйретуші, ақыл беруші сұрқылтайлар монғол әулетінен шыққан қазақ хандары жанында болғандығы, бұл сөздің «әр ханның тұсында бір сұрқылтай» деген мәтел құрамында сақталғандығы көрсетеді. Тезек торенің Бұхар жырауды Абылай ханның ақылшы сұрқылтайы, Түбек жырауды Әбіл ханның кеңесшісі дей келіп, Сүйінбайды өзіне сұрқылтай еткісі келгені (*Сұрқылтайым менің де екен мынау*) бұл сөздің кез келген адамның, кеңесшісіне емес, тек хандардың не билеуші хан тұқымының ақылшыларына қарата айтылатындығы оның монғолдық төркінін дәлелдей түседі.

Сөздің түркі-монғол тілдеріне ортақтығын немесе бірінен біріне кірме сөз екендігін айқындау шарттары (критерийлері) болу керек. Ол шарттардың бірі — сөздің морфемдік құрылымын ескеру. Мысалы, В. П. Рассадин кейбір түркі сөздерінің этимологиясын ашуда монғол тілдерінің ролі туралы мақаласында түркі тілдеріндегі *олжа*/

ц-жа/олжо/олдьо олча/олджа/олца сөзі монғол тілдерінде «табу, алу, жаулап алу» сияқты мағыналарды беретін *ол-* етістігіне көне молғолша *-жа* (қазіргі монғол тілінде *-з, -за, -зо*) жұрнағы жалғалып жасалған сөз деп табады да, ол түркі тілдеріне XIII ғасырларда монғол шаңқынышылықтары кезінде енген деген Э. В. Севортяниыц болжамын қостайды. Бұл тұлғаиыц монғолдық екенін зерттеуші оныц морфемдік құрамына, яғни «табу, алу, жаулап алу» мағынасындағы монғолдық *ол-* түбірііне қарап айырады, өйткені тіпті осы мағыналарды беретін көне түркілік *бол-/бул-* етістігінің бар болғандығына қарамастан, мұндағы басқы дыбыстыц (*б-*ның) түсіп қалуы фонетикалық заңдылыққа сай келмейтіндіктен, *ол-* деген түбір морфема түркілік емес, монғолдық деп дәлелдейді. Ал жұрнақтың қазіргідей *-з, -за, -зо* түрінде келмей, *-жа* түрінде жалғануы бұл сөздің монғол тілдерінде орта ғасырларда осы тұлғада қолданылғандығын және оныц түркі тілдеріне сол кезеңдерде (XIII ғасырларда) енгендігін көрсетеді дейді.¹

9. Төркін тілдегі бірнеше мағынасы бар кірме сөздер екінші тілге көбінесе бір мағынасымен енеді, бірақ кейде екі-үш мағынасымен де, олардың ішінде ауыспалы мағынасыш алып енетіндері де болады. Мысалы, *майдан* сөзі парсы тілінде (оған араб тілінен кірген деп танылады) екі мағынасы бар сөз: 1) көкорай шалғын жер, көгал, 2) алаң, ұрыс алаңы. Осы екі мағынаның екеуі де қазақ тілінде күні кешеге дейін қолданылған (өліп бара жатқан Төлегеннің аспандағы алты қазға: *Қонар болсаң, жануар, міне майдан, міне саз* деген қоштасу сөздерін еске алсақ, мұндағы *майдан* сөзі «көгал, көкорай шалғын жер» дегенді білдіреді). Тілімізде ілгеріректе *сұм, сұмырай* сөздері парсы тіліндегі «жетім қалған немесе жақынынан айырылған бақытсыз, сормаңдай» деген мағынасымен еніп, қолданылғанын көрсеттік. Кейін келе сөз мағынасы өзгеріп, «залым, қу» деген сияқты жағымсыз сипатты білдіретін сөзге айналған. Бұл күнде жетім баланы немесе аға-інісінен, баласынан айырылған адамды *сұм, сұмырай* деп атамаймыз, ал ауыз әдебиеті үлгілері мен XIX ғасырларға дейінгі ақын-жыраулар бұл сөзді тек «сормаңдай, бақытсыз» мағынасында қолданған.

¹ В. И. Рассадин. О роли монгольских языков в этимологизации тюркских лексем.— Проблемы этимологии тюркских языков, Алма-Ата, 1990, С. 119—121.

Қазақ лексикасы тарихында кірме сөздердің тек қана ауыспалы мағынасың не мағыналарың пайдаланып, тұрақты тіркес жасау құбылысы да орын алады. Мысалы, *дес бермеу* (*беру*) етістігінің мәнді сыңары — *дес* — парсының *даст* сөзі. Бұл сөздің парсы тіліндегі негізгі мағыналары: 1) «қол», 2) «жақ», 3) «орып» дегендер болғанымен, қазақ тілінде оның ауыспалы көп мағынасының бірі — «күш, билік», «артықшылық» деген ұғымы қабылданған, сонда *дес бермеу* — «бой бермеу, күш бермеу, өзінен күшін асырмау». Абай: *қазақта қара сөзге дес бермедім* — дегенде, сөзге (яғни шешендікке, ақындыққа) келгенде ешкімді өзімнен асырмадым, ешкімге бой бермедім дегенді айтып тұр.

10. Қазақ тіліндегі ауыз әдебиеті үлгілері мен өткен ғасырлардағы ақын-жырауларының тілін талдағанда, сөз мағынасының өзгеру процесін жақсы байқаймыз. Айталық, бұған *жетім*, *жесір* сөздерінің осы күнгі мағыналарымен қатар «құл» (ұрыста қолға түскен және сатып алған немесе өзге жолдармен келген) дегенді білдіреді. *Қарындас* сөзінің күні бүгінге дейін әрі нақты «жасы кіші әйел бала» деген, әрі жалпы «туысқан; ағайын, румас, бір жұрттың адамы» деген мағыналары бар екендігі, оның соңғы мағынасы бұл күнде әлсірей бастағаны мысал бола алады. Осы қатарда *кен* сөзінің «аруақтар мен әулшелердің көзі түскен жер» деген мағынасы ұмыт болып, оның «бір нәрсенің (көбінесе қазба дүңшелердің) жиналған жері, көзі» деген мағынасы активтейіп орныққанын көреміз. Сондықтан эпостан: «Әзіреті Қаратау Әулиең кені еді» деген жолдарды оқығанда, «мұнай кені, көмір кені, түсті металл кендері» дегенді ғана білетін бүгінгі оқырмандар бұл жердегі *кен* деген қате жазылған сөз болар деп ойлауы мүмкін. Ал тарихи лексикологияға қатысты еңбектерді оқыса, не мұғалім соларға қарап түсіндірсе, бұл жыр жолдарының әр сөзі өз орнында дұрыс тұрғанын біледі, яғни жыршы: «Қаратау — әулшелердің көзі түскен қасиетті, киелі мекен» дегенді айтып тұр деп таниды.

Қазына/қазине деген кірме сөздің де мағынасы «жыл-жыған»: о баста бұл сөз көбінесе «мүлік, бұйым сақтайтын орын» (сандық, жүк, шұңқыр-қандақ) деген мағынада жұмсалған, сондықтан «қазынаның аузын ашу», «қазинелі қара пар», «қазыналы қандағы» сияқты жыр жолдары кездеседі. Келе-келе *қазына* сөзінің осы күнгі «мүлік, байлық» және «мемлекет, қоғам» деген мағыналары орнығады. Сөз мағынасының бұлайша құбылуына көп уа-

қыт та өтпегенін және байқаймыз: бұдан 100—200 жыл бұрын ғана *қазына* сөзі алғашқы көрсетілген мағынада жұмсалып келген.

11. Сөздер тарихында сөз мағынасының күңгірттену процесі — үнемі орын алып отыратын құбылыс. Сөз мағынасының ұмыт бола бастауы — сол сөзді қолданыстан не мүлде шығарып тастайды, не тек белгілі бір орында: тұрақты тіркестер құрамында, мақал-мәтелдерде, күрделі сөздерде ғана келеді. Мысалы, *сал-* етістігінің «қалдыру, тастап кету» мағынасы күңгірт тартқап, сондықтан бұл ұғымдағы *сал-* сөзін тек «Қайран менің Еділім, сен салмадың, мен салдым» сияқты XV ғасыр жырауының толғауында, немесе *дүние салу, салмастан кию* сияқты фразеологизмдерде кездестіреміз.

Сөз мағынасының түсініксіз тартып, күңгірттенуі оның тұлғасын бұл күнде қолданыста бар өзге сөзбен аямастырып жіберуге итермелейді. Мысалы, «ойрандалу, тозу, бүліншілікке ұшырау» мағынасындағы *бұлу* етістігі «бүлген елден бүлдірге алма», «озбыр олжа үшін өледі, күншіл күндеумен бүледі» сияқты мәтелдер мен «ноғайлы елің бүледі», «он сан ноғай бүлген күн» деген сияқты өлең-жыр жолдарында келеді. Осы *бұлу* сөзін бұл күнде кәнігі *бүліну* немесе *болу* деген тұлғаға ауыстырып айту (жазу) фактісін жиі ұшыратамыз және *бұл-* етістігін *бұл+ін-* деген деривацияланған (жұрнақ жалғанған) тұлғамен тепе-тең деп түсіндірушілікті кездестіреміз. Сол сияқты *бусану/бұрсану, дем тарту/дом тарту, еңіреу/аңырау, шерлі/жиырлы, жаулы/жылы (жылы-жұмсақ дегендегі), илеу/айлау (зар илеу дегендегі), күнілескен/күңкілдескен, орындық/орнықты, кіріш/кірпіш* деген қатарлар сөз мағынасының комескіленіп, өзі актив қолданыстан шығып қалғандығын көрсетеді. Сондықтан оның сыртқы тұлғасын өзгертіп жұмсау (айту, жазу) орын алады.

Бұл параллельдердің бірқатары өте ертеде қалыптасып кеткендер. Мысалы, *жаулы* («майлы») дегеннің *жылы* (жылы-жұмсақ), *эйла-* («ет-, қыл-») деген тұлғаның *иле-* (зар илеу) болып қолданылуы ғасырлар бойына қалыптасқан, сондықтан оларды өзгертіп, түпкі тұлғасына салып айтуға, жазуға болмайды. Ал енді бірсыпыра жарыспалы қатарлар — мағына жақындығына қарай пайда болған соңғы кезеңдердің жемісі. Мысалы, *орындықты саба* мен *орнықты саба* дегендер мағына жағынан жақын, *еңіреу~аңырау, шерлі~жиырлы* сияқты қатарлар, сірә,

сөз ішіндегі дауысты дыбыстардың жуан-жіңішкелігіне мән бермегендіктен (әлде арабша жазылғанша қазіргі жазуға көшірген кезде пайда болған) туған тұлғалар болар. Ал *кіріш* пен *кірпіш* (*ақ кіріш тас суда бар* деген Бұхар жыраудың олең жолы кейбір кітаптарда *ақ кірпіш тас суда бар* деп басылғанына қарағанда), *дем тартар* мен *дом тартар* деген жарыспалы қатарлар *кіріш* пен *дем* сөздерінің аса түсінікті еместігінен орын алған деп шамалауға болады. Бұл сияқты сөздердің тұлғалық және мағыналық тұрғыдан құбылу процесін таптып, қазіргі кезең үшін дұрыс тұлғасын көрсету — тарихи лексикология курсының міндеті.

12. Қазақ тілінің сөздік қазынасында өте ертедегі наным-сенімдерге қатысты бірқатар сөздер кездеседі. Бір қызығы олардың түсіндірмесі Орталық Азия мен Батыс Сібір өлкелерін мекендеген түркі халықтарының тілдерінен табылады. Мысалы, *қайрақан/қайраған* деп Сібір түркілері: алтайлықтар, тувалықтар, телеуіттер жаратқан пені, жебеуші пені атаған. Оны моңғолдар да біледі. бұларда *хайрхан* — тау, су сияқтылардың иесі. Егер ертеректе қазақтар ұлыстың ұлы күнінде — наурыз мейрамында: *Көш, қайрақан, көш десін, Көз көрместей өш! десін* тілек білдіретін болса. Мұхтар Әуезов Қобыландының анасының аузына: *Қарғысы қатты қайрақан, Қарғысынан сен сақта!* деген сөздерді салса, ежелгі ата-бабаларымыз да *қайрақанды* пенің бірі деп, оның ішінде қарғысы қатты ие деп таныған болар. Бірақ қайткенде де соңғы бес-алты ғасыр бойында бұл нанымды қазақтар ұмытқан. сондықтан оның атауы да ақын-жыраулар тілінде ұшыраспайды.

Сол сияқты *тықыр таяң* тіркесін де V—VII ғасырлардағы түркіттердің көк тәңірге шалатын құрбандығының атауынан (*тықыр таих*) қалған сөз болу керек деген топшылауымыз дұрыс болса, бұл да мұсылман дінін қабылдаудан көп бұрынғы өте ерте кезде ата-бабаларымыз қолданған атау болып шығады, бірақ осы атау білдіретін реалийдің (тау-тас, су иесі деп танудың) өзі халық санасынан кеткеннен кейін, бұл сөз сол пенің атын емес. әуелі сол иеге шалынатын құрбандық дегенге, одан соң құрбандық шалынатындай қиындық туған кезді атауға жұмсаған болар. Сондықтан мұндай кезді *тықыр таяң кез* немесе *тықыр таянды* деп атаған болар, я болмаса *тықыр* дегеннің өзі тау-тас иесі дегенді білдіріп, оның қаһары төнген сәтті *тықыр келіп қалды* (*таянды*) деп айтатын

болуы да мүмкін. Қайткенде де бұл жердегі *тыңыр «дыбыс»* деген ұғымдағы сөз емес.

13. Қазақ лексикасының диахрондық сипатын тануда оның әскери лексика деп аталатын тобы ерекше орын алады, өйткені халықтың бай ауыз әдебиеті, оның ішінде батырлар жырлары және сан ғасырдың ақын-жыраулар шығармаларының, сондай-ақ шешендік сөздер мен мақал-мәтелдердің тілінде ұрыс-соғысқа қатысты зат, қимыл атаулары кеңінен қолданылған. Ал сөздердің қолданыс барысы олардың мағыналарында болып жататын өзгеріс-жаңалықтарды дүниеге әкеледі.

Қазақ халқының, одан арғы осы халықты құраған ру-тайпалардың сан ғасыр бойы күнкоріс кеңістігі үшін күресі, яғни көшіп-қонып, малын жайып жүретін жер-суын сыртқы жаулардан қорғау үшін немесе жер-суды өзгелерден тартып алу, қайырып алу үшін жүргізген ұрыс-соғыстарды, қорғаныс-шабуылдары әскери лексика қорын молынан қолдануға, сақтауға, өзгертіп, байытып отыруға мәжбүр еткен. Оларды таза тілдік номинативтік (атауыштық) қызметте пайдаланумен қатар, көркем әдебиеттің, поэзияның, шешендіктің құралына айналдырып, образдық қызметте де жұмсауы сөздіктің бұл тобының мағыналық қозғалысын күшейте түскен.

Ең алдымен, қару-жарақ атаулары жинақталып, олардың әрқайсысының нақты мағынаға ие болу тенденциясы байқалады. XV—XVI ғасырлардағы үлгілерде бір қарудың немесе іс-әрекеттің екі-үш вариантта аталуы да орын алады. Ол, бір жағынан, бұл кезеңдерде қазақ тілінің лексикалық нормасы әлі де әбден қалыптасып, бітпегендігінен болса, екіншіден, сөз қолданыстарын поэзия шарттарына сай ету мақсаты көзделгендіктен деп тануға болады. Мысалы, ату құралы — жақтың *жақ, садақ, жай, жа (бұхаржа, сарыжа)* атаулары, сауыттың *сауыт, көбе, кіреуке, берен* деген атаулары, соғысу ұрысу идеясының (мағынасының) *ойнау, соғысу, ұрысу, тоғысу, алаулау* сөздерімен берілуі, «көп, қалың» ұғымын *көп, ауыр (ауыр жұрт, ауыр әскер)* сөздерімен білдіру, «ел» ұғымын *ел, жұрт, байтақ* сөздерінің қатарласа беруі, «жауынгер, жасақшы» мағынасында *шора, жолдас, жігіт* сөздерінің жарыса жүруі, *қылшан, қорамсақ, қорамса* тұлғалары «жақ оғының қабы» мағынасын білдіретіндігі — осылардың баршасы қазақ лексикасының белгілі бір кезеңдердегі нормалану сипатын танытатын құбылыс. Атап айтқанда, бұл құбылыс, бір ұғымның, оның ішінде, әсіресе, қару-

жарық, сауыт-сайман, ұрыс-соғыс атауларының көп варианттылығын көрсетеді.

Қазақ лексикасы тарихында жоғарыда көрсетілген құбылысқа қарама-қарсы амал да орын алған, яғни бір сөздің бірнеше ұғым атауы болып жұмсалуды байқалады. Оған мысалы ретінде осы кітапта талданған *берен* сөзін келтіруге болады. *Берен* контекске қарай төрт-бес түрлі мағынаға ие болған: 1) ең мықты болат, берік металл, бұл, сірә, түпкі мағынасы болар, 2) сол болаттан жасалған қару: қылыш, семсер, кездік, қанжар, пышақ, бұл — *берен* сөзінің метафоралық қолданысы, яғни береннің «беріктік, откірлік» мағынасын (контекстік семаантикасын) берік, откір қару атауларына көшірудің нәтижесі, 3) ұрысқа киетін киімнің атауы, яғни *сауыт*, *көбе* деген сөздердің баламасы ретінде қолданылуы, бұл да *берен*-нің метафоралық қызметте келуі, яғни металдан жасалған сауыттың көбенің беріктігі, мықтылығын қоса білдіретін атаулары, 4) батыр немесе текті, асыл адам, бұл да осы сөздің ауыспалы мағынасы, мұнда да «беріктік, мықтылық, күштілік» семасы еске алынған, яғни *берен* сөзі осы қолданыста бағалауыштық, экспрессивтік қызметте келіп, коннотация құбылысын көрсетеді.¹

Өткен ғасыр сөздіктері *берен* сөзінің бесінші мағынасы деп ең жақсы, қымбат барқытты да көрсеткен. Сірә, бұл да *берен*-нің түпкі мағынасында бар «асыл, қымбат» деген семаны пайдаланған атау болу керек.

Бір сөздің көп мағыналылығы — қай кезеңде де болатын құбылыс. Дегенмен қазақ тілінде ілгергі кезеңдердегі кейбір сөздердің осы күнгі ұмыт болған мағынасы сақталғандықтан, олар көп мағыналы болып танылады. Мысалы, *шал* сөзінің «ақ» мағынасы қазірде қолданылмайды, ал XV—XVI ғасырларда *шал сақал* тіркесі кәнігі қолданыс болғандықтан, бұл тұлға «ақ» және «кәрі ер

¹ Бұл очеркте әрбір лингвистикалық ғылыми терминнің анықтамасын беріп отыруды көздемедік, өйткені очерк филология факультеттерінің студенттері мен тіл-әдебиет пәндерінің оқытушыларына арналғандықтан, олар өз мамандықтарына қатысты пәндердің терминдерін түсінеді немесе қосымша анықтағыш құралдардан оқып білім алады деп ойлаймыз, тіпті болмаса, біздің байындауымыздың өзі біз келтірген терминдердің мазмұнын таптырады ғой дейміз. Мысалы, коннотация немесе сөздің коннотативтік мағынасы дегеніміз оның негізгі мағынасына үстелетін қосымша реңк екенін түсінуге болады. *Берен* сөзін «батыр, күшті адам» атауына жұмсағанда осы сөздің «беріктік» семасы (сема — сөз мағынасын құрайтын компоненттердің бірі) қосымша мағына болып жұмсалған.

адам» деген екі мағыналы сөз болған. Немесе *шора* сөзі «жасақшы, жауынгер» дегенді және белгілі бір әлеуметтік топ өкілінің атауы (*байдың ұлы шоралар* дегендегі сияқты) болып қолданылғандықтан, бұл да бір кезде көп мағынаға ие болған (кейде бұл мағыналар бір-біріне жақын да тұрады) сөз екені байқалады. Тегі, бұл қатарға осы кітапта талданған *сызу* («сызық түсіру» және «жазу»), *сауда* («сауда-саттық» және «қиындық»), *сана* («сана-сезім» және «ой-пікір»), *салу* («бір пәрсені бір жерге қою» және «тастап кету, қалдыру»), *саз* («балшық» және «көкөрай шалғын»), *майдан* («ұрыс алаңы» және «көкмайса жер»), *орда* («әміршінің орталық мекенжайы» — хан ордасы және «ін, жан-жануарлардың шоғырымен, тобымен, үйірімен жиналған жері»: *ордалы жылан*, *ордалы киік* дегендердегі), *оқу* («жазылғанды оқу» және «шақыру», жыланның уытын оқып шығару дегендегі), *қарындас* («ер адамның жасы кіші әйел туысқаны немесе ер адамға келгенде одан жасы кіші әйел бала, әйел заты» және «ағайын, туысқан, рулас»), *қару* («құрал» және «жауап»), *жетім* («әке-шешесі жоқ бала» және «тұтқын, құл»), *жолдас* («серік» және «жасақшы, жауынгер»), *ару* («таза, кіршіксіз, адал», «асыл, текті» және «сұлу әйел, жас әйел, ал *шымалдық ішінде ару сүйдім* — *өкінбен* дегендегі) сөздерін жатқызуға болады.

Тарихи семасиология мәселелерін сөз еткенде байқалатын және бір қызық құбылыс — бір тұлғаның қарама-қарсы екі мағынада келуі. Әрине, бұл — сиректеу кездесетін құбылыс, дегенмен өткенде де, қазірде де бар амал. Мысалы, *амандасу* сөзін бұл күнде көбінесе тек көріскенде аман-саулық сұрасу деп түсінеміз, ал зер сала талдай келсек, қоштасарда да айтылатын «қош-сау бол!» деген мағынадағы сөз екен. Бұл мағына, әсіресе, ауыз әдебиеті үлгілерінде қолданылғанын көрсеттік. Сол сияқты *алаш* сөзі де бір кезде «жақын» және «жат» (жұрт, ел, халық) деген қарама-қарсы екі мағынада жұмсалғанын, *аса жұрт* тіркесі әрі «өз жұрты, өз елі», әрі «жат жұрт, жат ел» деген ұғымдарда жұмсалған. Бұндай семантикалық оппозицияны немесе мағыналық дуализмді тек қана контекске қарап тануға болатындығы осы сөздердің талдауында көрсетілді.

14. Сөз мағынасының құбылу процесін байқау барысында сөздің ауыспалы мағыналарының активтенуі көзге түседі. Мысалы, *аға* сөзінің негізгі номинатив мағынасы «жасы үлкен ер адам» деген туыстық атауын білдіру

болса, оның «белгілі бір топтың, айталық, әскердің, ауылдың, қостың, үй ішінің т. б. басы, басшысы» деген ауыспалы мағынасы ерте кездерден бастап-ақ актив қолданылған. Оған *қос ағасы, жігіт ағасы, от ағасы* деген тіркестердің қалыптасуы және *аға* сөзінің «қол басы» (қол ағасы) мағынасында жеке тұрып терминге айналғаны мысал бола алады (*Сан шерулі қол болса, батырлар болар ағасы*). Тіпті *аға* сөзі бір кездерде әлеуметтік қосалқы ат — титул ретінде де жұмсалған: *Ер Жақсымбет аға бар* деген олең жолында *ер* сөзі — тұрақты эпитет (*Ер Тарғын, Ер Сайын* дегендердегі сияқты), ал *аға* — Ер Жақсымбеттің атағы, титулы, қол бастаушы деген дәреже атауы.

Екінші мысал етіп *ару* сөзін көрсетуге болады. Ол ертеректегі қазақ тілінде де негізгі «таза, адал, игі, жақсы» деген мағыналарын сақтап қолданылғандықтан, *ару ат, ару жігіт, ару ұл* деген тіркестерді құрай алған. Қазақ тілінде заман өткен сайын бұл сөздің түпкі мағынасы өзгере түседі: мұнда көне түркілердегідей *ару киім, ару ас* тіркестері жоқ. Ол енді «пәк, күнәсыз» дегенді білдіріп, одан «жас қыз» деген ұғымға ие болады, ал біздің күндегімізде *ару* сөзі көбінесе «сұлу қыз, сұлу жас әйел» деген ұғымда поэтикалық сөз (поэтизм) ретінде жұмсалады. Демек, сөз мағынасы бір емес, бірпеше рет ауысып отырған. Жоғарыда (осы кітапта) кеңінен талданған *ала* сөзінің ауыспалы мағыналары да бұл айтылған тұжырымға мысал бола алады.

Сөйтіп, тарихи-түсіндірме сөздік ретінде осы кітапта талданған материалдардан шығатын бұл тұжырымдарды қазақ тілінің тарихи лексикологиясы-курсына әр тұстан септігі тиетін тезистер ретінде ұсынып отырмыз. Бұл еңбекте көзделген негізгі мақсат — диахрондық лексикология бойынша ғылыми ізденістер жүргізу емес, ескі өлең-жыр текстері мен ауыз әдебиеті үлгілерін бүгінгі оқырмандар жақсы түсініп, әр сөзін дұрыс ұғып оқуларына көмектесу, ана тілінің лексикалық байлығын зер қоя танып, әрбір сөзін асыл мұра ретінде сақтап, кәдеге асыра білулеріне жәрдемдесу болды. Бірақ, әрине, талдау нәтижелері сөз мағыналарының тарихын танытқандықтан және бұл талдауларымыз ғылыми негізде, ғылыми аппаратқа (еңбектерге) сүйеніп жүргізілгендіктен, жоғарыда 14 бап етіп ұсынған пікір-байламдарымыз (тұжырымдарымыз) қазақ тіліндегі сөздердің түп тамыры мен мағыналарының қозғалысын (эволюциясын) тануға біршама мұрындық болар деп ойлаймыз.

ТАЛДАНҒАН СӨЗДЕР¹

- абжыман (абжыландай толғану) 9, 10, 11, 12
 абыз 12, 13
 *абышқа (абшыйқ) 12
 аға 13, 14, 15
 адырна (адырана) 16, 17
 азамат 17, 18
 *азбан 29
 *айбалта 29
 айбар 20, 24, 25
 *айбат 20
 *айбын 20
 айдын 20, 21, 22, 23
 айдынды 20, 21
 айдындық (айдындықтай ақ жүзі) 20, 21, 22, 23
 айлану 23
 айласу 23, 24
 айпарадай 24, 25
 айтулы 25, 26
 айылын жимау 27
 айым 24
 ала (азбан, ат) 27, 28, 29
 ал (ала ауыз) 31, 32
 ала (ала балта) 29, 30
 ала (ала берен) 30
 алабұрту 31, 32
 ала (ала көз) 31, 32
 *алақу 29, 31
 аламан 30, 31
 алапа (аланап) 32, 33
 *аласат 29
 ала (ала ту) 30
 алаулау 29
 алаш 33—37
 алаша (алаша ат) 27, 28
 алғаным 37, 38
 алдияр 38, 39
 *алқа 39
 *алқа-қотан 39, 40
 алқалау 39, 40
 алқалы 39, 40
 алп (алп басқан) 40
 амандасу 40, 41
 ант (Қодар деген ант) 41, 42
 арай 42, 43
 *аран 91
 ара-гүра 43
 *ар ма (армасыз) 45, 46
 ару 43, 44, 45, 46
 *аруана 45
 *арулау 44
 аршын 46
 *аршындау 47
 *арылу 46
 аса жұрт 47, 48
 астана 48, 49
 асра жұрт 48
 *атайман 26
 атайы (атайын) 25, 26
 *атақты 26
 атаулы 25, 26
 ауыр (ауыр жұрт) 50, 41
 ашу (қарны ашу, арып-ашу) 51
 әйкел 51
 байсалды 52
 байсал табу 52
 *байғұс 114
 байтақ 52, 53, 54
 барым 54, 55
 барымта 55, 56
 берен 56, 57
 *бикеш 19
 бусану (бұрсану) 60
 *бұғы (бөке) бұке 93, 94
 *бұхаржай (бұхаржа) 135
 бұлан 59
 бұрсану 60
 бұршақ 61, 62
 бұлу 57, 58, 59
 быт-шыты шығу 62
 білік/білек 62, 63, 64
 даңға шығу 64, 65
 дат/дәт 65
 дем тарту 65
 дес беру (дес бермеу) 65, 66
 дулыға/тулыға 66, 67

Жеке сөзтізбеге (реестрге) асыпбай, өзге сөздерді талдау үстінде әңгіме етілген сөздердің сол жақ шекесіне* таңбасы қойылды.

дындан 67, 68
ел-күн 68
емсеу 68, 69
еңірету 69, 70
еп 70, 71
ереуіл 71, 72, 73, 74
*ерулі (еруліге қарулы)
115
жа (бұхаржа) 133—136
жағаласу 74
жад ету (жат ету) 74,
75
*жады 75, 76
жадығой 76
жадылау 75, 76
жайшы 75, 76
жайлату (күн жайлату)
75, 76
жақ 133, 134, 135, 136
жалаңқат 97
жам 76, 77
жаушы 77
жәреукелі 77, 78
жебе 78, 79
жек көру 79, 80
жемсеу 68, 69
жер болу 80
жер қылу 80
жесір 80, 81, 82
жетім 80, 81, 82, 83
жолдас 17, 18
жосын 83
жылы-жұмсақ 83, 84
*жігіт 18
жітім: (өлім-жітім) 84
зар (зар еңіреу) 84, 85
зор (зор салу) 85
зыңырану 86
илеу 87
илеу (зар илеу) 86, 87
прек (ит мініп, ирек
қамшылау) 87, 88
*кебе 88
кебенек 88, 89
*кебін 88, 89
*кед/кет/кей/кез 89
кез 89
келелі 89, 90
кен 90, 91
*кес 89
кердең 91
керен 91
*кертартар 136
көрік 91, 92
Кетбұғы 92, 93, 94

көнесі (ай қараңғы кө-
несі) 94, 95
кисцігі 95
көбе 95, 96, 97, 98
көбеген 98, 99, 100
*көбдік 99
көдіре 102
козайым (көзайым болу)
20, 22, 23
көктеу (көктен тігу) 101
көр (көр соқыр) 101
көрелдес 98, 100
көрмен 98, 100
көпте 101
күдері 102
күдіре 102, 103
*күні 104
күнiлескен 103, 104
*күңкілдескен 104
*күрке (күрке тауық)
120
кірсуке 95, 96, 97
кіріс 104, 105, 106
кіріш 104, 106
кішілік 106, 107
қағанақ 107
қағылу 107, 108
қазына/қазыне 108, 109
қайдақ 109
қайнаған (қара құрттай
қайнаған) 110
қайраған (қайрақан)
110, 111
қалықпан 111
*қандақ 109
қаралды 111, 112
қара-орман 112
қара орын 112, 113
қарашы 113, 114, 115
қару 115
қарулы 115
*қарымта (қарымты)
115
қарындас 115, 116, 117
қас (қас батыр, қас
сұлу) 117, 118
қаттану 118
қоңқалаған 104
қорам 119
қорамсақ (қорамса) 119
*қуыс 105
құдды 120
құлан 59, 148, 149
құр (құр атқа мінген-
дей) 120

күрсану 120, 121
күты қашу 121, 122
күт қону 122
күтты 122
күттықтау 121, 122
кылшан 119
кытықсыз (кытықсыз
араласу) 123
майдан 123
маңғыстау (маңғыстап
шығу) 123, 124
нажагай (найзагай) 125
оглан 19
ойын 126
оқу 120
*оқырану 126
ордалы (ордалы жылан)
127
*отагасы 15
орындық 127, 128
өле (өле тойды) 128
*саб (сап) 140
сағыну 128, 129
садақ 119, 129, 130
*саз 123
сайып келгенде 132
сакетер 132
сақсыр 132
сақыну 40, 128, 129
салар 133
салу 133, 134
сан 134, 135
сана 135, 136
*саптау (сөз саптау)
140
сары 120, 136, 137
*сарыжа/саржан 130, 131
сауда (махаббаттың сау-
дасы) 137
саудайы 138
сауын айту 139
сауыт 95, 96, 97, 98
свмия (хпмия-свмия) 140
сүм 141, 142
сұмырай 141, 142
сұрқылтай 142, 143

сұры қашу 144
сыбай 144, 145
сызу 145, 146
сымарыш 146
сынтас 146, 147
сышы 147
сынайшылық 147, 148
тарлан 148
тарлау 149
тарпан/тарпан 149, 150
тас 150
тауан (тауап ету) 150,
151
тәу (тәу ету) 151
тоғанақтау 151, 152
*тоғысу 88
толагай 152, 153
толғамалы 153, 154
толғану 9, 10, 11, 153,
154
толғау 154, 155
*торғауыт 97
тостақ 155, 156
тостағандай 155, 156
тобе бн 156
тұралау (тұралап қалу)
156, 157
түлей 157, 158
тықыр таяң 158
үдеру (үдере көшу) 159,
160
шал (шал сақал) 161
шалғырт 161
шам (айып-шамы жоқ)
27
шар 161, 162
*шарайна 97, 98
*шарболат 98
шора 17, 18, 19
шоры 19, 20
*шөже көз 96
шулы (аты шулы) 49
шыбын (шыбын жан)
162, 163
шыр (пыр біту) 164
іркес-тіркес 164

ҚЫСҚАРТЫЛЫП КӨРСЕТІЛГЕН ӘДЕБИЕТ

Абай, I, II — Абай Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I—II томдар. Алматы, 1957.

Аманжолов — С. Аманжолов. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959.

Ахметьянов — Р. Г. Ахметьянов. Общая лексика духовной культуры народов Среднего Поволжья. М., 1981.

Әуезов, I, VI — М. Әуезов. Шығармалар, I том, Алматы, 1967, VI том, Алматы, 1968.

Боровков. Тсфсир — А. К. Боровков. Лексика среднеазиатского тсфсира XII—XIII вв. М., 1963.

Будагов, I, II — Л. З. Будагов. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. СПб., 1869, 1871.

Валиханов, I — Ч. Ч. Валиханов. Собрание сочинений в пяти томах. Т. I, Алма-Ата, 1961.

Вельяминов-Зернов — Исследования о Каспийских царях и царевичах В. В. Вельяминова-Зернова. Часть 2, СПб., 1864.

Гумилев. Поиски... — Л. Н. Гумилев. Поиски вымышленного царства, М., 1980.

Диал. сөздік. — Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. Алматы, 1969.

Досқараев — Ж. Досқараев. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. Лексика. II бөлім. Алматы, 1955.

ДС — Древнетюркский словарь. Ленинград, 1969.

Ерт. әд. нұсқ. — Ертедегі әдебиет нұсқалары. Алматы, 1967.

Жамбыл — Жамбыл Жабаев. Шығармаларының толық жинағы. Алматы, 1946.

Жанпейісов — Е. Жанпейісов. М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі. Алматы, 1976.

Ильминский — Н. И. Ильминский. Материалы к изучению киргизского наречия с киргизско-русским словарем. Казань, 1861.

Кайдаров — А. Т. Кайдаров. Доспехи и вооружения воина-батыра в казахском эпосе и их этно-лингвистическое объяснение. — Известия АН КазССР. Серия общественная, 1973, № 6.

Келесбаев — І. Келесбаев. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977.

Кирг.-русс. сл., 1897 — Киргизско (казахско)-русский словарь. Оренбург, 1897.

Кононов — А. Н. Кононов. Родословная туркмен. М., 1958.

Қасиманов — С. Қасиманов. Қазақ халқының қолөнері. Алматы, 1969.

ҚСЭ — Қазақ совет энциклопедиясы. I—X томдар. Алматы, 1972—1977.

ҚТТС I — Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, I том, Алматы, 1959.

ҚТТС, II — Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, II том, Алматы, 1961.

ҚТТС, 1974, I — Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, I том, 1974.

ҚТТС, 1974, II — Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, II том, Алматы, 1974.

ҚТТС, III—XV, V, VI, VII, VIII, IX, X — Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. III—X томдар. Алматы, 1978—1980.

Құрманжанов — А. П. Құрманжанов. Исследование по лексике «Тюркско-арабского словаря». Алма-Ата, 1970.

Монг.-русск. сл. — Монгольско-русский словарь. М., 1957.

Наджип. — Э. П. Наджип. Архаизмы в лексике «Гулистана» Сейфа Сараи. — Краткие сообщения Института народов Азии. Монголоведение и тюркология. № 83, М., 1964.

Омарбеков — С. Омарбеков. Қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Алматы, 1965.

XVIII—XIX г. қазақ ақындары — XVIII—XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары. Алматы, 1962.

Перск.-русск. сл. — М. А. Гаффаров. Персидско-русский словарь. т. I, т. II. М., 1975.

Радлов. VII — В. В. Радлов. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи. Часть VII. Паречия Крымского полуострова. СПб., 1896.

Радлов, т. I, ч. V — В. В. Радлов. Опыт словаря тюркских наречий. 4 тома, СПб., 1888—1905.

С. Сейфуллин, VI — С. Сейфуллин. Шығармалар, VI том. Алматы, 1964.

Снесарев — Г. П. Снесарев. Реликты домусульманских верований и обрядов у узбеков Хорезма. М., 1969.

Старчевский, Спутник — А. Старчевский. Спутник русского человека в Средней Азии, заключающий в себе словарь языков..., II киргизского (казахского)..., СПб., 1878.

Тат.-русск. сл. — Татарско-русский словарь. Казань, 1906.

Турец.-русск. сл., 1977 — Турецко-русский словарь. М., 1977.

Түркмен дилиниң сөзлүги — Түркмен дилиниң сөзлүги. Ашхабад, 1962.

Уйғ.-русск. сл. — Уйғурско-русский словарь. Составил Э. Н. Наджип. М., 1968.

Ушаков — Толковый словарь русского языка. Под редакцией Д. Н. Ушакова, тт. I—IV. М., 1935—1940.

Фазылов, I, II — Э. Фазылов. Староузбекский язык. Хорезмские памятники XIV века, тт. I, II. Ташкент, 1966.

Шипова — Е. Н. Шипова. Словарь тюркизмов в русском языке. Алма-Ата, 1976.

Этимол. сөздік — Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы, 1966.

Юдахин — Киргизско-русский словарь. Составил К. К. Юдахин, М., 1965.

Қолданылған белгілер

> тұлғасы немесе мағынасы жағынан сөздің өзінен бұрынғы түрі.

< тұлғасы немесе мағынасы жағынан сөздің өзінен кейінгі түрі.

~ қатар қолданылатын тұлғалар, сөздер, тіркестер.

/ сөз (тұлға) варианттары

+ түбірге қосымшалардың не өзге түбірдің қосылуы.

МАЗМҰНЫ

| | |
|---|-----|
| Алғы сөз | 3 |
| Сөздер сөйлейді | 9 |
| Тарихи лексикология | 165 |
| Талданған сөздер | 186 |
| Қысқартылып көрсетілген әдебиет | 189 |

Рабиға Сатығалиевна СЫЗДЫҚОВА
СЛОВА ЗАГОВОРИЛИ

(На казахском языке)

Редакторы *М. Байгісиева*
Коремдеуші редакторы *Б. Табылдиев*
Сарапшы редакторы *Ж. Махмұтова*
Техникалық редакторы *Ф. Овчинникова*

ИБ № 50

Теруге 15.03.94 жіберілді. Басуға 28.07.94 қол қойылды. Пішімі 84×108¹/₃₂. № 2 баспаханалық қағаз. Шартты баспа табағы 10,08. Есептік баспа табағы 10,5. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс № 2037. Бағасы келісімді.

Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің мемлекеттік «Санат» баспасы, 480012, Алматы қаласы, А. Байтұрсынұлы көшесі, 65 «а».

Қазақстан республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің Полиграфия комбинаты, 480002, Алматы қаласы, Мақатаев көшесі. 44-үй.

